

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

ӘОЖ 378.147:316.444.5:793.3

Қолжазба құқығында

**АЗИЗХАНОВА ДИДАР КАРИМЖАНОВНА**

**Жоғары оқу орнында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын  
қалыптастыру**

6D010300- Педагогика және психология

Философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші  
пед. ғыл. докт., доц.  
Алметов Н.Ш.

Шетелдік ғылыми кеңесші  
пед. ғыл. докт., проф.  
Калдыбаева А.Т.  
(Қырғызстан)

Қазақстан Республикасы  
Алматы, 2022

## МАЗМҰНЫ

<b>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР</b> .....	3
<b>АНЫҚТАМАЛАР</b> .....	4
<b>БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР</b> .....	5
<b>КІРІСПЕ</b> .....	6
<b>1 ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА БОЛАШАҚ ХОРЕОГРАФТАРДЫҢ КӘСІБИ ҰТҚЫРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ</b> .....	17
1.1 Кәсіби ұтқырлықтың мәні мен құрылымы.....	17
1.2 Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары мен қағидалары.....	30
1.3 Жоғары оқу орнында болашақ мамандардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру мәселесінің зерттелу деңгейі.....	45
<b>2 ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА БОЛАШАҚ ХОРЕОГРАФТАРДЫҢ КӘСІБИ ҰТҚЫРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ</b> .....	59
2.1 Жоғары оқу орнында болашақ хореографтарды дайындауда кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру жүйесі.....	59
2.2 Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары.....	73
2.3 Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық- моделі.....	87
<b>3 ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА БОЛАШАҚ ХОРЕОГРАФТАРДЫҢ КӘСІБИ ҰТҚЫРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ БОЙЫНША ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТ ЖҰМЫСТАРЫ</b> .....	99
3.1 Жоғары оқу орнында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың мазмұны.....	99
3.2 Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың әдістемесі.....	111
3.3 Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар және олардың нәтижелері.....	129
<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b> .....	163
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ</b> .....	169
<b>ҚОСЫМШАЛАР</b> .....	181

## **НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:

Педагогтің кәсіби стандарты «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы №133 бұйрығына қосымша.

«Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі»: Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 01.09.2021.

«Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы.

## АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

**Кәсіби ұтқырлық** - адамның құндылық бағдарын, қасиеттерін, білімдерін және кәсіптік саладағы біліктілігін, қозғалысын өзгертуге қабілеттілігін, дайындығын білдіретін қажеттіліктері мен жеке тұлғалық сапасы.

**Кәсіби ұтқырлық** - тұлғаның табысты кәсіби бейімделуіне дайындығы.

**Кәсіби ұтқырлық** - әлеуметтік және жеке құндылықтардың түйісуіне негізделген, кәсіби іс-әрекеттегі өзгерістерге даярлық пен қабілеттілікке байланысты тұлғаның интегративтік сапасы.

**Кәсіби ұтқырлық** - бұл тұлғаның болашақ маман ретіндегі кәсіби қызметке дайындығы (кәсіби икемділік, кәсіби бейімделік; кәсіби іскерлік; кәсіби жаңашылдық).

**Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығы** - қазіргі заманғы өзгерістер мен инновациялық процестер жағдайында қызмет жасауы, қалыптан тыс міндеттерді шешуі, сонымен бірге қоғамның және еңбек нарығының талаптары мен қажеттіліктеріне шапшаң, икемді, көшпелі бейімделуге даяр болуы.

**Ұтқырлық** - адамның қозғалғыштық жай-күйін, жағдайын жылдам өзгерту, жылдам қозғалу, әрекет ету қабілеті.

**Көлденең ұтқырлық** - адамның әлеуметтік жағдайды немесе мамандықты балама дәрежеге өзгертетін орын ауыстыруы; кәсіби шеберлікті жетілдіруі, құзыреттілікті арттыруы, кәсіби дамудағы жеке тұлғалық қасиеттерін тиімді пайдалануы, сондай-ақ кәсіби көзқарастар мен іс-әрекеттерге икемділігі, жеке тұлғаның нақты кәсіптік жағдайлардағы өзгерістері.

**Құзыреттілік** - оқу процесінде алған білімді, шеберлік пен дағдыны кәсіби қызметте практикалық тұрғыда пайдалана білу қабілеті.

**Болашақ хореограф** - мәдениет және өнер жоғары оқу орнының студенті.

**Қалыптастыру** - болашақ хореографты кәсіби-тұлғалық дамыту процесі және оның нәтижесі.

**Жоғары оқу орны** - жоғары кәсіби білім беру ұйымы.

**Хореограф-маман** - арнаулы жоғары немесе орта хореографиялық білімі бар маман.

**Педагог-хореограф** - педагогикалық іс-әрекетпен шұғылданатын хореограф-маман.

**Әдістеме** - белгілі оқу пәніне оқытудыңдайын рецепті, алгоритмі, мақсатты іс-қимылдарды өткізудің процедурасы.

**Технология** - педагогикалық процестің жобасы және оны іске асыру.

**Педагогикалық модель** - педагогикалық процестің үлгісі.

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР	- Қазақстан Республикасы
ҚР ҒжЖБ	- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
ЖОО	- Жоғары оқу орны
ОҚУ	- М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті
АКТ	- ақпараттық-коммуникативтік технологиялар
БАҚ	- бұқаралық ақпарат құралдары
ОТҚ	- оқытудың техникалық құралдары
БТ	- бақылау тобы
ЭТ	- эксперимент тобы
СОӨЖ	- студенттердің оқытушымен өзіндік жұмыстары
СӨЖ	- студенттердің өзіндік жұмыстары
ЖБП	- жалпы базалық пәндер

## КІРІСПЕ

**Зерттеудің көкейкестілігі.** «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасында: «білім және кәсіби машық – заманауи білім беру, кадрларды даярлау мен қайта даярлау жүйесінің негізгі бағдарлары деп аталатын төртінші бағытында ұлттық басымдық - сапалы білім деп көрсетіліп, оның қолжетімді сапалы кәсіптік біліммен қамтамасыз ету және қазақстандық жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру міндеттері» қойылады [1].

«Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Қазіргі жаһандық өзгерістер кезеңінде түлектің білімі еңбек нарығына шыққанға дейін-ақ жеткіліксіз болып қалуы әбден мүмкін. Сондықтан, құзырлы министрліктің алдында оқу бағдарламаларын жаңа жағдайға бейімдеу міндеті тұр. Бұл - кезек күттірмейтін шаруа», - деп атап көрсетіледі [2].

«Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына арналған Жолдауда: «Бүгінгі жаңа атаулы ертең-ақ ескіге айналатын, жүрісі жылдам дәуірге аяқ бастық. Бұл жағдайда кәсібін неғұрлым қиналмай, жеңіл өзгертуге қабілетті, аса білімдар адамдар ғана табысқа жетеді», - деп белгіленген [3].

Жоғары орындарының алдына бұл қойылған міндеттер білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту болуға тиіс екендігін айқындай түседі.

Осы тұрғыдан, әлемдегі экономикалық-әлеуметтік даму тенденциялары, әсіресе жаһандану, цифрландыру процестері, еңбек нарығындағы бәсекелестіктің күн сайын артуы, кәсіби құзыреттіліктерге қойылатын талаптардың күрделенуі кәсіби мамандардың қызмет функцияларын, олардың мазмұнын өзгертіп қана қоймай, оның бағыттарын өзгертуге, тіпті жаңа мамандықтарды меңгеруге, өзгеремелі жағдайларға бейімделуге, барлық әлеуметтік жүйелермен және субъектілермен тиімді өзара әрекеттесу қабілетін көрсетуді қажет етеді.

Бұл процестер әр түрлі сала мамандарының кәсіби және тұлғалық сапаларына қойылатын талаптардың бірі ретінде болашақ мамандардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру мәселесін өзектендіреді.

Бүгінгі таңда кәсіби ұтқырлық мәселесі барлық сала, соның ішінде, шығармашылық кәсіптер қатарына жататын өнер саласы мамандары – хореографтар, соның ішінде болашақ хореографиядан сабақ беретін педагогтар үшін өзекті болып табылады. Себебі қазіргі хореограф кәсіби іс-әрекетінің көп функционалдылығымен сипатталады: биші, педагог, менеджер, өнер саласында зерттеуші ретінде жұмысын, қызмет саласын жедел өзгертуге кәсіби және тұлғалық тұрғыда дайын болуы тиіс.

Кәсіби ұтқырлық ғылымда кешенді пәнаралық мәселенің біріне саналады. Кәсіби ұтқырлықты философтар мен әлеуметтанушы ғалымдар өткен ғасырдың 70-жылдары зерттесе, ал соңғы жылдары, әсіресе психология мен

педагогика салаларындағы зерттеушілер ерекше назар аударуда. Сонымен зерттелініп отырған көпжақты күрделі мәселені зерттеген алыс және жақын шетелдік, отандық ғалымдардың зерттеулеріне, ғылыми әдебиеттерге жүргізілген талдау бұл мәселенің әртүрлі аспектіде бірнеше бағытта қарастырылғанын көрсетеді.

Философиялық аспектіде кәсіби ұтқырлық мәселесі М.Б. Кенжегузина, Ф.М. Әлжанова, Ф.Г. Днишев [4], Б.С. Гершунский [5], В.М. Русаков [6], Т.С. Cresswell [7], Sheller Mimi, Urty John [8], И.В. Василенко [9] т.б. еңбектерінде қарастырылған.

Кәсіби ұтқырлық мәселесін әлеуметтану ғылымы тұрғысынан А.Т. Забирова [10], М.Ш. Калиева [11], Lipset мен R. Bendix [12], П.А. Сорокин [13], Г.Е. Зборовский [14], Н.А. Харламов [15], Ю.И. Калиновский [16], Т.А. Фугелова [17], т.б. зерттеген.

Психологиялық аспектіде кәсіби ұтқырлықты қалыптастырудың психологиялық негіздері ғалымдар Р.А. Нуртазина [18], Ю.Ю. Дворецкая [19], А.И. Сорокина [20], В.А. Мищенко [21], Т.Б. Сергеева [22] т.б. еңбектерінде зерттелген. Бұл ғылыми зерттеулерде кәсіби ұтқырлық кәсіби іс-әрекет субъектісінің кәсіби-тұлғалық бейімделуі, жаңадан пайда болған тұлғалық сапалар және олармен шартталатын мінездік реакциялардың болуы тұрғысынан қарастырылады.

Педагогикалық аспектіде кәсіби ұтқырлықтың ғылыми-теориялық негіздерін қарастырған еңбектер қатарына М.С. Молдабекова [23], Н.К. Калиева [24], С.А. Ұзақбаева [25], Ю.И. Биктуганов [26] зерттеулері жатқызылады.

Жоғары және арнаулы кәсіби білім беру орындарында кәсіби ұтқыр мамандар даярлаудың ғылыми-педагогикалық мәселелері А.К. Козыбай [27], М.А. Кудайкулов [28], Е.А. Никитина [29], А.И. Архангельский [30], Г.В. Меденкова [31], Ш.Б. Кадирсизова [32], В.Ю. Никитин [33], Ю.В. Богачева [34], А.И. Борисов [35], Ю.А. Герасимова [36], Хе Сюефей [37] және т.б. еңбектерінде зерттелінеді.

Ғылым салалары бойынша болашақ мамандарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру мәселелеріне арналған еңбектер ерекше маңызға ие: музыка мұғалімдерінің кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру (Т.В. Луданова [38], О.Е. Плеханова [39], Т.В. Петриченко [40]); көркем шығармашылық педагогикасы мен психологиясы (В.И. Петрушин [41]); мәдениет жоғары оқу орындарында болашақ хореографтардың имиджін қалыптастыру (А.Б. Череднякова [42]); педагогикалық білім беру жүйесінде болашақ хореографтарды кәсіби дайындау (К.Б. Авраменко, А.Н. Сенюк [43]); мәдениет және өнер жоғары оқу орындарында студент-хореограф тұлғасының кәсіби-шығармашылық қалыптасуы (М.Н. Юрьева [44]); психологиялық-педагогикалық цикл пәндерін оқып-үйрену процесінде болашақ хореографтардың кәсіби шығармашылығы негіздерін дамыту (Н.А. Бережная [45]); музыкалық колледжде болашақ хореограф-концертмейстердің кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру (И.А. Бутова, [46]), ЖОО-ында болашақ

хореографтарды кәсіби даярлаудың құралдары (Ю.А. Кившенко, [47]); қазіргі заман жағдайында болашақ мамандардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру (Е.А. Шамело, Е.Н. Ярославова, [48]).

Соның ішінде, Е.А. Шамело жоғары оқу орнын бітіруші түлектің кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудағы ағылшын тілінің рөлін зерттеп, кәсіби ұтқырлықты дамыту аспектісінде білім берудің екі негізгі міндеттерін: «біріншісі, кәсіби іс-әрекеттің мазмұнына тез бейімделетін, үздіксіз білім алуы мен дамуына мүдделі мамандарды даярлау болса, ал екіншісі маманның бойында кәсіби әлемде өзіндік дербес бағдар алуына, мансаптық өсу жолын құруына мүмкіндік беретін тұлғалық құрылымдар мен қабілеттерді қалыптастыру», - деп бөліп көрсетеді [48, б.130].

Сондай-ақ А.К.Кульбекова «Қазақстанның жоғары оқу орындары мен мәдениет және өнер мекемелерінде хореографтардың кәсіби шеберлігін қалыптастыру» [49]; Б.С. Тлеубаева «Болашақ педагог-хореографтың кәсіби маңызды сапаларын қалыптастыру» [50]; Б.Ж. Айдаров «Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері» [51] тақырыптарында өздерінің ғылыми еңбектерін жазды.

А.К. Кульбекова Қазақстанның жоғары оқу орындарында болашақ мамандарды даярлау процесінде педагогикалық тәжірибені пайдаланусыз қазақ халқының би өнерін одан әрі дамытуда оны теориялық және практикалық тұрғыдан игерудің мүмкін еместігін зерделейді. Қазіргі педагог-хореографтар әр түрлі шығармашылық ұжымдарда практикалық жұмыс тәжірибесіне қарамастан, би шеберлігін оқытуда сабақтастық мәселесіне жеткілікті көңіл бөлмейді. Сондықтан оқытушылар мен студенттердің академиялық ұтқырлығының артуын бүгінгі күннің шынайы фактісі деп мойындап қана қоймай, жоғары мектепті одан әрі үдемелі дамытуға және жетілдіруге, хореографиялық шеберлікті оқыту мен үйретуге жүйелі көзқарас негізінде жоғары кәсіби деңгейге жетуге болады», - деп есептейді [49, б. 35].

Б.С. Тлеубаева болашақ педагог-хореографтың кәсіби маңызды сапаларын (белсенділік, дербестік, бастамашылдық және шығармашылық) қалыптастыру мәселесін зерттеді. Автор «оқытудың мақсаты болашақ хореографтардың шығармашылық қабілеттері мен дағдыларын, олардың бастамалары мен шығармашылық іс-әрекетінің дербестігін дамыту болуы керек. Педагогикалық шеберлікті оқыту процесі жалпы мәдени деңгейге тәрбиелеу процесі мен бірге жүзеге асырылуы тиіс, өйткені «егер педагог-хореографтың өзі құзыреттіліктің (кәсібиліктің) және кең мағынада білімнің жеткілікті жоғары деңгейіне ие болса, онда оның шәкірттері де жоғары білікті мамандар мен мәдениетті адамдар болады», - деп тұжырымдайды [50, б.12-18].

Б.Ж. Айдаров болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздерін зерттей отырып, «кәсіптік білім алатын болашақ педагогының кәсіби ұтқырлығы» - бұл жалпы кәсіби білімді, жаңа техникалар мен технологияларды жылдам және сәтті



меңгеруді, педагогикалық мәселелерді шешудің жалпыланған кәсіби әдістерінің жүйесін, еңбек нарығының өзгеріп отырған жағдайындағы кәсіби мәртебені тез өзгерту мүмкіндігі мен қабілеттілігін қамтамасыз ететін тұлғаның ажырамас сапасы деп анықтайды [51, б.23]).

Жоғарыдағы теориялық - қолданбалы мазмұндағы зерттеу жұмыстары, ондағы теориялық қағидалардың, қорытындылар мен тұжырымдардың жоғары оқу орнында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың ғылыми негіздерін ашып көрсетуде маңызды екендігін және айтарлықтай тәжірибе жинақталғандығын дәлелдейді.

Дегенмен, зерделенген ғылыми зерттеу жұмыстары болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың ғылыми негіздері мәселесінің арнайы қарастырылмағанын және әлі де болса жеткіліксіз екенін көрсетеді.

Бүгінде болашақ мамандарды дайындаудың қазіргі жүйесі кәсіби ұтқырлық сапасын қалыптастыруды есепке алмайды, көбінесе арнайы құзыреттіліктерді қалыптастыру мен дамыту міндеттеріне басымдылық беріледі, ол шығармашылық мүмкіндіктері шеңберін шектеп, оның кәсіби іс-әрекетте өз әлеуметін толық жүзеге асыруға тосқауыл болуда. Сондықтан кәсіби ұтқырлықтың мәнін, құрылымын теориялық, практикалық және әдістемелік деңгейде зерттеудің қажеттілігі қарастырылып отырылған мәселенің өзектілігін айқындай түседі.

Осы тұрғыдан алғанда, қазіргі таңда болашақ мамандарды даярлау процесінің сапасын арттыруда мәдениет, өнер және білім беру салаларында кәсіби ұтқыр мамандарға әлеуметтік-педагогикалық сұраныстар мен оны толық қамтамасыз етпейтін ЖОО-дағы болашақ хореографтарды дайындаудың жүйесі арасында; тәжірибелі хореографтар мен педагог-хореографтардың еңбек нарығының өзгермелі жағдайларында табысты қызмет жасауына даярлаудың маңыздылығы мен жоғары оқу орнында оның ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыздандырылуы деңгейі арасында объективті **қарама-қайшылықтар** бар екені байқалады.

Айқындалған қарама-қайшылықтардың шешімін іздестіру, біздің мәселемізді айқындауға және зерттеу жұмысымыздың тақырыбын **«Жоғары оқу орнында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру»** деп таңдауымызға мүмкіндік береді.

**Зерттеудің мақсаты:** жоғары оқу орнында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруды теориялық тұрғыда негіздеу және әдістемесін жасау, оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеру.

**Зерттеу нысаны:** жоғары оқу орнындағы тұтас педагогикалық процесс.

**Зерттеу пәні:** болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру.

**Зерттеудің ғылыми болжамы:** Егер: жоғары оқу орнында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың теориялық негіздері, психологиялық-педагогикалық шарттары айқындалып, моделі мен әдістемесі

жасалып, жоғары оқу орындарының тұтас педагогикалық процесіне енгізілсе, онда болашақ хореографтың кәсіби іс-әрекеттің өзгермелі жағдайына бейімделуі, өзінің әлеуетін жұмылдыруы, негізгі және кәсіби құзіреттіліктерді сапалы және жылдам игеруге дайындығы мен қабілеті артады, өйткені болашақ мамандарды дайындау процесі жұмыс берушілер талаптарына сәйкестендіріледі.

#### **Зерттеудің міндеттері:**

1. Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың теориялық негіздерін анықтау, «кәсіби ұтқырлық», «болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығы» ұғымдарын нақтылау.

2. Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттарын айқындау.

3. Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделін әзірлеу.

4. Жоғары оқу орнында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың әдістемесін дайындау және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеру, ғылыми-практикалық ұсыныстар беру.

**Жетекші идеясы:** жоғары оқу орнында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру әдістемесі студенттердің болашақ маман ретіндегі кәсіби қызметке дайындығын (кәсіби икемділік, кәсіби бейімделік, кәсіби іскерлік, кәсіби жаңашылдық), қазіргі заманғы өзгерістер мен инновациялық процестер жағдайында қызмет жасауын, қалыптан тыс міндеттерді шешуін, сонымен бірге қоғамның және еңбек нарығының талаптары мен қажеттіліктеріне шапшаң, икемді, көшпелі бейімделуін сипаттайтын тұлғалық сапа, іс-әрекет және процесс ретінде кәсіби ұтқырлығы қалыптасқан маман тұлғасын тәрбиелейді.

**Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздерін** іс-әрекеттік тұғыры (Б.Г. Ананьев, Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, С.Л. Рубинштейн, т.б.); жүйелілік тұғыры (В.П. Беспалько, В.В. Краевский, Г.П. Щедровицкий, т.б.); тұтастық тұғыры (Ю.К. Бабанский, В.В. Краевский, Н.Д. Хмель, А.А. Бейсенбаева, т.б.); тұлғаға бағдарланған тұғыр (В.В. Сериков, И.С. Якиманская, В.И. Загвязинский); акмеологиялық тұғыр (А.А. Бодалев, А.А. Деркач, Н.В. Кузьмина, Б.А. Тұрғынбаева, т.б.); мәдениеттілік тұғыр (Е.В. Бондаревская, Б.С. Гершунский, И.Ф. Исаев, т.б.); құзыреттілік тұғыр (И.А. Зимняя, А.К. Маркова, А.В. Хуторской, А.А. Реан, Б.Т. Кенжебеков, Г.Ж. Меңлібекова, т.б.), сонымен бірге ұтқырлық, кәсіби ұтқырлық мәселесін зерттеген ғалымдар еңбектерінің (П.А. Сорокин, Э.Ф. Зеер, Д.В. Чернилевский, т.б.) зерттеу нәтижесі құрайды.

**Зерттеу әдістері:** Зерттеу жұмысында қойылған міндеттерді жүзеге асыруда теориялық (философия, әлеуметтану, психология, педагогика саласындағы ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау, қорытындылау, салыстыру, зерттеу мәселесіне қатысты құжаттарды зерттеу және талдау); эмпирикалық (сауалнама, әңгімелесу, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар

жүргізу, педагогикалық диагностика, педагогикалық модельдеу); статистикалық (зерттеу бойынша алынған нәтижелерді математикалық және статистикалық тұрғыдан өңдеу) әдістер және зерттеу мәселесіне арналған әдістемелер қолданылды.

**Зерттеудің көздері:** кәсіби ұтқырлық мәселелеріне арналған философиялық, социологиялық, психологиялық-педагогикалық зерттеулер; Қазақстан Республикасында жоғары кәсіби білім беруді дамыту мәселелеріне арналған директивтік құжаттар; ЖОО-ында хореограф мамандарды дайындау мәселелеріне арналған зерттеулер; болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру мәселелері бойынша ғылыми-зерттеулер; кәсіби ұтқыр болашақ хореографтарды дайындаудың жоғары оқу орындарындағы озық және инновациялық тәжірибелері; ЖОО-дағы бакалавриаттың «Хореография» мамандығы үшін оқу-әдістемелік кешендер.

**Зерттеу базасы:** М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті.

**Зерттеу кезеңдері:**

Бірінші кезеңде (2017-2018 жж.) кәсіби ұтқырлық, ЖОО-ында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру мәселелеріне арналған философиялық, психологиялық-педагогикалық, ғылыми-әдістемелік, оқу және арнаулы әдебиеттерге теориялық талдау жасалынды. Зерттеу мәселесі бойынша теориялық және тәжірибелік материалдар жинақталды, диссертацияның ғылыми аппараты жасалынды. Жоғары оқу орындары тәжірибесіндегі болашақ хореографтарды дайындау мазмұнының студенттердің кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудағы жағдайы зерттеліп, оны жетілдірудің жаңа мүмкіндіктері айқындалды.

Екінші кезеңде (2018-2019 жж.) болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың әдістемелік ерекшеліктері анықталды. ЖОО-ның педагогикалық процесінде болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделі әзірленіп, теориялық негізделді. Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың тиімділігін арттырудың жаңа мүмкіндіктері анықталып, олар педагогикалық шарттар түрінде тұжырымдалды. Жасалынған педагогикалық шарттардың негізінде болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың эксперименталдық әдістемесі әзірленді және оның тиімділігін анықтау бойынша педагогикалық эксперимент өткізілді.

Үшінші кезеңде (2019-2022 жж.) эксперимент нәтижелері мен теориялық білімдерді пысықтау, жинақталған материалдарды талдау мен сараптау негізінде диссертациялық жұмыс бір жүйеге келтіріліп, ғылыми талап пен ережелерге сай рәсімделді. Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру бойынша теориялық және тәжірибелік зерттеулер арқылы алынған негізгі нәтижелерді жоғары оқу орындары іс-тәжірибесіне енгізуді қамтамасыз ететін әдістемелік ұсыныстарды дайындау жүзеге асырылады.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы**

1. Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың теориялық негіздері анықталды, «кәсіби ұтқырлық», «болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығы» ұғымдары нақтыланды.

2. Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары айқындалды.

3. Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделі әзірленді.

4. Жоғары оқу орнында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың әдістемесі дайындалды және оның тиімділігі тәжірибелік эксперимент жүзінде тексерілді, ғылыми-практикалық ұсыныстар берілді.

**Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы:** жоғары оқу орнында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру әдістемесі құрастырылды, тәжірибе жүзінде оның тиімділігі тексерілді:

- «Хореографиядағы кәсіби ұтқырлық» элективті курсының бағдарламасы жасалынып, оқу жоспарының таңдау пәні компонентіне ұсынылды;

- Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыратын пропедевтикалық тапсырмалар кешені дайындалады.

Зерттеу барысында алынған нәтижелер педагогикалық және мәдениет бағытындағы жоғары оқу орындарында хореографтарды даярлау процесінде, хореограф-мамандардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау курстарында пайдаланылуы мүмкін.

### **Қорғауға ұсынылатын қағидалар**

1. Жоғары оқу орнында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың теориялық негіздерін анықтауда жүйелілік, күзіреттілік, тұлғаға бағдарланған, аксиологиялық, тұлғалық-әрекеттік, психологиялық бағдарлық тұғырлары басшылыққа алынды.

Кәсіби ұтқырлық – бұл тұлғаның болашақ маман ретіндегі кәсіби қызметке дайындығы (кәсіби икемділік, кәсіби бейімделік, кәсіби іскерлік, кәсіби жаңашылдық). Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығы қазіргі заманғы өзгерістер мен инновациялық процестер жағдайында қызмет жасауы, қалыптан тыс міндеттерді шешуі, сонымен бірге қоғамның және еңбек нарығының талаптары мен қажеттіліктеріне шапшаң, икемді, көшпелі бейімделуге даяр болуы.

Зерттеуде кәсіби ұтқырлық сапалық қасиет ретінде маманның орындалып жатқан кәсіби міндеттер мен тапсырмаларды, жұмыс орнын, тіпті бір кәсіптің шеңберінде мамандығын жедел ауыстыруға даярлығымен, сондай-ақ ғылыми-технологиялық өзгерістер әсерінен пайда болған жаңа мамандықтарды немесе олардағы жаңартуларды шапшаң меңгеруге қабілеттілігінің болуымен сипатталады.

Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру олардың өзгерістер жағдайына бейімделуіне және өз жұмысының мазмұны мен формаларын жаңғыртып, табысты әрекет жасауына мүмкіндік туғызады.

2. Жоғары оқу орнында болашақ хореографтың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары айқындалды:

- қолайлы үйлесімді психологиялық ахуалды және шығармашылық ортаны құру;

- болашақ кәсіби іс-әрекетіне рефлексия жасауға дағдыландыру;

- психосоматикалық денсаулығын сақтауға бағыттау;

- шығармашылық қабілеттерін дамытатын және субъектілігін қамтамасыз ететін оң мотивациясын дамыту;

- кәсіби (хореографиялық) пәндердің педагогикалық мүмкіндіктерін жүзеге асыру;

- кәсіби (хореографиялық) білім беру мазмұнын көпфункционалды тұғыр негізінде құрастыру, оны әмбебаптандыру, жетілдіру;

- әр түрлі қызмет функцияларын ауыстыруда, біріктіруде, бірінен екіншісіне өтуде оқу жағдайларын жасау;

- кәсіби-тұлғалық әлеуетін дамытатын іс-әрекетке қатыстыру. Бұл педагогикалық-психологиялық шарттар өзара байланысты, кешенді түрде жүзеге асырылады.

3. Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделі жүйе ретінде блоктарына (тұжырымдамалық, технологиялық, нәтижелік); компоненттеріне (мақсаттық-мотивациялық, мазмұндық-танымдық, эмоционалды-құндылықтық, әлеуметтік-коммуникативтік); өлшемдері мен көрсеткіштеріне (кәсіби ұтқырлыққа мотивациялық-қажеттілік қатынастың болуы; хореография саласындағы икемді білімдер мен іскерліктер; кәсіби іс-әрекеттегі өзгерістерге эмоционалды-психологиялық дайындығы; қоғамдағы өзгерістерге жылдам бейімделуге, қозғалыстар және табысты әрекетке мүмкіндік жасайтын коммуникативтік және мінез-құлық сапаларының болуы) және деңгейлеріне (репродуктивті/төмен, адаптивті/орташа, шығармашылық/жоғары) сәйкес жүзеге асырылады.

4. Жоғары оқу орнында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың әдістемесі үш бөлімнен тұрады: «Хореографиядағы кәсіби ұтқырлық» элективті курс бағдарламасы, 2 кредит, «Пропедевтикалық тапсырмалар кешені» осы әдістеменің тиімділігін көрсететін тәжірибелік-эксперимент нәтижелері.

**Зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі:** зерттеу тақырыбы бойынша философиялық, психологиялық-педагогикалық және оқу-әдістемелік әдебиеттерге жасалған жан-жақты талдауымен; зерттеу нәтижелері әдіснамалық тұғырларға сүйеніп, айқындалған теориялық дәйектілігімен; зерттеу кезеңдерінің міндеттеріне сәйкес және бірін-бірі толықтыратын ғылыми-педагогикалық әдістер кешенінің қолданылуымен; болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру әдістемесінің тиімділігі педагогикалық эксперимент барысында тексеріліп дәлелденуімен сипатталады.

**Зерттеу нәтижесін сынақтан өткізу және ендіру:** зерттеудің негізгі қағидалары ғылыми баяндама түрінде халықаралық ғылыми-практикалық

конференцияларда, Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда көрініс тапты:

1. Formation of professional mobility of future specialists in the process of choreographic education// Cypriot Journal of Educational Sciences Volume 16, Issue 4, (2021) 1680-1703

2. Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығы негіздерін қалыптастыру//«Қазақстанның ғылымы мен өмірі» Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал. ISSN 2073-333X №4 (61) Астана, 2018. Б.15-17

3. Икемді дағдыларды қалыптастыру болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығының шарты ретінде// Торайғыров университетінің хабаршысы» журналы. Педагогикалық сериясы. ISSN 2710-2661 №3. Павлодар, 2020. Б. 97-108

4. Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделі// Торайғыров университетінің хабаршысы» журналы. Педагогикалық сериясы. ISSN 2710-2661 №4. Павлодар, 2021. Б.76-87

5. Профессиональные компетенции как первоосновы формирования профессиональной мобильности будущих хореографов в ВУЗе//«Әуезов оқулары-16: «Төртінші өнеркәсіптік революция: Қазақстанның ғылым, білім және мәдениет саласындағы жаңғырудың жаңа мүмкіндіктері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектері»Шымкент, Том 2, 2018. Б.124-128

6. Болашақ мамандардың кәсіби ұтқырлығы негіздерін қалыптастыру: мәселелер мен мүмкіндіктер//«Әуезов оқулары-17: «Әлемдік кеңістіктегі ғылым мен руханияттың жаңа серпілістері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектері», Шымкент, Том 3(1), 2019. Б.54-57

7. Factor of professional mobility in training of future engineer// Proceedings of VI International Conference «Industrial Technologies and Engineering» ICITE – 2019, Volume III., M.Auezov South Kazakhstan State University, Shymkent, Kazakhstan. October, 24-25, 2019. P.147-151

8. Жоғары оқу орнында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың дидактикалық негіздемелері //Materials of the V International Scientific-Practical Conference "Integration of the Scientific Community to the Global Challenges of Our Time" ISBN 978-601-267-055-4, Tokyo, 2020. P.261-271

9. Проблема профессиональной мобильности в подготовке будущего хореографа //Россия и Европа: связь культуры и экономики: Материалы XXVI международной научно-практической конференции. ISBN 978-80-88005-55-1 Прага, 2020. С.34-38

10. Профессиональная мобильность педагога как фактор инновационного развития современного образования//Вестник Кыргызского государственного университета им. И.Арабаева ISBN 1654-5611,Выпуск 2 (2018), С.238-243.

**Мақалалар.** Диссертациялық жұмыс М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті «Педагогика және мәдениет» факультетінің «Жалпы педагогика және музыкалық білім» кафедрасында орындалды. Зерттеу

жұмысының негізгі нәтижелері мен қорытындылары 10 ғылыми мақалада көрініс тапты, 1 мақала Scopus базасына енгізілген басылымда, 3 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің ұсынған басылымдарда, 5 мақала Қазақстан Республикасындағы ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларында, 1 мақала шетелдік ғылыми басылымдарда жарияланды. Барлық жарияланымдар жүргізілген зерттеу барысында дайындалған.

**Диссертацияның құрылымы:** Жұмыс кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланған әдебиеттер тізімі және қосымшалардан тұрады.

**Кіріспеде** зерттеу тақырыбының көкейкестілігі дәлелденіп, ғылыми аппараты: нысаны, пәні, мақсаты, болжамы, міндеттері, жетекші идеясы, теориялық негіздері, зерттеу көздері, әдістері, негізгі кезеңдері мен базасы, қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалары, ғылыми жаңалығы мен теориялық және практикалық маңыздылығы, нәтижелердің дәлелділігі мен негізділігі көрсетілді.

**«Жоғары оқу орнында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері»** атты бірінші бөлімде зерттеу мәселесінің философиялық, психологиялық-педагогикалық, әлеуметтанушылық, тарихи, ғылыми-әдістемелік әдебиеттердегі және тәжірибедегі зерттеліну дәрежесі анықталады. Кәсіби ұтқырлықтың мәні мен құрылымы айқындалады. ЖОО-да болашақ мамандардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру мәселесіне талдау жасалынып, оның өзекті бағыттары тұжырымдалады. Болашақ хореографтарды дайындауда кәсіби ұтқырлықты қалыптастырудың мәні мен құрылымы анықталады. Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары мен қағидалары айқындалады.

**«Жоғары оқу орнында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың педагогикалық негіздері»** атты екінші бөлімде жоғары оқу орнында болашақ хореографтарды дайындауда кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру жүйесі жасалынады. Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың педагогикалық шарттары анықталады. Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделі әзірленеді.

**«Жоғары оқу орнында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру бойынша тәжірибелік-эксперимент жұмыстары»** атты үшінші бөлімде жоғары оқу орнында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығы негіздерін қалыптастырудың мазмұнына сипаттама беріледі. Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығы негіздерін қалыптастырудың әдістемесі жасалынады. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар жүргізіледі және олардың нәтижелері талқыланады, математикалық-статистикалық өңдеу жүргізіледі.

**Қорытындыда** зерттеу мәселесі бойынша негізгі нәтижелер мен қорытындылар тұжырымдалды; тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың нәтижесі бойынша ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беріледі, сонымен қатар зерттеу мәселесінің болшағы айқындалады.

**Қосымшада** тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың жекелеген материалдары ұсынылады.



# 1 ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА БОЛАШАҚ ХОРЕОГРАФТАРДЫҢ КӘСІБИ ҰТҚЫРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

## 1.1 Кәсіби ұтқырлықтың мәні мен құрылымы

Қазіргі таңда адам тез өзгертін әлемде өмір сүреді. Бүгінгі қоғамдағы түбегейлі әлеуметтік өзгерістер, цифрландыру, жаһандану процесі адамның қызметтің барлық салаларына және деңгейлеріне сәйкес келуі үшін жаңа талаптарды, жаңа ережелерді, жаңа жағдайларды ұсынады.

Бұл өзгерістердің білім беру саласында да орын алуы ұтқырлық мәселесінің өзектілігін арттырады. Өйткені, қазіргі әлемдегі адамның ұтқырлығы, бір жағынан, қарқынды даму мен әлеуметтік процестердің өзгермелілігі болса, екінші жағынан, қоғамның тұрақтылығы мен дамуын қамтамасыз ететін фактор ретінде қарастырылады. Бұл жеке тұлғаға қойылатын жаңа қоғамдық талаптар: өзгермелі ортаға жауап беру, нарықтық бәсекелестік жағдайында стандартты емес шешімдерді қабылдау және оны жүзеге асыру, тез өзгертін жағдайларға бейімделу, білімін жаңартуға дайын, яғни мобильді болуға мәжбүр етеді.

Сондықтан, жоғары оқу орнында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың теориялық негіздерін қарастыру «ұтқырлық», «кәсіби ұтқырлық», «болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығы» ұғымдарына берілген анықтамаларды нақтылаумен айқындалады.

Жалпы алғанда, ұтқырлық (ағылшын тілінде *mobility*, неміс тілінде *mobilitat*, латын ілінде *mobilis*) қозғалғыштық, жай-күйін, жағдайын жылдам өзгерту, жылдам қозғалу, әрекет ету қабілеті. Алдымен бұл ұғымға сөздіктерде берілген анықтамаларға назар аударылады:

- Қазақ тілінің сөздігінде: «ұтқыр» ұтымды, тапқыр, шебер деп, ал «ұтқырлық» ұтымдылық, мазмұндылық деп түсіндіріледі [52, б.776].

- С.И. Ожеговтың сөздігінде «ұтқырлық» ұғымына «шапшаңдық, жылдам қозғалуға қабілеттілік», сондай-ақ «жылдам қимылдау, шешім қабылдау» деп түсінік берілген [53, б.736].

- заманауи түсіндірмелі сөздікте «ұтқырлық» ептілік, шапшаңдық, жылдам қозғалуға, әрекетке қабілеттілік, сондай-ақ тапсырмаларды дереу орындауға даярлық, жағдайға тез бағдар алу, іс-әрекеттің қажетті формаларын табу мағыналарында түсіндіріледі [54].

Ұтқырлық техника құралдарына, әлеуметтік құрылымдарға қарай да қолданылады. Адамға қатысты қолданғанда «ұтқырлық» ұғымы адамның ішкі және сыртқы ортадағы өзгерістерге сәйкес әрекеті, өз іс-әрекетін тиімді бағытта ұйымдастыруы деп түсіндіріледі [17, б. 118].

Заманауи ғылыми әдебиеттерде «ұтқырлық» ұғымының түрлері де бөліп көрсетіледі, мысалы «әлеуметтік ұтқырлық», «еңбек ұтқырлығы», «кәсіби ұтқырлық», «академиялық ұтқырлық».

«Ұтқырлық» пәнаралық тұрғыдан түрлі ғылым салаларында қазіргі өзгермелі әлемдегі қызмет нысандарының, адамдардың ерекше мінез-құлық сапасы ретінде де қарастырылады.

Сондықтан «ұтқырлық» қызметкерге қойылатын талапты сипаттайтын ұғым ретінде жиі қолданылады. Демек ұтқырлық кәсіби қызметкердің сан алуан түрлі жағдайларға тез бағдарлануы, осы жағдайлар үшін ең ұтымды шешім қабылдауы, іс-әрекетін өз алдына қойылған жаңа міндеттерге өзін жылдам жұмылдыруы секілді сапаларын сипаттайды.

«Ұтқырлық» ұғымын ғылыми айналымға 1927 жылдары П.А. Сорокин алғаш рет енгізген, бұл ұғымды «адамның қоғамға жылдам әлеуметтік және кәсіби бейімделуін қамтамасыз ететін қасиетін белгілеу» үшін пайдаланады. Автор «әлеуметтік ұтқырлық» ұғымын жеке адамның немесе әлеуметтік объектінің (құндылықтың) яғни адамзат іс-әрекетімен жасалған немесе өзгертілген кез-келген нәрсенің барлығы бір әлеуметтік ұстанымнан/орыннан екіншісіне ауысуы» деп түсіндіреді. Сонымен бірге ішкі (жеке және кәсіби дамумен байланысты, кәсіби іс-әрекеттің жаңа тәсілдерін, технологияларын, нысандарын игеруге дайын) және сыртқы (лауазымның, жұмыс түрінің, жұмыс орнының, кәсіптің өзгеруіне байланысты) кәсіби ұтқырлықты бөліп көрсетеді [13,б.104].

Сонымен бірге ұтқырлықтың екі типі бөліп көрсетіледі: тік векторы (мансаптық саты бойынша маманның алға жылжуын сипаттайды); көлденең векторы (адамның бір лауазымнан екінші лауазымға немесе бір ұйымнан екінші ұйымға ауысуын сипаттайды) (сурет 1).



Сурет 1 - Ұтқырлықтың типтері (П.А. Сорокин бойынша)

Ғылымда «ұтқырлық» ұғымы және оған арналған зерттеулер ХХ ғасырдың 50-60-жылдары Батыс елдерде пайда болды, атап айтқанда, 1950-1960 жылдарда ғалымдар (Э.Ф. Джексон, Г.Д. Крокет, П.М. Бол, О.Д. Данкен, Б.Шефер және т.б.) еңбектерінде ұтқырлық мәселесі қарастырылып, әрі қарай дамиды. Осы кездегі ғалымдар «ұтқырлық» ұғымы өзгерістерге ұдайы ішкі, яғни тұлғалық-психологиялық және сыртқы, яғни тәжірибелік-іс-әрекеттік даярлықты, оларға шапшаң түрде жауапты әрекет жасауды, әлеуметтік және кәсіби тұрғыдан қозғалмалылықты білдіреді, - деп түсіндіреді [54, б. 143].

Ю.А. Биктуганов мен Б.М. Игошев педагогтардың ұтқырлығы мәселесін зерттей келе, педагог ұтқырлығын құрастырушы мынандай тұлғалық сапаларды атап көрсетеді: ашықтық (қандай да бір жаңалыққа, белгісіздікке, әдеттен тыс нәрсеге бейімділік, іс-әрекет процесінде таптаурыннан бас тарту); белсенділік (іс-әрекетке ұдайы даярлық, жаңа іс-әрекет түрлерін меңгеру); бейімделгіштік (кәсіби іс-әрекеттің өзгеруші жағдайларына тез бейімделу қабілеті); коммуникативтілік (біріккен іс-әрекет субъектілерімен қажетті байланыстар орнатуға қабілеттілік); креативтілік (кәсіби іс-әрекетке шығармашылық қатынас). Авторлардың пікірінше, жоғарыда аталған тұлғалық сапалар әмебебап сипатта болып, педагогтың ішкі ұтқырлығын қамтамасыз етеді. Бұл тұлғалық сапалар кәсіби салада кәсіби алға жылжуға, ауыртпалықсыз кәсіби іс-әрекеттің бір түрінен басқа бір түріне көшуге мүмкіндік берсе, сыртқы ұтқырлық педагогты кәсіби іс-әрекет субъектісі ретінде сипатталады және мақсатты түрде кәсіби дайындығын талап етеді [55, б.7].

Ж.Е. Абдыхалыкова педагогтың ұтқырлық бойынша келесі қасиеттеріді атап көрсетеді: қоғамдық іс-шараларға, алуан түрлі мазмұндағы жобаларға қатысуға дайындығын көрсететін әлеуметтік белсенділік; әлеуметтік және кәсіби іс-әрекет бағыттарына белсенді қызығушылық; әлеуметтік жағдайларға, функционалдық қызмет түрлеріне жоғары бейімділік; кез-келген іске шығармашылық қатынаспен қарауға дайындығын сипаттайтын креативтілік [56,б.9].

«Кәсіби ұтқырлық» және «әлеуметтік ұтқырлық» ұғымдарын бір-біріне өзара байланыста қарастырылады. Бір жағынан, кәсіби сапаларды меңгеруге қабілеттілікті дамыту өзіндік дамуға қажеттілікті ынталандырса, екінші жағынан, қалыптасқан өзін-өзі жетілдіруге (өзін-өзі өзгертуге) қажеттілік жаңа білімдер мен икемділіктерді меңгеруді жеңілдетеді. Бұл әлеуметтік және кәсіби ұтқырлықтың инверсиялық өзара тәуелділігін көрсетеді [57, б. 65].

Сондықтан көптеген авторлар «әлеуметтік-кәсіби ұтқырлық» ұғымының мазмұнына тұлғаның кәсіби іс-әрекет саласын жедел өзгертуге, кәсіби іс-әрекет түрлеріне бейімделікті, орындалатын іс-әрекетке шығармашылық қатынаспен ниеттенуді жатқызады. В.В. Нурмухамедова әлеуметтік ұтқырлықты әлеуметтік топтардың және жеке индивидтердің бір әлеуметтік ұстанымнан басқасына ауысу процесі ретінде түсіндіреді [58, б.270].

А.А. Ярцев әлеуметтік-кәсіби ұтқырлықтың құрылымын келесідей анықтады: адам дамуының ішкі тетіктерін қамтамасыз ететін тұлғаның

сапалары; органы өзгертуші оқиғалармен анықталатын, ал нәтижесі кәсіп пен өмірде адамның өзін-өзі жүзеге асыруы болып табылатын адамның іс-әрекеті; адамның өзін-өзі және өзінің айналасындағы кәсіби және өмірлік органы жаңғыртуы [59, б. 107].

Р.А. Карелова «әлеуметтік», «еңбек», «кәсіби» секілді анықтаушы сөздердің «ұтқырлық» ұғымымен бірге арақатынасын белгілеуге әрекет жасады. Автордың пайымдауынша, «әлеуметтік ұтқырлық индивидтің әлеуметтік құрылымдағы өз орнын өзгертуін білдіреді. Мұндай ұтқырлық өзіне көптеген, соның ішінде еңбек қызметіндегі ауыстыруларды кірістіреді. Сонықтан, еңбек ұтқырлығы - әлеуметтік ұтқырлықтың бір түрі, қоғамдық еңбекті ұйымдастыру жүйесінде жұмыс орнын немесе жұмыс қызметтерін өзгертуден тұратын қызметшінің ауысулары» деп есептейді. Қызметкердің бір жұмыс орнынан екінші жұмыс орнына, бір еңбек функциясын орындаудан басқа еңбек функциясына өтуі оның әлеуметтік ұтқырлығын сипаттайды [60, б.78].

Кәсіби педагогикада «ұтқырлық» әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан еңбек нарығының өзгеруші жағдайларына даярлық және қабілеттілік ретінде;-профессиологиялық тұрғыдан бір кәсіби сала шеңберінде жаңа техника мен жаңа технологияларды, сонымен қатар қажет болған жағдайда шектес немесе жаңа кәсіптерді меңгеру, сондай-ақ кәсіби иерархия кеңістігінде беделдік ауыстырулар ретінде; педагогикалық инноватика - білім берудегі инновацияларды жасау, игеру және пайдалану бойынша іс-әрекет ретінде қарастырылады. Мамандардың ұтқырлығы олар қызмет атқаратын сала тұрақтылығы мен қалыпты дамуының маңызды шарттарының біріне саналады.

Бүгінгі таңда жоғары оқу орындарында болашақ мамандар ретінде студенттерді кәсіби іс-әрекеттің белгілі бір түріне дайындау процесінде кәсіби қызмет түрімен байланысты ұтқырлықты қалыптастыру ерекше маңызға ие. Мұнда болашақ маманның кәсіби ұтқырлығы оның болжап болмайтын болашақтағы кәсіби қызметіне, яғни өзгермелі жағдайларда жұмыс істеуге дайын болуы тиіс.

Сондықтан, педагогика ғылымында соңғы жылдары жоғары оқу орындарында әр түрлі сала мамандықтары бойынша кәсіби даярлау процесінде болашақ маманның кәсіби ұтқырлығы мәселесін зерттеу өзектені түсуде.


Жоғары оқу орнындағы тұтас педагогикалық процесте студенттер болашақ мамандар ретінде өмірлік қызметінің маңызды саласы болып табылатын кәсіби салада табысты әрекет етуге дайындалады.

Қазіргі заманда кәсіби іс-әрекет білім беру қызметін көрсететін жоғары оқу орнының қызметкерлерінен кәсіби ұтқыр мамандар даярлаудың мүмкіндіктері толық ескерілген білім беру бағдарламаларын әзірлеуді және оқу-тәрбие процесін осы мақсатқа бағыттауды талап етеді. Кәсіби ұтқыр болу үшін болашақ маман ретінде студент кәсіби ұтқырлықты меңгерген болуы, яғни университетті аяқтау кезінде өзгермелі, қалыптан тыс жағдайларда кәсіби функцияларды орындауға белгілі деңгейде дайын болуы қажет.

Сондықтан, кәсіби ұтқырлықтың іргетасы жоғары білім беру жүйесінде, болашақ маманды оқыту мен кәсіби тәрбиелеу процесінде жүзеге асырылады деп тұжырым жасау орынды. Жоғары оқу орнында студент шынайы кәсіби іс-әрекет жағдайларын модельдейтін кәсіби білім алады. Осы кезде студенттердің оқу, оқу-кәсіби, тәжірибелік, оқу-өндірістік міндеттерді шешу барысында кәсіби ұтқырлық туралы білімдер, ұтқыр кәсіби іс-әрекет дағдылары мен икемділіктері, ұтқырлық сапалары, қабілеттері қалыптасады.

Жоғары кәсіби білім беру жүйесі мемлекет, қоғам және жеке тұлға сұраныстарына орай әр түрлі салалар бойынша жоғары білікті мамандарды даярлайды. Бұл мамандар қазіргі ұдайы өзгерістер, кәсіби қызмет мазмұны ғана емес, оның өзі де өзгеріп кетуі, инновациялар, қызметкердің құзыреттіліктеріне қойылатын талаптардың ұдайы жаңғыруы жағдайында әрекет етеді. Барлық жағдайда, кәсіп адамның еңбек іс-әректінің негізгі түрі болып қалады.

Сондықтан жоғарыдағы ғалымдар еңбектеріне жасалған талдау ұтқырлықтың төмендегідей түрлерін жүйелеуге мүмкіндік береді (сурет 2).



Сурет 2 - Ұтқырлықтың түрлері

Сонымен зерттеу жұмысымызда жоғарыда келтірілген ой-пікірлерге негізделіп, болашақ хореограф мамандардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру жоғары оқу орнында кәсіби даярлау кезеңінде жүзеге асырылады деп тұжырымдалады. Бұл, өз кезегінде кәсіби ұтқыр хореограф-маман даярлаудың бағдарламаларын әзірлеуді, білім беру бағдарламаларына негіз болатын ұтқыр хореографқа қойылатын талаптарды анықтауды және ғылыми негіздеуді қажет етеді.

Э.Ф. Зеер, С.А. Морозова, Э.Э. Сыманюк ұтқырлықты әлеуметтік-экономикалық, яғни еңбек нарығының өзгеруші жағдайларына бейімделуге

даярлық пен қабілеттілік;профессиологиялық, яғни бір кәсіп шеңберінде жаңа техника мен жаңа технологияларды жылдам және жетістікті меңгеріп алу, кәсіби иерархия кеңістігінде бедел жағынан жылжулар, сонымен қатар қажет болғанда тектес немесе жаңа кәсіптерді меңгеруөлшемдерінде қарастырады [61, б. 90].

Бірқатар зерттеушілердің пікірінше, кәсіби ұтқырлық маманның кәсіби қалыптан тыс міндеттерді ұдайы шешуі қажеттілігі тұрғысынан аса өзекті мәселеге айналып отыр. Шынында да, инновациялық білім дамуының табыстылығы кәсіби мамандардың үздіксіз инновациялық режимде жұмыс істеуге даярлығы, қоғамның өзгерістердегі, еңбек нарығы мен тұлғаның қажеттіліктеріне, дамушы технологиялар мен үздіксіз жаңарудағы ақпараттық ортаға орай икемді, жедел, ұтқыр әрекет жасауға даярлығы мен анықталады [62, б. 219].

Н.О. Вербицкаяның пікірінше, кәсіби ұтқырлық жеке тұлғаның сапасы, адамның өзгермелі жағдайларға сай шапшандықпен әрекет жасауы, «егер күтпеген жағдайда өмірлік іс-әрекеттің қолайлы формасын сақтап, ұтқыр әрекет жасау қажет болса, мұнда кәсіби ұтқырлық маманның қиын кезеңде де нәтижелі жұмыс істеуінің шарты болады» - деп атап көрсетеді [63, б. 14].

Ғалымдардың (М.И. Дьяченко, Л.А. Кандыбович) пікірінше, «кәсіби ұтқырлық» ұғымы күрделі құрылымға ие мағынасы кең ұғым. Кәсіби ұтқырлықтың негізіне, ең алдымен, жинақталған кәсіби білімдердің жоғары деңгейі, кәсіби тәсілдердің жүйесін игеру және оларды өз кәсіби қызметі саласындағы қандай болса да тапсырмаларды орындауда тиімді пайдалану икемділігі жатқызылады [64, б. 95].

Л.В. Горюнова маманның кәсіби ұтқырлығын тұлғалық сапа, іс-әрекет және процесс ретінде сипаттайды: біріншіден, адам дамуының ішкі тетігін қамтамасыз ететін тұлғалық сапа; екіншіден, ортаны өзгертетін оқиғалармен шартталады, ал оның нәтижесі адамның кәсіби қызметте және өмірде өзін-өзі жүзеге асыруы; үшіншіден, адамның өзін-өзі және өзінің айналасындағы кәсіби және өмірлік ортаны жаңарту процесі болып табылады [65, б.63].

Л.А. Амирова тұлғалық өзін-өзі жүзеге асыру кеңістігінде педагогтың кәсіби ұтқырлығын дамыту мәселесін зерттей отырып, кәсіби ұтқырлық ұғымына «құндылық-мағыналық құрылымда көрінетін, өмірдің жеке кездерінде ортаның талаптарына барабар түрлер, типтер, жұмылдыру деңгейлеріне өндірілетін тұлғаның экзистенциальді бағдары», - деген анықтама береді. Автор педагогтың кәсіби ұтқырлығын әлеуеттік аспектіде қарастырып, «маман тұлғасының бұл интегративті сапасы екі өзара байланысты арнада көрсетілуі мүмкін, яғни танымдық және кәсіби процестерде іс-әрекет мінездемесі ретінде тұлғаның ерекшелігі», - деп тұжырымдайды [66, б.193].

Н.Коговко «түйін біліктіліктерді» кәсіби ұтқырлықтың негізіне ала отырып, оның әсер ету шеңбері кең деп есептейді. Бұл бір мамандықтар тобынан тыс шығып, оны өзгертуге, жаңа мамандықтар мен кәсіптерді

меңгеруге, кәсіби қызметтердегі инновацияларға кәсіби және психологиялық тұрғыдан даярлығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді [67, б. 20].

Л.А. Метелькова әлеуметтік, оқу-танымдық, ұйымдастырушылық және арнайы құзыреттіліктерді бөліп көрсете отырып, түйін біліктіліктер қатарына іскерлік, азаматтық және құқықтық жауапкершілік, эмоциональдық тұрақтылық, рефлексивтік, креативтік, ақпараттық ұтқырлық, өзіндік менеджмент, кәсіби ұтқырлық, технологиялық, кәсіби нормативтік пен әлеуметтік-кәсіби жауапкершілікті енгізеді [68, б.171].

Бәсекеге қабілетті тұлғаға «өз қызметінде жоғары сапа және өнімділікке, жарыс жағдайында көшбасшылыққа ұмтылыс мен қабілеттілік тән» дей отырып, оның басымды қасиеттерін ажыратады: мақсаттар мен құндылық бағдарлардың нақтылығы, еңбекқорлық, жұмысқа шығармашылық қатынас, тәуекелге бару қабілеті, тәуелсіздік, көшбасшылық, үздіксіз дамуға деген ұмтылыс, стресске шыдамдылық, үздіксіз кәсіби дамуға, өз еңбегінің жоғары сапасына ұмтылыс [69, б.226].

Зерттеушілер (Л.Ф. Рахуба, А.А. Петрусевич) студенттердің бәсекеге қабілеттілік сапаларының оң дамуы арнаулы педагогикалық әсер етуден байқалады. Мұнда студенттер оқыту процесінде бәсекеге қабілеттілік сапаларын дамытуға бағытталған іс-әрекеттерді саналы және мақсатты орындайды. Бұл оқу процесіндегі өзара әрекеттестік жағдайларында дербес әрекет жасауынан, оқудағы серіктесіне бағдар алуынан, оқу жұмысын мақсатты және сәйкесінше ұйымдастыруынан, белсенділік пен бастамашылдық танытуынан, өзін бәсекеге қабілетті тұлға ретінде дамытуға бағыттылығынан айқын көрінеді [70, б.16].

Жоғарыдағы авторлардың пікірлеріне сүйене отырып, маманның бәсекеге қабілеттілік деңгейлерін бөліп көрсетуге болады: тұлғалық сапалар; іс-әрекет мінездемелері; өзіндік тұлғасын, іс-әрекеті мен айналадағы ортаны өзгерту процестері. Мұнда тұлғалық сапалар деңгейінде бәсекеге қабілеттілік тұлғаның интегральды қасиеті, оның құрамына бейімделушілік, коммуникативтік, дербестік, мақсатқа бағытталу, сын тұрғысынан ойлау, өзін-өзі тануға қабілеттілік, әлеуметтік ептілік және кәсіби ұтқырлық жатқызылады.

Демек кәсіби ұтқырлық маманның бәсекеге қабілеттілігін арттыру жүйесінде негізгі рөл атқарады. Кәсіби ұтқырлық сапасы маманның орындалып жатқан кәсіби міндеттер мен тапсырмаларды, жұмыс орнын, тіпті бір кәсіптің шеңберінде мамандығын жедел ауыстыруға даярлығымен, сондай-ақ ғылыми-технологиялық өзгерістер әсерінен пайда болған жаңа мамандықтарды немесе олардағы жаңартуларды шапшаң меңгеруге қабілеттілігінің болуымен сипатталады.

Болашақ мамандардың кәсіби ұтқырлығы оның қалыптасқан кәсіби жағдаяттарға жаңаша, қалыптан тыс көзқарас, тіпті кейде әдеттегі ойлау және іс-әрекет тәсілдер шеңберінен тыс сыртқа шығумен сипатталады. Сонымен кәсіби ұтқырлық когнитивтік, креативтік, дивергенттік, сындарлы ойлау секілді қабілеттермен кіріктіріледі.

Зерттеу барысында «кәсіби ұтқырлық» ұғымының мәні мен құрылымын айқындау мақсатында «ұтқырлық», «кәсіби ұтқырлық», «әлеуметтік ұтқырлық» ұғымдарына берілген анықтамаларға талдау жасалады, соның ішінде, «кәсіби ұтқырлық» ұғымының негізгі сипаттамалары бөліп көрсетіледі (кесте 1).

Кесте 1 - «Кәсіби ұтқырлық» ұғымына контент-талдау

Авторлар	Ұғымның анықтамасы
С.А. Ұзақбаева	кәсіби ұтқырлық жеке тұлғаның даму деңгейіне және объективті шындыққа белсенді ықпал етіп, оны өзгерту ниетіне байланысты, әлеуметтік ортадағы өзгерістер адамның жеке басына, оның сана-сезімі мен ойлау процестеріне, іс-әрекеттің қозғаушы күштеріне және тікелей мінез-құлық пен кәсіби іс-әрекетке әр түрлі әсер етеді [25, б.157].
Э.Ф. Зеер	кәсіби ұтқырлық тұлғаның техникалық және технологиялық қайта жанартулар әсерінен пайда болатын жаңа мамандықтарды игеруге немесе олардағы сан алуан түрлі сипаттағы өзгерістер нәтижесінде пайда болатын кәсіби іс-әрекеттерді өзгертуге, жетілдіруге дайындығы мен қабілеті [71, б.93]
М.В. Кормильцева	кәсіби ұтқырлық тұлғаның мамандығы мен кәсібін ауыстыруға даярлығын, инновация, жаңа техника мен технологияларды, іс-әрекетті ұйымдастыру формаларын меңгеруге қабілеттілігі, сондай-ақ іс-әрекеттің бір түрінен басқа түріне ауысып қосылу икемділігімен сипатталатын интегралдық сапасы [72, б.74]
Б.М. Игошев	кәсіби ұтқырлық тұлғаның кәсіби іс-әрекеттің өзгеру жағдайларына бейімделуінің табыстылығын, білім берудегі инновацияларды меңгеруге және педагогикалық іс-әрекетте және кәсіби қауымдастықта өзін-өзі жетілдіруге, өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі жүзеге асыруға даярлығын шарттайтын интегралдық динамикалық сапасы [73, б. 47]
В.Н. Дюнина	кәсіби ұтқырлық басқа қызметке бет бұру немесе еңбек түрін алмастыру, жалпыланған кәсіби тәсілдер жүйесін меңгеру және оларды шектес өндіріс салаларында қандай болса да тапсырмаларды орындауда қолдану немесе бір іс-әрекет түрінен басқасына айтарлықтай жеңіл көшу [74, б. 108]
А.А. Деркач	кәсіби ұтқырлық «басқа қызметке (іс-әрекет түріне) ауысып қосылу немесе еңбек түрін өзгерту мүмкіндігі мен қабілеті», жалпыланған кәсіби білімдердің жоғары деңгейін меңгеру, оларды шектес өндіріс салаларында қандай болса да тапсырмаларды орындауда тиімді қолдану икемділігі және бір іс-әрекет түрінен басқа іс-әрекет түріне жеңіл ауысу, өз кәсіп саласында әр түрлі тапсырмаларды орындаудың қолайлы тәсілдерін шапшаң түрде таңдау және іс-жүзіне асыруда даярлығы [75,б.116]
Ескерту - Әдебиетті талдау нәтижелері негізіне автормен құрастырылды	

Кестеде көрсетілгендей, жоғарыда аталған ғылыми көзқарастарды талқылап қорытындылау және зерттеу кәсіби ұтқырлық қазіргі мамандардың үнемі өзгерістер, инновациялық процестер жағдайында қызмет жасауы, ұдайы қалыптан тыс міндеттерді шешуі, сонымен бірге кәсіпорнының үздіксіз



инновациялық дамуы тәртібінде қызмет етуіне, дер кезінде қоғамның, еңбек нарығының талаптары мен қажеттіліктеріне шапшаң, икемді, көшпелі бейімделуге даяр болуыретінде нақтылауға мүмкіндік берді.

Осыған байланысты зерттеушілер (З.А. Решетова, А.М. Столяренко және т.б.) қоғам дамуының қазіргі кезеңінде кәсіби ұтқырлықтың негізі болашақ мамандардың дамыған шығармашылық ойлауы екендігін ерекше атап өтеді. З.А. Решетова іс-әрекеттің ұтқыр кәсіби-тұлғалық дамудағы ерекше маңызына тоқталып: «оқушылардың меңгеру процесін іс-әрекет ретінде ұйымдастыру оның әлеуметтік, саналы-жаңартушы, мағына жасаушы құрылымдарында оны жүзеге асыру шарттары мен маңыздылығын түсіндіру адам дамуының шыңына өз бетінше қозғалысқа - дамушы тұлғаның қалыптасуына мүмкіндіктер ашады», - деп жазады [76, б.121].

Кәсіби ұтқырлықтың білімдік негізіне жалпы білім беретін пәндерден меңгерілген білімдер, жалпы кәсіби білімдер, кәсіби икемділіктер, түйін біліктіліктер мен құзыреттіліктермен қатар білімдерді тез көшіруге немесе жаңғыртуға қабілеттіліктер алынады.

Жоғары оқу орнының педагогикалық процесінде болашақ хореографтың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың негізгі бағыттары ретінде мыналарды атауға болады: білім беру мазмұны мен оқу-тәрбие процесінің мүмкіндіктерін анықтау; құндылық бағдарлары жүйесін анықтау; болашақ мамандық бейнесін қалыптастыру, сонымен бірге болашақ мамандардың шығармашылық әлеуетін дамыту [77, б. 16].


Кәсіби ұтқырлықтың құрылымын анықтауда түрлі амалдар қолданылады: кәсіби ұтқырлықтың құрамдас бөліктері ретінде кәсіби білімдерді (А.Д.Алферов мен М.А. Лубянова [78], П.Н. Новиков [79], Е.А. Корчагин [80], Т.С. Дорохова [81] т.б.); тәжірибелік икемділіктер мен тұлғалық сапаларды (Ю.Ю. Дворецкая [19], В.А. Мищенко[21], А.А. Никитина [30], Р.А. Карелова [60], Л.В. Горюнова [65], Л.А. Амирова, З.А. Багишев [82], Р.З. Балягова [83], Л.П. Меркулова [84], А.Р. Ефорова [85], т.б.) атап көрсетеді.

Бұл еңбектерді талдау негізінде кәсіби ұтқырлықтың құрылымы туралы авторлардың ортақ позициясын байқауға мүмкіндік береді.

Сондықтан жоғарыдағы ғалымдар көзқарастарын басшылыққа ала отырып, кәсіби ұтқырлықтың мынандай компоненттері бөліп көрсетіледі:

- белсенділік (яғни іс-әрекетке, іс-әрекеттің жаңа түрлері мен формаларын меңгеруге даярлық);
- бейімделгіштік (іс-әрекеттің өзгерестегі жағдайларына бейімделу қабілеті);
- ашықтық (жаңалықтар, белгісіздіктерге бейімділік);
- креативтілік (ортаға және өзіндік іс-әрекетке шығармашылық тұрғыдан қатынас, жаңартуға даярлық);
- коммуникативтілік (іс-әрекет субъектілерімен жаңа байланыстар мен қатынастар орнатуға қабілеттілік мен даярлық);

- құзыреттілік (кәсіпке икемді бағдар алу, оқытуды жалғастыру, өзіндік оқу, өзін-өзі дамыту, өзіндік білім алуға қабілеттілік) (сурет 3).



Сурет 3 - Кәсіби ұтқырлықтың құрылымы

Сондықтан болашақ мамандарда кәсіби ұтқырлыққа қажеттіліктің негізіне өзіндік білім алу және жетістікті дамыту мотивациясы, өзіндік белсендікке бағдарлану, шындықты оптимистік қабылдау және кәсібін ауыстыруға икемділік алынады. Демек кәсіби ұтқырлық тек шығармашыл, дивергентті ойлау және кретативті қабілеттер иесі болған мамандарға тән сапа деп саналады.

Р.З. Балягова [83,б. 21] және В.Н. Дюнина [74,б. 106] кәсіби ұтқырлықтың негізгі үш компонентін атап көрсетеді:

- гностикалық компонент - кәсіби іс-әрекет мазмұнын, шешілетін кәсіби міндеттердің мазмұнын білу; ақпаратты іздеу және қабылдау, оны қайта өңдеу және шешімдер қабылдау, ойлаудың кәсіби өзгешелігін кірістіреді;

- праксиологиялық компонент - кәсіби іс-әрекетті жүзеге асыруда көмектесетін кәсіби икемділіктерді, дағдыларды, коммуникативтік және ақпараттық әрекеттерді, тәжірибені белгілейді;

- аксиологиялық компонент - құндылықтар мен құндылық бағдарлар, кәсіби іс-әрекет мотивтері, әрекеттер жасауға даярлық, кәсіби іс-әрекет мен өзіндік білім алуға деген қабілеттілікті, кәсіби іс-әрекетті табысты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін тұлғаның кәсіби маңызды сапаларын қамтиды.

Сонымен, болашақ мамандардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру оның құрамдас бөліктері ретінде компоненттер (гностикалық, праксиологиялық және аксиологиялық) жүйесін дамытуарқылы жүзеге асырылады (сурет 4).



Сурет 4 - Кәсіби ұтқырлықтың компоненттері  
(Р.З. Балягова және В.Н. Дюнина бойынша)

Ғылыми зерттеулерде кәсіби ұтқырлықтың компоненттері тереңірек қарастырылады. Бірқатар зерттеушілердің (Ю.А. Миронова, Э.Ф. Насырова, Л.А. Метелькова, т.б.) еңбектерінде гностикалық компоненттің кәсіби ұтқырлықты қалыптастыруға әсері қарастырылады. Ю.А. Миронованың пайымдауынша, табысты кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру үшін маман кәсіби сауатты болуы қажет [86, б.7].

Э.Ф. Насырова кәсіби ұтқырлықты қалыптастырудағы іскерліктер жүйесін дамытудың орны мен рөліне ерекше мән бере отырып, гносеологиялық компонент белгілі біртұтас құрылым болып табылатын бір-бірімен байланысты элементтер жиынтығынан құралатын білімдер жүйесін анықтайды. Білімдердің пәрменділігі олардың тәжірибеде қолдануға бағытталуынан, студенттердің кәсіби іскерліктері мен дағдыларынан көрініс табады [87, б. 37].

Кәсіби ұтқырлықтың праксиологиялық компоненті Л.Т. Агафонова [88], Э.А. Морылева [89], О.М. Дементьева [90], Г.Я. Гревцева, М.Б. Баликаева [91], Н.П. Гонарук, Е.И. Хромова [92], В.А. Солоненко [93], Е.А. Мустафаева [94] зерттеулерінде қарастырылады. Бұл авторлар кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру процесінде студенттердің өзінің болашақ кәсіби іс-әрекеті саласындағы икемділіктері мен дағдыларының белгілі жүйесін меңгеруінің маңыздылығына ерекше назар аударған.

В.А. Сластёнин студент тәжірибелік іс-әрекет субъектісі ретінде өзіндік кәсіби тәжірибесін жинақтап, кәсіби міндеттерді шешудің өзіндік ерекше стратегиясы мен жеке-дара жұмыс тәсілін жасайды деп атап көрсетеді [95, б.227].

Е.А. Боярко «кәсіби ұтқырлықты» маманның кәсіби өсуге және кәсіби карьераға ішкі қажеттілігі, кәсіби іс-әрекет өрісінің өзгеруі немесе ауысуы нәтижесінде кәсіби бейімделуге қабілеттілігі, кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктің білімдік негізін және әлеуметтік белсенділік танытуын біріктіретін, тұлғаның кәсіби ұтқырлығының шарты ретінде оза дамуына бағытталған тұлғаның интегративті сапасы ретінде сипаттап, оның үш компонентін ажыратып көрсетеді: функционалдық-когнитивтік (білімдер, икемділіктер мен дағдылар); тұлғалық (кәсіби мотивация, рефлексивтік қабілеттер, коммуникативтік қабілеттер); функционалдық-тәжірибелік (іс-әрекет, мінез-құлық және қарым-қатынас тәжірибесі) [96, б. 78].

В.Н. Дюнина ақпараттық мамандықтар студенттерінің кәсіби ұтқырлығының мынандай құрауыштарын атап көрсетеді: даярлық (кәсіби ұтқырлықты жүзеге асыру мүмкіндігінің және оны көрсету үшін сәйкес мотивацияның болуы); білімдер (нақтылы кәсіби салада кәсіби ұтқырлықты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін арнаулы білімдерінің болуы); іскерліктер (кәсіби ұтқырлықты нақты кәсіби салада жүзеге асыруға мүмкіндік беретін арнаулы іскерліктерінің болуы); тәжірибе (кәсіби іс-әрекеттің әр түрлі қалыпты және қалыптан тыс жағдайларында кәсіби ұтқырлықты таныту тәжірибесі); қарым-қатынас ( тұлғаның мақсатты-мағыналы бағдарларының болуы) [74, б.104].

Р.А. Карелова IT-маманның кәсіби ұтқырлығымен бірге колледж студенттерінің кәсіби ұтқырлығы мәселесін зерттей отырып, студенттердің кәсіби ұтқырлығының бірнеше құрамдас бөліктерін (мотивациялық-құндылық, когнитивтік-іс-әрекеттік және рефлексивтік-бағалау), сондай-ақ тұлғаның интегративті сапасының дамуы деңгейін бағалаудың өлшемдерін де бөліп көрсетеді. Автор «кәсіби іс-әрекеттегі ұтқырлықтың әрбір құраушылары өзіне кіші құрамдас бөліктерді кіріктіреді, оларды дамыту кәсіби ұтқырлықтың қалыптасуына алып келеді», - деп есептейді [60, б. 63].

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау нәтижесі кәсіби білімдер мен кәсіби ұтқырлықтың арақатынасын ескере отырып, кәсіби білімдердің кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру және оның құрамын өзгертудің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады деген ортақ тұжырымдардың қалыптасқанын көрсетеді. Іскерлік пен біліктілік студенттердің болашақ мамандыққа бағдар алуы қажетті мақсаттар мен жағдайларға сәйкес іс-әрекеттерді орындау мүмкіндіктері болса, ал кәсіби білімдер, біліктіліктер мен дағдылар жүйесі, яғни құзыреттіліктер негізінде болашақ маманның кәсіби ұтқырлығы қалыптаса бастайды.

Жалпы алғанда, кәсіби ұтқырлықтың үш бөлігі анықталған: кәсіби құзыреттіліктердің қалыптасуы арқылы адам дамуының ішкі тетіктерін қамтамасыз ететін жеке тұлғаның сапалық қасиеті; кәсіби және әлеуметтік белсенділігі арқылы адамның қоршаған ортаны өзгертуге бағытталған қызметі, оның нәтижесі, мамандығы мен өзін-өзі жетілдіруі; тұлғаның өзгеруіне дайындығын сипаттайтын өзін және кәсіби ортасын өзгерту процесі.

Қорыта келе, кәсіби ұтқырлық мәселесін зерттеудің әдіснамалық тұғырлары мен кәсіби ұтқырлықтың құрылымдық компоненттері туралы пікірлер бірі-бірін толықтырады. Бұл кәсіби білім беру саласында кәсіби ұтқырлық феноменін сан алуан түрлі қырларынан қарастырып, сипаттауға мүмкіндік береді:

- кәсіби ұтқырлық қазіргі өзгермелі әлем мен кәсіби өмірде маманның табысты өмір сүруінің негізгі шарттарының бірі, оның өзгерістерге және жаңаруларға жауапты іс-әрекетін қамтамасыз ететін ерекше қабілеті;

- кәсіби ұтқырлық кәсіби білімдер, икемділіктер мен дағдыларға негізделеді, кәсіби мотивтермен және құндылықтармен тығыз байланысты, бірақ өзгермелі жағдайларда маманның өмір сүруі мен нәтижелі әрекеті үшін оларды икемді пайдалану, ұдайы, шамалы немесе толық жаңартуды қажет етеді;

- кәсіби ұтқырлық интегративтік сипатқа ие, яғни кәсіби іс-әрекеттің табыстылығын қамтамасыз ететін жеке тұлғаның бірқатар сапаларының - білімі, іскерліктері, тәжірибесі, құндылық бағдарлары мен рефлексиясының кірігуі;

- кәсіби ұтқырлық - тұлғалық сапа, іс-әрекет, процесс ретінде жүзеге асырылады. Сонымен, кәсіби ұтқырлық ішкі қажеттілік, кәсіби құзыреттілік, қабілеттілік пен білімдіктің негізі, рефлексия, өзіндік пайымдау секілді сапалар жиынтығынан тұратын өзара байланысты күрделі құрылым болып табылады.

Біздің пікірімізше, кәсіби ұтқырлық - бұл тұлғаның болашақ маман ретіндегі кәсіби қызметке дайындығы (кәсіби икемділік, кәсіби бейімделік, кәсіби іскерлік, кәсіби жаңашылдық), ал болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығы қазіргі заманғы өзгерістер мен инновациялық процестер жағдайында қызмет жасауы, қалыптан тыс міндеттерді шешуі, сонымен бірге қоғамның және еңбек нарығының талаптары мен қажеттіліктеріне шапшаң, икемді, көшпелі бейімделуге даяр болуы. Демек, зерттеу контекстімізге сәйкес кәсіби ұтқырлық сапалық қасиет ретінде маманның орындалып жатқан кәсіби міндеттер мен тапсырмаларды, жұмыс орнын, тіпті бір кәсіптің шеңберінде мамандығын жедел ауыстыруға даярлығымен, сондай-ақ ғылыми-технологиялық өзгерістер әсерінен пайда болған жаңа мамандықтарды немесе олардағы жаңартуларды шапшаң меңгеруге қабілеттілігінің болуымен сипатталады. Осыдан болашақ маманның сапалық қасиеттері тұрғысынан кәсіби ұтқырлық кәсіптің өзгеру жағдайында тұлғалық қасиеттер (шығармашылыққа бейімділік, өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі өзіктендіру, тәуекелге бару, бастамашылдық) мен мінез-құлық формаларының жиынтығы, сондай-ақ әлеуметтік бейімделу тетігі, адамға субъективтік ресурстар мен кәсіби мінез-құлықты басқаруға мүмкіндік береді.

Сондықтан болашақ мамандардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру олардың өзгерістер жағдайына бейімделуіне және өз жұмысының мазмұны мен формаларын жаңғыртып, табысты әрекет жасауына мүмкіндік туғызады, кәсіби ұтқырлықтың құрамдас бөліктерін, яғни кәсіби ұтқырлық компоненттерін (гностикалық, аксиологиялық, праксиологиялық, когнитивтік, тұлғалық, тәжірибелік) дамыту қажет.

## 1.2 Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары мен қағидалары

Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың әдіснамалық тұғырларын ашып көрсетуде алдымен «әдіснама», «тұғыр» ұғымына назар аударылады.

«Әдіснама» (грек сөзінен алғанда *methodos* – жол, тәсіл + *logos* – түсінік) – негізді ғылыми тұрғыдан анықтау, түсініктердің маңыздарын айқындау [97, б. 246].

Сондықтан зерттеу контекстімізде әдіснама ғылыми танымның саласы ретінде фактілерді, зерттелетін іс-әрекеттің заңдылықтары мен тетіктерін ғылыми тұрғыдан тану және оны қайта құрудың қағидалары мен тәсілдері туралы ілім ретінде қолданылады.

«Тұғыр» педагогикалық объектіні зерттеудің тәсілдері мен амалдарының жиынтығы ретінде анықталады. Қазіргі педагогика ғылымында тұғыр әдіснамалық ұстаным ретінде (Е.В. Бондаревская, В.В. Сериков, В.А.Сластенин, т.б.); субъектілердің өзара әрекеттестігінің сипатын ашатын оқыту типі ретінде (Н.В. Алексеев, И.С. Якиманская, т.б.); психологиялық технологиялардың біріктірілуі негізінде құрылған психотерапиялық процесс ретінде (М.Е. Кузнецов, т.б.) қолданылып келеді.

Зерттеуімізде тұғыр болашақ хореографтардың педагогикалық іс-әрекетінің өзара байланысты идеялары мен ұғымдарының сапалық жиынтығын пайдалануда әдіснамалық бағдар ретінде мазмұндалады. Ол зерттеу міндеттерін шешудің негізгі жолы ретінде мәселені шешудің бағыттары мен стратегиясын айқындауға мүмкіндік береді.

Жалпы, кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру күрделі процесс, ол педагогикалық процестің жалпы заңдылықтарына бағынады, бірақ ғылыми әдебиеттерді талдау және жоғары кәсіби білім беру тәжірибесі оның өзіндік, ерекше заңдылықтары мен шарттары бар екендігін дәлелдейді.

А.И. Кравченко ұтқырлықтың жалпы теориясы аясында кәсіби ұтқырлықты талдаған және оны қарастырудың екі әдіснамалық амалын ажыратып көрсеткен. Бірінші тұғыр аясында кәсіби ұтқырлық индивидтердің қоғамның әлеуметтік-кәсіби құрылымындағы жылжуы ретінде және олардың кәсіби беделінің өзгеруіне (меңгерілген мамандық шеңберінде жапсарлас кәсіптерді игеру, беделінің артуы немесе төмендеуі мен байланысты біліктілігін өзгерту) байланыста қарастырылса [98, б. 79], ал екінші тұғырға сай кәсіби ұтқырлық оқу-танымдық іс-әрекет процесінде меңгерілген және өмірік қызметтің әр түрлі салаларында жаңа шындықтарды жеңіл және жедел игеру, күтілмеген мәселелерді шешудің сәйкес шешімдерін табу және қалыптан тыс міндеттерді орындау мен анықталатын тұлғалық сапа ретінде зерттелінеді [98, б. 155].

Сонымен психологиялық-педагогикалық зерттеулерде кәсіби ұтқырлық екі негізгі бағытта қарастырылады:

- іс-әрекет стилі (Ю.Ю. Дворецкая, Е.А. Климов, С.В. Нужнова);
- тұлғаның сапасы немесе қасиеті (Л.А. Амирова, Б.М. Игошев, С.Е.Каплина, А.К. Маркова, Л.П. Меркулова, Е.А. Никитина, М.А. Пазюкова).

Сондықтан, психологиялық-педагогикалық зерттеулерде болашақ мамандардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру процесінің заңдылықтары мен шарттары анықталады. Бұл заңдылықтар нақты кәсіптер мен мамандықтар иелерін қалыптастыру мысалында болғанымен, көбінесе кәсіби сала шеңберінен шығу мүмкіндігіне, барлық кәсіби салалар үшін ортақ сипатқа ие.

М.А. Захарова, И.А. Карпачева, В.Н. Мезинов университеттің білім беру процесінде болашақ педагогтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру процесін ұйымдастыруға қойылатын талаптарды атап көрсетеді:

- зерттеу іс-әрекетін қамтамасыз ету үшін білім беруді модернизациялау мақсаттарын есепке алып жаңа оқу модульдерін ендіру;
- білім беру мазмұнының аймақтық құрауышын мақсатты түрде пайдалану;
- студенттердің іс-әрекетінің вариативтілігін қамтамасыз ету, оларға кәсіби міндеттерді шығармашылық тұрғыдан қалыптан тыс шешу тәжірибесін қалыптастырудың тиімді формаларын енгізу;
- кәсіби өзін-өзі айқындау мотивтерін дамыту;
- білім беруді басқарудың аймақтық органдарымен, қала мен облыс білім беру мекемелерімен (соның ішінде білім беру ұйымдары базасында кафедра филиалдарының қызмет жасауы) мазмұндық өзара әрекеттесу;
- жаңа ақпараттық, компьютерлік оқыту технологияларын ендіру, ең алдымен қашықтықтан оқыту және өзіндік білім алу модельдерін ендіру;
- жоғары оқу орнында болашақ мұғалімінің кәсіби қалыптасуы процесін нормативтік-құқықтық және ғылыми-әдістемелік қамтамасыздандыратын ақпараттық-білімдік желіні дамыту;
- ЖОО-да білім сапасын, кәсіби деңгейін, соның ішінде кәсіби ұтқырлығын мониторингтеуді жүзеге асыру;
- еңбек нарығын зерделеу және болжамдау. Авторлар болашақ педагогтардың кәсіби ұтқырлығы процесін ұйымдастыруға қойылатын талаптар болашақ педагогтың кәсіби ұтқырлығы мінездемелері тізімінен туындауын және студенттердің белсенді, вариативті, ақпараттық мазмұнды оқу-танымдық іс-әрекетін қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттарды атап көрсетеді [62, б. 222].

Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың әдіснамалық негізі ретінде іс-әрекеттік тұғыры (Б.Г. Ананьев, Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, В.Н. Мясищев, С.Л. Рубинштейн, т.б.); жүйелілік тұғыры (В.П.Беспалько, В.В. Краевский, Г.П. Щедровицкий, Н.Д. Хмель, А.А.Бейсенбаева, А.К. Дуйсенбаев, т.б.); тұлғаға-бағдарланған тұғыр (В.В.Сериков, И.С. Якиманская, В.И. Загвязинский, т.б.); акмеологиялық тұғыр (А.А. Бодалев, А.А. Деркач, Н.В. Кузьмина, Б.А. Тұрғынбаева, т.б.); мәдениеттілік тұғыр (Е.В. Бондаревская, Б.С. Гершунский, И.Ф. Исаев және

т.б.); құзыреттілік тұғыр (И.А. Зимняя, А.К. Маркова, А.В. Хуторской, А.А.Реан, Б.Т.Кенжебеков, Г.Ж.Меңлібекова, т.б.) алынады.

Қазіргі ғылыми зерттеулерде педагогтардың кәсіби ұтқырлығы мәселесін Болон процесінде мамандардың ұтқырлығының әртүрлі аспектілерде алыс шетелдік (Ph.N. Coombs, B. Holmes, M.K. Smith, т.б.) және жақын шетелдік (Е.И. Артамонова, В.И. Байденко, т.б.) және отандық ғалымдар (Э.Д. Баженова, Ж.Е. Абдыхалықова, Б.Қ. Маударбекова, т.б.) зерттейді.

Кәсіби ұтқырлықты зерттеудің жалпы әдіснамасын білім берудің рөлі және оның дамуындағы жетекші тенденциялар туралы әлеуметтік-философиялық және психологиялық-педагогикалық теориялар, сондай-ақ құзыреттілік және әлеуметтік-іс-әрекеттік және тұлғалық-іс-әрекеттік тәсілдерікұрайды.

Ендігі кезекте осы тұғырлардың болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудағы әдіснамалық негіздеріретінде ерекшеліктеріне назар аударылады.

Тұлғаға бағдарланған тұғыр бүгінгі таңда жоғары кәсіби білім берудегі педагогикалық процесс пен педагогикалық іс-әрекетті ұйымдастырудың әдіснамалық бағдары болып табылады. Кәсіби ұтқырлықты қалыптастыруда тұлғаға бағдарланған тұғыр өзара байланысты ұғымдар, идеялар, тәсілдердің көмегімен өзін-өзі тану процестерін қамтамасыз етуге, студенттің тұлғалық әлеуетін жүзеге асыруға, оның қайталанбас кәсіби даралығын дамытуға мүмкіндік туғызады [46, б. 26].

И.С. Якиманская тұлғаға бағдарланған тұғыр болашақ маман ретінде студенттің субъектілік тәжірибесіне сүйену керек деп есептейді. Автордың пікірінше, субъектілік тәжірибе танымда айқындалатын жеке іс-әрекеттің негізі, ол жеке, қоғамдық тәжірибелердің үйлесімінде, бірлескен әрекетінде ғана нәтижелі болады [99, б. 57].

Е.Н. Степанов тұлғаға бағдарланған тұғырды педагогикалық іс-әрекеттегі әдістемелік бағдар ретінде анықтайды. Бұл өзара байланысты түсініктер, идеялар және әрекет ету тәсілдері жүйесіне тірек болу арқылы тұлғаның болашақ маман ретінде өзін-өзі тану, өзін-өзі көрсету және өзін-өзі жүзеге асыру, өзінің қайталанбас даралығын дамыту процестерін қамтамасыз етуі мүмкін деп есептейді [100, б. 96.].

Кейбір авторлар болашақ мамандардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруда кәсіби тәрбиенің орны мен рөліне ерекше назар аударады. Ю.А. Миронова «табысты кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру үшін кәсіби сауаттылыққа ие болу керек», - деп тұжырымдайды [86, б. 4].

В.В. Горбачевтың пайымдауынша жоғары оқу орнында студенттерге кәсіби тәрбие берудің мынандай әдістері болашақ мамандардың әлеуметтік-кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруға оң әсерін тигізеді:

- төменгі курс студенттерінің ЖОО-ның әлеуметтік-мәдени ортасына белсенді түрде бейімделуіне қолғабыс ету;



- студенттердің білімдік іс-әрекеті мазмұнының вариативтілігін және білім беру маршруттарын құрастыруда субъектілікті жүзеге асыру мүмкіндіктерін қамтамасыз ету;

- студенттерді аудиториядан тыс іс-әрекетке ынталандыру;

- бастамашыл ғылыми-зерттеу іс-әрекетінде студенттерге өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндіктерін қамтамасыз ету [101, б. 70].

О.В. Шатунова болашақ мұғалімнің әлеуметтік-педагогикалық ұтқырлығын қалыптастырудың жоғары оқу орнында қалыптасқан жүйесі туралы тоқталып, бұл жүйенің мынандай негізгі құрамдас бөліктерін атап өтеді:

- инновациялық әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекетке бағдарлау;

- коммуникативтік құзыреттіліктерді қалыптастыру;

- кәсіби іс-әрекетте белсенді әрекет жасау, жобалау және болжау мүмкіндіктерін жүзеге асыру қабілеттерін дамыту [54, б. 143].

Л.А. Амирова кәсіби ұтқырлықты қалыптастырудың екі маңызды әдіснамалық ережелерін тұлғаға бағдарланған және іс-әрекеттік әдіснамалық тәсілдерді басшылыққа алуға мән береді. Мұнда ұтқырлық іс-әрекетте ғана көрініс таппайды, өзіне бірлікте және бірін-бірі шарттай дамитын тұлғалық және іс-әрекеттік құрамдастарды қабылдауға интегративті құрылыс бола алады. Автордың пікірінше, кәсіби ұтқырлық педагогты мақсатты қалыптастыруға және ары қарай дамытуға бейімдейді, кәсіби іс-әрекеттің сыртқы ресурстарын жұмылдыруында көрініс табады, яғни: іс-әрекетті табысты жүзеге асыру үшін қажетті педагогикалық жағдайларды жасау; іс-әрекеттің әдістемелік және мазмұндық-технологиялық базасын қайта құру; инновацияларды ендіру және генерациялау; кәсіби іс-әрекет кеңістігінде тиімді қарым-қатынастар құру [66, б.137].

Кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру процесінде тұлғаға бағдарланған тұғырды жүзеге асыруда студенттің рефлексивті іс-әрекеті, яғни өзіндік іс-әрекетін ұғынуы, өзіндік даму және өзі-өзі ұйымдастыру қабілеттерінің дамуы маңызды орын алады.

П.А. Сорокин әлеуметтік ұтқырлық мәселесіне арналған еңбегінде кәсіби ұтқырлықты қалыптастырудың маңызды шарты ретінде өзіндік мониторингті атап көрсетеді. Автордың пікірінше, өзіндік мониторинг кәсіби қызметте тәуекелді азайтуға және мейлінше жоғары нәтижеге қол жеткізуге жағдай жасайды [13, б. 398].

Е.А. Боярко университеттік кешен жағдайында болашақ мамандардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру мәселесін зерттей отырып, дамушы университеттік кешенді филиалдар мен өкілдіктердің тармақтанған желі жағдайында жоғары кәсіби білім берудің икемді және динамикалық жаңғырту моделі ретінде қарастырады. Дамушы университеттік кешенге әлеуметтік серіктестік шеңберінде ЖОО-ға дейінгі және орта кәсіби білім беру мекемелері, сондай-ақ бизнес-құрылымдар енгізеді. Бұл болашақ мамандардың кәсіби ұтқырлығына қойылатын ұлттық және аймақтық еңбек нарығы талаптарын жүзеге асырудағы біріккен өзара әрекеттестікті жүзеге асырып,

еңбек нарығының әлеуметтік тапсырысын, аймақтың экономикалық және әлеуметтік-мәдени даму стратегиясын есепке алынуы тиіс деп тұжырымдайды [96,б.73].

Сондықтан, автор дамушы аймақтық университеттік кешенде болашақ мамандардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру процесінде мынандай негізгі әлеуметтік-педагогикалық шарттарды есепке алудың тиімділігін атап көрсетеді:

- дамушы аймақтық университеттік кешеннің инфрақұрылымын аймақта қалыптасқан әлеуметтік-мәдени жағдайға сәйкестендіру, құқықтық-нормативтік база негізінде әлеуметтік серіктестік өзара әрекеттесу аясында білім беру қызметтері нарығын жүзеге асыру;

- білім беруді ізгілендіру контекстінде оқытушылардың педагогикалық мәдениетін, кәсіпқойлығының жоғары деңгейін, педагогикалық шығармашылығын дамыту, инновациялық бағдарламалар мен технологиялар әзірлеуге қабілетті педагог кадрлардың жаңа буынын дайындау;

- білім беру процесінің субъектілері ретінде студенттердің іс-әрекет белсенділігін арттыру, оларды өзіндік дербес жұмыстарға кірістіру; оларға тапсырмалар, оқу іс-әрекеті тәсілдерін, білімдер, іскерліктер мен дағдыларды тексеруді өткізуде есеп беру формасын өздері таңдауға құқық беру; тұлғалық белсенділік мен танымдық қызығушылықтарын арттыру; бастамашылдық пен дербестік сапаларын қалыптастыру;

- білімнің әр түрлі салалары шеңберінде ұтқырлықты оқып-үйренудің ерекшелігін сипаттайтын қазіргі мәдениет контекстінде кәсіби ұтқырлық деңгейін арттыру; білім беру процесінде болашақ мамандардың кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерін қалыптастыру және дамыту;

- тұлғаның кәсіби өзін-өзі жүзеге асыруы процесінде болашақ маманның әлеуметтік белсенділігін арттыру [96, б.85].

Сондықтан кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру процесі тұрақты құндылықтарға және кәсіби өсуге қажеттілікке негізделген тұлғаның ішкі кемелденуі, сәйкесінше қайта құру, кәсіби іс-әрекеттің өзгеру жағдайларына бейімделу немесе оны өзінің қажеттіліктеріне орай өзгерту икемділігін дамытуды талап етеді.

Демек, бейімделу және әлеуметтік белсенділікті дамыту процестерін кәсіби ұтқырлықты қалыптастырудың тетігі ретінде ескеру қажет. Сонымен процесс және іс-әрекет негізіне оған әсер ететін сыртқы факторлар алынады, оларға бейімделу немесе белсенді түрде жаңғырту мақсатына сәйкес өзгеру қабілеті жатқызылады.

Ұтқырлық мәселелері барлық ТМД елдері, соның ішінде қазақстандық еңбек нарығы үшін де жаңа құбылыс. Жоспарлы экономика кезінде жұмыс орнын ауыстыру мадақталмаған. Қызметкерлер кәсіби өсуін тек бір мекемемен байланыстырған, әлеуметтік жеңілдіктер жүйесімен күшейтілген. Бірақ жеңілдіктері жоқ немесе аз жас қызметшілердің ұтқырлығы жоғары болған. Сондай-ақ, біліктілігі төмен немесе тәртібі нашар жұмысшылардың да ұтқырлығы жоғары болған. Сондықтан сыртқы еңбек нарығына тек осы

санаттағы қызметкерлер түсетін. Керісінше, нарықтық экономиканың қалыптасуы, ақпараттандыру, цифрландыру, технологиялық даму, жаһандану процестері кәсіби ұтқырлықпен байланысты мәселелерді түбегейлі өзгертеді. Қазіргі таңда отандық еңбек нарығы ұтқыр, жылдам жаңғырудағы динамикалық жүйе, сондықтан ол маманға мүлдем жаңа талаптар қоюда, ал олардың негізгілерінің бірі - кәсіби ұтқырлық [102, б. 89].

Сондықтан кәсіби ұтқырлық посткеңестік кеңістікте өзекті әлеуметтік мәселелердің біріне айналды. Жоғары білікті болашақ мамандар даярлау қызметін атқаратын жоғары оқу орнында да кәсіби ұтқыр мамандарды дайындау мәселесі өз шешімін күтеді.

Болашақ мамандарды кәсіби-тұлғалық дайындау әртүрлі тұрғыдан қарастырылады:

- жүйелілік тұғыр (В.П. Беспалько, Н.В. Кузьмина, А.А. Бейсенбаева және т.б.);

- құзыреттілік тұғыр, болашақ маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру (Е.В. Бондаревская, И.Ф. Исаев, И.С. Якиманская, К.С.Кудайбергенова, Б.Т. Кенжебеков, Г.Ж. Меңлібекова, Т.М. Есимғалиева, т.б.);

- тұлғалық тұғыр (Ю.К. Бабанский, Ф.Н. Гоноболин, В.А. Сластенин және т.б.);

- іс-әрекет тұғыр (В.В. Сериков, С.Л. Рубинштейн, А.Н. Леонтьев, Л.С.Выготский және т.б.) болашақ хореограф ретінде студентті өзінің тұлғалық әлеуетін оқу-кәсіби іс-әрекетте жүзеге асыратын белсенді шығармашыл субъект ретінде қарауға; педагогикалық процесте болашақ хореографтың кәсіби-тұлғалық аспектіні зерттеуге мүмкіндік береді.

Студенттер мен болашақ мамандардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың тұжырымдамалық, теориялық және технологиялық мәселелері ғалымдар (Л.В. Ведерникова [103], Н.В. Белякова [104], С.А. Седов, И.И. Фляхов, О.В. Шатунова [105], Н.С. Мерзлякова [106], Е.Б. Зорина [107], А.И. Тимонин, О.А. Павлова [108], О.Ю. Тришина [109]) зерттеулерінде қарастырылған. Кәсіби ұтқырлық жеке тұлғаның маңызды сапасы, қабілеті және процесс ретінде қарастырылады.

Кәсіби ұтқырлықты дамытуға бағытталған білім беру процесі маңызды зияткерлік жүйелерді қалыптастыру, студенттердің жеке танымдық стильдерін байыту мақсаттарының ерекше түрін; ақыл-ой тәжірибесінің өзіндік сипатын көрсететін білім беру мазмұнын жобалауға сапалы жаңа тәсілдерді; ақыл-ойды дамытудың психологиялық әдістерін ескеретін және зияткерлік құрылымдардың тиімді дамуын қамтамасыз ететін технологияларды қамтиды [92, б. 277].

Зерттеушілер (М.А. Захарова, И.А. Карпачева, В.Н. Мезинов) кәсіби педагогикалық білім беру жүйесінде кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру мәселесі оның сапасын қамтамасыз етумен байланыстыдей отырып, әр түрлі ресурстарға жүгіну мүмкіндігін айқындайды: ұйымдастырушылық процестің (ортаны

мүмкіндіктері); мазмұндік сипаттағы ресурстарға (жоғары білім берудің мемлекеттік стандарттарына); кадрлық қамтамасыз ету (оқытушы-профессорлар құрамы); бақылау ресурстары (білім беру қызметтерінің маманға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес болуы) [62, б. 220].

Е.А. Корчагин озық оқыту мен маманның кәсіби даярлаудың заңды байланыстарын зерттей келе, оның болашақ маман ретінде студенттің кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудағы маңызына назар аударады. Озық кәсіби білім беру стратегиясы кәсіби ұтқыр маман даярлау міндеттеріне толығымен сай келеді [80, б.67].

Ю.И. Биктуганов жобалау іс-әрекеті мұғалімнің кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру құралының бірі дей отырып, кәсіби ұтқырлық мұғалімнің маңызды сапалық сипаттамасы және оның кәсіби өзін-өзі дамытуының негізі. Ол мұғалімнің оқу-тәрбие процесіндегі іс-әрекетінің өзгеретін жағдайларына сәтті бейімделуі мен өзін-өзі жүзеге асыруын қамтамасыз етеді. Оның дамуы қосымша білім беру жүйесінде көрініс табады. Автор жобалау іс-әрекеті мұғалімінің кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруда айтарлықтай әлеуетке ие екендігіне назар аударады. Ол бір жағынан, мұғалімді білім беру мекемелеріндегі оқу және оқудан тыс уақытта оқушылардың жобалық іс-әрекеттегі белсенділігін ұйымдастыру, мотивациялау және қамтамасыз ету әдістемесін игеруге, олардың оқуы мен дамуын ынталандыруға бағыттайды, ал екінші жағынан-педагогикалық іс-әрекеттің тәжірибесін, үздіксіз өзін-өзі дамыту, өзін-өзі көрсету және кәсіби өсуін басқару бойынша уәждеме мен белсенділікті ескере отырып, жобалық іс-әрекет негізінде конструктивті перспективаларды анықтауда мақсаттылық құралы ретінде әрекет етеді. Сонымен бірге кәсіби ұтқырлықты қалыптастырудың сараланған (дифференциалдық) және жеке (индивидуалдық) сипатына сәйкес өзінің пәндік және әдістемелік дайындығын арттыру мүддесінде тәжірибені, уәждемені және өз бетімен жұмыс істеу белсенділігін ескере отырып, барлық педагогикалық құрамды жобалық қызметке тартудың қажеттілігін ұсынады [26, б. 64].

К.И. Безменова мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру мәселесін қарастыра отырып, кәсіби ұтқырлықты дамытудың ерекшеліктерін айқындайды: мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтарының кәсіби қызметі туралы ғылыми идеяны нақтылау; біліктілікті арттыру процесінде мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтарының кәсіби ұтқырлығының қалыптасуына әсер ететін педагогикалық жағдайларды анықтау; мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру моделін әзірлеумен байланысты мәселелерді зерттеу; модельдің мазмұнын, оның компоненттерінің дамуын қамтамасыз ететін формалар мен әдістерді анықтау [110, б. 26].

Л.П. Меркулова «құзыреттілік тұғыр нақты пәндер мен еңбек объектілерінен абстракцияланған сапаның жалпыланған моделін қалыптастыруды қамтамасыз етеді, бұл өз кезегінде маманның қазіргі мүмкін

болатын өрісі, еңбек нарығындағы маманның ұтқырлығы туралы айтуға мүмкіндік береді», - деп атап көрсетеді [84, б. 298].

Л.В. Горюнова «құзыреттілік тәсіліне сүйене отырып, белгілі бір құзыреттерді дамыту арқылы маманның кәсіби ұтқырлығының қалыптасу көрінісін ұсынуға болады», - деп атап көрсетеді. Осы орайда зерттелініп отырылған мәселе үшін маңызды құзіреттілік тұғырының ережелері бөліп көрсетіледі: болашақ маманның кәсіби ұтқырлығын көрсететін құзыреттер жиынтығын қалыптастыру бағытында кәсіби дайындықты жетілдіру мақсатында кәсіптік білім беру ұйымындағы білім беру процесінің сыртқы орта талаптарымен байланысын анықтауға бағытталған; «құзыреттілік» ұғымы «білім», «дағдылар», «меншік» терминдерін жинақтайды, оларды біріктіреді, соның арқасында ұтқыр маманның жалпыланған моделін дайындауға, нақты пәндер мен еңбек объектілерінен абстракциялауға мүмкіндік береді; құзыреттілік тәсілдің мәні білім беруде ақпарат пен дағдылардың үйлесіміне емес, адамның әртүрлі мәселелерді шешуге, іс-әрекетке қабілеттілігі мен дайындығына бағытталған білім беру нәтижелерінің жаңа түрін белгілейді [111, б. 39].

Жоғары оқу орындарында хореографиялық білім беру студенттердің кәсіби ұтқырлық сапаларын қалыптастыру тұрғысынан мәдениет және өнер тәрбиелік мүмкіндіктерге ие.

Осы тұрғыдан біздің зерттеу пәні болып отырған мәселе келесі тұғырларды қарастыруға мүмкіндік береді: кросс-мәдениеттік, этномәдениеттік және шығармашылық.

Кросс-мәдениеттік тұғыр болашақ педагог хореографтың кәсіби дайындығында ерекше маңызға ие. Мұнда басты назар қазіргі заманауи маманның бәсекеге қабілеттілігі үшін қажетті құзыреттерді дамытуда. Сонымен қатар, көнеден келе жатқан тарихи мәдениетаралық байланыстар мәдениетаралық элементтерде айқын көрінеді және болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруда жаһандық құзыреттіліктерді игеруін талап етеді. Мәдениетаралық мәселесіне арналған зерттеулер ең алдымен ХХ ғасырда американдық ғалымдардың еңбектерінде пайда болды. Антрополог У.Риверстың көзқарастары осы әдіснамалық тұғырға талдау жасалған бірінші зерттеу болып саналады.

Кросс-мәдениетті немесе мәдениетаралық тұғырды әдіс ретінде қарастыратын зерттеулер белгілі. Кросс-мәдениеттік зерттеулердің жаңа дәуірі Джордж Питер Мердоктың (1949) еңбектерінен басталады. Ғалым бірқатар іргелі деректер жиынтығын, соның ішінде адами қатынастардың нақты картотекасын құрады және бұл құбылысты мәдениетті зерттеудің перспективалық бағыты ретінде сипаттайды. Ғалымның айтуынша, мұндай көзқарас әртүрлі мәдениеттердің өзара әрекеттесу механизмдерін түсінуге және мәдениеттің өзін біртұтас құбылыс ретінде түсінуге ықпал етті. Өзінің замандасы Дуглас Уайтпен бірге ғалым 186 мәдениеттің «стандартты мәдениетаралық үлгісін» жасайды [109, б. 143].

Қазір бұл үлгіні мәдениетаралық коммуникация саласындағы ғалымдар кеңінен қолданып жүр.

Кросс-мәдениеттік тұғыр мәдениеттер арасындағы диалогты және олардың түйіскен жерінде «бөтен» ережелер мен нормаларды білуге, түсінуге мүмкіндік береді. Бұл процестегі қатысушылар бір мәдениеттің өкілдері ретінде басқаларға ықпал жасап әр түрлі ұлт өкілдерінің мәдени құндылықтарын жүзеге асыруды талап етеді. Осыдан кросс-мәдениеттік тұғыр әртүрлі мәдениеттердің қарым-қатынасындағы ерекше механизм болып табылады. Нақты айтқанда, хореографиялық білім беруде білімалушылардың мәдениеттер арасындағы үндестікті еңсеруге деген жаһандық ұмтылысқа табиғи реакциясын білдіреді. Мәселен, белгілі ғалым И.С. Гурвичтің зерттеулерінде халықтық би сабақтарындағы оқу-шығармашылық процесс студенттердің хореографиялық техникасын жетілдіруге ғана емес, сонымен қатар мәдени және өнертану компоненттерін зерттеуге де негізделген.

Санкт-Петербург және Мәскеу этнографиялық мектептерінің (Т.Ф.Петрова-Бытова [112], М.Я. Жорницкая [113], т.б.) зерттеулері шығармашылық теориясын қарастыруға мүмкіндік береді. Гештальт психологиясы тұрғысынан шығармашылық-бұл адамның ойлау процесінде әр түрлі фактілердің бірлесуі және таным процесін қарқынды дамытатын білімдердің өзара әрекеттесуі. Студенттердің кәсіби ұтқырлық сапаларын қалыптастыру тұрғысынан шығармашылық тұғыр үлкен рөл атқарады. Бұл тұғыр зерттеушілік тәсілмен біріккен жағдайда іске асады.

А.А. Петровтың зерттеуінде аудиториялық, далалық, дербес және тренингтік жұмыс түрлері тиімді білім беру механизмі ретінде қарастырылады. Бұл жұмыста хореографиялық фольклорды зерттеуде қолданылатын зерттеу әдістері талданады. Оқу-шығармашылық процестің маңызды құрамдас бөлігі студенттердің фольклорлық-экспедициялық тәжірибесі болып табылады. Мұндай тәжірибе халық музыкасын, хореографияны, ұлттық рәсімдерді жинақтауға, дамытуға, тәжірибеге сүйене отырып, зерттеуші экспедициялық материалдарды, соның ішінде жарияланбаған мұрағаттарды зерттеуге мүмкіндік тұғызады [114, б.180].

Шығармашылық тұғыр немесе зерттеушілік тәсіл әсіресе қазақ би өнерін дамытуда бірегейлі маңызға ие және хореография, педагогика мен психологияның үндесетін аспектісі, шығармашылық және шығармашылық қабілеттер мәселесіне үш негізгі көзқарас қалыптасқан:

- шығармашылық мінез-құлықтың шарттылығында басты рөлді мотивация, құндылықтар және жеке қасиеттер атқарады (А. Танненбаум, А.Маслоу);

- шығармашылық қабілет шығармашылық интеллектке тәуелсіз фактор болып табылады (Дж. Гилфорд, Г. Грубер, Я.А. Пономарев).;

- интеллект дамуының жоғары деңгейі шығармашылық қабілеттердің деңгейін көрсетеді.

Қазіргі таңда кросс-мәдениеттік және шығармашылық тұғырлардың дамуы жаһанданумен цифрлық процестерімен байланысты болып келеді. Болашақ мамандардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың әдіснамалық тұрғыдан негіздеуде бұл процесті ұйымдастырудың ерекшеліктеріне, соның ішінде басшылыққа алынатын жалпы қағидалар айқындалып, сипаттама беріледі.

Қарастырылып отырылған мәселені зерттеу аспектісін анықтайтын әдіснамалық тұғырлар немесе тәсілдемелерден басқа, зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізіне педагогикалық зерттеуді құрудың қағидалары жатады. Жалпы теориялық деңгейде қағида негізгі ұстаным, идея, мінез-құлық ережесі, негізгі қағида деп аталады. Педагогикалық іс-әрекетте қағидалар реттеуші функцияны орындайды және практикалық деңгейде педагогикалық процесті ұйымдастырудың бастапқы талаптары ретінде қарастырылады.

Басқа елдер тәжірибесіне талдау жасайтын болсақ, Ресейде хореографиялық білім беру жүйесінің қазіргі жағдайының нормативтік аспектісіне арналған зерттеулер ғалымдар хореограф-маманның кәсіби ұтқырлығының кейбір мәселелерін қарастырады.

И.В. Гинкевич хореографиялық білім берудің үздіксіз жүйесін нормативтік-құқықтық актіде сипаттайды. Кәсіби қызыреттіліктер арқылы сипатталатын хореографиялық білім берудің нәтижелерін қарастырады. Балет бишілері, балетмейстерлер, соның ішінде мәнерлеп сырғанау спортшылары, синхронды жүзу және спорттың басқа да қиын координациялық түрлері бойынша спортшыларды оқытатын педагог-хореографтарды дайындау мүмкіндіктеріне басты назар аударады. Көрші елдегі іс-әрекеттің осы саласын реттейтін нормативтік құқықтық актілер тізіміне да назар аударады [115, б. 166].

Педагог-хореографтар хореографиялық білім беру саласы шеңберінде кәсіби ұтқырлық танытуы мүмкін, яғни хореографиялық білімнің бір деңгейіндегі педагогтық қызметінен басқа бір деңгейіне өтуі мүмкін. «Мәдениет, өнер және кинематография қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамаларында» хореографиялық өнер қызметкерлерінің төмендегі лауазымдары атап көрсетіледі: бас балетмейстер; балетмейстер-сахна режиссері; балет репетиторы; балетмейстер ассистенті; балет бишісі; балет, эн-би ансамблі, би тобы бишісі; хореографиялық ұжым (студия), эн-би ансамблі балетмейстері [115, б. 174].

Мысалы, балетмейстер - сахна режиссері мыналарды білуі керек:

- орындаушылық өнер ұйымдарының қызметіне қатысты мемлекеттік нормативтік құқықтық актілерді;
- хореографиялық білім берудің теориясы мен тәжірибесін;
- сахналық дизайн, музыкалық өнер негіздерін;
- отандық және әлемдік балет, музыкалық, театр, цирк және басқа да өнер түрлері мен әдебиет тарихын;
- қазіргі отандық және әлемдік хореография тарихын, орындаушылық өнердің басқа түрлерін;

- менеджмент, басқару психологиясы, өнер социологиясы, сахна технологиясы, орындаушылық өнер саласындағы экономика мен басқару негіздерін, еңбек заңнамасын;

- авторлық құқығын;

- ішкі еңбек тәртібі ережелерін;

- еңбекті қорғау және өртке қарсы қауіпсіздік ережелерін [115, б. 175].

Сонымен хореографиялық өнер саласындағы қызмет түрлерін орындаушы мамандардың кәсіби құзыреттіліктерін салыстырмалы талдайтын болсақ, онда түрлі қызмет түрлері (мамандықтар) үшін ортақ құзыреттіліктер байқалады. Бұл құзыреттіліктер хореографтың өзгермелі әлемде кәсіби және әлеуметтік өзгерістерге жылдам бейімделуін, өзін, айналадағы ортаны қайта құруына қолайлы мүмкіндіктер туғызады.

Атап айтқанда, қазіргі хореограф-мамандарды даярлауда әмбебап құзыреттіліктерді қалыптастыруға, өнердің басқа да салаларында (музыка, спорт, менеджмент т.б.) жұмыс істей алуына жағдай жасайтын кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерді қалыптастыруға ерекше орын берілуде. Демек, хореографиялық білімнің нәтижесі - хореографиялық іс-әрекет кәсіпқойы - биші, хореограф, балетмейстер т.б., бірақ мамандықтар классификаторында хореографиялық өнер саласында осы сала шеңберінде өзіндік ерекшеленетін көптеген кәсіби қызмет түрлері атап көрсетілген.

Қазақстан Республикасында жоғары, орта, бастауыш және мектепке дейінгі білім саласында педагогикалық іс-әрекетпен байланысты: университет және басқа да жоғары білім беру ұйымдарының профессор-оқытушылары қызметкерлері; орта кәсіби білім беру ұйымдарының оқытушылары; орта мектептегі педагог; мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагог. Қазіргі таңда педагог-хореографтарды дайындау орта кәсіби хореографиялық білім беру жүйесінде (балалар өнер мектептері және басқа да қосымша білім беру ұйымдары үшін) және жоғары және қосымша кәсіби хореографиялық білім беру жүйелерінде (барлық түрдегі білім беру ұйымдары үшін) жүзеге асырылады.

Сондықтан әдіснамалық тұғыр болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруды жоо-ында кәсіби білім берудің барлық кезеңдерін қамтитын, уақыт пен кеңістікте дамитын, маман ретіндегі тұлғасын қалыптастырудың білім беру ортасында жүзеге асырылатын біртұтас процесс ретінде сипатталады.

Болашақ мамандардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруда тұғырларды қолдану бағытталады:

- болашақ мамандардың тұлғалық бейнесін, оның өзін-өзі тануы және өсуі үшін жағдай жасауға, белсенділігін, оның оқу-кәсіптік іс-әрекеттегі мәселелік міндеттерді шешуге дайындығын қалыптастыруға мүмкіндік туғызады;

- білім беру мақсаттары, педагогикалық процестің субъектілері – педагог, оқушы, білім беру қоғамдастығы, білім беру мазмұны, әдістері, формалары, педагогикалық процестің құралдарын бірлікте қарастырады;



- педагогикалық құндылықтардың адамның жеке дара және тұлғалық көзқарасына тәуелсіз өмір сүреді және іске асырылатын іс-әрекеттегі (оқу және кәсіби) қарым-қатынаста (субъективтік мағынасы мен тұлғалық мәні) пайда болады (кесте 2).

Кесте 2 - Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары

Әдіснамалық тұғырлары	Әдіснамалық тұғырлардың мазмұндық сипаттамасы	Авторлар
1	2	3
Жүйелілік тұғыр	ЖОО-да болашақ хореографтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру процесі салыстырмалы түрде өзара байланысты компоненттердің жиынтығы ретінде қарастырылады.	В.П. Беспалько, Н.В. Кузьмина, А.А. Бейсенбаева, Ә. Мұханбетжанова және т.б.
Құзыреттілік тұғыр	«Педагогтың кәсіби құзыреттілігі» және «педагогтың кәсіби ұтқырлығы» ұғымдарының арақатынасын белгілеу, болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру үшін оның кәсіби даярлығының мазмұнын түсіндіру, кәсіби ұтқырлығын бағалау әдістерін негіздеуді болжайды.	Е.В. Бондаревская, И.Ф. Исаев, И.С.Якиманская, және т.б.
Тұлғаға бағдарланған тұғыр	Болашақ хореограф ретінде студентті өзінің тұлғалық әлеуетін оқу-кәсіби іс-әрекетте жүзеге асыратын белсенді шығармашыл субъект ретінде қарауға, педагогикалық процесте болашақ хореографтың кәсіби-тұлғалық аспектісін зерттеуге мүмкіндік береді	В.В. Сериков, В.И. Загвязинский және т.б.
Аксиологиялық тұғыр	Болашақ хореографтарды кәсіби даярлауда кәсіби іс-әрекеттің нақты педагогикалық құндылықтарының жиынтығын қалыптастыру, оны субъективті қабылдау және тағайындау үшін маңызды.	Ш. Амонашвили, И.А. Зимняя, К. Роджерс, А.А. Бейсенбаева және т.б.
Тұлғалық-әрекеттік тұғыр	Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруға ықпал ететін жеке сипаттамаларын бөлуге, белсенділігі мен өзін-өзі дамытуға ықпал ететін оқыту процесін ұйымдастырудың интербелсенді әдістері мен формаларын анықтайды	С.Л. Рубинштейн, А.Н. Леонтьев, Л.С. Выготский және т.б.
Психологиялық бағдарлық тұғыр	Жеке тұлғаның сипаттамалық қасиеттері тұрғысынан кәсіптің өзгеру жағдайында сапалар мен мінез-құлықтың ерекше формаларының (шығармашылыққа бейімділік, үнемі өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі өзектендіру, тәуекелге бару, бастамашылдық, қоғамда, жұмыс орнында кәсіпкерлік және т. б.) жиынтығы ретінде анықталады.	М. Дьяченко, Е. Зеер, Л. Кандилович

Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың қағидалары ретінде ажыратылады:

- тұтастық және кезеңділік қағидасы болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру студенттің бакалавриатта оқитын бүкіл оқу кезеңдерін қамтитын, базалық хореографиялық білімдер, іскерліктер мен дағдылар, қабілеттерді меңгеру негізде және оған параллель түрде кәсіби саладағы өзгерістерге жылдам бейімделуін қамтамасыз ететін, кәсіби өсу және өз тұлғалық әлеуетін жүзеге асыруға даярлығын қалыптастыруға бағдарланған біртұтас педагогикалық процесс болуы, оның жүйелі және кешенді сипаты;

- әмбебаптық қағидасы хореографиялық білім берудің студенттерде өнердің түрлі салаларында еңбек етуге қажетті, ортақ, әмбебап кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағдарлануы. Бұл қағида бакалавриаттың «Хореография» мамандығы оқу бағдарламаларын құрастыруда хореограф-маман тұлғасына, оның құзыреттіліктеріне қойылатын заманауи талаптарды басшылыққа алып, дер кезінде оның ішінде хореограф қызметіне тән, бірақ ұқсас мамандықтар иелеріне де тиісілі кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыруды жоспарлауды талап етеді.

Кәсіби ұтқырлықты қалыптастыруға бағдарланған хореографиялық білім, арнаулы кәсіби дайындықтың белгілі дәрежеде әмбебап сипатқа көтерілуіне, сұраныс және қажеттілік болғанда жаңа кәсіби құзыреттіліктерге өтуіне мүмкіндік беретіндей құрастырылуын қажет етеді;

- шығармашылық қағидасы болашақ хореограф-маман қызметінің шығармашылық табиғаты мейлінше болашақ хореографтардың кәсіби ұтқыр маман болып қалыптасуында пайдаланылуы керек. Шығармашылық сипаттағы хореографиялық іс-әрекет маманның өзгерістерге жылдам бейімделуіне, оны өзінің және қызметінің табысты дамуына бұруына оң әсерін тигізері анық. Бірақ шығармашылық пен ұтқырлық барабар қарастырылуы мүмкін емес. Шығармашыл хореограф әр қашанда ұтқыр бола алмайды. Мәселе студент-хореографтардың хореографиялық іс-әрекеттің шығармашылық қырларын меңгертуді кәсіби ұтқырлық мақсаттарына бағыттау. Бұған хореографиялық білім беру технологиялары жол ашуы керек;

- коммуникативтілік қағидасы хореографиялық өнердің өзіндік қарым-қатынас тәсілдері бар. Дегенмен, вербалды қарым-қатынас дағдылары басқа кәсіп салалары сынды заманауи хореографтар үшін де аса маңызды. Би орындаушы, балетмейстер, педагог-хореограф немесе шығармашылық ұжымның менеджері үшін тиімді іскерлік және тұлғааралық қарым-қатынас дағдыларының қалыптасқандығы кәсіп шеңберіндегі іс-әрекетке де, ұтқырлық тұрғысынан да қажетті. Сондықтан, бұл қағида оқу-тәрбие процесінде студент-хореографтардың тиімді қарым-қатынас құру икемділіктері мен дағдыларын қалыптастыру мүмкіндіктерін пайдалануды талап етеді;

- жобалық қағидасы студент-хореографтарды жобалау іс-әрекетіне кірістіруді талап етеді. Студент-хореографтар хореографиялық өнер

саласындағы, хореографтың қызметіндегі әр түрлі мәселелерді анықтап, оларды шешу туралы идеялар ұсынып, бұл идеяларды іс-жүзіне асырудың жобаларын әзірлеуге дағдылануы қажет. Мұндай жобалар хореограф қызметін ұйымдастыруға, сахна қойылымдарын даярлауға, мектеп оқушыларына би өнерін үйретуге, хореографиялық ұжымдарды басқаруға қатысты оқу-танымдық сипаттағы жобалар болуы мүмкін. Өз кезегінде студент-хореографтардың жобалау іс-әрекетін өнер саласының кеңірек мәселелеріне арнау мүмкін. Мұнда студент-хореографтар хореограф қызметі шеңберінен шығатын міндеттерді де шешуге дағдыланады;

- іс-әрекет аумағын әртүрлендіру және кеңейту қағидасы болашақ хореографтар оқу-танымдық, оқу-зерттеу, оқу-өндірістік, қоғамдық, еріктілік (волонтерлық), көркем-эстетикалық, спорт-сауықтыру іс-әрекеттерімен шұғылданады.

Сонымен, шынайы тәжірибеде студент-хореографтардың тек оқумен байланысты әрекеттері басымдық етеді. Студенттердің басым көпшілігі әлеуметті маңызды іс-әрекет дағдыларын қалыптастыратын қоғамдық жұмыстармен шұғылданбайды. Сондай-ақ, студент-хореографтар іс-әрекеті түрлерінің бір қалыпты сипаты байқалады. Студенттердің болашақ хореографтар ретіндегі іс-әрекет аумағын кеңейту іс-әрекет түрлерін кезектесуі емес, оның балама түрлерін пайдалануды да болжайды.

Кәсіби ұтқырлық тұрғысынан бұл шектес салалар (музыка, спорт, білім беру, көркемөнер) шеңберіндегі іс-әрекет түрлеріне кірістіру. Әрине, студент-хореограф концертмейстер немесе спорт жаттықтырушының іс-әрекетімен байланысты міндеттерді орындауы хореографиялық іс-әрекетпен тығыз байланыста жүзеге асырылуы керек. Бұл қағидалар бакалавриаттың 1 курсынан 4 курсына дейінгі болашақ хореографтарға білім беру процесінде студенттердің іс-әрекет аумағын біртіндеп кеңейтуді талап етеді.

Болашақ хореограф ретінде студент бір іс-әрекет түрінен басқа іс-әрекет түріне жеңіл өтуге, жаңа іс-әрекет түрлеріне тез бейімделуге, оның ерекше қырларын жылдам меңгеріп алып тиімді әрекет жасауға дағдыланады. Іс-әрекет түрлерін әртүрлендіру студенттің оқу және оқудан тыс еңбегін ғылыми негізде ұйымдастыру тұрғысынан да негізді, өйткені іс-әрекеттің әртүрлілігі оқу еңбегінің сапасына, студенттің жұмысқа қабілеттілігі мен қызығушылығына оң әсерін тигізеді. Өз кезегінде іс-әрекет түрлері үнемі ауыстырылып тұрған жағдайда студент кәсіби ұтқырлық сапаларын иеленеді.

Қорыта келгенде, болашақ мамандар және практик-мамандардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру мен дамыту мәселелеріне арналған еңбектерді теориялық талдау, оның барлық мамандық иелері үшін ортақ қырларын, заңдылықтары мен қағидаларын, шарттарының болуын, дер кезінде әрбір мамандықтың (болашақ мамандық иесінің) кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру мен дамыту ерекшелігіне назар аудару керектігін көрсетеді.

Сондықтан әртүрлі салалар мен мамандықтар бойынша болашақ мамандар және практик-мамандардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру мен дамытудың мынандай жалпы ұстанымдары атап көрсетіледі:

- болашақ маманның кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру оның өзгерістер жағдайына бейімделуге және өз жұмысының мазмұны мен формаларын жаңғыртып, табысты әрекет жасауын болжайды;

- болашақ маманның кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру маманның тік (вертикальды) және көлденең (горизонтальды) ұтқырлығын дамытуға бағдарланады;

- кәсіби ұтқырлықты қалыптастыруға бағытталған жоғары кәсіби білім беру мазмұны студенттердің әмбебап кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға және дамытуға, болашақ кәсіби іс-әрекет ортасындағы өзгермелі жағдайларда тиімді әрекет жасауға үйретеді;

- озық кәсіби білім беру стратегиясы кәсіби ұтқыр маман даярлау міндеттеріне толығымен сай келеді, яғни болашақ мамандарды оза оқыту олардың кәсіби қызмет саласының «ертеңгі күніне» бүгіннен даяр болуына мүмкіндік береді;

- кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру сараланған және жеке дара сипатқа ие болуы керек, яғни студенттердің кәсіби ұтқырлықты қамтамасыз ететін сапаларының қалыптасқандығы, кәсіби құзыреттіліктерді меңгеру деңгейлеріне сәйкес технологиялар, оқу-танымдық іс-әрекет мазмұны, формалары мен құралдары қолданылады;

- жобалау іс-әрекетінің студенттердің кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудағы орны мен рөлі ерекшеленеді.

- кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру мақсатты процесс және студентке ЖОО-дағы кәсіби білім берудің барлық кезеңдерін қамтиды;

- кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру кәсіби құзыреттіліктерді, студенттің өз мамандығы бойынша меңгеретін фундаменталдық білімдері, икемділіктері, қабілеттері және кәсіби маңызды тұлғалық сапалары (кәсіби құндылықтар) негізінде, яғни оның арнаулы кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру процесі шеңберінде жүзеге асырылады;

- кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру болашақ маманретінде студенттің мәнін пайымдау, маңызын түсіну, әдіс-тәсілдері мен құралдарын меңгеру мотивациясын қалыптастыру, креативтілігі мен коммуникативтік сапаларын дамыту үшін білімдік-ақпараттық орта қалыптастыруды талап етеді;

- болашақ маманның кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру субъектілердің (ЖОО-ның оқытушы-профессорлар құрамы, жұмыс берушілер, тренерлер, коучтер т.б.) осы бағыттағы жұмыс аясындағы біліктілігін арттырады.

Әдіснамалық тұғырларды бөліп көрсету бұл саладағы өзекті мәселелерді белгілеуге, осы зерттеу мәселесін шешудің стратегиялық мен тактикасын айқындауға, тәжірибелік жұмыстың нәтижелерін болжауға мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылғандар қазіргі заманғы әлеуметтік және мәдени өзгерістер жағдайында болашақ мамандардың кәсіби ұтқырлығын

калыптастыру мәселесінің зерттелу деңгейін айқындаудың қажеттілігін көрсетеді.

### **1.3 Жоғары оқу орнында болашақ мамандардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру мәселесінің зерттелу деңгейі**

Бірқатар нормативті құжаттарда академиялық еркіндігін күшейтуге міндеті алға қойылған. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында ЖБП цикліндегі міндетті компонент пәндері: қазіргі әлемде ұтқырлыққа, сыни ойлау мен физикалық өзін-өзі жетілдіруге қабілетті тұлғаны қалыптастырады»- деп көрсетіледі [116].

Білім беру стандарттары жоғары оқу орындарының өздері әзірлейтін және қолданатын модульдік оқу бағдарламаларына ауыстырылды. Базалық курстар мәні азайып, олардың орнын таңдаулы курстар иеленеді. Бұл инновациялар болашақ мамандардың кәсіби іс-әрекеттердегі өзгерістерге даярлығына оң әсерін тігізері анық. Мысалы бакалавриаттың «Хореография» мамандығын бітірген кешегі студенттердің 72% жаңа әлеуметтік өмірге, яғни маман ретінде қызмет атқаруға өз даярлықтары жеткілікті дегенімен, олар кәсіби өзгерістерден уайымдайтындықтарын, бұл жағдайдағы нақтылы іс-әрекеттерін білмейтіндіктерін танытады. Жас мамандардың сауалнамаларға жауаптары жұмыс берушілер - өнер мектептері, би ұжымдары менеджерлері мен басшыларының анкеталарға жауаптарына сәйкес келеді. Жұмыс берушілердің 80% жас мамандарды жұмыспен қамтамасыз етуге бүгінгі күн үшін даяр, бірақ ертеңгі өзгерістерге олардың көпшілігі төтеп бере алуына сенімсіз екендіктерін білдіреді. Оның басты себебі жоғары оқу орны бітірушілерінің кәсіби ұтқырлығы жеткілікті дәрежеде қалыптаспағанды екендігін көрсетеді. Жұмыс орындарында кадрлардың қонымсыздығының бір себебі де олардың өзгермелі кәсіби іс-әрекетке кәсіби, психологиялық дайын еместігін көрсетеді.

Кәсіби іс-әрекеттегі өзгерістерге жылдам бейімделудің әмбебап тәсілдері ретінде жаңа біліктілікті арттыру курстарында оқу, жоғары білім алу, немесе өзіндік білім алу екендігі белгілі. Жұмыс берушілер жоғары оқу орнын бітіріп келген студенттерді көпшілік жағдайларда «жұмысқа келген күнінен қайта даярлаумен» айналыспайтындығын атап көрсетеді. Дегенмен, бұл тек бітірушілерге емес, көпжылдық іс-тәжірибесі бар, білікті қызметкерлерге де тиісілі. Өзгерістерге толы, инновациялық ортада барлық мамандары оқиды, қайта даярланады. Өкінішке орай, кәсіби ұтқырлығы дамымаған маманның кәсіби санасы мен ойлауын курстар да, екінші жоғары білім де инновациялар жағдайында табысты істей алатындай дәрежеде өзгертуі қиын. Қарапайым айтқанда, маманның кәсіби ұтқырлық сапалары қалыптасқан және дамыған болуы керек [117, б. 18].

Л.В. Горюнова білім берудің жаңа тұжырымдамасы мен стандарттарын енгізу, өндірілетін ақпарат көлемін ұлғайту және ақпараттық тұтынуды кеңейту, білім берудегі интеграциялық процестер, білім беру сапасының мәселері, білім

беру қызметін жүргізудің жаңа әдістері мен технологияларын әзірлеу, білім беру нәтижелерін бағалау мен бақылаудың тиімді құралдарын іздеу нәтижесі болып табылатын білім беру саласының кәсіби ұтқыр маманын даярлау қажеттілігін талап ететін алғышарттарды бөліп көрсетеді [111,22б.].

Ю.И. Калиновский «педагогтың кәсіби ұтқырлығы» ұғымын «педагогикалық ұтқырлық» деп анықтайды. Сондықтан педагогикалық ұтқырлығы – бұл тұлғаның (мұғалім, андрагог, білім беру менеджері) білім беру процесінің басқа субъектілерімен (студенттер, олардың ата-аналары, әріптестері, әкімшілігі, серіктестері, қоғам өкілдері) қазіргі білім беру тұжырымдамасының мақсаттары мен міндеттеріне, әлемдік, отандық құндылықтарға сәйкес бастама ұйымдастыра білу қабілеті. аймақтық және ұлттық мәдениеттер. Зерттеуші педагогикалық ұтқырлықты екі түрде қарастыруды ұсынады – тік және көлденең [16, 31б.].

Л.С. Пилецкая студентті кәсіби ұтқыр үйрету мәселесін арнаулы білімдік орта құрумен байланыстырады. Автордың пайымдауынша, инновациялық процеске қатысуға қабілетті, кәсіби ұтқыр маманды қалыптастыру қашанда өзгеріс жағдайындағы іс-әрекетті жүзеге асыру іскерліктеріне оқытатын арнаулы ұйымдастырылған білімдік ортада жүзеге асырылса ғана тиімді болуы мүмкін. Сондықтан кәсіби ұтқырлықты қалыптастыратын білімдік ортаны құратын тетік ретінде психологиялық сүйемелдеу технологиясын қолданатын пікірталас клубын ұйымдастыруды ерекше атап көрсетеді. Бұл кросс-форматтық оқытудың ерекше түрі, яғни қалыптасқан нормалар, таптаурындар, алгоритмдер мен формальды ұстанымдардың қысымынан арылған оқыту ретінде қарау мүмкіндігіне ерекше назарды аударады [118, 798б.].

О.Ю. Тришина біріккен кооперативтік іс-әрекет арқылы ғана тұлғалық мәнді білім беруді жүзеге асыру мүмкіндігін, яғни субъектінің іс-әрекетке қатынасын қалыптастыру, оны мотивациялау мүмкіндігіне назар аударады. Сондықтан оқу процесінде студенттер кіріктірілетін қоғамдық қатынастарды құрастыру және модельдеу қажет деп тұжырымдайды. Соған байланысты автор кәсіби ұтқырлықты қалыптастырудағы оқыту процесінің төмендегідей мақсаттарын бөліп көрсетеді: тұлғаның кәсіби өрлеуге қатысты субъектілік позициясын қалыптастыру; кәсіби-тұлғалық дамуға қолдау көрсету; кәсіби ұтқырлықты ынталандыру; кәсіпқой адам ретіндегі қатынасты оңтайландыру; кәсіби қызмет ортасы туралы түсініктер деңгейін көтеру; кәсіби ұтқыр мінез-құлықтағы тұлғалық ресурстарды белсендіру; жаңа кәсіби беделді қабылдауға көмектесу; кәсіби ұтқырлықпен байланысты күтілетін қиыншылықтарды болжау [108б. 78].

Сондықтан кәсіби ұтқырлық пәнаралық мәселе ретінде ғылым салалары тұрғысынан әртүрлі аспектіде қарастырылады. Кәсіби ұтқырлықтың философиялық мәселелерін М.Б. Кенжегузина, Ф.М. Әлжанова, Ф.Г. Днишев [3], Б.С. Гершунский [4], В.М. Русаков [5], Т.Срессвелл [6], Sheller Mimi, Urry John [7], И.В. Василенко [9] т.б. зерттеген.

Философтар төртінші өнеркәсіптік революция, цифрландыру, ақпараттық қоғамның адамдар санасына, өмір салтына, кәсіби қызметіне әсерін тигізетіндігін, бүгінгі таңда ұтқырлық жаңа парадигмаға айналғандығы туралы біртұтас тұжырымды білдіреді. Жылжымалылық, қоғамдағы әр түрлі өзгерістер мен әрекеттер, яғни ұтқырлық жаңа мәселе болмағанымен, соңғы он жылдықтарда адамзат өміріндегі түбегейлі өзгерістер адам дамуының жаңа кезеңі бастау алғандығын дәлелдейді. Бұл жайында адам дамуы туралы халықаралық құжаттарда айқын атап көрсетіледі. «Адам дамуы туралы баяндамда» (2009) «Еркіндік пен қозғалыс: ұтқырлық ретінде адам әлеуетін дамуын ынталандыруы мүмкін», - деп атап көрсетілген.

Ғалымдардың (В.М. Русаков, О.Ф. Русакова) «ұтқырлыққа бұрылыс», «жаңа ұтқырлық» сөздерінің мағынасы мен мәні жөніндегі пайымдаулары зерттеу контекстіміз үшін өте маңызды мәселелерге аударды. Философ ғалымдар «Ұдайы қозғалыста болу жақсы ма?», «Ұтқырлық келеңсіз салдарға - релятивизациясына (оған абсолютті мән беруден бас тартуға - авт.) алып келмей ме?», «Ол тәуекелдердің артуына алып келмей ме?», «Жоспарлау және бақылау мүмкіндіктеріне ықпалын тигізбейді ме?» осы сұрақтарды жаһандану мәселелері шеңберінде жедел талқылауда [16, б.6].

Философтар сапа жағынан өзгерген ұтқырлық феномені қазіргі қоғамда қауіп-қатерлер мен тәуекелдерге себепші болатындығы туралы ортақ тұжырым жасаған. Олардың бірі - әлеуметтік қозғалыстар жылдамдығының артуы антропологиялық апат тәуекелін тудыруы мүмкін («адам бұл не, адам болу және адамгершілік дегеніміз не?») [119, б.17].

Кәсіби ұтқырлық мәселесін әлеуметтану ғылымы тұрғысынан А.Т.Забирова [10], М.Ш. Калиева [11], Lipset мен R. Bendix [12], П.А. Сорокин [13], Г.Е. Зборовский [14], Н.А. Харламов [15], Ю.И. Калиновский [16], Т.А.Фугелова [17], т.б. зерттеген.

Ғылым мен техниканың жедел дамуы, алуан түрлі білімдерді ұштастыратын жаңа кәсіптердің пайда болуы адамның өмірінде кәсіби қызмет түрлерінің жиі өзгеруіне алып келетін толық заңды құбылысқа айналдырды. Кәсіби ұтқырлық өзінің тек социологиялық сипатын жоғалтып, адамның белгілі бір әлеуметтік топқа бастапқы тиесілігіне қатаң тәуелділікте болмай, көбінесе тұлғалық мінездеме ретінде қабылдана бастады. Осы орайда зерттеушілер ұғымның психологиялық аспектісін ашып кәсіби ұтқырлықты тұлғалық интегративтік қабілет, тұлғаның динамикалық сапасы түрінде анықтайды [120, б.58].

Н.В. Сидорова зерттелініп отырылған құбылыстың социологиялық аспектісін зерттей отырып, «кәсіби ұтқырлық - бұл индивидтің өзі жағынан да, оның айналасындағылардың тарапынан да ұдайы бағаланатын, кәсіби иерархия кеңістігіндегі функционалдық-мәртебелік қозғалыстар», деп анықтайды [121, б.25].

Кәсіби ұтқырлықты қалыптастырудың психологиялық негіздері Р.А.Нуртазина [18], Ю.Ю. Дворецкая [19, б. 169], А.И. Сорокина [20, б. 40],

В.А. Мищенко [21,б. 61], Т.Б. Сергеева [22,б. 81] және т.б. ғалымдардың еңбектерінде зерттелінген. Психолог-ғалымдар кәсіби ұтқырлық кәсіби іс-әрекет субъектісінің кәсіби-тұлғалық бейімделуі, жаңадан пайда болған тұлғалық сапалар және олармен шартталатын мінездік реакциялардың бар болуы тұрғысынан зерттейді.

Осы тұрғыдан В.А. Мищенко кәсіби ұтқырлықты «маманның өз кәсіби қызмет түрін ауыстыруға қабілеттілігі мен даярлығын қорытындыланған түрде бейнелейтін қалыптасқан әлеуметтік маңызды сапалардың жиынтығы ретінде мінезделетін динамикалық, жүйелі, көп деңгейлі тұлғалық құрылысы», - деп анықтаған [21,б. 62].

Педагогикалық зерттеулерде кәсіби ұтқырлық мәселелерін М.С.Молдабекова [23], Н.К. Калиева [24], С.А. Ұзақбаева [25], Ю.И.Биктуганов [26, 120б], Л.В. Горюнова [65], Б.М. Игошев [73,б. 240], Л.А. Амирова [66, б. 191], Р.З. Балягова [83,б. 21], т.б. еңбектерінде көрініс тапқан. Сондай-ақ, жоғары және арнаулы кәсіби білім беру оқу орындарында кәсіби ұтқыр мамандар даярлаудың ғылыми-педагогикалық аспектілерін А.К. Козыбай [27], М.А. Кудайкулов [28], Е.А. Никитина [29], А.И. Архангельский [30], Г.В.Меденкова [31], Ш.Б. Кадирсизова [32], В.Ю. Никитин [33], Ю.В. Богачева [34], А.И. Борисов [35], Ю.А. Герасимова [36], Хе Сюефей [37], Э.А. Морылева [88, 18б] және т.б. зерттеді.

Р.А. Карелова болашақ IT-мамандардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру мәселесін зерттей отырып, кәсіби ұтқырлық ұғымына: «Болашақ IT-маманның кәсіби ұтқырлығы болашақ маманның, оған оқу-кәсіби іс-әрекеттің динамикалық өзгеруші жағдайларында немесе белгісіз жағдайларда IT саласындағы білімдері мен дағдылары негізінде, сондай-ақ білім беру процесінің басқа да субъектілерімен кәсібиаралық өзара әрекеттесу есебіне, қойылған міндеттерді шешудің ең тиімді әдістері мен шешу құралдарын таңдау, жаңа IT-ларын меңгеру және оларды оқу-кәсіби іс-әрекетке ендіруге мүмкіндік беретін интегративті мінездемесі» деген анықтама береді [60, б. 22].

Р.А. Карелова орта кәсіби білім берудің ерекшеліктеріне қарай, колледж студенттерінің кәсіби ұтқырлығын профессиологиялық өлшеуде тұлғаның интегративті сапасы ретінде мынандай мінездемелермен сипаттайды: оқу-өндірістік міндеттерді белгіленген уақыт мерзімдерінде болашақ кәсіби іс-әрекеттің ең тиімді технологияларын пайдаланып сапалы шешуді жүзеге асыру; мамандық бейіні бойынша және оқу-өндірістік қажеттіліктер болған жағдайларда оған тектес кәсіби іс-әрекетті жүзеге асырудың жаңа технологияларын дербес меңгеру; әр түрлі оқу-өндірістік жағдаяттарда белсенді және коммуникативті құзыретті болу [60, б.57].

Т.С. Дорохова ұтқырлықты әлеуметтік педагогтың кәсіби ментальдығының құрамдастарының бірі ретінде қарастыра отырып, білім беруді модернизациялау жағдайында мектепте әлеуметтік педагог қызметінің табыстылығы шарттарының бірі оның кәсіби ұтқырлығы екендігіне назар



аударды. Кәсіби менталитеттің құрамын талдау арқылы ондағы кәсіби ұтқырлықтың орны мен рөлін анықтайды [81, б. 120].

Сонымен кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру мәселесін сан алуан түрлі зерттеген жоғарыдағы ғалымдардың көзқарастары болашақ маман тұлғасының кәсіби-тұлғалық маңызды сапасын тек арнайы ұйымдастырылған оқыту, мақсатты педагогикалық іс-әрекет жолымен жүзеге асыру қажет деп қорытындылауға негіз болады. Мұнда жоғары кәсіби білім берудің дәстүрлі формалары мен әдістері белсенді және интербелсенді әдістермен толықтырылады. Демек болашақ маманның шынайы кәсіби іс-әрекеті саласындағы инновациялық процестерді модельдеу, студенттерді арнайы жасалынған өзгермелі кәсіби іс-әрекетке, білім беру ортасына дайындауы қажет.

К.И. Безменова мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру мәселесін зерттеп, оны тиімді дамыту үшін болашақ мектепке дейінгі білім беру педагогтерін контекстік оқытуды жүзеге асыру, жеке және белсенді көзқарас, сыни ойлау, мәселелерді анықтау және талдау, шешім қабылдау және педагогикалық ұжымда ынтымақтастық орнатуға негізделген білім беру технологияларын енгізу қажет деп есептейді [110, б. 27].

М.А. Захарова, И.А. Карпачева, В.Н. Мезинов қоғам дамуының қазіргі деңгейі, өндіріс, білім және басқа салалардағы жаңарту процестері жоғары мектеп алдына әлемдік стандарттар деңгейінде жұмыс істеуге қабілетті және шектес қызмет салаларына бағдар алатын, қоғамды ақпараттандыру және ғылымға сұранысы жоғары технологиялар жағдайларында әлеуметтік және кәсіби ұтқыр, ұдайы кәсіби өсуге және өзіндік білім алуға даяр оқымысты және білікті кәсіпқой, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті маманды дайындау міндеті қоятындығын атап өтеді [62, б.62].

Болашақ мамандардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың нақты мақсаттарға бағытталған процесі сәйкес білім беру мазмұнын анықтауды да қажет етеді. Мұндағы назар аударатын мәселенің бірі кәсіби ұтқырлық туралы тәжірибелі педагогтар қауымының және жоғары оқу орындары профессор-оқытушылары құрамының кәсіби ұтқырлық туралы түсініктерінің деңгейі болып табылады.

Зерттеу барысында жоғары оқу орындары оқытушыларымен жүргізілген сұхбаттарымыз осы мәселеге әртүрлі, кейде бір-біріне сай келмейтін көзқарастар бар екендігін көрсетеді. Тіпті кәсіби ұтқырлықты академиялық ұтқырлықпен шатастыратын мамандар да жоқ емес.

Сонымен респонденттердің кейбір жауаптарына назар аударатын болсақ, барлығы кәсіби ұтқырлықтың маңыздылығын қолдайды. Бірақ, бұл ұғымның мән-мағынасына келгенде түсініктер мен көзқарастары әртүрлі. Мысалы, оқытушылардың белгілі бір бөлігі «кәсіби ұтқырлық» ұғымының құраушылары ретінде білімдер, іскерліктер, тәжірибе, құндылық бағдарлар мен тұлғалық сапаларды атап көрсетеді.

Дегенмен, респонденттердің басым көпшілігі бұл құраушылардың интегративтік сапа ретінде болашақ маманның кәсіби-іс-әрекетінің жаңа

жағдайларына бейімделуін қамтамасыздандыратын тетік екендігіне толық мән бермейді. Респонденттердің 32% жоғары оқу орындарындағы «күзиреттілік тәсілдің өзі болашақ маманның кәсіби ұтқырлығын қамтамасыз етеді, оған студенттерді арнайы дайындаудың қажеті жоқ» деген пікірді білдірсе, ал 50% студенттердің кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру мен дамытудың бір-екі тәсілдерін ғана атап көрсетеді.

Жоғары оқу орындары оқытушылары студенттердің ұтқырлығын дамытудың жолдары ретінде академиялық ұтқырлықты дамытуды және элективті курстар көлемін арттыруды атайды. Кәсіби ұтқырлықты қалыптастырудың негізгі ішкі және сыртқы тетіктері жоғары мектеп мамандарының назарынан тыс қалғаны байқалады. Сондықтан, алдымен кәсіби ұтқырлық мәселесі бойынша жоғары оқу орындары оқытушыларының түсініктерін дамытпай, студенттердің ұтқырлығын қалыптастырудың теориясы мен озық тәжірибелерін меңгерту мәселесін тиімді шешу мүмкін емес деп тұжырымдауға болады.

М.И. Бекоева болашақ бакалаврлардың кәсіби ұтқырлығын тиімді қалыптастыру білім беру ұйымының жетекші мақсаттарының бірі және оны жүзеге асыру жаңа, конструктивті тұғырларын талап етеді деп есептейді. Осы тұрғыдан, автор аталған мәселені шешудің негізгі шарттары ретінде оқытудағы тұлғаға бағдарланған кәсіби тұғырды ажыратып көрсетеді, өйткені, бұл әдіснамалық тәсіл кәсіби ұтқырлықтың құрылымын құрастыратын тұлғалық сапаларды қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Автор зерттеу жұмысында: «бакалаврдың кәсіби ұтқырлығы – бұл тұлғаның әлеуметтік белсенділігі, өзіне деген талапшылдығы, табандылығы, оптимизм дәрежесі, бәсекелестігі, кәсіби күзиреттілігі, өзіндік тұлғалық әлеуетін көрсетуі, өзін-өзі жүзеге асыруға, өзін-өзі дамытуға, өзіндік білім алуға ұмтылысы, қойылатын талаптарға орай өзіндік іс-әрекеттерін қайта құруға икемділігі», деп анықтайды [122, б. 451].

Сондықтан «бакалаврдың кәсіби ұтқырлығы» ұғымына берген анықтамасы жоғары оқу орындарында болашақ мамандардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың бағыт-бағдарларын дұрыс анықтауға септігін тігізеді.

Қазіргі заманғы мамандардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру заңдылықтары да әр түрлі тұрғыдан зерттелінеді:

- кәсіби ұтқырлықтың маңызды жолы – білім беру. Сондықтан жоғары сапалы білім қызметкердің еңбек нарығындағы позициясын нығайтады. Білімдік әлеует қаншалықты жоғары болса, экономикалық белсенділік соншалықты жоғары, көбірек жұмыспен қамту, жұмыссыздық төмен болады (А.И. Ковалева ) [123, б. 298];

- жоғары оқу орындары түлектерінің көзқарасы мен жұмыс берушілердің үміттері арасындағы сәйкестік, жас мамандардың өздерінің кәсіби өсу траекториясын айқын көруі және кәсіби өзін-өзі жүзеге асыруға деген қажеттілігі (А.Б. Яшков [124, б. 60]);

- қайта даярлау курстары тыңдаушыларының әр түрлі әлеуметтік-демографиялық мінездемелері мен бағыттылығын талдау мамандардың кәсіби ұтқырлығындағы көлденең немесе горизонталды және тік немесе вертикалды бағыттардағы өзгерістерімен айқындалады, атап айтқанда, кәсіби бағдардың өзгеруі, әлеуметтік позицияның өзгеруі, кәсіби мәртебенің өзгеруі (Н.Г.Закревская, Е.Я. Михайлова ) [125, б. 98].

Болашақ хореограф мамандарды даярлау мәселелері бойынша әдебиеттерді талдау бүгінгі таңда студенттерге хореографиялық білім беру процесінде кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру аспектілерін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді:

- әлеуметтік-экономикалық аспектіде болашақ хореографтарды еңбек нарығының өзгермелі жағдайларына даярлығы және қабілеттілігін зерттейді;

- профессиологиялық аспекті – бұл кәсіби сала өнер шеңберінде жаңа техника мен жаңа технологияларды, сонымен қатар қажет болған жағдайда шектес кәсіптерді (музыкалық орындау, өнер саласының менеджері, хореограф-педагог) немесе жаңа кәсіптерді меңгеру, сондай-ақ кәсіби иерархия кеңістігінде ауыстыру, кәсіби өсу ерекшеліктерін қарастырады;

- педагогикалық инноватика аспектісінде өнер және хореографиялық білім берудегі инновацияларды әзірлеу, жаңалықтарды игеру және оларды тәжірибеде қолдану ерекшелігін зерттейді (кесте 3).

Кесте 3 - Болашақ мамандардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру аспектілері

Кәсіби ұтқырлықтың зерттеліну аспектісі	Кәсіби ұтқырлықтың зерттеліну аспектісіне сипаттама
Әлеуметтік-экономикалық аспектісі: Бекоева М.И., Ипатова Е.Р., Горбачев В.В.	Болашақ хореографтарды еңбек нарығының өзгермелі жағдайларына даярлығы және қабілеттілігін зерттейді.
Профессиологиялық аспекті: Зеер Э.Ф., Кормильцева М.В., Морозова С.А., Сыманюк Э.Э.	Болашақ мамандарға кәсіби сала өнер шеңберінде жаңа техника мен жаңа технологияларды, қажет болған жағдайда шектес кәсіптерді (музыкалық орындау, өнер саласының менеджері, хореограф-педагог) немесе жаңа кәсіптерді меңгеру, сондай-ақ кәсіби иерархия кеңістігінде статустық ауыстыру, кәсіби сатыда жоғарылау мүмкіндігін зерттейді.
Педагогикалық инноватика аспекті: Игошев Б.М., Сластенин В.А., Подымова И.С.	Болашақ мамандарға өнер және хореографиялық білім берудегі инновацияларды әзірлеу, жаңалықтарды игеру және оларды тәжірибеде қолдану ерекшеліктерін зерттейді.

Кестеде көрсетілгендей, болашақ хореографтарды даярлау мәселелеріне арналған зерттеу жұмыстарында кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру мәселесі көптеген аспектілері көрініс табады. Бұл хореографиялық білім беру тәжірибесі мен хореографиялық педагогикада құзыреттілік тәсілдің өзектенуіне, болашақ хореограф мамандар даярлаудың теориясы мен тәжірибесінің кәсіби ұтқырлыққа бағдарлануына септігін тигізеді. Кейбір зерттеушілер мәдениетті дамытудың қазіргі тұжырымдамалары контекстінде болашақ педагог-хореографтарды кәсіби дайындаудың ағымдағы жағдайына тарихи-педагогикалық талдау жасайды.

Қазіргі мәдениеттің дамуы тұрғысынан көркем білім жүйесінде хореографиялық өнер саласындағы педагогикалық білімнің қалыптасуы мәселесін қарастырады. Хореографиялық өнердің тарихи-мәдениеттанымдық және пәндік мәні туралы ғылыми көзқарастарды негіздей отырып, педагог-хореографтардың кәсіби дайындығын эстетикалық, мәдениеттанымдық, социологиялық, педагогикалық және тарихи категория ретінде қарастырады.

Болашақ педагог-хореографтарды дайындауда жаңа интегративтік пәндердің, соның ішінде, «Би және оны оқытудың әдістемесі» пайда болуы әдіснамалық тұрғыдан қазіргі хореография өнері қарқынды дамуының заңдылықтарына негізделеді. Алайда, оқу процесін жетілдіру, соның ішінде пәнаралық кіріктіру процестерін үйлестіру пайдалануға толық мүмкіндік бермейтіндігін атап көрсетеді [126, б.197].

Автор «болашақ педагог-хореографтарды кәсіби дайындауда хореография өнері және оны қабылдаудың ерекшелігі ішкі еркіндік пен шығармашылықтың дамуына табиғи және органикалық әсер етеді, ал хореографиялық өнер формаларын кіріктіру хореография бөлімдерінде оқитын студенттер тұлғасының көркем-шығармашылық қабілеттерін дамытатын тұтас, үйлесімді, әлеуметтік-мәдени білімдік ортаны қалыптастырады», - деп тұжырымдайды [126, б. 199].

Сонымен, педагогикалық оқу орындарында болашақ педагог-хореографтарды кәсіби дайындау жүйесінде хореографиялық өнерді оқытудың негізгі тенденциялары анықталған.

Сондықтан хореографиялық білім саласында қалыптасқан дәстүрлерге сүйене отырып, болашақ педагог-хореографтарды кәсіби дайындауды жобалауда шешуді қажет ететін бірқатар қарама-қайшылықтарды атап өтуге болады:

- кәсіби дайындықтық мақсат мен міндеттеріне, олардың әдістемелік жағының жеткіліксіз әзірленгендігі;

- әлеуметтік-мәдени ортаның кәсіби дайындыққа әсері, мұнда кәсіби стандарттар талаптарына сай әзірленген бұл дайындықтың мазмұны қазіргі мәдениеттің дамуы тұжырымдамаларының талаптарына аздап сәйкес келуі;

- қазіргі жоғары оқу орнының болашақ хореографтарды көркемдік және шығармашылық қолдау тұрғысынан дайындауда білім әлеуетінің болуы, бірақ оның өз дәрежесінде қолданылмауы;

- хореографиялық бөлімдер бітірушілерінің көбінесе білім саласына жұмыс істеуге бармауы мен жалпы және қосымша білім беру жүйесінің әмбебап әлеуметтік-мәдени, кәсіби құзыреттіліктерімен педагог-хореографтар қажеттіліктерін қанағаттандырылмауы.

Біздің пікірімізше, мәдениетті дамытудың қазіргі тұжырымдамаларына бағыт-бағдар алған хореографиялық өнердің интегративтік сипаты, пәнаралық кіріктіруді үйлестіру болашақ хореограф-маманның кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруға негіз болады. Мұнда болашақ хореографтарды дайындауда хореографиялық өнердің ерекшелігі және оны қабылдаудың өзгеше қырлары арнайы ескерілуі тиіс.

Хореографиялық білім болашақ маманның кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырудың негізі болған жағдайда оны кәсіби өмірдегі өзгерістерге, жаңалықтарға, жаңа жағдайлар мен талаптарға сәйкес жылдам өзгеруге даяр болуын болжау, ұтқырлық қасиеттерін қалыптастыру аса маңызды. Мәдениеттің дамуына бағдарлау тұрғысынан болашақ педагог-хореографтарды дайындау мазмұнында кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру міндеті қойылады.

Т.А. Филановскаяның пайымдауынша, болашақ педагог-хореографтарды дайындау «көркем мәдениет жүйесінде екі мағыналы қызмет атқарады: бір жағынан, іргетас мен инерция қасиеті болғандықтан, ол классикалық және халықтық би академиялық мектебінің канондарын сақтайды, осылайша мәдениеттің рухани негіздерін тұрақтандырады. Екінші жағынан, бұл көркем өмірдің көптеген салаларының өркендеу көзі, өйткені оның құндылық және технологиялық өзгерісі менталитеттің жаңа түрін жасайды [127, б.24].

Студенттердің би қиялын дамыту педагогикалық хореографиялық жүйенің арнаулы міндеттері қатарына жатса да, оның болашақ хореограф маманның кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруда ерекше рөл атқарады.

Пань Жунхуа педагог-хореографтарды кәсіби дайындауда би қиялын қалыптастыру мәселесін де қарастыра отырып, кәсіби хореографиялық білім берудің шынайы тәжірибесінде педагогикалық жүйе тәртіп, нақтылық, ұтымдылықты талап етеді, олар өзіне тән оқыту әдісі түрінде бірігеді және әрекет етеді. Би ешқашан өздігінен болған емес, ол әрқашан белгілі ортада қызмет жасаған және дамыған. Сондықтан белгілі бір дәуірдегі хореографиялық өнер өзінде әртүрлі өнер түрлерін заңды түрде синтездейтін, үнемі би іс-әрекетінің жаңа нысаны болады. Хореографиялық өнерге оқыту оқушылардың би қиялын дамытуға ықпал етеді», - деп тұжырымдайды. Автор хореографиялық білімнің салыстырмалы дербестігі жөнінде хореографиялық өнер педагогтар, тарихшылар, мәдениеттанушылар, этнографтар, өнертанушылардың зерттеу пәніне айналған пәнаралық мәселе деген мәнді пікірін айтады. Хореографиялық өнерге оқытудың қазіргі технологияларының дамуы хореографиялық педагогиканы салыстырмалы дербес ғылым, кейінірек хореографиялық білім беру жүйесі деп аталатын би білімі, іскерліктері, би тәжірибесі және би мәдениетінің жиынтығын білдіреді деп есептейді [128, б. 93].

Сондықтан болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру мәселесі көп аспектілігімен, жаңа әдіснамалық тұрғыдан кең контексте қарастырылуымен түсіндіріледі. Ол хореографиялық өнердің әдіснамалық базасын әртүрлі теориялық деңгейлерде, атап айтқанда, эстетикалық, мәдениеттанымдық, әлеуметтанушылық, педагогикалық анықтауды талап етеді.

Хореографиялық білім беруде би қиялын қалыптастыру міндетін жүзеге асыру кәсіби ұтқырлықты қалыптастырудың үш құрамдас бөлігінің атқаратын қызметтерін анықтайды:

- біріншіден, жалпы кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру студенттің болашақ хореограф маман ретінде дамуының ішкі тетіктерін қамтамасыз ететін тұлғалық сапа болып табылады.

Л.В. Горюнованың пікірінше, «хореографияны кешенді оқыту - классикалық, халықтық сахна, қазіргі билерге оқыту», ол студенттердің арнаулы қабілеттерін, ойлауын, зейнін, есін, эмоционалдылығын, шығармашылығын, қиялын дамытады. Осыдан оқыту процесінде студенттердің өзіндік шығармашылық еңбекке қажеттілігі, эстетикалық қызығушылықтары, мотивтері, талғамдары, көзқарастары мен сенімдері қалыптасады [111, б. 30].

- екіншіден, ортаны өзгертетін оқиғалармен шартталатын, нәтижесі адамның кәсібі мен өмірінде өзін-өзі жүзеге асыратын іс-әрекеті. Болашақ хореографтар жоғары оқу орнында тәжірибелі хореографтың қызметін модельдеу жағдайында кәсіби білім алады. Олардың оқу-танымдық, оқу-тәжірибелік, оқу-өндірістік іс-әрекеті жоғары оқу орнының белгілі білім беру ортасында жүзеге асады.

Білім беру ортасында хореограф студенттердің іс-әрекеті түрлері өзгермелі жағдайларда жүзеге асырылса, болашақ маманның өзгерістер мен жаңалықтарды ендіру жағдайларындағы шығармашылық іс-әрекетіне жол ашылады, бұл кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру мақсатында іс-әрекетті ұйымдастырудың мүмкіндігін сипаттайды;

- үшіншіден, адамның өзін және айналадағы кәсіби және өмірлік ортаны қайта құру процесі студентті болашақ хореограф ретінде әр түрлі іс-әрекет түрлерімен шұғылдануы арқылы өзін қоршаған айналадағы ортаны және өзін-өзі өзгерте алуын түсіндіреді. Кәсіби ұтқырлықтың бұл құраушыларын қалыптастыру хореографиялық білім беруде педагогикалық жүйенің арнайы мақсат- міндеттері аясында, атап айтқанда би қиялын қалыптастыру көмегімен де жүзеге асырылуы мүмкін. Мысалы: би импровизациясы әдісі би қиялын қалыптастыру мақсатында пайдаланылады, ал бұл әдіс арқылы кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру міндеттерін де шешуге болады.

Сондықтан музыкаға би импровизациясы берілген тақырып немесе еркін тақырып бойынша жаттығулар, этюдтер, таңқаларлықтар (экспромттар) кіріктіріледі. Тапсырмаларға студенттердің қиялына жақын әрі табиғатқа сай тақырыптар, сүйікті кітаптар, фильмдердің кейіпкерлеріне байланысты сюжеттер мен көңіл-күйлер енгізіледі [111, б. 31].

М.Н. Юрьева мәдениет және өнер жоғары оқу орындарында студент-хореографтарды кәсіби дайындаудың ерекшеліктерін қарастырады. Автор студент-хореографтың негізгі төрт іс-әрекет түрлерінің мәнін айқындайды, яғни шығармашылық-орындаушылық, балетмейстерлік, репетиторлық және педагогикалық. Сондай-ақ, кәсіби-хореографиялық дайындықтың сапасына әсерін тигізетін арнайы қабілеттерді дамытудың қажеттілігін негіздейді. Мұндай қабілеттерге көркемдік-ұйымдастырушылық, гностикалық, прогностикалық, көркем-орындаушылық, коммуникативтік, дидактикалық, конструктивтік, перцептивтік, креативтік, экспрессивтік жатқызылады [44,б. 121].

В.Ю. Никитинның пайымдауынша, шығармашылық іс-әрекетінің ерекшелігі (кәсіби немесе әуесқой өнерде), стильге қатысты (классикалық балеттың, халықтық немесе замануи бидің балетмейстері), білім деңгейі (мәдениет, өнер ЖОО-ын, колледждерді бітіргендер), алдағы кәсіби қызмет орны (театр, халықтық би ансамблі, әуесқой ұжым, өнер мектебі, цирк, телеарна т.б.), шығармашылық іс-әрекеттің мәні (балетмейстер, балет режиссері, хореограф, педагог-хореограф, балетмейстер-педагог) - би құру [33, б. 134].

М.Н. Юрьева мен Л.Н. Макарова болашақ кәсіби іс-әрекеттің бағытталу ерекшелігі болашақ хореографтарды дайындаудың логикасы мен мазмұнын өзгертпейтінін атап көрсетеді. Оның негізіне хореографиялық шығарма жасаудың ұстанымдарына және арнаулы педагогикалық сапаларға үйрету алынады. Өнер жоғары оқу орындарында сахна орындаушылық кәсіби дайындаудың шығармашылық аспекті маңызды болса, ал мәдениет ЖОО-ында кәсіби іс-әрекеттің мәдениеттанымдық бағытталғандығына басымдылық береді. Кәсіби білім беру тәжірибесінде белгілі би бағытына байланысты мәжбүрлі түрдегі стильді саралу орын алады және ол оқытудағы мамандандыруларды енгізуге алып келеді [129,б. 103].

Бүгінгі таңда қызметкердің кәсіби іс-әрекетінің көпжылдық тәжірибесі барысында қалыптасқан тұлғалық және жеке кәсіби біліктілік әлеуетінің тұрақтылығы барған сайын төмендеп келеді, керісінше динамизм, кәсіби дағдылар мен қабілеттердің икемділігі алдыңғы қатарға шығуда.

Осы орайда, тез өзгертін әлем адам қызметінің барлық салаларында мамандардың кәсіби қызметінің сипаты мен мазмұнына да, мәніне де түзетулер енгізуде. Ғалымдар кәсіби саладағы өзгерістер таяу болашақта көптеген кәсіптердің жоғалуына немесе кәсіби іс-әрекет пен жұмыс мазмұнының айтарлықтай өзгеруіне алып келеді деп тұжырымдайды. Бұл қазіргі заманғы маманның сұранысқа ие сипаттамаларының бірі ретінде кәсіби құзыреттіліктердің икемділігі мен өзгергіштігін, еңбек мазмұнындағы өзгерістерге, қажет болған жағдайда бір кәсіби деңгейден екіншісіне, тіпті басқа бір кәсіпке ауысуға дайындығын сипаттайтын сапаны кәсіби ұтқырлықты қалыптастырудың қажеттілігін айқындай түседі.

Сондықтан, ұтқырлық, яғни кәсіби жылжымалылық факторы, жаңа талаптар мен жағдайларға тез бейімделу, кәсіби дағдыларды дамыту кәсіби іс-әрекет, кәсіби қалыптасу және өсу факторларының біріне саналады. Ол жоғары оқу орнында кәсіптік ұтқырлықты меңгерген болашақ мамандарды даярлаудың заңды шартынан туындайды.

Кәсіби ұтқырлық жоғары технологиялық өндіріс жұмысшыларының, мамандар еңбегінің мазмұнында ең көп өзгеріске ұшырайтын адам қызметі салаларының сипаттамасы секілді көрінеді. Алайда, соңғы жылдардағы көптеген зерттеулер бүгінгі таңда кәсіби ұтқырлық сонымен қатар хореографтар сияқты шығармашылық мамандық иелерінің де негізгі кәсіби сипаттамаларының бірі болып табылатындығын көрсетеді. Негізінен өнер саласында қызмет жасайтын хореографтар қашанда шығармашылықты көрсетеді. Ғалымдардың пікірінше, хореограф табиғаты жағынан шығармашылық мамандық иесі, оның кәсіби маңызды сапа-қасиеттері мен кәсіби құзыреттіліктерінің қатарында шығармашылық іс-әрекетке байланысты біліктілік сипаттамалары маңызды болып табылады [130, б. 590].

Е.А. Бережнаяның пікірінше, соңғы жылдағы психологиялық-педагогикалық зерттеулерде шығармашылық кәсібиліктің сипаттаманың бірі ретінде түсіну тенденциясы байқалады, ол кәсіпқойды қандай да бір кәсіп шеңберінен тыс шығарады. Сондықтан шығармашылық кез-келген кәсіптің жоғары деңгейінің имманентті сипаттамасы ретінде түсіндіріледі [45, б.107].

Болашақ хореограф маманды даярлауда оқу-кәсіби және болашақ кәсіби іс-әрекеттік таптаурындары қалыптасады. Дәл осы кезде болашақ маманның кәсіби ұтқырлығының іргетасы қаланады.

Е.А. Бережная көркем бейіндік болашақ болашақ мамандарды, соның ішінде хореографтарды кәсіби даярлау арнайы ғана емес, тұлғалық дайындауды да талап ететіндігін, студенттерде «Мен - болашақ профессионал» позитивті дифференциалдық бейнесін қалыптастыруды, оның дамуында жоғары оқу орнында оқытылатын психологиялық-педагогикалық пәндердің ерекше орын алатындығы көрсетеді. Автордың пайымдауынша, мәдениет саласы мамандарын дайындайтын оқу орындарында арнаулы шығармашылық пәндерін оқытуға көбірек мән беріліп, болашақ хореографтың кәсіби-тұлғалық дамуында маңызды рөл атқаратын психологиялық-педагогикалық пәндерге екінші орын берілетіндігін атап көрсетеді [45, б. 8].

Сонымен бірге автор «хореограф белгілі жастағы ұжыммен жұмыс істейді, оның қызметі тек арнайы хореографиялық қабілеттерді дамытуға, би драматургиясын, бейне, қимыл суретін икемділіктерін жеткізуге, белгілі хореографиялық қоғамдастықтағы адамдардың тұлғалық шығармашылық әлеуетін дамытуға да бағдарланған болуы тиіс» деп есептейді [45, б. 9].

Жалпы алғанда, нағыз хореограф – бұл кәсіби маман, шығармашыл тұлға. Мұндай тұлға, қызметкер, сырттай қарағанда кәсіби ұтқыр болуы керек.

Дегенмен, хореографтың кәсіби ұтқырлығының мәнін тереңірек түсінетін болсақ, хореограф жақсы маман, кәсіби орындаушы немесе мұғалім болуы



мүмкін, кәсіби білім, білік пен дағдының және құзыреттіліктің жоғары деңгейіне қол жеткізуі де мүмкін, ол шығармашыл тұлға бола алады, бірақ барлық уақытта кәсіби ұтқыр бола бермейді. Бұған хореография саласындағы мамандардың белгілі бір бөлігінің инновацияларға бейімделуіне, кәсіби деформация құбылыстарына, өз жұмысын жаңа талаптарға, өзгерістерге қайта құра алмауына байланысты өмірлік фактілер мысал бола алады.

Хореографиялық білім беру процесіне кәсіби ұтқырлық факторын енгізу оның негізгі парадигмаларын, ең алдымен болашақ хореографтың кәсіби маңызды қасиеттеріне қатысты түсініктер мен тұжырымдарды өзгертуі керек. Негізгі пәндік, ерекше би-орындаушылық құзыреттіліктерді жетілдіре және тереңдете отырып, сонымен бірге болашақ хореографтың жеке басының кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастыруға құзыреттілік тәсілді жүзеге асыруда психологиялық құрауышты кеңейтуі тиіс. Сондай-ақ, болашақ хореографтың шығармашылық қабілеттерін дамыту оның кәсіби ұтқырлыққа дайындығын толық қамтамасыз ете алмайтындығын ескеру қажет [131, б. 200].

Сондықтан болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру мәселесінің өзектілігі олардың кәсіби тұрғыдан адамдармен жұмыс істеуге ғана емес, психологиялық-педагогикалық тұрғыдан да дайын болуы керек. Ол тұлғаны қалыптастырудың негізі ретінде шығармашылықты дамытуға бағдарланған болуы, көркем іс-әрекеттің арнаулы түрлерінде шығармашылық қабілеттерін дамытудың тетіктерін түсінетін болуы тиіс.

Жаһандану процестері, цифрлы қоғам, пандемиядан кейінгі өзгермелі әлемде кәсіби мамандардың қызмет функциялары мен жұмыс мазмұны ғана емес, оның негізгі қызмет бағыттарының да өзгерістерге ұшырауы байқалып отыр. Бұл жоғары оқу орындарында болашақ кәсіби мамандарды даярлау процесіне де өз ықпалын тигізуде.

Сонымен қазіргі таңда маманның кәсіби ұтқырлығы түрлі ғылым салаларында (философия, экономика, әлеуметтану, психология, педагогика) қарастырылатын пәнаралық мәселеге айналғаны анықталды. Бұл жоғары оқу орындарында кәсіби білім беру процестерін кәсіби ұтқырлыққа даярлықты қалыптастыруға жүйелі бағыт-бағдар алуы керектігін шарттайды. Ол болашақ маманның кәсіби ұтқыр тұлғасын қалыптастыру мәселесінің адам мен қоғамның арақатынасы, адами капиталды дамыту, өзгермелі кәсіби қызмет ортасына маманның бейімделуі, кәсіби-тұлғалық дамуы тұрғысынан зерттелгенін көрсетеді.

Қорыта келгенде, болашақ маманның кәсіби ұтқырлығы мәселесі қазіргі педагогикалық теория мен жоғары кәсіби білім беру тәжірибесінің әлі де болса шешімін толық таппаған, күрделі мәселесі болып қалуда. Аталмыш мәселе бойынша әдебиеттерді теориялық талдау және жоғары оқу орындары тәжірибесіне қатысты эмпирикалық материалдарды жинақтау және зерделеу, студенттердің кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың мынандай мүмкіндіктерін анықтауға негіз болады:

- кәсіби ұтқырлықты қалыптастыруды мақсатты түрде жүзеге асыру;

- жоғары оқу орындарында білім беру бағдарламалары және оқу пәндері мазмұнының перспективалылығы мен икемділігін айқындау;
- студенттерді өзіндік кәсіби - тұлғалық дамуға мотивациялау;
- жоғары оқу орнында кәсіби ұтқырлықты қалыптастыруға бағдарланған, іс-әрекеттік, тұлғалық бағдарлық оқытуға негізделген білімдік ортаны құру;
- жоғары оқу орнының оқу-тәрбие процесіне сәйкес өндіріс (студенттің кәсіби қызмет) саласының инновациялық даму жағдайларын модельдеу;
- студентті өзін-өзі талдауға, кәсіби қалыптасу және даму әлеуетін негізді бағалауға және қорытынды жасауға, жеке кәсіби-тұлғалық дамуының дербес траекториясын құруға, іске асыруға баулу;
- жұмыс берушілер мен бітіруші түлектердің үздіксіз байланыстарын, ақпарат алмасуларын қамтамасыз ету;
- кәсіби іс-әрекет мәселелері, инновациялар, түлектердің жана кәсіби беделге бейімделуінің барысы мен нәтижелері, олардың кәсіби ұтқырлығы туралы ұдайы мәліметтер базасын жаңғыртып, кафедраларды хабардар ету.

Кәсіби ұтқырлықтың іргетасы кәсіби білімдер, біліктіліктер мен дағдыларына және кәсіби-тұлғалық құнды сапалар мен қабілеттеріне, яғни кәсіби құзыреттілігіне негізделеді.

Осы тұрғыдан алғанда, болашақ мамандардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың төмендегідей мүмкіндіктерді анықталады:

- кәсіби ұтқырлықты қалыптастырудың мақсатты процесс болуы;
- жоғары оқу орнындағы білім беру бағдарламалары және оқу пәндері мазмұнының перспективалылығы мен икемділігі;
- өзіндік кәсіби және тұлғалық дамуға ынталандыру;
- ЖОО-ында кәсіби ұтқырлықты қалыптастыруға бағдарланған, іс-әрекеттік, тұлғалық бағдарлық оқытуға негізделген білім беру орта құру;
- болашақ кәсіби қызмет саласының инновациялық даму жағдайларын модельдеу;
- студенттің өзін-өзі талдауға, кәсіби қалыптасу мен даму әлеуетін негізді бағалауға және қорытындылар жасауға, жеке кәсіби-тұлғалық дамуының дербес траекториясын құруға, іске асыруға баулу.
- жоғары оқу орны мониторингтеу, жұмыс берушілер мен бітіруші түлектер арасындағы үздіксіз байланыстарын, ақпарат алмасуларын қамтамасыз ету. Сондықтан зерттеу барысында хореографиялық іс-әрекеттің ерекшелігіне назар аударылады. Мұнда хореографиялық өнердің ерекшелігі оның сахнаға тиесілігі, мәдениет пен өнер жоғары оқу орнында хореограф-маманды кәсіби дайындаудың стандартты еместігін анықтайды. Демек, хореографиялық кәсіби білімнің мазмұны ғылыми білімдер ғана емес, сондай-ақ өнердің эмоционалдық қиял әлемін, тарихи дәстүрлерді және қазіргі инновацияларды, құндылық бағдарлар мен қатынастарды, тұлғалық шығармашылық көріністерді және хореографиялық іс-әрекет түрлерінің жиынтығын қамтиды.

## **2 ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА БОЛАШАҚ ХОРЕОГРАФТАРДЫҢ КӘСІБИ ҰТҚЫРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

### **2.1 Болашақ хореографтарды дайындауда кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру жүйесі**

Болашақ маманның кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың процесі кәсіби ұтқырлық пен кәсіби қабілеттердің өнімділігін арттыру бойынша кәсіби мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған өзара байланысты және өзара шартталған ішкі жүйелердің жиынтығы болып табылатын жүйе және біртұтас құбылыс ретінде қарастырылады.

Болашақ хореографтарды дайындауда кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру жүйесін қарастыруда «жүйе» ұғымының бөліктерден құралған тұтастық, көптеген құрамдас бөліктер жиынтығы деген мағынасына мән беріледі.

Жүйенің әлеуметтік сипаты бар, ол өзара әрекеттесетін бөліктерден құралады, оның ішкі құрылымы деңгейлерінің иерархиялық сипатын және қоршаған ортамен байланысын көрсетеді. Жалпы жүйе бір-бірімен тығыз байланысқан компоненттерден тұрады.

Кәсіби білім беру жүйесін дамытудың қазіргі заманғы кезеңінде кәсіби ұтқырлық болашақ хореограф маманның құзыреттіліктерін дамытудың тиімді құралы ретінде өзектеніп түсуде. Осы тұрғыдан, болашақ хореографтарды кәсіби даярлау үрдісінде жүйе жетекші фактор ретінде қызмет атқарып, нәтижені айқын түсіндіруге және оған жету құралдарын (осы үрдісті ұйымдастырудың мазмұны, әдістері, тәсілдері, құралдары) қарастыруға мүмкіндік береді.

Педагогикалық хореографиялық жүйенің барлық құрауыштары білім берудің нормативтік құжаттарында қарастырылады. Бірақ осы ереже салыстырмалы, педагогикалық хореографиялық жүйенің ғылыми жобасы би шығармашылығы саласында эксперименталдық тұрғыдан бақыланады. Педагог-хореографтар білім беру процесінің әдістемелерін, тәсілдерін және педагогикалық бағдарламаларын студенттерді шығармашылық және креативті дамыту тәжірибесінде пайдалануы хореографиялық білім беруге оқытушылардың назарын аудартады.

Сондықтан хореографиялық білім беруде педагогикалық жүйенің ерекше қырларына тән мақсаттарына (кәсіби хореографиялық мәдениеттің негізін немесе іргетасын, студенттердің ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық, көркем мәдениетін қалыптастыру), бірқатар мамандық шеңберінен шығуына мүмкіндік беретін өзгеше қырларының бар екендігіне назар аудару қажет.

Жүйе зерттеу объектісін белгілі бір тұтастықтық пен ішкі бірлікте ұйымдастырумен негізделетін функционалдық байланыс жиынтығы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. «Жүйе» және «құрылым» ұғымдарының әдіснамалық маңызын ерекше атауға болады. Өйткені, жоғары оқу орнында

болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру процесі белгілі құрылымға ие жүйені сипаттайды. Жүйелілік тұғырына сәйкес кез келген құбылыстар белгілі бір жүйеде пайда болады. Сондықтан сол жүйеге жататын құбылыстар арасындағы байланыстар маңызды.

«Жүйе» ұғымына көптеген анықтамалар берілген. Мысалы, белгілі бір қарым-қатынасты құрайтын элементтердің реттелген жиынтығы (Г.Е.Зборовский, т.б.); көптеген бөліктерден құрастырылған тұтастық (К.Черри); әртүрлі элементтердің өзара байланысы (У. Гослинг); белгілері ұқсас элементтер арасындағы байланыс (А. Холл, т.б.). Бұл анықтамалар мазмұны бірін-бірі толықтыра отырып, жүйені бір-бірімен байланыстағы көптеген бөліктердің жиынтығы ретінде сипаттайды.

Т.А. Ильинаның «жүйе – бұл тұтастық бірлік ретінде ортаменөзара әрекеттесу және басқару бірлігімен, қызмет ету мақсатымен біріктірілетін көптеген өзара байланысты элементтердің реттелген белгісінің бөліп көрсетілуі» деген анықтамасы басшылыққа алынды [132, б.72].

«Құрылым» жүйе элементтері арасындағы байланысты және қарым-қатынасты ұйымдастырудағы белгілі бір тәртібі ретінде анықталады (В.Г.Афанасьев, т.б.). Егер жүйені өзара байланысты элементтердің жиынтығы десек, онда олар зерттелініп отырылған құбылыста көрініс табады [133, б. 131].

Біздің зерттеу контекстімізде бұл құбылыс кәсіби ұтқырлық, яғни болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру болып табылады. Жоғары оқу орнының педагогикалық процесінде болашақ хореографтың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың негізгі бағыттары ретінде мыналарды атап өтуге болады: жоғары хореографиялық білім беру мазмұны мен оқу-тәрбие процесінің болашақ хореографтарды кәсіби және тұлғалық дамыту мүмкіндіктерін анықтау; болашақ хореографтардың құндылық бағдарлары жүйесін қалыптастыру; болашақ мамандық бейнесін қалыптастыру. Бұл процесте студенттің болашақ хореограф ретінде қалыптасуы кезеңінде даму мүмкіндіктерінің көпқырлылығын ішкі сезінуі, құндылық бағдарларын жалпыадамзаттық құндылықтармен салыстыруы, әлемді ұдайы әрекеттегі шындық ретінде қабылдауы, қарқынды өзгерістер жағдайына бейімделу икемділіктерін қалыптастыруы ерекше маңызға ие екендігін ескеру қажет.

Сонымен бірге болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру тұрғысында маңызды болып саналатын Қазақстанда хореограф мамандарды дайындау процесін жетілдірудің бірнеше бағыттары анықталады:

- хореограф-мамандарды даярлау бойынша Қазақстанның жоғары оқу орындары мен мәдениет мекемелері қызметі кіріктірілетін жаңа ғылыми бағыт, мұнда Қазақстан және ТМД-нің басқа елдері үшін ірі ғылыми-педагогикалық мәселе өз шешімін табады;

- қазақ халқы рухани мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде Қазақстанда дәстүрлі би өнері дамуының генезисі мен тарихи алғышарттарын анықтау;

- жоғары оқу орындары мен мәдениет және өнер мекемелерінде хореографтарды практикалық дайындауға жүйелі тұрғыдан келу, оның теориялық негіздерін айқындау;

- жоғары оқу орындары мен мәдениет және өнер мекемелерінде хореографтардың кәсіби шеберлігін қалыптастыру және дайындаудың кешенді әдістемесін әзірлеу;

- объективті және субъективті факторлардың өзара әрекеттесуі негізінде Қазақстанда хореография өнерін сақтау, зерттеу және дамыту процестерін рефлексия деңгейінде қарастыруға мүмкіндік беретін тарихи және педагогикалық білімдерді айқындау;

- Қазақстанның жоғары оқу орындары мен мәдениет мекемелерінде қазақ биін оқытудың педагогикалық технологияларын әзірлеу;

- Қазақстанда хореография өнерін дамытуды әлеуметтік-мәдени, этнопедагогикалық, білімдік аспектілер тұрғысынан анықтау [49,б. 173].

Сондықтан автордың «Қазақстанда хореографтарды даярлайтын мамандандырылған кафедралардың болуы, оны жақсарту туралы мамандардың пікірталасы, идеялары мен бастамаларының ілгері жылжуына қарамастан, хореографтардың кәсіби шеберлігі деңгейінің әлі де жеткілікті еместігі хореографиялық пәндерді оқытудың әдістемелерінің жетілмегендігі, әрі жоғары оқу орындары және мәдениет пен өнер мекемелерінің хореографтарды дайындаудағы тұтас жүйесінің болмауы орын алады», - деген тұжырымды ой-пікірі зерттеуімізде басты назарға алынды.

А.Д. Жарковтың болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру «тұтас бірегей технологиялық процеске жоғары оқу орындары мен мәдениет және өнер мекемелерінің субъектілері мен объектілерінің ұжымдық іс-әрекеттердің модельденген сипатын тәжірибе барысында бірізді және жүйелі түрде іс жүзінде көрсетудің тұтас технологиялық процесі ретіндегі құндылық-бағдарланған, белсенді-іс-әрекеттік тұғыр туралы тұжырымдасына негізделуі тиіс» деген көзқарасы да үлкен қызығушылық тудырады [134, б. 118].

Шетелдік ғалымдар (Пань Жунхуа, т.б.) зерттеулерінде педагог-хореографтарды дайындауда би қиялын қалыптастыру мәселесі қарастырылады. Автордың пікірінше, «хореографиялық білім беру процесі педагогикалық жүйеден, бірінші кезекте студенттердің шығармашылық қабілеттерді дамытудағы көркемдік бағытымен, соның ішінде би қиялымен ерекшеленеді. Өйткені, би орындаушының күйі оның сезімін, көңіл-күйін білдіреді және соған сәйкес мазмұнда орындалады» [128,б. 193].

Автор «қазіргі хореография өнерінің даму ерекшелігі педагог-хореографтарды дайындаудағы хореографиялық білім дей отырып, біріншіден, студент-хореографтар оқыту процесінде меңгеретін дәстүрлерді сақтау жүйесін, оларға өзінің пайымдарын, түсінігін және бірегейлікті енгізу арқылы жаңа хореографиялық мектепті құру қажет», - деп есептейді. Хореографиялық білім берудің мақсаты кәсіби хореографиялық мәдениеттің негізін немесе іргетасын қалыптастыру (классикалық би, халықтық сахна биі, тарихи-тұрмыстық би,

дуэт классикалық би, заманауи би, музыкалық тәрбие, театр мен балет тарихи, актерлық өнері, сахна өндірістік тәжірибе, татуласу (грим), бейнелеу өнері), студенттер тұлғасының зияткерлік, адамгершілік, эстетикалық, көркем және басқа да мәдениетін кіріктіру болып табылады [128,б. 194].

М.К. Буланкина кәсіби хореографиялық білім беру жүйесінде балет артистерін кәсіби дайындау процесінде хореографиялық арнаулы пәндерді оқытудың тиімділігін арттыру мәселесі қарастырады. Автор сабақтардың педагогикалық ерекше қырларын сипаттап, педагог-хореографтар және концертмейстерлердің міндеттерінің шеңберін айқындайды, болашақ балет артистерінің музыкалылығын дамытудың рөлін сипаттайды. Сондай-ақ, педагог-хореографтар мен балет концертмейстерлерінің біріккен педагогикалық іс-әрекетінің тиімділігін арттырудың ең маңызды міндеттері «педагогикалық процестің толыққанды қатысушылары ретінде арнаулы хореографиялық пәндердің оқытушылары мен концертмейстерлердің жұмысы процесінде, оқушылардың тұлғалық ерекшеліктерін ашу, олардың қабілеттерін дамыту, әсіресе музыкалылық, би қабілеттілігін, өзінің болашақ кәсібін эстетикалық көруге қабілеттілігін дамыту», - деп санайды [135, б. 13].

Осы тұрғыдан болашақ балет артистерінің кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру тұрғысынан автордың педагог-хореографтардың музыкалық құзыреттіліктерін және концертмейстерлердің педагогикалық дамытудың аса маңыздылығы туралы пікіріне назар аудару қажет. Сонымен бірге арнаулы хореографиялық пән бойынша сабақ туралы хореографиялық пәндердің болашақ мамандардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруға негіз болатын кейбір мүмкіндіктерін: «арнаулы хореографиялық пән бойынша, мысалы классикалық би сабағы контрастты музыкалық және пластикалық бейнелер жиынтығы. Мұнда балет өнерінің музыкалық және орындаушылық негізі, музыкалық, хореографиялық және әдеби (лингвистикалық, сөйлеу) интонацияның интонациялық-пластикалық және көркемдік бірлігі ретінде музыка, әдебиет, тіл және хореографияны синтездеу принципі жүзеге асады», - деп атап көрсетеді [135, б. 14].

Сонымен, мұндай интонациялық-пластикалық және көркемдік бірлік хореография саласы ішінде және өнер салалары аралық кәсіби ұтқырлықтың негізін қалайды. Зерттеу барысында хореографиялық сабақтардың міндеттерін тереңірек зерделеген зерттеушілер еңбектеріне де талдау жасалады. Мысалы, М.К. Буланкина міндеттерді төмендегідей топтастырады:

- білімдік: хореографиялық және музыкалық өнердің өзара байланыстылығын түсінуді нығайту;

- тәрбиелік: оқушыларды әлемдік музыкалық классиканың қазыналарымен тансытыру; сабақта олардың шығармашылық әлеуетін толығырақ жүзеге асыруға мүмкіндік жасайтын эмоционалдық жағымды, шығармашылық атмосфера құру;

- дамытушылық: музыкалық талғамды, балет өнерінің синтетикалық табиғатын және көркемдік ерекшеліктерін түсіну, тыңдау, талдау және

музыкалық хореографиялық дағдыларын, музыкалық және хореографиялық бейнелерді өз бетінше жасау икемділіктерін қалыптастыру [135, б. 15].

Бүгінгі таңда хореограф-мамандардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру мақсатында кәсіби даярлауға бағыт-бағдар берудің маңыздылығы ғалымдар назарынан тыс қалмаған. Қазіргі уақытта педагог-хореографтар мен концертмейстерлердің кәсіби құзыреттіліктері біріккен іс-әрекетіндегі кәсіби рөлдердің бірін-бірі толықтыруы және өнерлердің синтезі қағидасында көрініс табады, онсыз шынайы шығармашыл тұлғалар мен оқушыларды дамыту мүмкін емес. Теориялық пәндерді оқытуда педагог оқушылармен тәуелсіз, бөлек жүргізуші ретінде жұмыс істейтін болса, ал арнаулы хореографиялық пәндер педагог мен концертмейстердің тандемін талап етеді, олардың жалпы ортақ күш-жігерімен педагогикалық процестің сапасы анықталады.

Б.П. Юсовтың еңбегінде оқушылардың полиөнердің дамуы мәселесі қарастырылған. Мұнда оқушылар бір ғана емес, бірнеше өнер түрлерін өзара байланыста меңгереді. Мұның жеке бір өнер түрін меңгеруден айрықша артықшылықтары бар. Полиөнерлік білім өнер түрлерінің өзара әрекеттесуі мен кірігуін талап етеді [136, б. 76].

Сондықтан кәсіби ұтқырлық болашақ маманға бір кәсіп шеңберінде өз мамандығын ауыстыруға, немесе өз кәсібіне «байланысты» мамандыққа өзгертуге дайын болуға қолайлы жағдай жасайды. Өнер саласында білім берудің жоғарыда сипатталған тұғырлары болашақ мамандардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруға негіз болады. Өйткені, болашақ мамандар қатарынан бірнеше өнер салалары бойынша білімдерді өзара әрекеттестікте, байланыста, кірігуде меңгереді. Бұл білімдер мен икемділіктер өнердің түрлі салаларын меңгерудегі жалпы қырларды, өнер салалары бойынша жалпыланған құзыреттіліктерді де меңгеруге мүмкіндік туғызады. Жалпыланған және жеке бір өнер саласында нақтыланған құзыреттіліктер болашақ өнер саласы маманының сала ішіндегі кәсіби ұтқырлығына мүмкіндік ашады, мұндай маман нарық қажеттіліктері мен өзгерістеріне қарай өзінің мамандығын оңай өзгерте алатын болады.

И.А. Пецина кәсіби ұтқырлық педагог-музыканттың жұмыс жасау сипаттамаларының бірі ретінде қарастырады. Музыка пәні мұғалімінің көп аспектілі іс-әрекеті тиімділігінің жоғары тұрақтылығын сипаттайтын педагогикалық шығармашылыққа негіздеме беріп, педагог-музыканттың кәсіби ұтқырлығы жүйесінде креативтілік кәсіби маңызды құзыреттілік ретінде өзекті деп санайды. Автор еңбек іс-әрекетінің жаңа түріне тәуелді кәсіби ұтқырлықты қалыптастырудың тұғырларын талдай келе, олардың жеке креативтілік іс-әрекет үстемдік ететін шығармашылық мамандықтар үшін қолданылмайтындығына назар аударады. Мысалы, педагог-музыканттың кәсіби іс-әрекеті кәсіби және тұлғалық рефлексияға негізделген, педагогикалық шығармашылық музыка пәні мұғалімінің кәсіби дамуы мен кәсіби табыстылығын анықтайды [120, б. 59].

Педагогикалық шығармашылық педагог-музыканттың гуманистик бағытталған іс-әрекетінің жемісі, қалыптасқан педагогикалық жағдайларға

жылдам бағдарланып, кәсіби өзіндік талдау негізінде шығармашылық білімі мен тәжірибесін қолданып икемді, стандартты емес шешімдер қабылдайды. Бұл дер кезінде үздіксіз өзін-өзі жетілдіруге, дербестік мен бастамашылдық танытуға, сондай-ақ ғылым мен тәжірибе жетістіктерін педагогикалық процеске ендіруге мүмкіндік берсе, ал креативтілік іс-әрекеттің кәсіби маңызды мінездемесі ретінде музыкадан сабақ беруде және музыканы орындауда белсенділік, икемділік, өзгергіштік, тұрақты тиімділік мен өнімділік секілді сапалардың дамуына мүмкіндік береді [120, б. 60].

Сондықтан өнер саласы мамандарын даярлау мәселелеріне арналған басқа да еңбектерді талдау нәтижесінде, педагогикалық шығармашылық пен креативтілік өнер саласы маманының кәсіби ұтқырлығын шарттайтын негізгі сапаларға жатқызылады. Н.В.Кузьмина педагогикалық жүйені зерттей отырып, оның құрылымдық элементтерін бөліп көрсетеді: педагогикалық жүйенің мақсаты, меңгеру пәні ретінде оқу және ғылыми ақпараттар; педагогикалық жүйенің мақсатына қол жеткізу үшін педагогикалық әсер ету құралдары, формасы мен әдістері (педагогикалық коммуникация құралдары); білім алуға сұранысты сезінетін білім алушылар (оқушы, студент, т.б. субъектілер); педагогикалық жүйенің мақсатына сәйкес педагогикалық әсер ету объектісі (білім алушы) жөніндегі психологиялық біліммен қаруланған, белгілі ақпараттарды, коммуникация құралдарын меңгерген педагог [137, б. 172].

Сонымен бірге ғылыми әдебиеттерді талдау барлық жүйеге ортақ белгілерді (тұтастық, синергиялық, иерархиялық, құрылымдық) анықтауға және жүйенің жіктелуін (монокомпонентті және поликомпонентті; динамикалық және статистикалық; ашық және жабық; детерминацияланған және ықтимал; жасанды және табиғи; қарапайым және күрделі) ұсынуға мүмкіндік береді.

М.А. Холоднаяның пікірінше, әрбір жүйені дамытудың төрт деңгейі бар: диффузиялық тұтастық (жүйенің ғаламдық тұтастық күйі); жүйелі дифференциация (белгілі дәрежеде автономды қызмет жасайтын элементтері айқын); жүйелі интеграция (жүйе компоненттері арасындағы өзара байланыс пен тәуелділіктің қалыптасуы); иерархиялық интеграция (жүйенің сыртқы факторынан тыс еркін қарым-қатынастағы элементтердің болуы) [138, б. 410].

Жүйелілік тұғыр сыртқы ортамен қарым-қатынастағы мақсаты мен ресурстары, кері байланысы бар өзара байланысты элементтер (компоненттер) жиынтығы ретінде қарастырылатын кез келген жүйеге (объектіге) тән тәсіл. Ол табиғат, қоғам, адамзат ойлауында өтетін үрдістерді зерттеудің таным және диалектикалық теорияларының формасын көрсетеді.

Біздің зерттеу контекстімізде жүйе келесі компоненттерден тұрады:

- тұлғалық факторлар: болашақ хореографтардың мүмкіндік беретін эмпатия, әлеуметтік интеллект, мотивация, рефлексивтілік;
- оқыту процесіндегі әртүрлі практика түрлері (оқу таныстыру, психологиялық-педагогикалық, өндірістік педагогикалық), тұлғалық өсу және әлеуметтік-психологиялық тренингтер енетін оқыту процесі;



- кәсіби ұтқырлық компоненттері: мақсаттық-мотивациялық, мазмұндық-танымдық, эмоционалдық-құндылық, әлеуметтік-коммуникативтік.

Қоғамдағы әлеуметтік қарама-қайшылықтар кез келген жағдайдағы мәселені шешуде болашақ мамандардан өз кәсібіне тұрақтылығын, сенімділігін талап етеді. Бұл жоо-ны түлектерінің кәсіби іс-әрекетке дайындығына қойылатын талаптардың жоғарылағанын көрсетеді. Болашақ мамандарды әртүрлі сала бойынша кәсіби даярлау, кәсіби қалыптастыру мәселесі қазақстандық және ресейлік ғалымдар (Э.Ф. Зеер, А.К.Маркова, В.А.Сластенин, Н.Д.Хмель, А.А. Бейсенбаева, К.К. Жампеисова, Н.Н. Хан, Р.К. Төлеубекова, Қ.Қ. Шалғынбаева т.б.) зерттеулерінде көрініс табады.

В.А. Сластениннің пікірінше, кәсіби даярлау тұлғаның кәсіби іс-әрекетті біліктілікпен жүзеге асыру қабілеті, сондай-ақ теориялық және практикалық дайындығының бірлігі деп тұжырымдалады [95,б. 147].

Сондықтан зерттеу барысында болашақ педагог-психологтарды кәсіби даярлау құрылымын, оны жетілдіру мәселесін қарастырған ғылыми зерттеу жұмыстарына талдау жасалды. А.Б. Бекманова кәсіби даярлау болашақ педагог тұлғасының құрылымына енеді дей отырып, оны сол іс-әрекетті жетілдіретін жаңа білім, білік және дағдыны меңгеруге талпынуды сипаттайтын интегралды динамикалық білім деп анықтайды [139, б. 22].

М.В. Семенова кәсіби даярлау негізі тұлғалық бағыттылық болып табылатын практикалық іс-әрекет тәжірибесіне интеграцияланған гностикалық, процессуалдық, коммуникативтік, тұлғалық, шығармашылық және рефлексивтік компоненттерде көрініс табатын кәсіби іс-әрекет субъектісі ретінде болашақ педагог тұлғасының сапалы сипаттамасы деп айқындайды [140, б. 25].


Н.Р. Шаметов педагогты жаңа типтегі кәсіби оқытуға даярлау түйінді, педагогикалық-психологиялық, техникалық-технологиялық құзыреттіліктер мен метакәсіби сапалар интеграциясына негізделген кәсіби білім беру стандартының талаптары деңгейінде нақты мамандандырылуы шеңберінде кәсіби оқыту мен тәрбиелеуді біліктілікпен жүзеге асыру қабілеті деп сипаттайды [141, б.25].

И.А. Зими́на кәсіби даярлау ұғымын анықтауда Дж.Равеннің «даярлау – бұл нақты пәндік салада нақты әрекетті тиімді орындау үшін қажетті өзіндік ерекше қабілет, оған мамандандырылған білім, пәндік дағды, ойлау тәсілі, сонымен бірге өз әрекетіне жауапкершілігін түсіну енеді» деген пікірін қолдай отырып, біліктілігін көтеру жүйесіндегі практикалық психологтарды кәсіби даярлау мәселесін зерттейді [142, б.23].

Сонымен кәсіби даярлау мәселесін алыс және жақын шетелдік, отандық ғалымдар талқылауда жоғарыдағы ғалымдар еңбектерінің маңызы зор. Әртүрлі сала мамандарын, педагогтарды кәсіби даярлау мәселесін зерттеу бойынша ғалымдары тәжірибесі жеткілікті деңгейде қалыптасқан. Дегенмен де, болашақ хореографтарды даярлау және олардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру әлі де жеткілікті деңгейде арнайы қарастырылмайды.

Кәсіби іс-әрекет - адамның рухани және материалдық, жеке, қоғамдық қажеттіліктеріне жауап беретін, нәтижеге бағытталған адамның белсенді әрекеті. Кәсіби іс-әрекет құрамына жалпы әрекеттің құрамындағы мотивтер, мақсаттар, құралдар, әрекеттің тәсілдері мен түрлері, алынған нәтижелер мен өнімдер енеді.

Осы орайда болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру жүйесі оның кәсіби іс-әрекетінің құрылымы, олардың мазмұндық сипаттамасы арқылы ашып көрсетіледі (сурет 5).



Сурет 5 - Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру жүйесі

Кәсіби іс-әрекет осыған сәйкес адамнан кәсіби білімді, арнайы дағдылар мен кешенді біліктіліктерді және маңызды кәсіби сапаларды қажет етеді. Кәсіби білім алу барысында тұлға өзін-өзі анықтауға, өзін-өзі жетілдіруге, өзін-өзі

тәрбиелеуге, өздігінен білім алуға, өзін-өзі іске асыруға және де өзін-өзі бағалауға талаптанады.

Сондықтан зерттеу барысында болашақ хореографтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру процесіне әсер ететін факторларды, бұл үрдістің мәнін қалай түсінеміз, педагогикалық және психологиялық іс-әрекет және т.б. сұрақтар туралы пікірлерін білу мақсатында арнайы диагностика мен әдістеме жасау қажеттілігі айқындалды. Болашақ хореографтың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруда кәсіби білімдер мен орындаушылық дағдылар мен икемділіктердің орны мен рөлі жоғары болғанымен, оның кәсіби ұтқырлығы хореографтың тұлғалық-психологиялық сипаттарын дамытусыз мүмкін емес. Қазіргі заманғы хореографтың іс-әрекетінде психологиялық құзыреттілік, оның орындаушылық немесе педагогикалық қабілеттерінен, би техникасын жете меңгеруден аз емес.

Хореографиялық педагогика саласындағы іргелі зерттеу жұмыстарында маманды кәсіби дамытудың негізі кәсіби іс-әрекетті мотивациялау мен кәсіпке құндылық қатынас екендігіне ерекше назар аударылады (М.Н. Юрьева [44,б. 570], Е.А. Бережная [45,б. 235], К. Кульбекова [49,б. 444], Б.С. Тлеубаева [150, б.139], т.б.). Хореографиялық іс-әрекеттің мотивациясын мотивацияның негізгі көзі болып табылатын қажеттіліктерді, іс-әрекеттің тұлғалық мағынасының көрінісі болған қатынасты және заттандырылған қажеттілік ретінде мотивтерді кіріктіретін объективті және субъективті себептер (қозғаулар) сипаттайды. Бірақ болашақ хореографтардың кәсіби мотивациялау нақты мақсатқа және құндылықтарға бағытталған болуы қажеттігін ескерсек, онда болашақ хореографты кәсіби іс-әрекетке мотивациялауды оның қажеттіліктерін қамтамасыздандыруға бағытталған хореографиялық іс-әрекетке тұлғалық-мағыналық, шығармашылық, танымдық, коммуникативтік қатынас ретінде сипаттауы мүмкін.

Болашақ хореографтың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру мәселесін ғалымдар әр түрлі тұрғыдан қарастырған. Отандық ғалым А.К. Кульбекова Қазақстанның жоғары оқу орындары мен мәдениет мен өнер мекемелеріндегі оқу-шығармашылық процесс жағдайларында хореографтардың кәсіби шеберлігін қалыптастыру мәселесін зерттей отырып, хореографтардың кәсіби шеберлігін қалыптастыруда жүйелілік және прагматикалық әдіснамалық тұғырлар негізінде шешуді ұсынады. Автордың пайымдауынша «Қазақстанның жоғары оқу орындарында хореографтарды дайындау және жергілікті мәдениет пен өнер мекемелер қызметінің өзара әрекеттесуін дұрыс ұйымдастырған жағдайда болашақ мамандарды қалыптастыру және хореографтардың қалыптасуы тиімділігіне бағытталған» [49, б. 151].

Хореографиялық білім педагогикасы саласындағы педагог-ғалым А.К.Кульбекованың пікірінше, «хореографиялық факультеттердің бітірушілері әртүрлі мәдени-сауықтыру, әлеуметтік-мәдени түрдегі ұйымдарды жұмыс істейді: хореографиялық ансамбльдер, халық шығармашылығы орталықтары, өнер мектептері, мәдениет үйлері, т.б. Бұл кәсіби міндеттерді толықанды

орындау үшін қажетті білімдерді үздіксіз жаңғыртуды талап етеді. Өкінішке орай, бүгінгі таңда Қазақстанның жоғары оқу орындары мен мәдениет пен өнер мекемелерінде дайындалатын болашақ мамандар өсіп бара жатқан кәсіби талаптарға барлық жағынан сәйкес келетін білімдер мен икемділіктерді алмай отырғандығы мамандардың кәсіби шеберлігін одан әрі жетілдіруге деген қажеттілікті шарттайды. Хореографтарға кәсіби білім беру жалпы деңгейінің артуы, олардың өзін-өзі жетілдіруге қажеттіліктерін арттырады» [49,б. 134].

Сонымен бірге жоғары оқу орындары мен мәдениет ұйымдарында хореографтардың білімдері, іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруға жүйелі тұрғыдан келудің бірнеше әдістемелік тәсілдерін қарастырады, олар:

- оқу-шығармашылық процесс жағдайында қазақ биі бойынша хореографтардың білімдері, іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруда пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру;

- қазақ биі бойынша хореографтардың білімдері, іскерліктері мен дағдыларын қалыптастырудың дидактикалық қағидаларын анықтау және оларды іске асыру;

- жоғары оқу орындары мен мәдениет мекемелерінде қазақ би өнері бойынша ұйымдастырушылық және орындаушылық іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру;

- шығармашылық қабілетті қалыптастырудың жүйетүзуші элементі ретінде студент-хореографтардың өзіндік оқу-танымдық жұмыстарын ұйымдастыру;

- жоғары оқу орындары мен мәдениет мекемелерінде хореографтарды дайындау бағытындағы іс-әрекеттерді кіріктіру.

Б.С. Тлеубаева педагог-хореограф тұлғасының кәсіби маңызды сапаларын қалыптастыру объективті және субъективті, тікелей және жанама факторларға тәуелді болғанын зерттей отырып, олардың ішінде студенттерді оқу-тәрбие процесіне және өзіндік білім алу мен өзін-өзі жетілдіру процестеріне кіріктіру, сондай-ақ белгілі педагогикалық шарттар болып табылатын қажеттіліктер, қызығушылықтар мен мотивтерді анықтайтын педагогикалық басқарылатын процесс ретінде анықтайды [50,б. 39].

Б.С. Тлеубаева болашақ педагог-хореограф жақсы білуі қажет болған мектеп деңгейінде хореографиялық дайындық мазмұнын талдау, барлық іскерліктер мен дағдылар күнделікті жаттығу, белгіленген қағидалар мен ұдайы сахналық тәжірибені орындау процесінде меңгеріледі. Осы байланыстарда хореографиялық циклдағы пәндерді оқытудың мақсаты іс-әрекетсіз теориямен немесе іс-әрекеттің кез келген өнердің көркемдік және техникалық ерекшеліктері туралы негізгі білімдерсіз қол жеткізуге болмайды», - деп жазады [50,б. 50].

Қазіргі таңда балеттік педагогикаға қойылған талаптарды түзету және оны нақтылаудың қажеттілігі орындаушылық шеберлігінің деңгейін арттыруға әсер ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады. Классикалық биді жаңа техникалық және мәнерлі мүмкіндіктермен байыту процесі хореографиялық

білім беру жүйесін, оқыту әдістемесін жетілдіруді талап етеді. Мұндай қайта құру бүгінгі таңда қозғалыс процесімен тікелей байланыстағы ғылым салаларының (биомеханика, анатомия, физиология т.б.) бірқатар жетістіктерімен дайындалған. Ол өз дене қимылдары арқылы кез келген балетмейстерлік жұмысын оның би-пластикалық тілінің стилі мен сипатына қарамастан, өмірде нақтылы түрде көрсетуге қабілетті әмбебап-бишіні талап ететін қазіргі балет театрының сахналарындағы шығармашылық процестің қазіргі заманғы ерекшеліктерімен шартталады. Көркем-шығармашылық даму үстем міндет болуы, би әрекеттерінің жеңілдігі мен үйлесімдігіне қол жеткізумен тікелей қатысты болған оқушы денесін физикалық және техникалық тәрбиелеу - балет артистерін дайындау құралдарының бірі. Осы ережені болашақ педагог-хореографтарды дайындауда ескеру қажет [50,б. 51].

Қазіргі педагог-хореографтарға өз кәсіби көзқарастарын жылжытуға еркіндік берілген, оған тек «өз позициясын еркін таңдауға» ғана емес, оны дәйекті қорғауға да жағдай туғызылады. Бұл жерде өзінің тұлғалық әлеуетін шығармашылық жүзеге асыруға, объективті және субъективті факторлар негізінде қарама-қайшылықтарды диалектикалық талдауға қабілеттілік көрініс табады. Бұл шығармашылық іс-әрекеттің маңызды тетігі болған хореографияда жаңа, перспективалық бағыттарды айқындайды [50, б. 56].

Сонымен мектеп деңгейіндегі хореографиялық дайындықтың мазмұнына талдау жасау жоғары білім жүйесінде болашақ хореографтарға арнаулы білім берудің ерекше қырлары анықтауға мүмкіндік береді. Жоғары оқу орнында хореографиялық пәндерді оқытудың ерекшеліктерін анықтауға арналған зерттеулерде хореографиялық педагогика құралдарымен болашақ педагог-хореографтың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруға дидактикалық негіздеме болатыны тұжырымдалады.

Сондықтан дидактикалық тұрғыдан болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруға негіз болатын хореографиялық теория мен тәжірибелік іс-әрекеттерді ықпалдастыру немесе интеграциялау, хореографиялық пәндерді оқыту әдістемелерін шектес ғылым салаларының жетістіктерін пайдаланып пәнаралық деңгейде жетілдіру қағидалары сипаттауға болады. Хореографиялық педагогика оқытуды рәсімдеу формализациялаудан арылуы, яғни мектеп мен театрдың жанды байланыстарын бекіту, бір-бірінің шығармашылық дамуына қолдау көрсетуі, ұрпақтар байланысын үзбеу, дәстүрлер сабақтастығын қамтамасыз ету - болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудағы дидактикалық ұстанымдардың қатарына жатады.

Кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру студенттерде өзін-өзі дамытуға, өзін жетілдіруге ұмтылыстарды тәрбиелеумен байланысты. Бұған болашақ хореограф ретінде студенттердің меңгерілетін кәсіби білімдердің «тұлғалық мағынасын» терең пайымдаулары, білімдерді меңгеруге қажеттіліктерінің болуы, әр түрлі мәселелер бойынша өз пікірлерін негіздей білуі, шынайы хореографиялық процестерде «жаңа» сипаттарды анықтай білуі, оқу сипаттағы

мәселелер мен тапсырмаларға жеткілікті дәрежеде еркін бағдар алу мүмкіндік береді. Кәсіби ұтқырлық қалыптастырудың тағы бір қағидасы - оқу сипаттағы хореографиялық мәселелер мен тапсырмаларға жеткілікті дәрежеде еркін бағдар алу, ойлаудың креативтілігі мен перспективалылығы. Жалпы, болашақ хореограф кәсіби іс-әрекет тәсілдерін шығармашылық деңгейде меңгеруі оның кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруда маңызы зор.

Заманауи хореографтың шығармашылық іс-әрекеті мынандай психологиялық-педагогикалық тетіктерді кіріктіретін, өзінің арнаулы құрылымдық-мазмұндық құрамымен сипатталады: хореография саласындағы қазіргі құбылыстар мен процестерді, оның күйін, мәселелерін білу, оларға өзіндік баға бере алу; хореография саласындағы озық тәжірибелерді зерделеу, қорыту және өзіндік іс-әрекетте пайдалану; кәсіби маңызды хореографиялық мәселелердің шешімдерінің әртүрлі нұсқаларын ұсыну және негіздеу; хореографиялық мәселелерді пайымдауда өзінің тұлғалық-кәсіби ұстанымын көрсету; хореография саласындағы алдағы өзгерістер, жаңа перспективалық бағыттарды көре білу; өзіндік кәсіби шығармашылық ойлауын дамыту, психологиялық дағдыларын (шығармашылық көңіл-күй, стресстерге тұрақтылық т.б.) нығайту; кәсіби деформацияланудың алдын алу тәсілдерін меңгеру және пайдалану; икемді дағдыларды (ұдайы білімін жетілдіру, тиімді коммуникация құру, жаңалықтарды қабылдау және оларға жылдам бейімделу т.б.) меңгеру, әрқандай жаңалықтар мен өзгерістерді қабылдауға даяр болу [143,б. 76].

Сонымен, бұл ерекшеліктер жоғары оқу орындарында болашақ хореограф мамандардың өзгерістерге жылдам бейімделуі, карьералық өсуі, қажет болған жағдайларда өнер саласының басқа да бағыттарында қызмет жасауға даяр болуына қажетті кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыруға негіз болады. Демек, болашақ хореографтарды дайындауда кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру процесінің тиімділігін қамтамасыз ететін педагогикалық-психологиялық шарттарды анықтау міндеті қойылды.

Осы тұрғыдан, болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру мәселелеріне арналған зерттеулерге жан-жақты талдау жүргізілді. И.А. Бутова музыкалық колледжде оқыту процесінде болашақ хореографтың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру мәселесін зерттеп, музыкалық колледжде хореограф-концертмейстердің кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың мынандай педагогикалық шарттарын анықтады: хореографиялық, театрлық, академиялық және эстрадалық-джаз музыкалық өнері салаларында концертмейстердың когнитивтік тәжірибесін жалпылайтын жаңа білімдерді меңгеру есебіне студенттердің теориялық дайындық деңгейін тереңдету; өндірістік іс-тәжірибе базасында (хор, эстрадалық, би, театрлық) шығармашылық ұжымдардың репетиция, қойылым, сахналық процестеріне студенттерді кіріктіру есебіне орындаушылық дайындықты кеңейту; контексті модельдеу, оқытудың интербелсенді әдістерін қолдану оқытудың әр түрлі

концертмейстерлік (орындаушылық, репетиторлық, ұйымдастырушылық) қызметтерді игеру бағытында жүзеге асыру [46, б.217].

Н.В. Романова классикалық бидің қазіргі хореографияға әсерін, жоғары және арнаулы білім беру ұйымдарында классикалық би бойынша білім бағдарламаларын қазіргі заманғы хореографияны оқып-үйренуші студенттерге бейімдеуді қарастырады. Автордың пайымдауынша, «Қазіргі таңда бидің заманауи бағыттары саласында мамандарды даярлау үшін пайдаланылып отырған орындаушылар мен хореографтарды кәсіби оқыту әдістемелерін бейімдеу тәжірибесі би өнері дамуының әлемдік тенденцияларын толығымен көрсетуі, заманауи биге қажетті шығармашылық еркіндікті шектемеуі тиіс. Студент-хореографтарды оқыту өзекті педагогикалық міндет қояды; кәсіби білімдер, икемділіктер мен дағдыларға үйрету, орта және жоғары білім жүйесінде кәсіби іс-әрекеттің болашақ ерекшелігі тұрғысынан ғана емес, шығармашылық даму тұрғысынан студентті қалыптастыру моделін әзірлеу керек [144, б.79].

Жоғары оқу орнында болашақ хореографтың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың маңызды педагогикалық шарты ретінде қазіргі дәуірдегі инновацияларға байланысты кәсіби шеберліктің үш саласында (педагогикалық, орындаушылық және балетмейстерлік) өзін аша білуге қабілетті тұлғаны дамыту деп, ал кәсіби оқытудың басты мақсаты маманды әмбебаптандыру және қазіргі шығармашылық әлемді жеке қабылдауды дамытумен бірге хореографияның қазіргі заманғы бағыттарына, іргелі пәндерге назар аудару, соның негізінде оқыту процесін толық сәйкестендіру маңызды деп тұжырымдалады

Сондықтан болашақ хореографтар ретінде студенттің ертеңгі күнде жұмыс істейтін кәсіби және әлеуметтік ортаның талаптарына сай, кәсіби әлемде бүгін көрінбейтін, ал ертеңгі жаңалықтар, өзгерістерге орай пайда болатын жаңа жағдайларға даярлығын қалыптастыру, оның шығармашылық дамуын қамтамасыз ету керек. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау нәтижесі болашақ маманның кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру жоғары оқу орнындағы болашақ даярлау процесінің мәнді құрамдас бөлігі екендігін, оның өзіне тән ерекше заңдылықтары мен қағидалары болуын көрсетеді. Сонымен бірге кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру процесі тұтас педагогикалық процесінің заңдылықтары мен қағидаларына негізделеді.

ЖОО-ында болашақ мамандарды дайындаудың жетекші формаларын зерделеу негізгі төрт іс-әрекет түрлерін ажыратуға және оларды қысқаша сипаттауға мүмкіндік береді:

- оқу іс-әрекеті, оқытудың дәріс-семинар формалары арқылы теориялық білім алады, ал іс-әрекеттің мазмұны ақпарат беру және қабылдау болып табылады;

- квазикәсіби іс-әрекетте тәжірибеге бағдарланған оқыту, оған оқу-жаттықтыру сабақтары, тренингтер, жобалау, концерттік-сахналық тәжірибе жатқызылады. Мұндағы іс-әрекеттің мазмұнын хореографиялық іс-әрекеттің

тұтас фрагменттерін модельдеуге (пәндік-технологиялық және әлеуметтік-рөлдік мазмұн) болады;

- оқу-кәсіби іс-әрекет әртүрлі практиканың түрлерін, оқу-зерттеу жұмысын, диплом жұмысын орындауды қамтиды. Мұнда іс-әрекет мазмұнын өз кәсібінің нормаларына сәйкес келетін кәсіби және әлеуметтік қатынастар құрастырады;

- кәсіби іс-әрекетте іс-әрекеттің бір базалық формадан басқасына ауысуымен болашақ хореограф ретінде студенттер оқу ақпараттарын хореографиялық іс-әрекеттің жоғарыдағы түрлерін жүзеге асырудың құралдары ретінде қолданудың дамыған тәжірибесін алады, шынайы кәсіби тәжірибені меңгереді, өз мамандығына табиғи түрде кіру мүмкіндігіне ие болады.

Болашақ мамандарды дайындауда кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру ЖОО-ындағы кәсіби білім беру процесінде жүзеге асырылады. Маманның кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруда оны даярлаудың ерекшеліктерін ескеру қажет, себебі кәсіби ұтқырлық сапалары арнайы кәсіби құзыреттіліктерінен тыс қарастырылуы мүмкін емес.

Қорыта келгенде, ЖОО-да кәсіби білім беру мәселелеріне арналған еңбектерді теориялық талдау, болашақ мамандардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру процесін зерттеуге негіз болатын аспектілерді айқындауға мүмкіндік береді:

- кәсіби білімнің салыстырмалы түрде дербестігі, оның көп қырлылығы, өнердің әр түрлі салаларымен кіріктірілуі, болашақ хореограф-маман дайындаудың сала шеңберінен шығу мүмкіндіктерінің болуы;

- болашақ мамандардың ЖОО-ғы кәсіби дайындалу процесіндегі жетекші іс-әрекет түрлерінің және жаңалықтар, өзгерістер жағдайындағы іс-әрекетке дайындауға, кәсіби-тұлғалық дамудың ішкі тетіктерін қалыптастыруға, өзін және айналадағы кәсіби ортаны өзгертуге даярлығын қалыптастыруға бағдарлануы;

- кәсіби білім мазмұны мен процесінің болашақ хореографты бір кәсіп шеңберінде өз мамандығын (балетмейстер, репетитор, педагог-хореограф, шығармашылық ұжым менеджері т.б.) өзгерту қабілеттілігін қалыптастыруға жағдай жасауы;

- болашақ мамандық шеңберінде (хореографиялық өнер қызметкерлерінің лауазымдары - бас балетмейстер, балетмейстер сахна режиссері, балет репетиторы, балетмейстер ассистенті, балет бишісі; балет, ән-би ансамблі, би тобы бишісі; хореографиялық ұжым (студия), ән-би ансамблі балетмейстері) өрістеуі;

- ЖОО-да болашақ мамандарға білім беру мазмұны белгілі дәрежеде студенттерді болашақта өз кәсібін іс-әрекет сипаты бойынша жақын, түбегейлі жаңа білім мен дағдыларды меңгеруді талап етпеуіне байланысты кәсіпке ауыстыру (мысалы, хореограф концертмейстер, өнердің басқа салаларындағы кәсіптерге ауысып кетуге даяр болуы);



- болашақ мамандарға білім беру қазіргі тез өзгеретін әлемде өз кәсібін түбегейлі өзгертуге (әмбебап құзыреттіліктерді қалыптастыру, болашақ хореографтарды дайындауға мәдениеттанымдық тұрғыдан келу) даяр болуы.

## **2.2 Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары**

Болашақ хореографтарды дайындауда студент-хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруды қамтамасыз ететін, оқу процесінің мазмұнын құрастыру мен ұйымдастырудың жана мүмкіндіктерін анықтау өте маңызды. Бұл мүмкіндіктер психологиялық-педагогикалық шарттар ретінде тұжырымдалады.

Зерттеу мәселесі бойынша әдебиеттерді және жоғары хореографиялық білім берудің озық тәжірибелерін талдау болашақ хореографтарға білім беру мазмұнының кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру міндеттеріне бағдарлануына және оны мамандар даярлаудың барлық кезеңдерінде жүйелі түрде жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Жоғары оқу орнында «Хореография» мамандығын студенттерді оқыту тәжірибесін талдау мамандықтың оқу бағдарламасы мазмұнын құрайтын оқу пәндерін оқыту мазмұны мен процесінің студент-хореографтардың кәсіби ұтқырлық сапаларын қалыптастыруға жеткілікті бағдарлануын көрсетеді. Оның негізгі себебі, оқу бағдарламасы мазмұнын құрастыруда, әсіресе оны іске асыруда кәсіби ұтқырлық факторын өзектендірудің жеткіліксіздігі. Оқу модульдерін, оқу пәндерін және олардың бағдарламалық мазмұнын таңдауда басшылыққа алынатын дәстүрлі факторлар (қазіргі мәдениет мен өнер саласының қажеттіліктері және хореограф-маманның кәсіби құзыреттіліктеріне қоятын талаптары, жұмыс берушілердің сұраныстары, хореографиялық білім берудің әдіснамалық тұғырлары, мәдениет мен өнер саласындағы жаңалықтармен қатар кәсіби ұтқырлық факторын ескерудің мәні мен маңызы жоғары [145, б. 3].

Бакалавриаттың «Хореография» мамандығы білім беру бағдарламасында қарастырылған бірде-бір пән студент-хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудан тыс қалмайды. Мысалы, «Қоғамдық пәндер ұлттық сананы қалыптастыру және рухани жаңғыру» модулына енген оқу пәндеріне – «Қазақстанның қазіргі тарихы», «Философия», «Қоғамдық сананы жаңғыртудың өзекті мәселелері» жатады.

Бұл оқу пәндері студенттерге қазіргі адамзат өркениетінің даму ерекшеліктерін, төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында тез өзгеретін әлем, құндылық бағдарлардың өзгеруі, таяу болашақта көптеген кәсіптер мен мамандықтарға сұраныстың болмауы, коронавриус пандемиясынан кейінгі дәуірде әлеуметтік-экономикалық салада, адамзат санасы мен өмір салтында күтілетін өзгерістер туралы білімдерді меңгеруге мүмкіндік береді.

Студент болашақ хореограф ретінде алдағы өзгермелі әлемде өмір сүретіндігін, бір кәсіп шеңберінде өз мамандығын өзгертуі мүмкіндігін, тіпті басқа өнер салаларында жұмыс істеу қажеттілігі туындауы мүмкіндігін, қызмет бабында үнемі жаңалықтар мен өзгерістерге тап болатындығын жақсы түсінетін деңгейде болуы тиіс. Ендігі хореограф-маман тек тар кәсіби қызметтер шеңберінде құзыретті болмай, кәсіби ұтқыр болуы қажеттілігін қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндерді оқып-үйрену барысында жете пайымдауы керек.

«Өзін-өзі тану» курсы студент-хореографтардың психологиялық білімдері мен дағдыларын қалыптастырады, өзгерістер мен жаңалықтарға байланысты еңбек жүктемесінің артуы, кәсіби-әлеуметтік ортаға бейімделу, кәсіби қарым-қатынасмен байланысты психологиялық мәселелерді дербес шешуге қажетті болған құзыреттіліктерді қалыптастырады. Курс шеңберінде студент кәсіби өмірдегі қозғалыстар жағдайында өзін-өзі өзектендіру, өзіндік даму, өз қабілеттері мен мүмкіндіктерін барынша толық жүзеге асырудың психологиялық тетіктерін, психотехникаларын меңгереді.

«Сахна шеберлігі негіздері», «Режиссура және актерлық шеберлік негіздері», «Хореографиялық пәндерді оқытудың әдістемесі» пәндерін оқып-үйренуде іс-әрекеттің бір түрінен басқа түріне ауысуға жаттықтыруға болады: мысалы, би-орындаушылық іс-әрекетінен музыкалық іс-әрекетке, одан көркем іс-әрекетке, ал одан педагогикалық іс-әрекетке өту. Әрине студенттер қосылатын іс-әрекет түрлерінің өзегі хореографиялық іс-әрекет болады, ал басқа іс-әрекет түрлеріне осы негізгі іс-әрекет түрінен ауысу кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру тұрғысынан тиімді болады. Студент-хореографтардың іс-әрекет түрлерін өзгерту осы кезде хореограф-маманның қызмет жағдайларын модельдейтін теориялық және оқу-ситуациялық деңгейде жүзеге асырылады.

«Классикалық хореография негіздері» модулін оқып-үйренуде, «Классикалық биді оқытудың әдістемелік негіздері», «Классикалық би жаттығуы I», «Классикалық биді орындау техникасы II» оқу курстарын оқыту процесінде студент-хореографтар арнаулы хореографиялық құзыреттіліктерден (классикалық би негіздерін және залдың ортасында жаттығуды орындау әдістері, классикалық би элементтерін әдістемелік және техникалық дұрыс орындау т.б.) аналитикалық іскерліктерге (балеттерден үзінділерді талдау, көріп алынған балет спектакльдері бойынша қорытындылар жасау) өтеді. Бұл білімдер мен іскерліктерді меңгеруге бағытталған оқу тапсырамаларын байланыстыру қажет.

«Хореография» мамандығының білім беру бағдарламаларында студент-хореографтардың әлеуметтік бейімделуімен тығыз байланысты болған коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту көзделеді. Сонымен қатар, болашақ хореографтардың орындаушылық білімдері, іскерліктері мен қабілеттерін қалыптастыру міндеттерін шешетін арнаулы курстарды оқыту студенттердің оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастырудың интербелсенді формалары мен әдістерін пайдаланған жағдайда, кәсіби ұтқырлықты қалыптастыруға негіз

болады (жеке және топтық сабақтарды біріктіру, көркем өнер туындылары мен құбылыстарын проблемалық талдау, билерді көрсету және оларды ұжымдық талдау мен талқылау т.б.).

Жоғары оқу орнында хореограф іс-әрекетінің көп функционалдық сипатына бағдар алуға хореографиялық білім беру мазмұнын әмбебаптандыру, шығармашылық іс-әрекеттің шектес салалары (музыкалық, театралдық, эстрадалық, ұйымдастырушылық-педагогикалық, мәдениет және өнер ұжымдарын басқару т.б.) бойынша пәндерді кіріктіру қажет.

Болашақ хореограф ретінде студенттер хореограф-маманның базалық қызмет функцияларын орындауға ғана емес, музыкант-концертмейстер, театр артисі, эстрада солисті, педагог-хореограф, менеджер қызметтерін істеуге де өтуге даяр болған жағдайда кәсіби ұтқыр болады. Яғни, хореографиялық өнер саласындағы іргелі педагогикалық білімдер, дағдылар мен икемділіктер, қабілеттер өнер шығармашылығын шектес салаларындағы құзыреттіктермен теңеседі.

Болашақ хореограф хореографиялық іс-әрекетті меңгере келе, өз мамандығына шектес басқа да өнер салалары мамандарымен тығыз өзара әрекеттесуге баулиды.

Көпфункционалды тұғыр негізінде хореографиялық білім берудің мазмұнын құрастыру, оны әмбебаптандыруға мынандай жолдармен қол жеткізіледі:

- «Хореографиялық іс-әрекет негіздері» интегративтік курсы енгізу;
- бакалавриаттың «хореография» мамандығы оқу жоспарларына «педагогика және психология», «хореографиядағы менеджмент», «музыкалық өнер негіздері», «театр өнеріне кіріспе» таңдаулы пәндерді кіріктіру;
- «Хореографиядағы кәсіби ұтқырлық» элективті курсы енгізу.

Кәсіби ұтқыр хореограф-маман моделін әзірлеу және оның негізінде жасалынған болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру әдістемесін енгізудің қажеттілігін айқындайды.

Педагогикалық модельдеу әдісін пайдалану жоғары оқу орнында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру процесін біртұтас жүйе ретінде сипаттауға мүмкіндік береді.

Кәсіби ұтқырлықты қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделі болашақ хореографтарды кәсіби қызмет саласындағы инновациялар мен өзгерістерге бейімделу қабілетін күшейту, кәсіби өсуге және дамуға қажетті жағдайларда өз кәсіби қызмет бағытын көп шығындарсыз өзгертуіне мүмкіндік беретін құзыреттіліктерді қалыптастыру процесін толықтай мінездейді.


Кәсіби ұтқыр хореограф-маман моделі шынайы тәжірибедегі хореограф-маманның жылдам өзгермелі қоғамдағы кәсіби қызметінің ерекше қырларын жан-жақты талдау және есепке алу арқылы әзірленеді. Өнер саласында қызмет ететін хореограф-маманның ұдайы жаңғыруларға, күрделеніп бара жатқан жаңа талаптарға, еңбек нарығындағы қиындықтар мен бәсекелестіктерге төтеп беріп

кана қоймай, осы өзгермелі жағдайларда табысты әрекет ету, шығармашылық қызметін одан әрі нығайтуына мүмкіндік беретін психологиялық-педагогикалық тетіктері мен шарттарын зерделеу арқылы әзірленеді.

Ұсынылатын модель болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру процесінің негізгі компоненттері, олардың тұтас педагогикалық процестегі өзара әрекеттесуі, функционалдық ерекшеліктерін сипаттайды.

Кәсіби ұтқырлықты қалыптастыруға бағдарланған хореографиялық білім беру процесін талдау оның мынандай негізгі құрауыштарын анықтауға мүмкіндік береді:

- мақсаты мен міндеттері, қалыптастыру қағидалары;
- дамуына әсер ететін факторлар, функциялары (қызметтері), ұйымдастыру тиімділігінің психологиялық-педагогикалық шарттары;
- мазмұны, технологиялары, күтілетін нәтижелері (сурет 6).



Сурет 6 - Хореографиялық білім беру процесінің құрауыштары.

Студенттердің оқу-танымдық іс-әрекетінің вариативтілігі, олардың кәсіби міндеттерді шығармашылық тұрғыдан, қалыптан тыс шешімдерін табу тәжірибесін қалыптастыру үшін шынайы өндіріс жағдайларын имитациялық модельдеу әдісі қолданылады, яғни хореографтың кәсіби функцияларын модельдейтін оқу-өндірістік тапсырмалар әзірленеді және пайдаланылады.

Бакалавриаттың 5B040900 - «Хореография» мамандығының білім беру бағдарламасын талдау болашақ хореограф меңгеруі тиіс болған, демек оқу курстары бағдарламалары мен оларды оқытудың технологияларында міндетті түрде көрініс табатын, практик хореографтың бірнеше функцияларын ерекшелеуге мүмкіндік береді. Олар:

- мектеп және басқа да ұйымдарда үйірме жұмыстарына жетекшілік жасау функциясы;

- білім беруді басқару ұйымдарында (білім бөлімдері мен басқармаларында) әдістемелік функцияларды орындау;
- классикалық, халықтық-сахналық, қазақ, заманауи хореография және спорттық бал билері педагогтарының функциялары;
- ғылыми-зерттеу ұйымдарындағы хореографиялық өнерді зерттеушілердің функциялары;
- шығармашылық ұжымдардағы бишілердің функциялары, шығармашылық ұжымдардың менеджерлерінің функциялары;
- хореография саласындағы кәсіпкерлердің функциялары [145, б. 4].

Сонымен бірге, хореограф іс-әрекетінің көп функционалдылығына, әсіресе бір сабақ аясында әртүрлі функциялардың кезектесуіне назар аударған жөн. Студент хореографтың қызмет функцияларының бір түрінен екінші түріне ауысу, әр түрлі кәсіби функцияларды біріктіру, әртүрлі кәсіби және әлеуметтік рөлдерді орындау дағдыларын игеруі керек. Бұл, шын мәнінде, кәсіби ұтқырлық үшін қажет дағдылар.

Оқыту процесінде педагогикалық хореографиялық іс-әрекетте жиі кездесетін оқу жағдайларын (оқу кейстерін) көрсететін жаттығу жағдайларын қолдану тиімді.

Хореографтың кәсіби функцияларын модельдейтін әр түрлі оқу және өндірістік жағдайлар қысқаша сипатталады. Ұйымдастырушылық функцияларды орындауға арналған тапсырмалар студенттердің хореография үйірмесінің жетекшісі қызметін орындауын болжайды.

Студенттер хореографиялық үйірменің жұмыс жоспарын жасайды және оның жұмысын ұйымдастыру бойынша жаттығулар жасайды.

Ұйымдастырушылық функцияларды орындай отырып, студенттер педагогикалық, содан кейін би-орындаушылық функцияларды орындайды (яғни, қазақтың халық биі бойынша оқу жұмыстарын өткізеді, олардың орындау тәсілдерін басқа студенттерге көрсетеді).

Сонымен қатар студенттер хореографиялық биші, шығармашылық хореографиялық топтың ұйымдастырушысы, шығармашылық топтың менеджері, шоу-бизнес кәсіпкері, хореографиялық мектептің оқытушысы, классикалық халық биін зерттеуші рөлдерін орындау бойынша тапсырмаларды орындайды, содан кейін олар рөлдерді ауыстырады.


Сонымен, студент-хореографтар оқыту процесінде және оқу (өндірістік) тәжірибе процесінде оқу орнын бітіргеннен кейін орындайтын кәсіби функцияларды және әлеуметтік рөлдерді жұмыс істеп өтейді.

Студенттердің кәсіби мобильділік дағдыларын қалыптастыру үшін өте маңызды болған функциялар мен рөлдердің өзгеруіндегі ұтқыр мінезі ерекше қызықтырады. Әлбетте, әр түрлі студенттер кәсіби хореографтың функциялары мен рөлдерін орындауда әртүрлі, кейде әлсіз қабілеттер көрсетеді.

Алайда, оқу процесінің мұндай ұйымдастырылуы болашақ қызметіндегі өзгерістер мен жаңашылдықтарға психологиялық даярлыққа жақсы серпін береді. Студенттердің кәсіби жолын жобалау және кәсіби өз-өзін тану

мотивтерін дамыту болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруда олардың кәсіби бағыттылығы, өзін-өзі тану мотивтерін дамытуы ерекше орын алады.

Бұл ұйымдастырушылық, әдістемелік, педагогикалық, функционалдық, басқарушылық, ғылыми-зерттеушілік және кәсіпкерлік функцияларды орындап меңгеруі нақты өндіріс процесіне еліктейтін тапсырмаларды орындау арқылы жүреді (сурет 7).



Сурет 7 - Болашақ хореографтардың атқаратын қызметтері

М. Әуеов атындағы ОҚУ-де «Хореография» білім беру бағдарламаларының төменгі курс студенттерімен жүргізілген сауалнамалар хореограф-студенттердің басым бөлігі (78%) өздерінің таңдалған мамандығына жеткілікті немесе жоғары деңгейдегі қызығушылық танытады, сонымен қатар болашақта тек хореограф ретінде жұмыс істеуді қалайтындықтарын білдіреді. Дегенмен, олар қазіргі хореограф-маман қызметі шеңберінің көпқырлылығы туралы аз түсініктерге ие.

Хореограф маман кәсіби іс-әрекетіндегі кездесетін мәселелер, олардың ішінде кәсіби ұтқырлық мәселесі туралы 72% студенттің тіпті түсінігі жоқ екендігі айқындалады. Сондықтан, студенттерді кәсіби ұтқыр маман болуға мотивациялаудың мәні жоғары. Осы тұрғыдан болашақ мамандардың кәсіби жолын және өзін-өзі тануға деген мотивтерін қалыптастыру маңызды міндет болып табылады.

Болашақ хореограф мамандардың кәсіби жолын жобалау және өзін-өзі тануға деген мотивтерін қалыптастырудың негізгі бағыттары ретінде:

- кәсіби ұтқыр хореограф маманның қалыптасу жолын теориялық және практикалық тұрғыдан пайымдауларына қажетті ұйымдастырушылық,

психологиялық-педагогикалық жағдайлар жасау («Мамандыққа кіріспе» сабақтарының кәсіби ұтқырлыққа бағытталуы, өзінің кәсіби мотивациясын диагностикалау әдістемелерін ұсыну, рефлексия, ұжымдық талдаулар, пікірталастар т.б.);

- табысты кәсіби хореограф-мамандармен қарым-қатынаста болу (кездесулер, онлайн-сұқбаттар, кәсіби іс-тәжірибе барысындағы біріккен жұмыстар т.б.);

- өзгермелі әлемде, заманауи кәсіби ортада, әсіресе өнер саласында кәсіби ұтқыр хореограф маманның артықшылықтарын көрсету, студентті оларды іштен сезінуіне жағдайлар жасау;

- кәсіби өзін-өзі талдауға, өзінің кәсіби қалыптасуына объективті баға беруіне мүмкіндік жасау (арнаулы шығармашылық тапсырмалар, жеке тапсырмалар т.б.).

«Хореография» мамандығының түлектері меңгеруі тиіс негізгі қызмет түрлерін тану және меңгерудің де мотивациялық маңызы жоғары.

Студенттер жыл сайын практика кезінде хореографиялық қызметтің белгілі бір бейімділігін игереді. «Хореография» мамандығының түлектері меңгеруі керек келесі негізгі қызмет түрлері бар:

- мәдени-ағартушылық іс-әрекет дәрістер оқу, хореография өнері туралы әңгімелер жүргізу, театрларға экскурсияларды кірістіреді;

- шығармашылық іс-әрекет, соның ішіне балетмейстер-режиссер, хореограф-репетитор жұмысы кіреді;

- ұйымдастырушылық-шығармашылық іс-әрекет, хореографиялық ұжымның жетекшісі, шоу бағдарламаларын ұйымдастырушы ретінде жұмыс істей білу: әкімші; режиссер немесе шығармашылық ұжымдардың жетекшісі қызметі;

- білім беру, яғни орта кәсіптік колледждерде, оқу орындарында, жалпы білім беретін мектептерде, өнер мектептерінде, студияларда, шығармашылық және мәдениет үйінде, балалар ұйымдарында, ансамбльдер мен клубтарда (спорт, ауылдық, қызығушылықтарға қарай аула және т.б.) педагогикалық іс-әрекетпен айналысу;

- хореографиялық педагогиканың, тұлғаның даму психологиясының өзекті мәселелерін шешуден, хореографиялық өнерді оқытудың жаңа тәсілдерін, студенттерге оқытудың жаңа әдістерін, көркемдік білім берудің жаңа мазмұнын жасаудан тұратын ғылыми-зерттеу және әдістемелік іс-әрекет;

- мәдениет пен өнер саласында қызметтер көрсетуге және шығармашылық жұмыстарды орындауға бағытталған кәсіпкерлік іс-әрекет [145, б. 5].

Белгілі бір қызмет түрін (бейінді) игерудің нәтижесі - би нөмірлерін көрсету, хореографиялық үйірменің дайындығы мен қойылымын ұйымдастыру, шығармашылық хореографиялық топты ұйымдастыру және басқару тәжірибесін ұсыну, халық билерінің зерттеу нәтижелерін көрсету, хореографиялық бағыттағы бизнес-жобаны қорғау. Осылайша, студент белгілі

хореографиялық қызметтің белгілі бір бейіндері бойынша практикалық дағдыларды игереді, бұл жоғарыда айтылғандай, көп салалы кәсіби дайындық болып табылады.

Сонымен қатар, ол мамандық аясында «қозғалуды» үйренеді, жаңа жағдайлар мен талаптарға тез бейімделу үшін қажетті дағдыларды игереді.

Кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру тұрғысынан студенттерді шығармашылықтың хореографияға байланысты салаларына, мысалы музыкалық қойылым, актерлік шеберлік т.б. қатыстырудың нәтижелілігі аз болмайды [130, б. 592 ].

Бүгінгі таңда жоғары білім беру ұйымдары қызметін бағалаудың негізгі көрсеткіші – бітіруші түлектердің жұмысқа орналасуы. Яғни, мамандықты меңгерген жастар қаншалықты (неше пайыз) жұмысқа орналасады, дәл осы көрсеткіш жоғары оқу орны қызметінің тиімділігін белгілейді.

Жоғары оқу орны сапалы білім беруі мүмкін, бірақ студент- болашақ маман өз саласында жұмыс істемейтін, жұмысқа орналаспаған болса, демек оның өмірде пайдаланылмайтын сапалы жоғары білім алуының да мағынасы болмас. Шет елдік беделді ұйымдар мен мамандар «XXI ғасырлағы техникалық даму және қарқынды өзгерістегі бизнес-ортада икемді дағдылар сұранысқа ие болуына» ерекше назар аударады. «Икемді дағдылар қазіргі еңбек нарығында жұмысқа орналасудың сыни маңызды факторы» ретінде анықтайды [146].

Қазіргі таңда икемді дағдылар сұранысқа ие. Сондықтан, Deloitte Access Economics дәрістерінде: «заманауи икемді дағдылар жоғары талапқа ие. 2030 жылдың өзінде барлық жұмыстардың үштен екі бөлегінде икемді дағдылар іске қосылады», - деген идеяны ұсынылады. Икемді дағдылар (ағылшынша - soft skills) мамандандырылмаған, мансаптық өсу үшін маңызды кәсіпүсті дағдылардың кешені. Мұндай дағдылар кәсіби іс-әрекет процесінде тиімді қатысуды, жоғары еңбек өнімділігін қамтамасыз етеді. Икемді дағдылар нақты кәсіби саламен тікелей байланысты болмайды, демек нақты пәндік салаға қатысты емес. Икемді дағдылар, кәсіби дағдыларда айрықша, нақты жұмыстың ерекшеліктеріне тәуелді болмайды, тұлғалық сапалар және бағдарлармен, сондай-ақ әлеуметтік дағдылармен, менеджерлік қабілеттерімен тығыз байланыста болады [147, б.193].

Икемді дағдыларды қалыптастыру бүгінгі таңда жоғары білікті мамандарды даярлаудың өзекті мәселесіне айналып отыр. Икемді дағдылар бірінші кезекте болашақ маман ретінде студенттердің өзгерістерге толы, бәсекелестік жағдайындағы табысты кәсіби-тұлғалық сапасының бірі - кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың маңызды шарты. Икемді дағдылар мен арнаулы кәсіби дағдыларды кіріктіру арқылы болашақ маманның кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру мүмкін болуы тиіс.

Кейбір авторлар икемді дағдыларды «жұмсақ дағдылар» деп те атайды. Мысалы, Ю.В. Слезко жұмыс берушілердің жоғары оқу орны бітірушілерінің тұлғааралық, коммуникативтік және аналитикалық қабілеттерінің деңгейіне қанағаттанбайтынын айта келе, халықаралық қатынастар саласындағы



мамандарды даярлауда «жұмсақ» дағдыларды қалыптастырудың әдістемелік жүйесін ендіруді ұсынады [148, б. 417].

Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, икемді дағдылар кәсіби дағдылардан үстем, жоғары тұрады, оларды кәсіпүсті дағылар деп те атауға болады. Икемді дағдылар жауапкершілік, тәртіптілік, өзіндік менеджмент сияқты тұлғалық сапалармен қатар командада жұмыс істеу, эмоциональдық интеллект сияқты әлеуметтік дағдылармен және менеджерлік қабілеттермен(уақытты басқару, көшбасшылық, мәселелері шешу, сын тұрғысынан ойлау т.б.) байланысты.

Икемді дағдылар шығармашылық мамандықтар иелері - хореографтар үшін де аса маңызды. Бүгінгі хореограф жедел өзгеруші әлемдегі кәсіби іс-әрекетте табысты қызмет жасауы үшін арнаулы, мамандандырылған кәсіби сипаттармен қатар икемді дағдыларды меңгерген болуы қажет. Икемді дағдылар нақты пәндік салаға қатысты болмағанымен, шынайы өмірде олармен тығыз әрекеттеседі. Мамандандырылған дағдыларсыз, кәсіби маңызды ерекше сипаттарсыз икемді дағдылар дамымайды және қолданылмайды. Сол себепті, икемді дағдыларды кәсіби дағдылардан бөлек қарау, біздің пайымдауымызша, ғылыми тұрғыдан негізді емес.

Біздің зерттеу жұмысымызда икемді дағдылар болашақ хореографтың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың маңызды факторы, шарты деп қарастырылады. Икемді дағдыларды қалыптастыру болшақ хореографтардың кәсіби дағдылары мен тұлғалық сапаларын қалыптастырумен әрекеттестікте, байланыста зерттелінеді. Хореография - шығармашылық кәсіби іс-әрекет саласы. Хореограф-маман қызметінің және шектес кәсіптер мамандарының замануи және перспективалық инновациялық дамуы бағыттарына орай оқыту технологиялары мен әдістемелерін ендіру (қашықтықтан оқыту, цифрландыру, өзіндік білім алу технологиялары, икемді дағдылар (Soft scils) т.б. [149, б. 99],

Болашақ хореограф ретінде студент жоғары оқу орнында өнер саласында білім алады, арнаулы кәсіби маңызды дағдылар мен қасиеттерді меңгереді. Бірақ, оның кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру студенттердің бойында икемді дағдыларды қалыптастыруды қажет етеді, ал бұл өз кезегінде хореографиялық жоғары білім берудің гуманитарлық бағыттына сәйкес жүзеге асырылады.

Икемді дағдылар болашақ хореографтың кәсіби құзыреттіліктері тізімінде гуманитарлық құрамдас бөліктің үлесін арттырады, болашақ хореографтарды жаңа кәсіби жағдайларға бейімделуін және өзгерістер жағдайында табысты қызмет жасауын қамтамасыз ететін жоғары дәрежедегі, кәсіби дағдылардан үстем құзыреттіліктер ретінде де сипатталуы мүмкін.

Кәсіби ұтқырлықты қалыптастырудың тиімділігі белгілі педагогикалық шарттарды жасауды қажет етеді, педагогикалық шарттар студенттердің кәсіби ұтқырлығының дамуы мен қалыптасуы тәуелді болған сыртқы жағдайлар болып табылады. Ю.К. Бабанскийдың пайымдауынша, «жағдайлар бұл нәтижеге әсер ететін, себептен туындаған, бірақ бұл салдардың себебі болмаған салыстырмалы түрдегі пассивті фактор болып табылады» [150, б. 114].

К.И. Безменова мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру технологиясын сәтті жүзеге асыруды қамтамасыз ететін педагогикалық шарттарды бөліп көрсетеді: мектепке дейінгі ұйымдардың мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік стандарттарына сәйкес әзірленген біліктілікті арттыру жүйесінің мазмұны, мектепке дейінгі білім беру жүйесін дамытуға қойылатын аймақтық және жергілікті талаптар және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының қажеттіліктеріне сай әзірленуі; біліктілікті арттыру процесінде мұғалімдердің негізгі мүмкіндіктерін бағалауға мүмкіндік беретін бақылау; мектепке дейінгі білім беру педагогында өзіндік білім алуға кәсіби қызығушылықтың тиімді дамуына ықпал ететін мотивациялық саланың қалыптасуы; мектепке дейінгі білім беру педагогында кәсіби дамудың жеке желісінің болуы; кәсіби біліктілікті арттырудың белсенді және заманауи әдістері мен нысандарын пайдалану [110, б. 27].

Сонымен, қарастырылып отырған зерттеу мәселесі бойынша әдебиеттерді зерделеу және талдау қазіргі маман кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың бірқатар заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік береді: қоғамда жүзеге асырылатын кәсіби білімнің еңбек нарығы қажеттіліктерінің құрамына сай болуы, және де білім беру мекемелерінің жұмыс берушілермен тиімді өзара әрекеттесуі; сыртқы факторларды ескере отырып, білім беру мазмұнын анықтаудағы икемділік; хореографиялық өнер саласындағы кәсіби ұтқырлықтың әлеуметтік-демографиялық шарттылығы (хореографиялық өнердің түріне қатысты білім деңгейі, бейіндік білімі); кәсіби ұтқырлықтың қарқындылығы мен жылдамдығының өзара байланыстылығы [151, б. 34].

Қосымша білім беру жүйесінде мұғалімнің кәсіби ұтқырлығын дамытудың мынандай педагогикалық шарттарын ұсынады:

- мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламаларының саралануы, олардың кәсіптік ұтқырлықтың әртүрлі деңгейлеріне бағдарлануы,
- жекелеген мұғалімдердің кәсіптік өсудегі жобалау қызметінің негіздерін меңгеру қажеттілігі. Жобалау іс-әрекетін жүзеге асыру технологиясы кәсіби-тұлғалық өсуін қамтамасыз етеді, оның кәсіби ұтқырлығын арттырады және диагностикалық, болжамдық және дамытушылық қызметтерді атқаруға мүмкіндік береді;
- қосымша білім беру жүйесінің дамуы, оның мұғалімдердің әртүрлі категорияларының кәсіби тұлғалық өсу талаптарына сәйкестігі.

Педагогтардың ұтқырлығын дамыту бір жағынан, оқу және оқудан тыс іс-әрекеттегі оқушылардың жобалық іс-әрекетін ұйымдастыру технологиясын жетілдіруде сараланған және жеке сипатқа ие; екінші жағынан, мұғалімнің үздіксіз өзін-өзі дамыту, өзін-өзі көрсету және басқару, өзінің кәсіби өсуімен байланысты мақсатты іс-әрекетіне ықпал етеді; мұғалімдердің өзінің кәсіби ұтқырлығын дамытудағы уәжділігі мен белсенділігі; мұғалімдердің кәсіби-жеке өсу субъектілерінің (мектеп басшылары, тренерлер, коучтар) кәсіби ұтқырлығы [26, б. 66].

Қазіргі таңда кәсіби еңбек саласынан тыс (өнер немесе педагогика саласында қызмет ететін хореографтар үшін) трендте қалудың бірден-бір жолы - өзінің білімі мен біліктілігін жаңа талаптарға сай сақтап тұру, өнер және педагогтық шеберлігінің өзектілігін тұрақты ұстай білуге қабілеттілік.

Осы тұрғыдан, хореограф өнер немесе педагогикалық жұмыс саласындағы өзгерістерді ұдайы байқауы керек. Өз кәсіби шеберлігінің өзгерістерге, жаңа талаптарға сай келмейтін қырларын дер кезінде анықтауы және олқылықтарды уақытылы жоюға әрекет жасау дағдыларын меңгеруі тиіс.

Сонымен қатар, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлаудағы негізгі талаптар білім, ептілік пен дағдыларды алу ғана емес, сонымен қатар үздіксіз өзбетінше білім алуға, шығармашылық ниеттерін іске асыруға, сондай-ақ тереңдетілген ғылыми-зерттеу жұмысына дайындық болып табылады. Болашақ маман оларды орындай отырып, сыни ойлауы және шығармашылық қабілеті дамып, түрлі ақпарат көздерінен белгілі тақырыпта жаңа ақпарат таба білуге, өз ойын, пікірін қосуға үйренеді.

Жоғары оқу орындарында хореографиялық білім берудің озық тәжірибелерін оқып-үйрену және қорытындылау негізінде болашақ хореографтың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың педагогикалық шарттарын анықтадық:

- кәсіби ұтқырлықты қалыптастыруда хореографиялық пәндердің педагогикалық мүмкіндіктерін жүзеге асыру;

- хореографиялық білім беру мазмұнын көп функционалды тұғыр негізінде құрастыру, оны әмбебаптандыру;

- студенттердің әр түрлі қызмет функцияларын орындайтын оларды ауыстыратын, біріктіретін, бірінен-екіншісіне өтетін оқу жағдайларын жасау;

- болашақ хореографтардың кәсіби дайындығы іс-әрекет түрлері (бейіндерін) кезең-кезеңімен кеңейту;

- студент-хореографтардың икемді дағдыларын қалыптастыру. Бұл педагогикалық шарттар өзара байланысты, кешенді түрде жүзеге асырылады.

Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру педагогикалық шарттарымен бірге бірқатар психологиялық шарттарды да қамтиды:

- қолайлы үйлесімді психологиялық ахуалды және шығармашылық ортаны құру. Мұнда психологиялық ахуал – болашақ хореографтың оқу-тәрбие процесінде тұлғааралық жағымды үйлесімді эмоционалды қарым-қатынасты орнатуды қажет етеді және бұл іс-әрекетті жүзеге асыруда бірқатар жағдайлар ескеріледі: білімалушылардың шығармашылығын белсенді ынталандыру мен мадақтау; шығармашылық мүмкіндіктері мен әлеуетіне сенім артуды демонстрациялау; әрбір білімалушыны шынайы қабылдау, құрметпен қарым-қатынас жасау; Сондай-ақ, жағымсыз эмоциялардың пайда болуын (мазасыздық, сенімсіздік) болдырмау. Хореограф-тәлімгер, сондықтан ол кез-келген жастағы адамдармен ортақ тіл тауып, күнделікті оқуын қорытындылай білуі керек. Ол театр қойылымдарымен, тіпті мұз шоуларымен, музыкалық

бейнелермен, балет кештерімен жұмыс істейді. Сондықтан, студент кезінде хореограф сыртқы әлеммен дұрыс қарым-қатынас орнатуды үйренуі керек;

- болашақ хореографтың өзіндік іс-әрекетіне рефлексия жасауға бағыттау. Рефлексия - көпқырлы, кіріккен тұлғалық сапа. Сабақтағы рефлексия оқытушы мен студент арасындағы оқу процесін жақсартуға, әрбір студенттің жеке тұлғалық қасиетін дамытуға бағытталған бірлескен танымдық, саралаушылық, бағалаушылық әрекет. Рефлексия әсіресе өздік жұмыстарды орындауда қажет. Бұл әрекет психологиялық тұрғыда адамның психикалық қызметінің өзгеруіне ықпал етеді.

Сондықтан берілген өздік жұмысы тапсырмасының мазмұны мәселелік жағдаят туғыза отырып, студенттердің ойлау қабілетін дамытуы тиіс. Ә.Е.Әбуов пікірінше, рефлексиялық-шығармашылық оқыту - студенттің өзін-өзі тануына, өзін-өзі сезінуіне және шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі іске асыруына бағытталу [152, б. 30].

А.А. Деркач шығармашылық іс-әрекетте психологиялық даярлықты қалыптастырудың мынадай жағдайларын бөліп көрсетеді: өзбеттілік пен мәдениетті сыни тұрғыдан меңгеру; қоғамдық-мәнді мәселелерді шешуде белсенділік таныту; шығармашылық әлеуеті бар тұлғаның психикалық процестерін арнайы дамыту [153, б.78].

Шығармашылыққа бағытталған ішкі мотивацияны құру қажет жоғары өзін-өзі бағалауды, өзіне деген сенімділікті сақтау. Тек ішкі мотивацияға сүйене отырып, студент жастардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мүмкін. Бұл жағдайда білім алушының қалауы, оның танымдық қажеттіліктері, ақпаратты іздеу процесіне деген қызығушылығы, оны зерттеу белсенділік, жоғары эмоциялық ашықтық студенттердің шығармашылық белсенділігін дамытуға негіз болады;

- психосоматикалық денсаулығын сақтауға бағыттау. Хореограф-өз эмоцияларын би арқылы жеткізе алатын өте сымбатты және креативті адам. Сонымен бірге оның мінезінде көшбасшының бейімділігі, сендіру қабілеті басым болуы керек, өз денсаулығына қамқорлық жасауға, керемет физикалық дайындыққа, шеберлікке және көркемдік талғамға ие болу керек.

ЖОО-да кредиттік оқыту жүйесінде цифрландыру және ақпараттық технологиялар құралдарының енуі студенттердің психосоматикалық жағдайының әлсіреуіне және денсаулық сақтау шараларын күшейтуді қажет етеді. Студенттердің online платформалары арқылы ұзақ уақыт бойына телефон немесе компьютер арқылы қолдану жұмысы ақыл-ой үрдісіне, нервтік-эмоциялық және көру мүшелеріне күш түсіретіндігіне байланысты;

Осы тұрғыдан алғанда, болашақ мамандардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруда шығармашылық қабілеттерін дамытатын және субъектілігін қамтамасыз ететін оң мотивациясын дамыту шартын жүзеге асыруда студенттердің психологиялық даярлығының бірнеше құрамдас бөліктері өте маңызды болып келеді, олар:

- мотивациялық: тұлғаның алға қойылған міндетті нәтижелі орындауды қажетсінуі, іс-әрекетке ден қоюы, жетістікке ұмтылуы;
- танымдық: тұлғаның міндеттерді түсінуі, оның маңызын аңғаруы, мақсатқа жету жолдарын білуі, жағдайдың өзгеруін болжай алуы;
- эмоциялық: тұлғаның жауапкершілікті сезінуі, шабыттануы, жетістікке жетуге сенімді болуы;
- ерік-жігерлік: тұлғаның өзін басқара алуы мен күштерін жұмылдыруы; міндетке зейінді, күш-қуатты шоғырландыра алуы; қорқу-жасқану сезімдерін жеңе алуы; кедергі, бөгет болатын әсерлерге көңіл аудармауы.

Тәжірибемізге сүйене отырып, зерттеудің міндеттеріне сәйкес психологиялық-педагогикалық шарттарды жүйелеп, келесі сурет арқылы көрсетуді жөн көрдік (сурет 8).



Сурет 8 - Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары

Болашақ маман тұлғасының кәсіби ұтқырлығының негізі оның мотивациялық, интеллектуалды және ерік процестерінің дамуы болып

табылады, ол жаңа техника мен технологияны жылдамдықпен игеруге, жаңа кәсіби іс-әрекеттің тиімділігі үшін қажетті білім мен дағдыларды меңгеруге қабілеттілігі мен дайындығы қажеттілігін көрсетеді.

Сонымен бірге ғалымдар зерттеулері көрсеткендей, кәсіби ұтқырлық жеке тұлғаның бейімделу механизмі ретінде адамның субъективті қалыптасу процесімен өзара байланысты және белгілі бір түрде субъектінің белсенділігі, өзін-өзі анықтау, өзін-өзі реттеу, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру сияқты сипаттамаларымен байланысты әр түрлі ауырлық деңгейлеріне ие.

Бұл кәсіби ұтқырлық мазмұнын үш қырынан қарастыруға мүмкіндік береді:

- объективті қыры ғылыми-техникалық және әлеуметтік-экономикалық алғышарттарды, сондай-ақ кәсіпті өзгертудің өзіндік процесін қамтиды;

- субъективті қыры болашақ мамандардың немесе қызметкердің мүдделерін өзгерту процесін және жұмыс орнын немесе кәсіпті өзгерту туралы шешім қабылдау ерекшелігін білдіреді;

- сипаттамалық қыры жеке тұлғаның тұрақты қасиеті, кәсіби қызмет түрінің өзгеруіне дайындығы немесе бейімділігі болып табылады.

Болашақ мамандардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың мазмұны кіріктіреді:

- ұтқырлық сапаларын (түйін біліктіліктер): дербестік, мақсатқа бағытталғандық, ашықтық, белсенділік, дербестік, сын тұрғысынан ойлау, өзін-өзі тануға қабілеттілік, әлеуметтік ептілік, бейімдегіштік, коммуникативтік, креативтілік) дамыту;

- кәсіби ұтқырлық міндеттеріне бағдарланған кәсіби білім беру мазмұнын (бағдарламаларын) жетілдіру;

- студенттің өзгермелі жағдайларда өз кәсіби-тұлғалық әлеуетін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін іс-әрекет түрлеріне қатыстыру.

Қорыта келгенде, жоғары оқу орнында болашақ хореографтың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың төмендегідей психологиялық-педагогикалық шарттары барлық білім беру бағдарламасы бойынша даярланатын болашақ мамандар үшін маңызды:

- қолайлы үйлесімді психологиялық ахуалды және шығармашылық ортаны құру;

- кәсіби іс-әрекетіне рефлексия жасауға дағдыландыру; психосоматикалық денсаулығын сақтауға бағыттау;

- болашақ хореографтардың шығармашылық қабілеттерін дамытатын және субъектілігін қамтамасыз ететін оң мотивациясын дамыту;

- кәсіби пәндердің педагогикалық мүмкіндіктерін жүзеге асыру; кәсіби білім беру мазмұнын көпфункционалды тұғыр негізінде құрастыру, оны әмбебаптандыру, жетілдіру;

- әр түрлі қызмет функцияларын ауыстыруда, біріктіруде, бірінен екіншісіне өтуде оқу жағдайларын жасау; кәсіби-тұлғалық әлеуетін дамытатын іс-әрекетке қатыстыру.

Бұл психологиялық-педагогикалық шарттардың кешенді түрде жүзеге асырылуы болашақ мамандардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру моделін әзірлеуде маңызды болып табылады.

### **2.3 Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделі**

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын стандартында «Қазіргі кезеңдегі білім беру сапасы болашақ мамандардың түрлі қызметтер саласындағы мәселелерді өздігінен шешу мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін қалыптасқан негізгі құзіреттілік түріндегі білім беру нәтижелелерінің жетістіктерімен түсіндеріледі», - делінген [154].

Осы тұрғыдан, қазіргі жоғары білім беру жүйесінің мақсаты болашақ мамандарды білімді, бәсекелестікке қабілетті, шығармашыл, дербес, ізденімпаз, өзін-өзі жүзеге асыра алатын, жан-жақты дамыған, кәсіби ұтқыр жеке тұлға ретінде қалыптастыру болып табылады. Сондықтан, ЖОО-н бітіруші түлектердің мәдениет пен өнер салаларындағы еңбек нарығындағы бәсекелестігін қамтамасыз ету және оны дәйекті түрде арттыру, өзінің жеке тұлғалық және еңбек әлеуетін қоғамдық сұраныстарға сәйкес әлеуметтік-мәдени саланың жылдам дамып келе жатқан бағыттарында жүзеге асыруына мүмкіндік береді.

Осы орайда, болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру педагогикалық құбылыс және модельдеу объектісі ретінде қарастырылады.

Педагогикадағы модельдеу теориялық және практикалық мәселелерді шешу құралы ретінде белсенді қолданылады. Ол үшін педагогиканың маңызды категорияларына байланысты модельдер құрылады: білім беру, оқыту, дамыту [155].

«Модель – бұл қандай да бір құбылыстың, объектінің схемасы; кескін жасалған үлгі» [156, б.882].

Таным әдісі ретінде модельдеудің мәні зерттелетін объектіні модельмен ауыстыру болып табылады, объектінің және түпнұсқаның маңызды белгілері, қасиеттері, қатынастары [157, б. 168].

Бұл жағдайда модельді зерттеу зерттелетін объект туралы жаңа ақпарат алуға мүмкіндік береді. Нақты модельдің көмегімен зерттелетін педагогикалық құбылыстың жеке жағын зерттеуге болады. Алайда, кәсіби модельді мамандарды даярлау процесі тривиалды емес және жеке модельдер кешені арқылы ғана мүмкін болатын жан-жақты сипаттаманы қажет етеді [158, б. 194].

Заманауи ғылымда модельдеу жүйені тікелей құру процесі ретінде нақты объектінің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес оның элементтерін анықтауға ғана емес, оны жүзеге асыру шарттарын зерттеуге мүмкіндік береді. Модельдеудің жалпы теориясы мен педагогикалық модельдің өзіндік ерекшеліктерін отандық ғалымдар (Н.Д. Хмель, Ә.П. Сейтешев, Г.А. Уманов, т.б.), алыс және жақын

шетелдік ғалымдар (В.В. Краевский, В.А. Штофф, т.б.) ұсынады. Соңғы жылдары педагогикалық зерттеулерде педагогикалық модельдеу әдісі жиі қолданылады.

Жоғары білім саласындағы өзгерістер жағдайында және сол өзгерістерге сәйкес өзін өзгерте алатын кәсіби ұтқыр маманды даярлаудың қажеттілігі зерттеп отырған ғылыми мәселені модельдеуде теориялық тұрғыдан жаңаша көзқараспен қарауды талап етеді. Ю.З. Кушнер «модельдеу модельдерді жасау және зерттеу әдісі. Модельді зерделеу зерттеу нысаны туралы жаңа білім, жаңа тұтас ақпарат алуға мүмкіндік береді. Модель көрнекті түрде берілген болжам», - деп тұжырайды [159, б. 66].

Осы орайда, модель тұтастай алғанда, ЖОО-дағы оқыту процесін жетілдіруге, соның ішінде, болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруға ықпал етеді. Құрастырылатын модель педагогикалық шарттарды жүзеге асыруға, нәтижесінде болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыратын білім беру ортасын құруға мүмкіндік береді. Модельдің ерекшелігі әрбір кезеңде белгілі әдістемелерді, технологияларды, құралдарды қолдана отырып, нәтижесінде кәсіби ұтқырлығы жоғары деңгейдегі болашақ маманды қалыптастыру процесін сипаттау болып табылады.

Зерттеушілер (Н.П. Гонарчук, Е.И. Хромова) ЖОО-ның оқу-тәрбие процесінде болашақ инженердің кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру мәселесін зерттей отырып, моделін әзірлеуде оның негізгі компоненттері қатарына мыналарды жатқызады:

1. Студенттердің мотивациялық саласын, өзіндік білім алу мен өздігінен дамуға қажеттілікті өзектендіру.

2. Жеке танымдық стильдерді, зияткерлік ресурстарды анықтауға бағытталған студенттердің рефлексивтік іс-әрекетін жандандыру.

3. Танымдық іс-әрекеттің қиындықтарын, қабылдау мен ойлау стереотиптерін, өзіндік білім алу кедергілерін анықтау.

4. Зияткерлік құзіреттіліктерді, кәсіби ұтқырлықты дамыту бойынша мақсаттар, перспективалық және бірінші кезектегі міндеттер «ағашын» құру.

5. Зияткерлік-дамытушылық білім беру процесінің мазмұнын жобалау тұғырларын әзірлеу.

6. Жоғары оқу орындарының оқу пәндерінің мазмұнын құрылымдау және модульдік біріктіру тәсілдерін әзірлеу.

7. Зияткерлік-дамытушы білім беру процесінің процессуалдық компоненттерін әзірлеу (жеке тұлғаға бағытталған, оқытудың интерактивтік технологиялары; Имитациялық, рөлдік, іскерлік ойындар сценарийлері).

8. Танымдық кедергілерді жеңуге және тиісті зияткерлік құзыреттерді байытуға ықпал ететін дамушы жағдайларды жобалау.

9. Студенттердің кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруға бағытталған дамытушы білім беру жағдайларының банкін құру.

10. Әр түрлі жағдайларда мәселелерді шешу процесінде жеке мінез-құлық стратегиясын таңдау және негіздеу.



11. Танымдық күрделіліктің әртүрлі деңгейінің кәсіби контекстімен даму міндеттерінің таксономиясын құру.

12. Қазіргі заманғы ақпараттық білім беру ресурстарын ескере отырып, ресми, бейресми, ақпараттық білім беру әдістерін интеграциялау негізінде жасалған технологияларды жобалау.

13. Өздігінен білім алудың жеке бағдарламаларын және ақпаратпен жұмыс істеудің жеке жүйелерін түзетуді жобалау.

14. Студенттердің құндылық-мағыналық саласын дамыту және қайта құрылымдау, өзіндік білім алу және өзін-өзі дамыту құндылықтарын жеке мәнге айналдыру процестерін ынталандыру.

15. Анықталған критерийлер мен олардың қалыптасу көрсеткіштері негізінде зияткерлік құзыреттерді дамыту процесін мониторингтеу және түзету.

16. Ресми, бейресми, ақпараттық білім беру нысандарын біріктіру негізінде үздіксіз білім берудің жеке траекторияларын жобалау [92,б. 277-278].

Ю.И. Биктуганов қосымша білім беру жүйесінде мұғалімнің кәсіби ұтқырлығын жобалық іс-әрекет құралдарымен дамыту моделі диагностикалық, болжамдық және дамытушылық функцияларды орындайтын әдіснамалық тәсілдемелерге (жүйелілік, құзыреттілік, тұлғалық-іс-әрекеттік, аксиологиялық) және әдіснамалық қағидаларға (детерминизм, сабақтастық, серпінділік, перспективалылық) негізделеді, өзара байланысты компоненттерден (мақсатты, мазмұндық-технологиялық, бағалау-нәтижелік) тұрады [26,б. 65].

Л.П. Меркулова шет тілі құралдарымен техникалық бейіндік студенттерінің кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың алгоритмін ұсынады. Онда кәсіби ұтқырлықты қалыптастырудың мынадай қадамдарын біріктіреді: оқытушыларды арнайы дайындау; бастапқы және шығыс көрсеткіштерді мониторингтеу және статистикалық өңдеу; студенттердің психологиялық портретін құру және оны түсіндіру; ұтқырлық, кәсіби құзыреттіліктер, кәсіби іс-әрекетке даярлықты сипаттайтын адаптивті маңызды сапалардың даму деңгейі бойынша студенттерді топтарға бөлу (жоғары, орта, төменгі); студенттерді мониторинг нәтижелерімен таныстыру; тұлғалық мінездемелер мен кәсіби құзыреттіліктерді түзетудің мақсатқа сай немесе мақсатқа сай еместігі туралы шешімдерді қабылдау; шет тілі мазмұнын жобалау: модульдерге, бөлімдерге, сабақтарға бөлу; шет тілін білу деңгейін, студенттердің кәсіби ұтқырлығының даму деңгейін ескеріп, сабақты конструкциялау технологиясын әзірлеу [84, б. 149];

Болашақ мамандар ретінде студенттердің адаптивті маңызды сапалары мен кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырудың маңызды құралы ретінде шет тілін оқытудың формалары мен әдістерін таңдау; кіші топтар мен жұмыс: кәсіби құзыреттіліктері қалыптасқандығының жоғары деңгейі мен айрықшаланатын студенттердің кіші тобы күрделілігі жоғары деңгейдегі жеке шығармашылық тапсырмаларды алады. Кәсіби құзыреттіліктерінің даму деңгейі төмен студенттер дайындықтың орташа деңгейіне қол жеткізу үшін қосымша жеке тапсырамалар алады. Автор кәсіби ұтқырлықты қалыптастырудың тиімділігін

мына критерийлерді өлшеу арқылы анықтаған: жүйенің тиімділігін өлшеу; оқыту табыстылығының өзгеру динамикасын, құзыреттіліктердің даму деңгейін, студенттердің адаптивті маңызды сапаларын және «психологиялық портретін» анықтау; оқу және кәсіби мотивациясы деңгейіндегі өзгерістер [160, б. 149].

Хореографиялық саланың шығармашылық сипаты болашақ хореографтардың креативтілік сапасын дамытуға бөгет болмайды, керісінше бұл кәсіби құнды сапаны қалыптастыруда әмбебап, тіпті сала шеңберінен тыс тәсілдерде пайдалануды болжайды. Кәсіби білім берудегі кәсіби ұтқырлықты қалыптастырудың креативтілік функциясы ойлаудың дәстүрлі және әдеттегі қалыптарынан ауытқуға, түбегейлі жаңа идеяларды әзірлеуге, хореографиялық іс-әрекеттің ішкі мәселелерін шешуге даярлықты қалыптастыруды көздейді.

Болашақ мамандарды даярлауда оқыту мазмұны мен процесі студенттердің хореографиялық өнердің, жалпы өнер саласының қазіргі мәселелеріне, оны шешу білімнің қарама-қайшылықтары немесе тапшылығына сезімталдығын дамытуды, бұл мәселелерді тұжырымдау, оларды шешудің жолдарын іздестіру, идеяларды ұсыну және оларды тексеру, нәтижелерді тұжырымдау дағдыларын меңгертеді. Барлық өнер салалары сияқты хореография саласы да қоғамдағы әлеуметтік-мәдени процестер, мәдениет құндылықтары, адамдардың өнер саласындағы құндылық бағдарлары мен талғамдарына орай өзгерістерге ұшрайды.

Болашақ хореографтарды дайындау процесі студенттердің өзгерістерге байланысты күрделі мәселелерді шешуге даярлықтарын анықтайтын сипаттарды қалыптастыруды қажет етеді. Болашақ хореографтар ретінде студенттердің креативті ойлауын дамыту үшін жаңа элементтерді кіріктіруде оқу жағдаяттарын пайдалану мүмкін. Болашақ хореографтар хореографиялық өнердің авторлық шығармаларын, балет спектакльдерін, басқа жанрлардағы хореографиялық сахна қойылымдарын құрудың идеяларын ұсыну және сынақтан өткізу, өз шығармалық ойларын тұжырымдауды жаттықтыруы мүмкін. Болашақ хореограф ретінде студенттің креативтілігі ойлаудың еркіндігімен, нақтылығымен, икемділігімен, мәселелерге сезімталдығымен, бірегейлігімен, жасампаздық мәселелерді шешудегі конструктивтілігімен сипатталады.

Хореографиялық білім беру процесінде болашақ хореографтардың ұтқырлық сапаларын тәрбиелеу кәсіби білім беруде кәсіби тәрбиемен бірге жүзеге асырылады. Бұл, біріншіден аудиториялық (пәндік) сабақтарда кәсіби ұтқырлық сапаларын қалыптастыру - жалпы кәсіби және арнаулы кәсіби оқу пәндері мазмұнының кәсіби ұтқырлықты қалыптастырудағы тәрбиелік әлеуметін мейлінше толық пайдалануды, оқыту процесінің тәрбиелік міндеттерін бағдарлаумен анықталады. Хореографиялық білім беру технологиялары кәсіби ұтқырлық сипаттарын қалыптастырады, болашақ маманның оны тұрақты дамытуына қолайлы эмоционалдық-адамгершілік негіз болатын тәрбиелік әсерлерді және өзара әрекеттестікті біріктіреді. Бұл процесте

кәсіби ұтқырлықты қалыптастырудағы оқыту әдістері, тәсілдері мен құралдары тәрбие әдістерімен кіріктіріледі.

Ұтқырлыққа бағдарланған кәсіби білімдер, іскерліктер мен дағдылар, қабілеттерді қалыптастыру болашақ хореографтың кәсіби ұтқыр санасын, ұтқырлық әдеттері мен мінез-құлық үлгілерін қалыптасуына мүмкіндік туғызады. Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруда аудиториядан тыс тәрбиелеу жүйесінің мүмкіндіктері жоғары. Бірінші курс студенттерінің ЖОО-ның әлеуметтік-мәдени ортасына белсенді түрде бейімделуіне педагогикалық қолдау көрсетуден бастап, студент-жастардың университеттің қоғамдық өмірінде мейлінше жоғары белсенділік танытуына қол жеткізу, аудиториядан тыс тәрбиелік іс-шараларға, университет қабырғасынан тыс өтетін іс-шараларға педагогтар тапсырмаларын орындаушы болып қана емес, бастамашылдық танытатын белсенді тұлға ретінде қатысуына қол жеткізіледі. Ол ұдайы кәсіби өсуге, өзіндік білім алуға және өзін-өзі жүзеге асыруға ынталандыру хореографиялық білім беру процесінде студенттердің жүйелі түрде өз кәсіби сапаларын нығайтуына, кәсіби біліктіліктерін жетілдіруіне бағыттайды.

Жоғары оқу орнындағы қазіргі таңдағы хореографиялық білім беру бағдарламалары, оқыту технологиялары мен әдістемелері, жалпы студенттердің өзіндік білім алу дағдыларын қалыптастыру міндеттерін толықтай орындайды. Дегенмен, кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру міндеттері тұрғысынан студенттерге ұсынылып отырған «білімдік портфель» қарастырылып отырған құнды кәсіби-тұлғалық сапаны қалыптастыруға жеткілікті емес.

Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру студенттердің өзіндік оқу-танымдық жұмыстарының ұдайы қоғалыстағы, ұтқыр кәсіби іс-әрекетті қамтамасыз ететіндей мазмұны мен әр түрлі формаларын қолдануды болжайды. Өзіндік білім алу дағдылары кәсіби ұтқырлықты қалыптастырудың маңызды шарты, бірақ дәстүрлі формалары мен мазмұнындағы өзіндік оқу-танымдық жұмысы ұтқырлыққа бағдарланып, жаңғыруы маңызды.

Сонымен қатар, студентті хореографиялық іс-әрекет және басқа да шектес өнер салаларындағы іс-әрекет түрлерінде өз білімін, құзыреттіліктерін, қабілеттерін жүзеге асыруға қажетті білім беру ортасын құру, психологиялық-педагогикалық жағдайларды жасау талап етіледі.

Кәсіби іс-әрекет түрлерін меңгерудегі динамизм мен икемділік (болашақ хореографтардың кәсіби іс-әрекет түрлері, атап айтқанда, би-орындаушылық, блетмейстерлік, репетиторлық, педагогикалық, менеджерлік іс-әрекеттерін меңгеруі динамикалық сипатта болады. Бұл іс-әрекет түрлерін меңгеруді қамтамасыз ететін білім беру мазмұны, оқыту формалары мен әдістері болашақ маман іс-әрекетінің қозғалыста болуын, бір іс-әрекет түрінен басқа бір іс-әрекет түріне ауысуын, студент-хореографтың іс-әрекет түрлерінің өзгерістеріне жылдам бейімделуін, өз білімдері, іскерліктері мен дағдылары, қабілеттерін

басқа әрекет түрлерінде икемді пайдалану, жаңа дағдыларды меңгеріп алуына мүмкіндік береді.

Кәсіби іс-әрекет түрлерін меңгерудегі даму базалық іс-әрекет түрі хореографиялық іс-әрекет негізінде жүзеге асырылады. Бірақ студент-хореограф осы іс-әрекет түрінен басқа іс-әрекет түрлеріне аса қиындықсыз өтуіне жол беретін арнайы тапсырмалар мен жаттығулар қолданылады.

Болашақ хореографтың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың міндеттеріне мыналар жатады:

1) хореография саласында кәсіби ұтқырлықтың мәні мен маңызын пайымдау, ұтқырлық маман болып қалыптасуға мотивацияны қалыптастыру;

2) хореографиялық білім беру мазмұнын кәсіби ұтқырлық міндеттеріне бағдарлау;

3) кәсіби ұтқырлыққа қабілеттілік пен білімін қалыптастыру;

4) әртүрлі іс-әрекет түрлеріне кірістіру арқылы ұтқырлық сапаларын қалыптастыру;

5) өзінің кәсіби ұтқырлығын рефлексиялауға баулу.

Болашақ хореографтың кәсіби ұтқырлығы негіздерін қалыптастырудың факторларын анықтауда Т.А. Фугелованың зерттеуіне негізделеміз. Автор техникалық университетте студенттердің кәсіби ұтқырлығына әсер ететін факторларды анытаған. Оларды шартты түрде мына топтарға бөлген: объективті биографиялық сипаттағы факторлар (әлеуметтік шығу тегі, бітірген оқу орнының типі, ЖОО-ға оқуға түскенге дейінгі қызметінің сипаты); студенттің әлеуметтік белсенділігін анықтайтын факторлар (сана, жауапкершілік дәрежесі, топта қоғамдық тапсырмаларды орындауы, студенттің қоғамдық жұмысқа қатысуы); студенттің жоғары оқу орнында білім алуға даярлығын сипаттайтын факторлар. Оқытушы-сарапшылар және жұмыс берушілер мен жүргізген сауалнамалары нәтижелеріне сүйене, Т.А. Фугелова техникалық оқу орны жағдайында студенттердің кәсіби ұтқырлығына әсер ететін жетекші факторлар қатарына жалпы білім және студенттердің кәсіби бағдарланғандығын кіріткен. Авторды пайымдауынша, «бұл табиғи: жалпы білім студенттердің жалпы қабілеттері деңгейін бейнелейді, кәсіби бағдарланғандық - тұлғаның білімге және кәсіпке қатысты құндылық-мағыналық құрамының дамуын анықтайды. Өз кезегінде, студенттің қабілеттері, кәсіпке қызығушылық және кәсіби өзін-өзі жетілдіруге қажеттіліктер техникалық жоғары оқу орнында студенттердің кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруға басқа факторларға қарағанда көбірек ықпал етеді» [161, б. 147].

Жоғарыда атап өтілген факторлар өзіндік ерекше қырлары мен сипатталатын хореографиялық білім беру процесіне де тән, әмбебап сипаттағы факторлар болып табылады. Дер кезінде, хореографиялық білім беретін мәдениет және өнер жоғары оқу орындарында студенттердің кәсіби ұтқырлығының қалыптасуына әсер ететін арнаулы факторларды да атап өту мүмкін.

Хореография мамандығы студенттерінің кәсіби ұтқырлығының

калыптасуына әсер ететін факторларға мыналар жатқызылады: хореография саласындағы дәстүрлер мен бүгінгі шынайылық; хореографиялық білім берудің ақпараттық-білімдік ортасы (ЖОО-ында қалыптасқан ақпараттық білімдік ортастудент-хореографтардың әмбебап құзыреттіліктерін қалыптастыруға, өзгермелі жағдайларда кәсіби-тұлғалық әлеуетін жүзеге асыруға, өзін және айналадағы ортасын өзгертуге ықпалын тигізеді); оқу-тәрбие процесінің инновациялық сипаты (оқу процесінде жаңалықтар, өзгерістерді пайдаланудың қарқыны, студенттердің оқу-танымдық іс-әрекетінің динамикалық сипаты, жаңалықтарды игеру, оларға бейімделуді ұйымдастыру); хореографиялық білім беруде ұтқырлық факторының көрініс табуы (көп салалы бағытталғандығы, әмбебап құзыреттіліктерді қалыптастыру, білім беру мазмұны мен технологияларының кәсіби ұтқырлықты қалыптастыруға бағдарланғандық дәрежесі, өнер саласы тәжірибелері мен өзара байланыстар және интеграциялану).

Біз ұсынып отырған модель ЖОО-ында кәсіби ұтқырлықты қалыптастыруға бағдарланған хореографиялық білім беру процесінің үлгісі (жобасы) болып табылады. Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру процесін модельдеу арқылы ЖОО-ында хореографиялық білім берудің біртұтас жүйесінде кәсіби ұтқыр мамандарды даярлаудың негізгі құрауыштары (жүйе құраушылары), олардың өзара байланысын және өзара әрекеттестігі бейнеленеді.


Сондықтан жоғарыдағы ғалымдар еңбектеріне жасалған талдау модельдің блоктарын: тұжырымдамалық, технологиялық, нәтижелік, ал компоненттерін мақсаттық-мотивациялық, мазмұнды-танымдық, эмоциональды-құндылықтық және әлеуметтік-коммуникативтік деп бөліп көрсетуге мүмкіндік береді.

Зерттеу контекстімізге сәйкес, болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруда біріншіден, кәсіби ұтқырлықтың мәні мен құрылымын анықтайтын функционалдық моделді, екіншіден, осы процесті ұйымдастыру алгоритмін қарастыратын құрылымдық моделді қолданған дұрыс деп есептейміз. Өйткені, модельдің құрылымдық түрі жүйенің маңызды буындарын, ал функционалдық түрі жүйенің маңызды қызметтерін сипаттайды.

Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделі:

- блоктар (тұжырымдамалық, технологиялық, нәтижелік);
- компоненттер (мақсаттық-мотивациялық, мазмұндық-танымдық, эмоциональды-құндылықтық, әлеуметтік-коммуникативтік);
- өлшемдерімен көрсеткіштерін (кәсіби ұтқырлыққа мотивациялық-қажеттілік қатынастың болуы; хореография саласындағы икемді білімдермен іскерліктер; хореографиялық іс-әрекеттегі өзгерістерге эмоциональдық-психологиялық дайындығы; өзгерістерге жылдам бейімделуге, қозғалыстар және табысты әрекетке мүмкіндік жасайтын коммуникативтік және мінез-құлқы сапаларының болуы);
- деңгейлер (шығармашылық/жоғары; адаптивті/бейімделгіш, орташа

және репродуктивті/төмен) жиынтығынан тұрады (сурет 9).



Сурет 9 - Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделі

Суретте көрсетілгендей, ұсынылған модель зерттеу нысанын кешенді зерделеуді, оның компоненттерін талдау және компоненттері арасындағы заңды байланыстарды, болашақ хореограф тұлғасының кәсіби ұтқырлық сипатының қалыптасуының қарапайымнан күрделіге қозғалысын, нәтижесінде кәсіби іс-әрекетте өзгерістерге дайын бітіруші түлек тұлғасының қалыптасуын бейнелейді.

Тұжырымдамалық блок алдын ала болжанған мазмұнынан, технологиясынан және күтілетін нәтижесінен тұратын, процесті басқару мен болжанған нәтижемен салыстыру құралы ретіндегі мақсатты құрауыштан тұрады.

Мақсат - білім беру процесінің тиімді құрылуын қамтамасыз ететін модельдің маңызды элементі.

Ұсынылған моделді жүзеге асырудың мақсаты мамандығын, кәсібін ауыстыруға дайын, инновацияларды, жаңа техника мен технологияларды, іс-әрекеттің ұйымдастыру формаларын меңгеруге қабілетті, сондай-ақ іс-әрекеттің бір түрінен басқа түріне ауысып қосылу икемділігімен сипатталған болашақ хореограф-маман тұлғасын қалыптастыру болып табылады.

Сонымен бірге бұл блок модельді құрастырудағы әдіснамалық тұғырларды (жүйелілік, құзыреттілік, тұлғаға бағдарланған, аксиологиялық, тұлғалық-әрекеттік, психологиялық бағдарлық) мен басшылыққа алынатын қағидаларды (тұтастық және кезеңділік, әмбебаптық, шығармашылық, коммуникативтік, жобалық, іс-әрекет аумағын әртүрлендіру және кеңейту) қамтиды.

Технологиялық блок кәсіби іс-әрекетінің бағыттары, формалары мен әдістерін қамтиды, сонымен бірге болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың кезеңдерін көрсетеді.

Модельдің технологиялық блогы болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың негізгі формаларын анықтайды: оқу іс-әрекеті, оқудан тыс іс-әрекет. Кез-келген процестің белгілі жағдай сақталғанда ғана нәтижелі қызмет етіп, дамитындығы белгілі.

Нәтижелік блокта болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың моделінің жоғарыда аталған компоненттеріне сәйкес өлшемдері мен көрсеткіштері, деңгейлері анықталады.

Кәсіби ұтқырлықтың кейбір құраушыларына, соның ішінде мотивациялық компонент тұлғаның болашақ кәсіби іс-әрекетімен байланысты мотивтерді бейнелейді. Мұнда өзін жүзеге асыруға қажеттілік, таңдалған кәсіпке деген қызығушылық, таңдалынған мамандық бойынша кәсіби іс-әрекет пен шұғылдануды қалау, өзінің болашақ карьерасын көру есепке алынуы тиіс.

Сонымен, ЖОО-да хореографиялық білім беру жүйесінде болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру моделінің анықталған компоненттеріне сипаттама беріледі (кесте 4).

Кесте 4 - Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері

Компоненттер			
Мақсаттық-мотивациялық	Мазмұндық-танымдық	Эмоциональдық-құндылықтық	Әлеуметтік-коммуникативтік
Өлшемдері			
Кәсіби ұтқырлыққа мотивациялық-қажеттілік қатынастың болуы	Хореография саласындағы икемді білімдер мен іскерліктер	Хореографиялық іс-әрекеттегі өзгерістерге эмоциональды психологиялық дайындығы	Өзгерістерге жылдам бейімделуге, қозғалыстар және табысты әрекетке мүмкіндік жасайтын коммуникативтік және мінез-құлық сапаларының болуы
Көрсеткіштер			
Кәсіби ұтқырлықтың маңыздылығы мен қажеттілігін түсіну; кәсіби өсу мен мәртебені ынталандырудың сыртқы және ішкі факторларына қатынасы; кәсіби аспектегі ұтқырлыққа деген ішкі ұмтылыс.	Хореографиялық өнер саласындағы білім көлемі мен сапасы; би саласындағы орындау шеберлігі	Хореографтың мамандығына және оның қызметіне деген құндылық қатынасы; эмоционалды және психологиялық ұтқырлық; биші-орындаушының қажетті жеке және психологиялық қасиеттері - жылдам реакция, зейіннің ауыстырылуы, дамыған би қиялы, музыканы қабылдау, би операциялары және әрекеттері.	Коммуникативті байланыстарды құру жылдамдығы; жаңа жағдайларға бейімделу жылдамдығы; студенттердің мінез-құлық үлгілерінің әртүрлілігі мен бірдейлігі.

Мақсаттық-мотивациялық компонент студенттерді хореографтардың болашақтағы кәсіби іс-әрекетінің ұдайы қозғалыста екендігін саналы түсінуге, жылдам өзгерістегі әлеуметтік-кәсіби ортада қызмет жасауға, жаңалықтарды қабылдауға, хореографиялық іс-әрекет мазмұнына жаңалықтар енгізуге, креативтілік пен шығармашылық белсенділік танытуға, кәсіби өзін-өзі тану және жетілдіруге, қажет болғанда кәсіби іс-әрекет сипатын өзгертуге, әлеуметтік сатыдан көтерілуге ынталадырады. Бұл компонент кәсіби ұтқырлықтың маңыздылығы мен қажеттілігін түсінуін; кәсіби өсу мен мәртебені ынталандырудың сыртқы және ішкі факторларына қатынасын; кәсіби аспектегі ұтқырлыққа ішкі ұмтылысын сипаттайды.

Мазмұндық-танымдық компонент студенттерді хореографтардың кәсіби ұтқырлығының мәнін және оның қоғамдық-әлеуметтік маңызын, өзі үшін тұлғалық мағыналығын, хореография саласының және шектес өнер



салаларының тарихын, қазіргі даму тенденцияларын және таяу болашақтағы перспективаларын, кәсіби ұтқырлықты қалыптастырудың жалпы заңдылықтары мен қағидаларын, олардың хореографиялық іс-әрекетте жүзеге асырылу ерекшеліктерін сипаттайды. Бұл компонент кәсіби ұтқырлықты қалыптастыруға негіз болатын білімдер, біліктіліктер және қабілеттер, олардың жүйелілігімен сипатталады.

Эмоционалдық-құндылықтық компонент кәсіби қызметтегі ұтқырлығын қамтамасыз етудің әдістері мен тәсілдерін, өзін-өзі тану, кәсіби өсуін рефлексиялау туралы тәжірибелік бағдарланған білімдерді меңгертеді, белсендіреді және шығармашылықпен жұмыс жасауын қамтамасыз етеді. Бұл компонент болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлық факторына құндылық қатынастары мен кәсіби іс-әрекеттегі эмоционалдық-психологиялық қозғалысымен сипатталады. Сондықтан бұл компонент хореографтың кәсібіне және оның іс-әрекетіне құндылық қатынасын, эмоционалдық-психологиялық ептілігін, биші-орындаушының қажетті тұлғалық-психологиялық сапаларын (реакцияның шапшаңдығы, зейіннің ауыспалылығы, дамиған би қиялы, музыка, би операциялары мен әрекеттерін қабылдау) қалыптастырады.

Әлеуметтік-коммуникативтік компонент хореографиялық білім беру процесінде болашақ маманды кәсіби ортадағы өзгерістерге, жаңа сұраныстар талаптарына, бәсекелестік жағдайларына жылдам бейімделуге даярлығын қалыптастырады, жылдамдық немесе шапшаңдық сапаларын дамыту міндеттерін шешуге бағдарлайды. Бұл компонент болашақ хореографтың іскерлік қарым-қатынастар құруға, жаңа жағдайларға бейімделуге және өзгерістерге сай мінез-құлық модельдерін құруға қабілеттілігімен анықталады, қарым-қатынастар құру жылдамдығын, жаңа жағдайларға бейімделудің тездігін, мінез-құлық модельдерінің әртүрлілігі мен сәйкестігін айқындайды. Болашақ хореографтар өзгерістер мен жаңалықтарға сай жаңа кәсіби міндеттерді жылдам шешу, дұрыс шешімдер қабылдау, уақыт ресурстарын ыңғайлы пайдалану, өз кәсіби-шығармашылық әлеуетін кәсіби міндеттерде шешуге жұмылдыру, зейінін негізгі мәселелерге шоғырландыру, кәсіби міндеттер шешуде басымдықтарды дұрыс белгілеу әрекеттерін меңгереді.

Жоғарыдағы 5-кестеде көрсетілгендей, болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштеріне сәйкес шығармашылық (жоғары), адаптивті (бейімделгіш, орташа) және репродуктивті (төмен) деңгейлері анықталады.

Шығармашылық (жоғары) деңгей:

Болашақ хореограф ретінде студент кәсіби ұтқырлықтың маңыздылығы мен қажеттілігін жете түсінеді. Кәсіби өсу мен мәртебені ынталандырудың сыртқы және ішкі факторларына саналы қатынас танытады. Кәсіби аспектегі ұтқырлыққа деген ішкі ұмтылыс үнемі байқалады. Хореографиялық өнер саласындағы білім көлемі мен сапасы жоғары. Би саласындағы орындау шеберлігі өте жақсы. Хореографтың мамандығына және оның қызметіне деген құндылық қатынасы жүйелі байқалады, тұрақты. Әр түрлі жағдайларда

эмоционалды және психологиялық ұтқырлық танытады. Биші-орындаушының қажетті жеке және психологиялық қасиеттерін (жылдам реакция, зейіннің ауыстырылуы, дамыған би қиялы, музыканы қабылдау, би операциялары және әрекеттерін) жоғары дәрежеде меңгерген. Студент коммуникативтік байланыстарды жылдам құрады. Жаңа жағдайларға жылдам бейімделеді. Студенттің мінез-құлық үлгілерінің көптүрлілігі мен бірдейлігі сан алуан түрлі жағдайларда анық байқалады.

Адаптивті (бейімделгіш, орташа) деңгей:

Болашақ хореограф ретінде студент кәсіби ұтқырлықтың маңыздылығы мен қажеттілігін жалпы түсінеді. Кәсіби өсу мен мәртебені ынталандырудың сыртқы және ішкі факторларына сырттай (оқытушылар әсері) болғанда белсенді қатынас танытады. Кәсіби аспектегі ұтқырлыққа деген ішкі ұмтылыс арнайы жағдайлар жасалғанда ғана байқалады. Хореографиялық өнер саласындағы білім көлемі мен сапасы орташа. Би саласындағы орындау шеберлігі жақсы. Хореографтың мамандығына және оның қызметіне деген құндылық қатынасы көбінесе байқалады, бірақ тұрақты емес. Ерекше жағдайларда эмоционалды және психологиялық ұтқырлық танытады. Биші-орындаушының қажетті жеке және психологиялық қасиеттерін (жылдам реакция, зейіннің ауыстырылуы, дамыған би қиялы, музыканы қабылдау, би операциялары және әрекеттерін) жеткілікті меңгерген. Студенттің коммуникативті байланыстарды құру жылдамдығы орташа. Жаңа жағдайларға бейімделу жылдамдығы орташа. Студенттердің мінез-құлық үлгілерінің әртүрлілігі мен бірдейлігі тек ерекше жағдайларда байқалады.

Репродуктивті (төмен) деңгей:

Болашақ хореограф ретінде студент кәсіби ұтқырлықтың маңыздылығы мен қажеттілігін үстірт түсінеді. Кәсіби өсу мен мәртебені ынталандырудың сыртқы және ішкі факторларына немқұрайлы қатынас танытады. Кәсіби аспектегі ұтқырлыққа деген ішкі ұмтылысы әлсіз байқалады. Хореографиялық өнер саласындағы білім көлемі мен сапасы төмен. Би саласындағы орындау шеберлігі қанағаттанарлық. Хореографтың мамандығына және оның қызметіне деген құндылық қатынасы анық байқалмайды. Эмоционалды және психологиялық ұтқырлық танытпайды, биші-орындаушының қажетті жеке және психологиялық қасиеттерін (жылдам реакция, зейіннің ауыстырылуы, дамыған би қиялы, музыканы қабылдау, би операциялары және әрекеттерін) шамалы меңгерген. Студенттің коммуникативті байланыстарды құру жылдамдығы төмен. Жаңа жағдайларға бейімделу жылдамдығы аз. Студенттердің мінез-құлық үлгілерінің әртүрлілігі мен бірдейлігі айқын байқалмайды.

Қорыта келгенде, болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың құрылымдық-функционалды моделінің дайындалуы тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың негізгі бағыттарын, мазмұнын және қолданылатын әдістемелерді анықтауға мүмкіндік туғызады.

### **3 ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА БОЛАШАҚ ХОРЕОГРАФТАРДЫҢ КӘСІБИ ҰТҚЫРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ БОЙЫНША ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТ ЖҰМЫСТАРЫ**

#### **3.1 Жоғары оқу орнында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың мазмұны**

Мәдениет және өнер жоғары оқу орындарында хореографиялық білім беру студенттердің кәсіби ұтқырлық сапаларын қалыптастыру тұрғысынан педагогикалық мүмкіндіктерге ие.

Зерттеу жұмысымыз үшін қазіргі таңдағы жоғары оқу орындарында «Хореография» білім беру бағдарламасының (мамандығының) болашақ хореографтар ретінде студенттердің кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудағы педагогикалық әлеуетін (білімдік, тәрбиелік және дамытушылық) негіздеу аса маңызды.

Осы тұрғыдан, 5B040900 - Хореография мамандығының модульдік білім беру бағдарламасына талдау жасалды. Білім беру бағдарламасында бітірушілері мынандай қызмет түрлерін орындауы мүмкін деп белгіленген:

- мәдени-ағартушылық;
- шығармашылық;
- ұйымдастырушы-шығармашылық;
- білім беру қызметі;
- ғылыми-зерттеу;
- әдістемелік [145,б.6].

«Хореография» білім беру бағдарламасы/мамандығы бойынша бакалавр кәсіби қызмет нысандарында келесі функцияларды орындай алатыны көрсетіледі:

- хореография саласындағы педагогикалық қызмет;
- мәдениет, білім, әлеуметтану және өнердің барлық түрлері саласындағы ғылыми-зерттеу қызметі;
- әлеуметтік-мәдени қызмет;
- қоғамның мәдени-эстетикалық қажеттілігін дамыту;
- шығармашылық ұжымдарды құру;
- шығармашылық ұжымдарды басқару;
- халықтың әртүрлі санаттары арасында мәдени қызметті ұйымдастырудың жаңа нысандары мен әдістерін жасау;
- арнайы пәндерді оқыту;
- оқушылардың жас және жеке ерекшеліктеріне қарай педагогикалық эксперимент және талдау жүргізу;
- заманауи ақпараттық технологияларды қолдана отырып, өз еңбегін ғылыми ұйымдастыру [145,б. 7].

Хореографиялық білім беру бағдарламасының студенттердің кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудағы педагогикалық әлеуеті мына үш өлшем бойынша талқыланады:

1) Пәнді оқыту мақсаттары мен міндеттерінің кәсіби ұтқырлықты қалыптастыруға бағдарлануы;

2) Пәнді оқыту нәтижелерінде кәсіби ұтқырлық факторының көрініс табуы;

3) Пән мазмұнындағы кәсіби ұтқырлық мәселелерін қарастыратын және оны қалыптастыруға ықпал ететін мәселелер.

Сонымен қатар модульдік білім беру бағдарламасында оқыту нәтижелері мен болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруға ықпал ететін мақсаттар айқындалады:

Бірінші мақсат (M1) – дамыған зияткерлік және жалпы мәдени деңгейі, іргелі, жаратылыстану-ғылыми және әлеуметтік-экономикалық мәдениеті және ойлау мәдениеті қалыптасқан мамандар даярлау. Бұл мақсат шеңберінде белгіленген оқыту нәтижелері, әсіресе «Тәрбие - педагогикалық үрдістің заңдылықтарын, философиялық, эстетикалық, психологиялық-педагогикалық ғылымдардың негіздерін, көп ұлтты Қазақстан мемлекетінің қалыптасу негіздерін білу», «Қоғам өміріндегі нормалар мен ережелерді сақтауға, әлеуметтік-мәдени салада білімді болуға мүмкіндік беретін әлеуметтік дағдыларды игеру», «Қазақстанның құқықтық жүйесі мен заңнамасының негіздерін, қоғамның әлеуметтік даму тенденцияларын білу», «Экономикалық білім негіздерін меңгеру, мақсаттары мен әдістерін түсіну экономиканы мемлекеттік реттеу» нәтижелері болашақ хореографтың әлеуметтік ұтқырлығын қалыптастыруға бағдарланған.

Екінші мақсат (M2) – хореография саласында теориялық және практикалық білімі бар, барлық би бағыттарында әдістері мен дағдыларын меңгерген, алған білімдерін қолдана алатын, хореографиялық өнердің қазіргі даму жағдайын бағалай және талдай алатын, сондай-ақ кәсіби сипаттағы міндеттерді тұжырымдай және тиімді шеше алатын мамандарды даярлау. Мұнда бағдарламаның оқыту нәтижелері -«Хореографиялық өнердің әлемдік және отандық тарихын, оның даму бағыттары мен тенденцияларын, бидің көркем тілінің ерекшеліктері мен өзіндік қырларын білу», «Білім алушылардың жас және жеке-дара айырмашылықтарын, шығармашылық ұжымдардың әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін және нақты жағдайларды ескере отырып, хореографиялық білім беру саласындағы білімді қолдану», «Би-педагогикалық іс-әрекетке жоғары мотивациямен, концерттік-орындаушылық және ағартушылық іс-әрекетте өзін-өзі тәрбиелеуге және өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтыла отырып, инновациялық педагогикалық тәжірибені қолдану» нәтижелері кәсіби ұтқырлық негіздерін қалыптастыру міндеттеріне тікелей байланысты.

Үшінші мақсат (M3) – мемлекеттік және бір шет тілін еркін меңгерген, концептуалды, аналитикалық және логикалық ойлау дағдыларын, еңбек және оқу іс-әрекетінде шығармашылық көзқарасты көрсететін, ұлттық және

халықаралық ұжымда жұмыс істей алатын, өмір бойы оқу стратегиясын игеретін мамандарды даярлау. Бұл мақсатта күтілетін нәтижелер - «тұлғааралық және мәдениетаралық өзара әрекеттесу міндеттерін шешу үшін мемлекеттік және шет тілдерінде ауызша және жазбаша түрде қарым-қатынас жасау қабілеті», «жаңа бағдарламалық құралдарды жаңғырту мен толықтырудың үздіксіз процесіне, кәсіби қызметте ақпараттық және коммуникациялық технологиялар құралдарын пайдалана білуіне байланысты оларды игеру қабілеті», «өмір бойы үздіксіз және өзіндік дербес оқуға дайын болу» [145,б. 8].

Сонымен 5B040900 - Хореография мамандығының модульдік білім беру бағдарламасына жоғарыда жасалған талдау нәтижесі оқу модульдері және олардың құрамына кіретін оқу курстарының болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру мүмкіндіктерін анықтауға негіз болды (кесте 5).

Кесте 5 - «Хореография» білім беру бағдарламасы пәндерінің мазмұнына қосымшалар

Модуль «Ұлттық сананы қалыптастыру және рухани жаңғырту негіздерімен қоғамдық ғылымдар»		
1	2	3
Пәннің атауы	Тақырыптар	Тақырып мазмұнын кәсіби ұтқырлық бағытындағы қосымша сұрақтармен байыту
1.Қазақстанның қазіргі заман тарихы	30-тақырып. Қазақстан-әлемге танымал ел.	Адами капитал, бәсекелік қабілеті, төртінші өнеркәсіптік революция
2. Философия	13. Философиядағы адам мәселесі. 14. Қоғам философиясы. 15. Ғаламдық мәселелер философиясы.	Өзгермелі әлем, жаһандану жағдайында білім беру философиясы, білім берудің жаңа парадигмалары, «ұтқырлық» ұғымының философиялық мәні мен мағынасы.
Модуль. Әлеуметтік ғылымдар негіздері.		
Пәннің атауы	Тақырыптар	Күтілетін нәтижелер
Қоғамдық сананы жаңғырту және өзекті мәселелер	Тақырыбы №9. Қоғамдық сананы жаңғыртудағы технологиялық революция.	Технологиялық революция жағдайында еңбек нарығындағы өзгерістер, жаһанданудың кәсіби қызметтер нарығына әсері, маманның ұтқырлығы,
	Тақырыбы №11. Жаһандану мен жаңа технологиялық салттың қоғамдық сананы жаңғыртуға әсері.	Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы кәсіби қызметтер динамикасы, кәсіби саладағы өзгерістер және жеке тұлғаның кәсіби ойлауы.
Елбасытану	8-тақырып. Әлемнің бәсекеге қабілетті елу елінің тобына барар жолда. 11. Жаһандық дағдарыс және Қазақстанның дағдарыстан	Маманның бәсекелестік қабілеті. Жаһандық дағдарыс және кәсіби саладағы өзгерістер. Маманның еңбек нарығындағы өзгерістерге бейімделуі. Қазақстанның дағдарыстан кейінгі

5 - кестенің жалғасы

1	2	3
	кейінгі дамуы. 12. Қазақстанның Үшінші жаңғыруы.	дамуындағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер және маманның кәсіби ұтқырлығы.
Модуль. Әлеуметтік ғылымдар негіздері		
Пәннің атауы	Тақырыптар	Күтілетін нәтижелер
Экономика және құқық негіздер	Тақырыбы №5. Нарық және бәсекелестік	Адам капиталы. Еңбек нарығында маманның ұтқырлығы. Кәсіби ұтқырлық және бәсекелестік. Кәсіби ұтқырлықтың экономикалық тиімділігі.
Құқық негіздері	Тақырыбы №5. Еңбек құқығының негіздері.	Еңбек құқығы және маманның кәсіби ұтқырлығы. Кәсіби ұтқырлықтың құқықтық мәселелері. Қызмет саласы шеңберіндегі ұтқырлық. Қызмет орныны және кәсіби қызметін өзгертудің құқықтық мәселелері.
Өзін-өзі тану	11.Ерік-жігердің психологиялық теориялары. 15.Адам қабілеттерінің жалпы сипаттамасы.	Маманның еріктік сапалары. Кәсіби ұтқырлық және маманның тұлғалық мінездік сапалары. Кәсіби ұтқырлықты мотивациялау. Өзіндік ұтқырлық сапаларын анықтау.
Модуль. Әлеуметтік ғылымдар негіздері		
		Өзін-өзі бағалау. Рефлексия. Кәсіби ұтқырлықты сипаттайтын қабілеттер. Ұтқырлықтың психологиялық қырлары.
Модуль. Коммуникативті ұтқырлық модулі.		
Пәннің атауы	Тақырыптар	Күтілетін нәтижелер
Кәсіби қазақ (орыс) тілі	16. Білім. 18. Мамандық. 26.Ғылым және инновациялық технология.	Хореографиялық білім және оны меңгерудің институционалды және институционалды емес формалары. Хореограф-маманның кәсіби ұтқырлығының маңызы. Хореография саласында маманның кәсіби ұтқырлығы. Хореография саласындағы инновациялар және кәсіби іс-әрекет тәсілдері.
Кәсіби бағытталған шетел тілі	Адам өміріндегі кәсіби қызмет. Жұмысқа орналастыру. Түйіндеме. Біліктілікті арттыру жолдары. Студент пен маманның жеке-жеке және кәсіби өсуі. Хореография маманының	Хореография саласындағы кәсіби қызмет. Хореография саласына шектес қызмет салаларындағы кәсіби кәсіби қызмет. Хореографтың кәсіби ұтқырлығы. Кәсіби ұтқыр маман болудың әдістері. Хореография саласындағы

5 - кестенің жалғасы

1	2	3
	<p>бәсекеге қабілеттілігі. Табысты маманның психологиялық портреті. Мамандықтың көрнекті өкілдері.</p>	<p>бәсекелестік. Кәсіби қызмет жағдайларына бейімделу. Табысты хореограф маман бейнесі, ондағы кәсіби ұтқырлықтың көрінісі. Хореографиялық қызмет саласында «табысты» адамдар бейнесі, олардағы ұтқырлық сапаларының көрініс табуы.</p>
<p>Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар</p>	<p>Адам-компьютерлік өзара әрекеттесу. Бұлтты және мобильді технологиялар. Дата орталықтары. Заманауи инфрақұрылымдық шешімдердің даму тенденциялары. Мобильді қызметтер.</p>	<p>Хореография саласында цифрлендіру. Цифрлендіру технологияларының болашақ хореографтың кәсіби іс-әрекеті мазмұнына, формалары мен әдістерінде көрініс табуы. Хореография саласында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар. Мобильді қызметтер және олардың хореограф-маман іс-әрекетіндегі көрінісі.</p>
<p>Қазақ тіліндегі сөйлеу және коммуникация мәдениеті</p>	<p>Сөйлеу мәдениетінің нормативтік, коммуникативті, этикалық аспектілері. Когнитивті-коммуникациялық сөйлеу әрекеті. Мәдениетаралық консалтинг. Түйіндеме. Сипаттамасы. Қызметтік құжаттаманың түрлері.</p>	<p>Хореографтың коммуникативтік мәдениеті. Өзгерістер жағдайында хореографтың табысты қызметі үшін когнитивті-коммуникациялық сөйлеу әрекетінің маңызы. Қозғалыстар мен «сөйлеу». Қазақ тіліндегі сөйлеу және коммуникация мәдениеті хореографтың кәсіби ұтқырлығының маңызды шарты ретінде.</p>
<p>Хореографияда кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру</p>	<p>6. Кәсіпкерлік қызметті кадрлық қамтамасыз ету. 10. Кәсіпкерлік мәдениеті мен этикасы. 11. Кәсіпкерлік саласындағы бәсекелестік және бәсекеге қабілеттілік 12. Кәсіпкерлік қызметтің тиімділігін талдау және бағалау.</p>	<p>Хореографиялық ұжымды кадрлық қамтамасыз етудегі мәселелер. Өзгерістер, инновациялар және олардың хореографиялық ұжым мен хореографтардың кәсіби қызметіне әсері. Хореографиялық саладағы бәсекелестік орта. Хореографтың бәсекелестігін анықтайтын факторлар мен кәсіби-тұлғалық сапалар. Хореограф қызметінің тиімділігі және маманның кәсіби ұтқырлығы.</p>
<p>Хореографиялық пәндерді оқыту әдістемесі</p>	<p>Практикалық сабақ № 1-2. Хореографиялық ұжымда классикалық би сабағын құрудың әдістемесі мен ерекшеліктері. Практикалық сабақ № 13. Хореография пәндері</p>	<p>Хореографиялық ұжымда классикалық би сабағын құруда оқу материалдарының вариативтілігін қамтамасыз ету. Хореографтар үшін оқу кейстерін құру және пайдалану. Хореографтың шектес өнер салалары мамандары қызметін орындауы</p>


5 - кестенің жалғасы

1	2	3
	бойынша арналған материалдарды принциптері.	сабақтарға музыкалық таңдау үлгілері. Хореографтың горизонталды және вертикалды ұтқырлығын қалыптастыруға арналған тапсырмалар.
Модуль: "Сахналық шеберлік негіздері"		
Пәннің атауы	Тақырыптар	Күтілетін нәтижелер
Режиссура және актерлық шеберлік негіздері	1. Жалпы ережелер. Көркемдік талғамға тәрбиелеу. 2. Актердің сахналық тәрбиесі. К.С. Станиславский жүйесі. 23. Режиссердің ойы. Көркем ойлау. 28. Идея. 29. Мотив. 30. Шиеленіс. Қимыл	Хореографиялық білімдер мен икемділіктер негізінде режиссура және актерлық шеберлік негіздерін меңгеру мүмкіндіктері. Актердің сахналық тәрбиесі және оның кәсіби ұтқырлығы. Көркем ойлауды дамытуға арналған арнайы жаттығулар мен тапсырмалар. Өнер саласында оқу жобалары
Оқу практикасы	Хореографиялық пәндердің барлық бөлімдері бойынша қозғалыстардың оқу комбинацияларын құрастыру: классикалық би, Халықтық-сахналық би, қазақ биі; Спорттық-балдық би бойынша сабақтар өткізу; Орындау шеберлігі;	Студенттердің орындаушылық, балейтмейстерлік, педагогикалық, менеджерлік, зерттеушілік іс-әрекеттері тәсілдерін меңгеруіне, іс-әрекеттің бір түрінен басқа түріне ауысуына арналған деңгейлі тапсырмалар. Хореографиялық қызмет негізінде кәсіби ұтқырлықты дамытуға арналған жеке және топтық тапсырмалар.
	Мәдениет мекемелерінде жұмысты ұйымдастыру және басқару бойынша практикалық тапсырмалар.	Хореограф мамандардың кәсіби қызметіндегі өзгерістер, инновациялар, мамандардың өзгерістер жағдайындағы психологиялық хал-күйі, оларға қойылатын жаңа талаптар, мамандардың горизонталды және вертикалды кәсіби ұтқырлықтарын зерттеу бойынша тапсырмалар (жеке, топтық, шығармашылық сипаттағы).

Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, студенттердің болашақ хореографтар ретінде кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру мақсатты, жүйелі процесс болуы оның тиімділігінің маңызды заңдылығы болып табылады.

Болашақ хореографтың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруды зерттеу барысында жасалынған әдістемелік мазмұнын 10-суретте көрініс тапқан.





Сурет 10 - Болашақ хореографтың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың әдістемелік мазмұны

Н.П. Гончарук мен Е.И. Хромова интеллектуалдық тұрғыдан дамытатын білім беру процесінің негізгі процессуальдық сипаттамасы білім беру жағдайы

болып табылады, ол студенттердің танымдық уәждемесі мен өздігінен білім алуға деген қажеттіліктерін өзектендіреді, өзін-өзі тануға және жеке зияткерлік ресурстарды ашуға қызығушылық тудырады, өзін-өзі өзгертудің, өзін-өзі танудың, өзін-өзі жүзеге асырудың психологиялық тетіктерін ынталандырады; зерттеу қызметіндегі дербестіктің, креативтіліктің, зияткерлік белсенділіктің көріністерін сұранысқа ие етеді» [116, 2786].

Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруда студенттердің мотивациялық саласын өзектендіру, өзіндік білім алу мен өзін-өзі дамытуға қажеттіліктерін дамыту ерекше маңызға ие. Бакалавриаттың 5B040900 - Хореография мамандығы/модульдік білім беру бағдарламасының «Әлеуметтік ғылымдар негіздері» оқу модулін меңгеруде [145, б. 7] кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру үлгісінің осы құрамдасы аясында нақтылы әдістемелік қадамдар жасау және оны біртұтас жүйе түріне ұсыну мүмкін.

«Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәнін оқып-үйренуде «30-тақырып: Қазақстан-әлемге танымал ел», «Философия» пәнінен «13-тақырып. Философиядағы адам мәселесі», «Ғаламдық мәселелер философиясы» тақырыптарындағы дәріс және практикалық сабақтарда қазіргі кәсіби маман тұлғасының ұтқырлық табиғаты туралы сұрақтарды жан-жақты талқылау жақсы нәтижелер береді.

Студенттердің өзіндігінен білім алуы мен өзін-өзі дамытуының болашақ хореограф-маман үшін ерекше талап екендігін түсінуіне, олардың психологиясында кәсіби ұтқырлыққа деген сезімдер, мотивациялық қатынастар пайда болуына ықпал ететін сұхбаттар, пікірталастар жүргізу қажет.

«Қоғамдық сананы жаңғырту және өзекті мәселелер» пәні шеңберінде кәсіби ұтқырлық феноменін ұғынудың мүмкіндіктерін пайдалану қажет. Атап айтқанда, осы пәннің оқу бағдарламасына енген 9-тақырып «Қоғамдық сананы жаңғыртудағы технологиялық революция», 11-тақырып «Жаһандану мен жаңа технологиялық салттың қоғамдық сананы жаңғыртуға әсері», «Елбасытану» курсының 8-тақырып. «Әлемнің бәсекеге қабілетті елу елінің тобына барар жолда», 11-тақырып. «Жаһандық дағдарыс және Қазақстанның дағдарыстан кейінгі дамуы». 12-тақырып «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы» аясында төртінші өнеркәсіптік революция қазіргі заманғы адам кәсіби қызметі салаларының бірде-бірінің мазмұнын, формалары өзгеріссіз қалмайтыны, тіпті еңбек нарығында бұл кәсіптер мен мамандықтарға деген сұраныстың жоғалуына алып келетіндігін, осыған болашақ хореограф-маман кәсіби өмірдегі әртүрлі өзгерістерге даяр маман болып қалыптасуының өзектілігі қарастырылады. Бұл мәселелер интерактивті оқыту әдістерінің көмегімен жүзеге асырылады. Студенттерге проблемалық сұрақтар қою, арнайы проблемалық жағдаяттар жасау, пікірталас әдісі оңтайлы нәтижелер береді. Сонымен болашақ хореографтар ретінде студенттердің психологиясында кәсіби ұтқырлыққа мотивация өзектендіріледі. Өзі бетімен білім алу мен өзін-өзі дамытуға сұраныс артады.

«Өзін-өзі тану» пәнін оқып-үйренуде болашақ хореографтар ретінде студенттердің жеке-дара танымдық стильдерін, зияткерлік ресурстарын анықтауға бағытталған рефлексивтік іс-әрекетін белсендіру мақсатындағы оқыту әдістері мен тәсілдері пайдаланылады.

«Кәсіби қазақ (орыс) тілі» пәнінің бағдарламасындағы 16-тақырып. «Білім», 18-тақырып «Мамандық» және 26-тақырып «Ғылым және инновациялық технология» аясында студенттерге зияткерлік құзыреттіліктерін, кәсіби ұтқырлығын дамыту бойынша мақсаттар иеррархиясын, бірінше кезектегі міндеттерді бойынша тапсырмалар схемалық түрде жасау тапсырмалары беріледі.

Студенттер хореограф-маманның зияткерлік құзыреттіліктері, ұтқырлығы және оны дамыту туралы өз идеяларын ұсынып, оларды графикалық түрде презентациялауы қажет. Болашақ хореографтар ретінде студенттердің шағын топтардағы оқу жұмысы барысында болашақ кәсіби іс-әрекеттегі кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру бойынша идеяларды көрнекті түрде әзірлеп, ұжымдық талқылауға ұсынады. Студенттердің ұтқырлық туралы пікір алмасуы олардың қазақ және орыс тілдеріндегі коммуникативтік дағдыларын дамыту міндеттерін де көздейді.

«Кәсіби бағытталған шетел тілі» курсының бағдарламалық мазмұнында «Адам өміріндегі кәсіби қызмет», «Жұмысқа орналастыру», «Түйіндеме», «Біліктілікті арттыру жолдары», «Студент пен маманның жеке-жеке және кәсіби өсуі», «Хореография маманының бәсекеге қабілеттілігі», «Табысты маманның психологиялық портреті», «Мамандықтың көрнекті өкілдері» тақырыптары қарастырылады. Бұл тақырыптар бойынша практикалық сабақтарды кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру мақсаттарында қолдау мүмкіндіктері кең. Мысалы, «Біліктілікті арттыру жолдары» тақырыбы бойынша практикалық сабақтарда болашақ хореографтар ретінде студенттер үздіксіз білім берудің ресми, бейресми, ақпараттық білім берудің интеграциясы негізінде үздіксіз білім берудің жеке траекторияларын жобалау жаттығуларын орындайды.

«Хореография маманының бәсекеге қабілеттілігі» тақырыбы бойынша сабақта студенттер жақын болашақта хореографиялық өнер саласындағы, немесе орта хореографиялық білім беру саласындағы күтілетін өзгерістерді суреттеп, осы жағдайларда хореографтың бәсекелестігі нені білдіретіндігін анықтайды. Содан соң бәсекеге қабілетті хореограф-маман немесе педагог-хореографтың үлгісі әзірленеді. Бұл танымдық міндеттер әртүрлі дерек көздерінен алынған ақпараттармен жұмыс тәсілдері, индукция, дедукция, салыстыру, қорытындылау әдістері көмегімен шешілдеді. Жұптық немесе шағын топтардағы оқу жұмысы дебаттар түрінде жалғасын табуы, мұнда болашақ хореограф-маманның кәсіби ұтқырлығы мәселесіне студенттердің полярлық көзқарастарын бейнелейтін ақпаратпен алмасуы мүмкін.

«Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәні бойынша сабақтарда болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығы үшін аса маңызды құзыреттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндіктер жоғары. Мысалы, «Адам-

компьютерлік өзара әрекеттесу» тақырыбын оқып-үйрену барысында адам мен цифрлік құралдардың өзара әрекеттесуін хореографиялық және оған шектес өнер салалары мысалында нақтылауы мүмкін. Студенттерге «Цифрлық хореография» тақырыбында кең аудиторияға арналған ақпараттық-аналитикалық материал дайындау ұсынылады. Мұндай материалды студенттер үш түрлі жоба түрінде әзірлеу қажеттілігі ескеріледі:

- монопәндік (хореография саласында адам-компьютерлік өзара әрекеттесуінің цифрландыру тұрғысынан қарастыру);

- пәнаралық (ақпараттық-коммуникациялық технологиялар пәнінен алынатын білімдер мен арнайы пәндер модульдері пәндерін кіріктіру жолымен цифрландыру жағдайында хореографтың кәсіби ұтқырлығының жобасы жасалынады. Бұл жобалар негізінде болашақ хореографтар ретінде студенттер ішкі, сала ішіндегі ұтқырлығына бағдар алады);

- пән үсті жобалары (мұндай жобалар студенттердің икемді дағдыларын қалыптастыруға бағдарланады, білім салаларының тоғысында әзірленеді. Мысалы, ақпараттық технологиялар, хореография, музыкалық өнер, бейнелеу өнері салаларының тоғысында жасалынатын хореограф-маманның кәсіби ұтқырлығын модельдеуді болжайды).

Іскерлік ойындар болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың барлық кезеңдерінде тиімді әдістемелік аспап болып табылады

Жоғарыда айтылғандай, болашақ хореографтың кәсіби ұтқырлығы бұл хореографиялық өнер саласындағы білімдердің танымдық тірегіне, би орындаушылық дағдылар мен икемділіктерге, эмоционалдық-артистік реактивтілік, әлеуметтік-шығармашылық бейімдеушілік, репетициялық-сақналық мінездік вариативтілікке негізделетін және хореографтың көп функционалдық және көп бейіндік іс-әрекетін орындауды қамтамасыз ететін кешенді интегральды мінездемесі.

Хореография саласындағы кәсіби білім мен біліктіліктер болашақ маманның кәсіби ұтқырлығының іргетасы болып табылады. Хореографиялық білімді меңгерген студент жоо-нын бітіргеннен соң қай бағытта ұтқырлық танытса да, тіпті хореография саласындағы басқа мамандықты немесе өнердің басқа саласындағы қызметке ауысса да, оның кәсіби ұтқырлығы хореографиялық саладағы кәсіби құзыреттіліктердің негізінде қалыптасады. Сол себепті, студент-хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру арнайы оқу пәндерін оқыту процесінде жүзеге асырылуы тиіс.

«Режиссура және актерлық шеберлік негіздері» пәнінен дәріс мен практикалық сабақтарда мамандық бойынша пәндік құзыреттіліктерді қалыптастыру әмбебап құзыреттіліктерді қалыптастырумен ықпалдастықта кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру міндеттерін шешуі мүмкін.

1-тақырып «Жалпы ережелер. Көркемдік талғамға тәрбиелеу» бойынша сабақтарда өнердің барлық салалары үшін маңызды көркемдік талғамның маңызы, оны тәрбиелеудің тетіктері туралы мәлімет беріледі, практикалық

тұрғыдан студенттердің көркемдік-эстетикалық талғамдарын қалыптастыруға арналған арнайы жаттығулар пайдаланылады. Бұл жаттығулар режиссура және актерлық өнері материалдарында орындалады. Яғни, режиссура және актерлық өнер элементтерін меңгеру арқылы студенттердің кәсіби ұтқырлығы үшін мәнді болған көркемдік-эстетикалық талғамдары тәрбиеленеді.

2-тақырып. «Актердің сахналық тәрбиесі. К.С. Станиславский жүйесі» режиссер хореограф үшін де, биші үшін де, педагог-хореограф, хореограф-концертмейстер үшін де маңызды мәселелерді қамтиды. Сахнаға шығатын немесе өнер адамдарын сахнаға дайындау үшін К.С. Станиславский жүйесі ерекше бір педагогикалық, әдістемелік жүйе. Бұл жүйе өнердің түрлі салалары мамандарын даярлауға ортақ педагогикалық жүйе болғандықтан, маманның ұтқыр болуына оң әсерін тигізеді анық.

23-тақырып «Режиссердің ойы. Көркем ойлау» бойынша сабақтарда болашақ хореографтар ретінде студенттердің кәсіби ойлау тәсілдерін дамытатын әдістерді кеңінен пайдалану мүмкін. Мысалы, танымдық кедергілерді жеңуді қамтамасыз ететін және студенттердің сәйкес зияткерлік дағдыларын дамытуға септігін тігізетін жағдаяттарды жобалау және пайдалану, көркем-шығармашылық ойлауды дамыту әдістерін пайдалану қажет [162, б. 16].

Хореографиялық пәндерді оқытуда студенттердің қабылдау туралы ойлары мен тәжірибелерін білдірудің әртүрлі тәсілдерін дамытуға бағытталған бейнелі көркемдік ойлаудың арнайы әдістемесі қажет. Бұл әдістеменің міндеттері келесідей:

- студенттердің өнер туындылары туралы айту қабілетін дамыту керек;
- өнер туралы қарым-қатынас дағдыларын, өнер саласында ойлау қабілетін дамыту керек. Өнер туралы әңгіме студенттердің болашақ мамандығын ескере отырып, құрылуы керек және ұйымдастырылған қабылдау процесінің нәтижесі болуы маңызды;
- студенттерге шындықты бақылау туралы өз әсерлерін шығармалар туралы әңгімеде, өздерінің көркемдік тәжірибелерінде қолдануға үйрету маңызды;
- хореографиялық өнер туындысын басқа өнер саласындағы ұқсас құбылыстармен салыстыру, олардың жалпы байланыстарын қарапайым сезіну қабілетін дамыту;
- қабылдау процесінде студенттерге «графикалық сөйлеуді» үйрету, яғни сурет арқылы жұмыс жөнінде әсер беру (есте сақтау бойынша жылдам эскиздер). Бұл әдіс бейнелі ойлаудың, визуалды бейнелі жадтың, қабылдау реакциясының қозғалғыштығының дамуына тікелей байланысты.

Болашақ хореографтардың көркем-бейнелі ойлауды дамыту олардың басқа да өнер салаларын, мысалы бейнелеу өнері саласының кәсіби ойлау элементтерін меңгеруіне оң әсерін тигізеді.

Бейнелеу өнері факультеті студенттерінің көркем-бейнелі ойлауды дамытуға арналған зерттеуінде Ю.С. Ушанова былай жазады: «оқу қойылымының визуалды құрылымын ұйымдастыру көркем-бейнелі ойлауды

дамыту құралы ретінде әрекет етеді; көркем-бейнелі ойлауды дамыту композиция, сурет, өнер тарихы сияқты басқа пәндер сабақтарында алынған білім мен дағдыларды синтездеу арқылы жүзеге асырылады». Автордың студенттердің көркем-бейнелі ойлауын қалыптастыру мәселелеріне арналған мына пікірлері болашақ хореографтарды дайындау үшін де пайдалы: «Егер көрнекі іс-әрекет белгілі бір жолмен ұйымдастырылса және оқытудың нақты әдістері мен құралдарын орынды пайдалануды көздейтін болса, көркемдік-бейнелі ойлауды дамыту процесін жандандыруға болады. Оларға, атап айтқанда: оқытушының жаттығуларды орындауын көрсету, көрнекіліктің әртүрлі құралдарын (құралдарды, репродукцияларды, оқытатын бейне фильмдерді және т.б.) пайдалану, сондай-ақ пәнаралық байланыстар (студенттердің композиция, өнер тарихы және т.б. бойынша сабақтарда алған білімдеріне үндеуі) жатады. Сонымен бірге автор көркем ойлауды дамытудың маңызды міндеті ретінде «оқу қойылымының визуалды құрылымын ұйымдастырудың осындай әдістерін анықтау нақты оқу міндеттерін ғана емес, студенттердің көркемдік-бейнелік ойлауын дамытуға ықпал етеді», - деп есептейді [163, б. 121].

Студенттер хореографиялық өнердің тілін және би өнері туындыларын көркем қабылдау тәсілдерін меңгереді. Болашақ хореографтар ретінде студенттердің «шығармашылық ойлауын» дамыту ойлаудың әр түрлі әдістемелік тәсілдері негіз болатын тапсырмаларды орындау барысында қалыптасады. Мысалы, комбинаторика, декоративтілік, белгі нысан немесе тақырыпқа жаңа бейнелі форма беру - символ, абстракция, аллегория, метафора т.б., жаңалық жасау үшін шығармашылық әдістерді пайдалану - дәйексөз, шеттен алып пайдалану, репродукция, парафраза, тұспал, еліктеу, эпигонизм. Студенттер ұсынылатын материалдарда жобалық көркемдік бейнені жүзеге асырады. Олар қимыл-қозғалыстарды эмоционалды жеткізу және қозғалыс мәнерлілігі бойынша тапсырмаларды орындайды [164, б. 16].

Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруда пәнаралық байланыстарды нығайту, жалпы кәсіби және арнаулы пәндер оқытушыларының әріптестік стратегиясын, командалық жұмысын ұйымдастырудың маңызы ерекше.

Сондықтан кәсіби білім беру мазмұнының кәсіби ұтқырлықты қалыптастырудағы педагогикалық әлеуетін анықтап, оны оқу-тәрбие процесінде әдістемелік-технологиялық тұрғыдан дұрыс пайдалану қажет.

Кәсіби білім беру процесінде студенттерді кәсіби ұтқырлыққа бағдарлау жалпы кәсіби, базалық кәсіби, тәжірибелік дайындықпен қатар әдістемені әзірлеу және енгізуді талап етеді.

### **3.2 Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың әдістемесі**

Қазақстанда жоғары кәсіптік білім беруді жаңғырту, оқытудың көп деңгейлі жүйесіне көшу жағдайында барлық мамандықтардың, оның ішінде шығармашылық мамандардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру және оны ары қарай дамыту өзекті болуда. Хореографтың кәсіби қызметі мазмұны жағынан үнемі өзгеріп отыратын шығармашылық іс-әрекет, әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың әсері жаңа жағдайға бейімделуге мүмкіндік береді.

Кәсіби ұтқырлық кәсіби іс-әрекет мазмұнының өзгерістеріне жылдам бейімделуге мүмкіндік беретін қажетті шарттардың біріне саналады. Сондықтан болашақ мамандардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру тәсілдерін іздестіру бұл мәселені өзектендіре отырып, оны бір жағынан сапа, екіншіден процесс ретінде зерттеудің қажеттілігін көрсетеді. Бұл шығармашылықпен ойлауына, кәсіби жағдайларды қабылдауына, стандартты емес шешімдерді іздестіруіне, кәсіби дағдылары мен педагогикалық біліктерін жетілдіруіне, пәндік жетістіктерінің деңгейін арттыруға, өз қызметінің нәтижелерін талдауына мүмкіндік беретін интегративті сапасы, сонымен бірге болашақтағы кәсіби қызметіне, өзгермелі жағдайларда жұмыс істеуге дайын болуын сипаттайтын кәсіби іс-әрекеттің белгілі бір түріне дайындау процесі ретінде болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың әдістемесін дайындауға мүмкіндік береді.

Әдістеме болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру процесінің теориялық сипаттағы үлгісін жоғары оқу орнының шынайы тәжірибесінде жүзеге асыруға қажетті әдістемелік жүйе болып табылады. Ол хореограф-студенттер үшін таңдаулы курстар бағдарламалары, оқытушылар үшін арнаулы әдістемелік семинарлар, базалық және кәсіби оқу пәндері мазмұнын кәсіби ұтқырлық міндеттеріне бағдарлау мақсатындағы әдістемелік материалдар (дәрістер, практикалық сабақтардың әдістемелік әзірлемелері, студенттердің өзіндік оқу-танымдық және оқу-зерттеу, шығармашылық жұмыстары үшін материалдар), кәсіби ұтқырлық деңгейін диагностикалау құралдарын кіріктіреді.

Осы орайда, хореография мамандығы студенттерінің кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың алгоритмі әзірленеді, ол мына ұйымдастырушылық-әдістемелік қадамдарды қамтиды:

1. Мамандық студенттеріне сабақ беретін оқытушыларды дайындау.
2. Студенттердің кәсіби ұтқырлықты қамтамасыз ететін маңызды тұлғалық сапалары мен құзыреттіліктерінің бастапқы және соңғы деңгейлерін анықтау.
3. Мамандықтың оқу пәндері мазмұнының студенттердің кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру әлеуетін анықтау және оны байыту, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды жүзеге асыру бойынша іс-шараларды қолдану.
4. Студенттер үшін «Хореографиядағы кәсіби ұтқырлық» элективті курсы енгізу.

5. Кәсіби ұтқырылықты қалыптастырудың әдістерін, әдістемелік тәсілдері мен құралдарын жобалау және оларды хореографиялық білім беру ерекшеліктеріне қарай бейімдеп қолдану.

6. Студенттердің оқу-өндірістік тәжірибесінде кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруды жоспарлау және жүзеге асыру.

7. Кәсіби ұтқырлық сапалары мен құзыреттіліктерін қалыптастыруға арналған аудиториядан тыс іс-шаралар кешенін жүзеге асыру.

Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың әдістемесі оның тиімділігін қамтамасыз ететін психологиялық-педагогикалық шарттарға (2.2 параграф) негізделеді.

Зерттеу барысында дайындалған болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың әдістемесі үш бөлімнен тұрады:

- «Хореографиядағы кәсіби ұтқырлық» элективті курс бағдарламасы;
- «Пропедевтикалық тапсырмалар»;
- «Кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру жағдаяттары».

«Хореографиядағы кәсіби ұтқырлық» элективті курсының мақсаты болашақ хореографтарда кәсіби қызметтің тез өзгеретін жағдайларында ұтқырлыққа кәсіби дайындығын қалыптастыруды көздейді.

«Хореографиядағы кәсіби ұтқырлық» курсының негізгі міндеттері:

- ерекше жеке құндылық сапасы ретінде ұтқырлықты дамыту арқылы заманауи тез өзгеретін әлемде толыққанды өмір сүруге және жұмыс істеуге студент-хореографтарды мақсатты даярлау;

- хореографиялық өнер саласындағы кәсіби қызметтің өзгеретін әлеуметтік жағдайларына бейімделуге дайындықтың ішкі психологиялық тетіктерін құру;

- хореографиялық қызметте кәсіби ұтқырлықты қамтамасыз ететін жеке қасиеттер мен кәсіби құзіреттіліктерді қалыптастыру және дамыту;

- хореографиялық өнер саласындағы кәсіби қызметте қойылатын талаптарға сәйкес өз қызметін сәтті қайта құру үшін қажетті тәжірибелік іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру.

Күтілетін нәтижелер:

1. Білу және түсіну:

- заманауи хореограф-маманының кәсіби ұтқырлығының рөлі мен маңызын;

- хореографтың кәсіби ұтқырлығының мәні, құрылымы және аспектілерін;

- кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру мен дамытудың негізгі бағыттары, мазмұны мен технологияларын.

2. Қолдану:

- кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру және дамыту бойынша тәжірибелік іс-әрекеттерді ұйымдастыруда кәсіби ұтқырлық теориясы бойынша біліммен жұмыс жасау;

- өз қызметін қайта құруға және хореографиялық өнер саласындағы кәсіби қызметтің жаңа жағдайларына бейімделуге дайын болу икемділігі.



### 3. Талдау:

- хореографтың кәсіби қызметіне қойылатын жаңа талаптар мен жағдайларды талдауға дайындық;
- өзінің кәсіби құзыреттіліктері мен әлеуметтік белсенділік деңгейін мақсатты түрде талдай білу икемділігі;
- кәсіби өсу және өзін-өзі жетілдіру мүмкіндіктерін, қол жеткізілген нәтижелер деңгейін талдау;
- хореографтың табыстылығын талдай білу.

### 4. Синтез:

- кәсіби ұтқырлыққа және оның дамуына қатысты ақпаратты жүйелеу және жалпылау қабілеті;
- кәсіби ұтқырлыққа даярлықты қалыптастыру бойынша өзіндік қызметті жоспарлай және ұйымдастыра білу.

### 5. Бағалау:

- хореографтың кәсіби қызметінің жағдайлары мен талаптарын бағалау қабілеті;
- кәсіби ұтқырлыққа даярлық деңгейін бағалау қабілеті;
- хореографиялық өнер саласындағы кәсіби қызметтегі табыстылықты болжауға дайын болу.

Курстың пререквизиттері: психология, педагогика, кәсіби қазақ (орыс, ағылшын) тілі, ақпараттық-коммуникативті технологиялар, қазақ тілінде сөйлеу және коммуникация мәдениеті, режиссура және актерлық шеберлігі негіздері, актерлік шеберлік, хореографиялық пәндерді оқыту әдістемесі, классикалық биді оқытудың әдістемелік негіздері, I классикалық би тренажы, II классикалық би тренажы, II классикалық биді орындау техникасы.

Курстың постреквизиттері: хореографияда кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру, классикалық биді оқытудың теориясы мен әдістемесі, халықтық-сахналық биді оқытудың әдістемелік негіздері, Хореографиялық мұра I, Хореографиялық мұра II, I тарихи-тұрмыстық биді оқыту әдістемесі, Қазақ және шетел хореографиясы тарихы, Қазақ биін оқытудың әдістемелік негіздері, I спорттық-бал биін оқыту әдістемесі, қазіргі хореография I, I қазақ биін орындау әдістемесі.

Сонымен жоғарыдағы «Хореографиядағы кәсіби ұтқырлық» элективті курс бағдарламасын оқу процесіне енгізу және осы бағытта ұйымдастырылған жұмыстардың қорытындысы кәсіби ұтқырлықты қалыптастыруда және жалпы болашақ маманды даярлауда қолданылатын білім берудің формалары мен әдістерін жетілдіруге, студенттердің сабақтағы және сабақтан тыс іс-әрекетіне белсенді қатыстыруға және бұл іс-шараларды ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру мазмұнын жүзеге асырудың құралы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, «Хореографиядағы кәсіби ұтқырлық» элективті курсының тақырыптық жоспары студенттердің кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру мақсаты

мен міндеттеріне сәйкес келетін, дәріс, семинар, СОӨЖ, СӨЖ сабақтарын қамтиды.

Осы орайда «Хореографиядағы кәсіби ұтқырлық» элективті курсының оқу-тақырыптық жоспары көрсетіледі (кесте 6).

Кесте 6 - «Хореографиядағы кәсіби ұтқырлық» элективті курсының тақырыптық жоспары

№	Тақырыптар	Сағат саны			
		дәріс	семинар	СОӨЖ	СӨЖ
1	Кәсіби ұтқырлық заманауи маманның кәсібилігінің құрамдас бөлігі ретінде	1	1	2	2
2	Кәсіби ұтқырлық хореографтың тұлғалық сапасы ретінде	1	1	2	2
3	Хореографтың кәсіби ұтқырлығының құрылымдық сипаттамалары	1	1	2	2
4	Болашақ хореографтың ұтқырлыққа психологиялық-педагогикалық дайындығы	1	1	2	2
5	Хореографтың кәсіби қызметі	1	1	2	2
6	Хореографтың кәсіби қызметінің шығармашылық табиғаты	1	1	2	2
7	Хореографтың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың негізгі бағыттары	1	1	2	2
8	Хореографтың әлеуметтік белсенділігін дамыту	1	1	2	2
9	Хореограф тұлғасының өзін-өзі дамытуы	1	1	2	2
10	Хореограф маманының өздігінен білім алуын ұйымдастыру	1	1	2	2
11	Хореографтың кәсіби өзін-өзі тәрбиелеуі	1	1	2	2
12	Шығармашылық әлеуетті өзін-өзі жүзеге асыруға дайындықты қалыптастыру	1	1	2	2
13	Кәсіби қызметтің жеке стилін қалыптастыру және дамыту	1	1	2	2
14	Кәсіби қалыптасу мен кәсіби ыдырау дағдарысының алдын алу	1	1	2	2
15	Хореографиялық қызметтегі табыстылық	1	1	2	2
	Барлығы: 90 сағат, 2 кредит	15	15	30	30

Кестеде көрсетілгендей, элективті курс көлемі – 90 сағатқа (2 кредит) есептелген, оның 15 сағаты дәріс, 15 сағаты практикалық сабақ- семинарға, 30 сағаты СОӨЖ, 45 сағаты СӨЖ арналған.

*«Хореографиядағы кәсіби ұтқырлық» элективті курсының мазмұны*  
*Кіріспе.* Курстың мақсаты мен міндеттері.

*1-тақырып. Кәсіби ұтқырлық заманауи маманның кәсібилігінің құрамдас бөлігі ретінде.*

«Әлеуметтік ұтқырлық» және «кәсіби ұтқырлық» ұғымдарының мағынасы. Кәсіби ұтқырлықтың екі аспектілері - тік (вертикальді) және

көлденең (горизонтальды). Хореографтың ұтқырлық феноменінің ерекшеліктері. Ұтқырлықтың кәсіби маңызды қасиеттер және оның маман-хореографтың кәсібилігімен байланысының жалпы және нақты үлгілері.

*2-тақырып. Кәсіби ұтқырлық хореографтың тұлғалық сапасы ретінде.*

«Хореографтың кәсіби ұтқырлығы» ұғымы, оның компоненттердің үштұғырлы кешені ретіндегі сипаттамасы. Хореография саласында кәсіби ұтқырлықтың өзіндік ерекше белгілері. Хореографтың кәсіби ұтқырлығын қамтамасыз ететін құзыреттіліктер жүйесі.

*3-тақырып. Хореографтың кәсіби ұтқырлығының құрылымдық сипаттамасы*

Хореографтың кәсіби ұтқырлығының құрылымдық сипаттамалары - психологиялық дайындық, мотивациялық көзқарас, зияткерлік икемділік, рефлексия, жеке іс-әрекет стилі. Кәсіби ұтқырлықтың құрылымдық мінездемелері: өзін-өзі бақылау, өзін-өзі реттеу, дербестік, жауапкершілік, интеракция (инновациялық қызмет субъектілерінің әлеуметтік өзара әрекеті), әлеуметтік қабылдау, тіл табысу, кәсіптік қызметке қосылу.

*4-тақырып. Болашақ хореографтың ұтқырлыққа психологиялық-педагогикалық дайындығы.*

Хореографтың педагогикалық қабілеттері. Хореографиялық өнер саласындағы педагогикалық қызметінің мақсаттары мен міндеттері, мазмұны. Хореографтың педагогикалық шеберлігі мен педагогикалық техникасы. Хореографтың кәсіби ұтқырлығын қамтамасыз ететін психологиялық қасиеттерді қалыптастыру және дамытудың жолдары.

*5-тақырып. Хореографтың кәсіби қызметі.*

Хореографтың кәсіби қызметіндегі негізгі ынталандыру және оның критерийлері, кәсіби қызмет мотивтерін зерттеу әдістері. Хореограф жұмысының субъективті маңыздылығы. Студенттер хореографиялық өнер саласындағы сыртқы және ішкі мотивтер жүйесі, хореографтың еңбек мотивациясын арттыру және өзін-өзі ынталандыру тәсілдері оқып-үйреніледі. Шығармашылық хореографиялық ұжымды ынталандыру және өзін-өзі ынталандыру әдістері меңгеріледі.

*6-тақырып. Хореографтың кәсіби қызметінің шығармашылық табиғаты.*

Хореограф қызметінің шығармашылық сипаты. Шығармашылық тұлға ретінде хореограф маманның бейнесі. Хореографтың шығармашылық қызметінің ерекшелігі мен әдістері. Хореографтың шығармашылық қызметін ұйымдастырудың тәсілдері.

*7-тақырып. Хореографтың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың негізгі бағыттары.*

Хореографтың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру бағыттары: әлеуметтік белсенділікті дамыту, өзіне деген талап, табандылықты тәрбиелеу, хореографтың оптимизм дәрежесі, бәсекеге қабілеттілігі. Кәсіби құзыреттілікті дамыту, өзінің жеке кәсіби-тұлғалық әлеуетін көрсету әдістері.

*8-тақырып. Хореографтың әлеуметтік белсенділігін дамыту.*

Кәсіби ұтқырлыққа дайындықтағы хореографтың әлеуметтік белсенділігінің рөлі. Хореографтың әлеуметтік белсенділігінің көріністері мен сипаттамалары. Әлеуметтік белсенділікті дамыту әдістері.

*9-тақырып. Хореограф тұлғасының өзін-өзі дамытуы.*

Өзін-өзі дамытуға психологиялық дайындық, кәсіби және жеке өсудің әлеуетті мүмкіндіктері. Мақсат қою стратегиясы. Хореографтың тайм-менеджменті. Өзін-өзі дамытуды жоспарлау, кәсіби хореограф ретінде өз имиджін құру және нығайту тәсілдері. Өзін-өзі мотивациялау, қарым-қатынас пен эмоционалды-еріктік саланы дамыту, кәсіби және жеке өсудің интроспекциясы (өзін-өзі байқау) тәсілдері.

*10-тақырып. Хореограф маманының өздігінен білім алуын ұйымдастыру.*

Хореограф-маманның өздігінен білім алу іс-әрекетінің мәні мен ерекшеліктері. Хореографиялық өнер саласындағы кәсіби ақпарат көздері және ақпаратты іздеу, өңдеу, сақтау және пайдаланудың тиімді әдістері. Хореографтың өзіндік білім беру қызметінің бағыттары. Өздігінен білім алу қызметін жоспарлау және оның тиімді әдістері.

*11-тақырып. Хореографтың кәсіби өзін-өзі тәрбиелеуі.*

Хореографтың кәсіби өзін-өзі тәрбиелеуінің мәні мен сипаттамалары. Хореографтың кәсіби және жеке қасиеттері. Кәсіби өзін-өзі тәрбиелеудің факторлары мен шарттары. Шығармашылық қызметкерлер тобы мүшесінің қасиеттерін тәрбиелеу тәсілдері. Өзін-өзі тәрбиелеу әдістері. Хореографтың кәсіби тәрбиесін бағалау критерийлері.

*12-тақырып. Шығармашылық әлеуетті өзін-өзі жүзеге асыруға дайындықты қалыптастыру.*

Заманауи хореограф-маманның шығармашылық әлеуеті. Шығармашылық қабілеттері. Хореографтың өзін-өзі жүзеге асыруы. Өзін-өзі тану факторлары, өзін-өзі тану әдістері. Хореографиялық қызмет саласында өзін-өзі жүзеге асыруға дайындықтың критерийлері мен шарттары.

*13-тақырып. Кәсіби қызметтің жеке стилін қалыптастыру және дамыту.*

Жеке іс-әрекет стилі түсінігі. Хореографтың жеке іс-әрекет стилінің көрсеткіштері мен өлшемдері. Хореографтың жеке стилін қалыптастыру және дамыту шарттары. Қызмет стилінің себептері. Хореографтың кәсіби қызметінің жеке стилін жақсарту тәсілдері.

*14-тақырып. Кәсіби қалыптасу мен кәсіби ыдырау.*

Хореографтың кәсіби қалыптасуындағы дағдарыстар, оның түрлері мен факторлары және фазалары. Хореографиялық өнер саласындағы дағдарысты анықтайтын факторлар. Кәсіби өсу дағдарысы және оны жеңу жолдары. Студенттер кәсіби деформация (ыдырау) түсінігі. Хореографиялық өнер саласындағы кәсіби деформацияның психологиялық детерминанттары. Кәсіби ыдырау деңгейлері. Хореографтың кәсіби деформациясының нақты көріністері. Хореографтың кәсіби ыдырауының алдын алу және жеңу тәсілдері.

*15-тақырып. Хореографиялық қызметтегі табыстылық.*

Хореограф қызметінің табыстылығы. Хореограф маманның жетістік көрсеткіштері. Хореограф қызметінің табыстылығын болжау әдістері.

Сонымен элективті курс бағдарламасында студенттерге арналған семинар сабақтарының тақырыптары мен СОӨЖ, СӨЖ тапсырмалары және ұсынылатын міндетті және қосымша әдебиеттер тізімі ұсынылады.

Элективті курсты жүргізу барысында жоғарыдағы тақырыптардың мазмұны толық ашып көрсетіледі және студенттердің болашақ хореографтар ретінде кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруға мүмкіндік туғызылады.

Элективті курстың күнтізбелік жоспарындағы тақырыптар бойынша дәрістер оқытылып, практикалық сабақтар жүргізілді. Сабақты өту барысында компьютерлік техника, оқу-әдістемелік және қосымша оқу құралдары қолданылады.

Элективті курс емтиханмен аяқталады. Студент өз білімін пән бойынша ауызша сұрақ - жауап арқылы тапсырады.

Сонымен қатар элективті курс бойынша сабақтар шеңберінде студенттер хореография саласындағы кәсіби ұтқырлық және оның қалыптасуы туралы тәжірибелік бағдарланған теориялық білімдермен қатар, кәсіби ұтқырлық сапаларын меңгеруге бағдарланған тәжірибелік іс-әрекет түрлеріне (тапсырмалар орындау, коучингтер, тренингтер, тәжірибешіл хореограф-мамандардан онлайн кеңестер алу, университеттегі кәсіби бағыттағы аудиториядан тыс және тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу, кафедраның өндірістік базаларында - оқу-ғылыми білімдік кешендерінде арнайы сабақтарды өту т.б.) қатыстырылады.

Кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру мазмұны студент-хореограф меңгеруі тиіс болған ұтқырлық сапаларын (түйін біліктіліктерді) қамтиды. Бұл сапаларды қалыптастыру бакалавриаттың «Хореография» мамандығы оқу бағдарламалары арқылы жүзеге асырылады.

**Зерттеу барысында дайындалған пропедевтикалық тапсырмалар кәсіби пәндер бойынша тапсырмаларды** орындау дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік туғызады. Тапсырмалар арнайы пәндер тақырыптарын оқып-үйренгеннен соң ұсынылады және пропедевтикалық сипатта болады. Тапсырмалар вариативтілік қағидатын жүзеге асырып, тақырыптың түрлі аспектілерін қарастыруды болжайды. Бұл тапсырмалар студенттердің кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруға қосымша мүмкіндіктер жасауы тиіс.

1 және 2-курс студенттерінің өндірістік іс-тәжірибесінің міндеттеріне мыналар жатады:

- студенттің кәсіби және зерттеушілік ойлауын дамыту;
- жас ерекшеліктерін ескере отырып, хореографиялық ұжыммен жұмыс істеу әдістерін қалыптастыру;
- кәсіби-педагогикалық этика дағдыларын тәрбиелеу;
- хореографиялық пәндердегі әртүрлі формадағы жұмыс түрлері талап ететін қажетті практикалық дағдыларды үйрету;

- студентте хореографиялық пәндер циклі бойынша сабақтарды жоспарлаудың бастапқы дағдыларын қалыптастыру;

- студентті кәсіби және тұлғалық дамыту міндеттерін өз бетінше анықтауға, одан әрі әдістемелік жетілдіру жолында өз бетінше білім алумен айналысуға үйрету [162, б. 5].

Өндірістік практикадан өту нәтижесінде білім алушы меңгеруі тиіс:

- көркем-шығармашылық іс-әрекетті;

- педагогикалық іс-әрекетті;

- ұйымдастыру-басқару іс-әрекетті.

Бұл іс-тәжірибе «пассивті» практика деп аталғанымен, психологиялық-педагогикалық практикум болып табылады. Студенттерге берілетін пропедевтикалық тапсырмалардың вариативтілігіне қол жеткізіледі, оларға бір іс-әрекет түрінен басқа іс-әрекет түріне көшу жағдайына кіріктіруге бағдарланған жеке тапсырамалар да беріледі:

1. «Қол, аяқ, бас және дене қалпын үйрену. Тапсырма бойынша би материалында қимылдарды үйрену» (көркем-шығармашылық іс-әрекетті орындауға тиісті тапсырма - орындаушылық қызметінен репетиторлық қызметіне өту).

2. «Жаттығуды жолға қою (постановка разминки) бойынша жұмыс: жоғарғы иық белдеуі, ортаңғы иық белдеуі, жамбас аймағы. Секіру. Созылу» сабақ жоспарын әзірлеу (көркем-шығармашылық іс-әрекеттен педагогикалық іс-әрекетке өту).

3. Қимылдарды үйрену және би материалында комбинацияларды құрастыру (таңдау бойынша) - сабақты өткізу жоспарын құру.

4. Би материалында комбинацияларды құрастыру және этюд құрастыру (таңдау бойынша) - балейтмейстерлік іс-әрекеті. Одан студенттер сабақ жоспарын құруға өтуі керек.

3-курс студенттерінің өндірістік практикасының мазмұны студенттердің практикалық педагогикалық іс-әрекет тәжірибесін алуы, олардың жеке басының кәсіби бағытын қалыптастыру, педагогикалық ойлауды дамыту, жеке педагогикалық стильді қалыптастыру, жұмысқа зерттеу тәсілін қалыптастыру, негізгі кәсіби-педагогикалық құзыреттіліктерді дамыту және өзін-өзі дамыту, жалпы мәдени, психологиялық-педагогикалық және арнайы білімді оларды нақты жағдайларды талдау, оларды анықтау және нақты педагогикалық мәселелерді шешу үшін пайдалану процесінде шоғырландыру, тереңдету және байытуды қамтиды.

Болашақ хореографтың педагогикалық іс-әрекетін қалыптастыруға бағдарланған өндірістік практика мынандай нәтижелерді көздейді, бағдарламаға сәйкес студент-хореограф:

1. Оқу процесін жоспарлау негіздерін;

2. Оқу пәндерін оқытудың заманауи әдістері мен әдістемелерін;

3. Оқу процесін жоспарлауға қажетті заманауи бағдарламалық өнімдерін;

4. Оқушыларды әртүрлі оқу-танымдық іс-шараларға қосуды;

5. Оқушылармен фронтальды, топтық және жеке жұмыс түрлерінің оңтайлы үйлесімін білуге міндетті.

Төмендегі икемділіктер мен дағдыларды меңгеруге:

1. Оқушылардың өмірлік тәжірибесі мен білімін ескере отырып, жаңа материалдың мазмұнын анық, қолжетімді және ғылыми түрде түсіндіру және баяндау;

2. Пәнаралық байланыстарды ескере отырып, оқу материалын баяндауда бірізділік пен жүйелілікті қамтамасыз ету;

3. Пән бойынша сабақ жоспар-конспектін, тақырып, бөлім бойынша сабақ жүйесін құру;

4. Тиісті дағдылар мен дағдылардың қалыптасуын анықтау үшін оқушылардың білім деңгейіне қойылатын талаптарды белгілеу және олардың сапасын диагностикалау, сондай-ақ оқу процесінде оқушылардың қиындықтарын түзету;

5. Оқу қызметін ұйымдастыруда көтермелеу, ынталандыру және санкциялар жүйесін әзірлеу және ұтымды пайдалану

6. Пән және жалпы оқу-тәрбие процесі бойынша оқу-әдістемелік, талдау құжаттамасын жүргізу.

Мына жұмыс түрлерін меңгеруі тиіс:

1. Балалармен, жасөспірімдермен әлеуметтік-педагогикалық жұмысты жоспарлау, ұйымдастыру, әр түрлі әлеуметтік-тәрбиелік, әлеуметтік-білім беру, дамыту іс-шараларын шығармашылықпен жүзеге асыру, олардың нәтижелерін талдау.

2. Жалпы және әлеуметтік педагогиканы, педагогикалық, әлеуметтік, жас және балалар психологиясын білу. Балалармен, жасөспірімдермен әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттің теориясы мен әдістемесін білу. Тәжірибеде қолдану.

3. Тәрбиеленушілердің, балалардың жеке басын тәрбиелеу, білім беру, дамыту жөніндегі іс-шаралар кешенін жүзеге асыру. Балалардың әлеуметтік маңызды іс-әрекеттерінің әр түрлерін, әлеуметтік бастамаларды дамытуға, әлеуметтік жобалар мен бағдарламаларды іске асыруға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру [145, б. 82].

Бағдарламаға сәйкес болашақ хореографтар ретінде студенттер: бекітілген кестеге сәйкес практика базаларына қатысуы; күнделік жүргізу; педагог-хореограф функцияларын орындау; сыныпта іс-шаралар дайындау және өткізу; сынып жетекшісіне әр түрлі көмек түрлері (дидактикалық үлестіруші материалдарды дайындау, электронды күнделіктер арқылы тапсырмалардың орындалуын тексеру және т.б.); педагог-хореографқа әр түрлі көмек көрсету түрлеріне ену; жеке, жұптық және топтық зерттеу тапсырмаларын орындау; қосымша тапсырмаларды орындау («әдістемелік жинақ сандықша» құрастыру, презентациялар дайындау, дереккөз базасын жинақтау, портфолио және т. б.); университеттегі іс-тәжірибе нәтижелері бойынша конференцияға топтық шығармашылық қорытынды есепті дайындауға қатысу дәрежесі және т.б.

Мысалы, студенттерге мынандай жеке пропедевтикалық тапсырмалар берілуі мүмкін:

1. Педагог-хореографтың орындаушылық және педагогикалық іс-әрекетіне талдау жасап, олардың ерекше қырларын және бірі-бірімен байланыстарын анықтаңыз.

2. Би материалында комбинацияларды құрастырыңыз және этюд құрастырыңыз (таңдау бойынша). Оқушыларды оған үйретудің алгоритмін әзірлеңіз.

3. Қазақ би өнеріне арналған бір тақырып бойынша сабақтың әдістемелік әзірлемесін дайындаңыз.

4. Хореографиялық өнер саласына қабілетті және дарынды оқушыларды анықтаңыз (арнаулы зерттеу әдістері көмегімен - байқау, анкеталау, сұхбат, мұғалімдер және сынып жетекшілерімен жұмыс, мектеп құжаттарын зерделеу, оқушылар шығармашылығы өнімдерін талдау т.б. әдістерді пайдаланыңыз).

5. Би өнеріне қабілетті оқушылардан шығармашылық ұжым (үйірме) құру жобасын құрастырыңыз.

6. «Заманауи би өнерінде қазақ ұлттық би өнерінің бейнеленуі және оның педагогикалық маңызы» тақырыбында шағын зерттеу жұмысын жүргізіңіз.

Жоғары курстардағы іс-тәжірибеде практикант студент-хореографтарда әр түрлі іс-әрекет түрлеріне қосылуға мүмкіндіктер пайда болады: хореографлық пәндерді оқыту, би-орындаушылық, сахна қойылымдарын дайындау, хореограф-концертмейстердің іс-әрекеті, өнер-шығармашылық ұжымдарына жетекшілік жасау, әдістемелік, мәдениет және өнер салаларындағы зерттеу жұмыстары. Студенттар кафедра тарапынан берілген тапсырмаларды орындайды, курстық және диплом жұмыстарына қажетті тәжірибелік материалдарды жинайды.

Студент-хореографтардың іс-тәжірибесінің кәсіби ұтқырлыққа бағдарлануында практикаға жетекшілік жасайтын кафедралардың біріккен, үйлесімді жұмысы тапсырмалардың көпқырлығына қол жеткізуге мүмкіндіктер жасайды. Мысалы, «Хореография» кафедрасы «Музыкалық білім», «Жалпы педагогика», «Психология және дефектология» кафедралармен келісілген түрде кәсіби іс-тәжірибе бағдарламаларын құруы тапсырмалардың вариативтілігін қамтамасыз етеді.

Осыған байланысты студенттерге берілетін тапсырмалар болашақ хореографтарды әр түрлі іс-әрекеттерге кіріктіруді болжайтын, вариативті, олардың тек би-орындаушылық, балетмейстерлік іс-әрекеттеріне ғана емес, болашақ хореографтың көп қырлы іс-әрекет түрлеріне - педагогикалық, концертмейстерлік, режиссерлық, менеджерлік, әдіскерлік, зерттеушілік қызметтеріне баулуға, оларға шынайы өндірістік процестерде тереңірек енуіне қолғабыс көрсетеді.

Студент-практиканттарға әмбебап құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған және хореограф қызметінің нақты бағыттары бойынша жеке дифференциалды тапсырмалар беріледі. Әмбебап құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар: «Өнер ұйымдарында



шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастырудың формалары», «Шығармашылық ұжымда тиімді қарым-қатынас тәсілдері», «Хореографтың үздіксіз кәсіби өзін-өзі жетілдіруін жоспарлау», т.б. Мысалы, болашақ хореографтың кәсіби іс-әрекеті ерекшеліктерін ескеретін жеке тапсырмалар: «Қазақ билеріне үйрету әдістемесі», «Қазіргі билерді үйретуді ұйымдастыру», «Мектептен тыс мекемелерде балалардың би орындаушылық тобын ұйымдастыру», «Хореографиялық сахна қойылымдарын дайындаудағы режиссердың жұмысы», «Хореографиялық сахна қойылымдарын музыкалық сүйемелдеу», «Орта арнайы мектептерде ұлттық би өнеріне үйрету», «Демалыс үйлерінде әмбебап би орындаушылық іс-әрекетінің формалары», «Түрлі мамандық иелерінің би мәдениетін зерттеу», «Қаладағы би өнері тарихын зерттеу» т.б.

Кәсіби ұтқырлық тұрғысынан болашақ хореографтар ретінде студенттер өтетін өндірістік және дипломалды практикалардың базасын анықтауға ерекше назар аудару керек. Атап айтқанда, өндірістік практика өтетін мәдениет, өнер, білім беру ұйымдары, ең алдымен, инновациялық бағдарламаларды табысты жүзеге асыратын ұйымдар болуы тиіс.

Хореографиялық пәндерді оқыту процесінде кәсіби ұтқырлық жағдаяттарын модельдеу әдісі жақсы нәтижелер береді. Жоғарыда айтылғандай, хореографтың ұтқырлығы көлденең/горизонтальды немесе тік/вертикальды болуы мүмкін. Білім алушылармен сұхбат болашақ хореографтар ретінде студенттердің басым көпшілігі жоо-н бітіргеннен соң өз мамандығы бойынша, хореографиялық өнер саласында жұмыс істеуді мақсат ететінін көрсетеді.

Зерттеу барысында жасалған талдаулар болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруға қажетті дағдыларды топтастыруға мүмкіндік береді (кесте 7).

Кесте 7 - Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруға қажетті дағдылар

Дағдылар тобы	Дағдылар мазмұны
1-ші топ	Оқуға, білуге деген ұмтылыстарды анықтайтын дағдылар.
2-ші топ	Мәдениет және өнер саласындағы білімді тұтынушылардың қалауын, мінезін түсінуге бағытталған дағдылар.
3-ші топ	Кәсіби қызметтегі өзгерістерге жылдам бейімделуге мүмкіндік беретін дағдылар.
4-ші топ	Тиімді кәсіби қарым-қатынастар құрастыру мақсатындағы дағдылар.
5-ші топ	Ұйымдастырушылық қызметін атқаратын дағдылар.

Кестеде көрсетілген икемді дағдыларға қысқаша сипатама беріледі.

Бірінші топтағы икемді дағдылар оқуға, білуге деген ұмтылыстарды анықтайды. Бұл қазіргі еңбек нарығы әлемінде ең жоғары сұранысқа ие болатын дағды. Жұмысқа қабылдануға идеалды талапкер - бұл өзін-өзі ұдайы дамытатын белсенді және бастамашыл маман. Би өнері саласында бәсекелестік жоғары екендігі мәлім.

Сондықтан, жұмыс берушілер хореограф мамандардың мынандай икемді дағдыларын, хореография өнері саласындағы жаңалықтарды білуге деген зор қызығушылығын және олар туралы заманауи ақпарат көздерін - медиакұралдарды пайдалану дағдыларын құнды бағалайды:

- аудио-видеокітаптар оқу, вебинарлар мен подкасттар тыңдау;
- би өнері саласында бәсекелестікті қадағалап бару, клиенттердің – көрермендердің, өнер мектебі оқушылары мен ата-аналардың, қызмет тұтынушыларының пікірлерін тыңдау;
- әріптестерімен кәсіби ақпарат алмасу;
- кәсіби шеберлігін, би техникасын мақсатты түрде, жоспарлы жетілдіру;
- педагогтық білімі мен қабілеттерін жүйелі дамыту (хореограф-педагогтар үшін).

Екінші топтағы икемді дағдылар мәдениет және өнер саласындағы білімді тұтынушылардың қалауын, мінезін түсінуге бағытталады. Қазірде нарық талаптарын ескермей жұмыс істеп дамитын бірде-бір сала болмайтыны белгілі. Би өнері шығармашылық ұжымдары, немесе өнер мектептері тұтынушылар, клиенттердің қалауын, олардың мінезін зерделеуі, оларды табысты еңбек үшін бағыттаудың тәсілдерін білуі міндетті. Болашақ хореограф-маман өз өнерін, шеберлігін, өнер саласында білім беруді тұтынушылар қалауларына сәйкестендіру, тұтынушылардың көрсетілген қызметке қанағаттануын, қаншалықты қабылдағандығын зерделей білуі қажет. Бүгінгі таңда адамдар медиакұралдар арқылы өнер туындыларын қабылдауда. Бірақ, сонда да би өнерінің, жанды би орындаушылықтың маңызы жоғалмады, жоғалмайды да. Классикалық қазақ би өнеріне, сондай-ақ әлем халықтары би өнерінің ғажайып туындыларына сұраныс азаймайды.

Сондықтан, болашақ хореограф-маман мынандай икемді дағдыларды меңгеруі қажет:

- өнер саласындағы қызметтер, өзгерістер, жаңалықтарды ұдайы байқауы, хореография және хореографиялық білім саласындағы өзгерістерден ұдайы хабардар болуы;
- би өнері туындылары, өнер мектептері тұтынушыларының қалауларын, бейімдіктерін, талғамдарын диагностикалау тәсілдерін пайдалану, нарықтың сұранысы туралы тұжырымдар жасау;
- өзінің қызметіндегі кемшіліктерді дер кезінде анықтау және сәйкес өзгерістер енгізу (жаңа, тиімді өнер туындылары, қызметтер, жұмыс тәсілдерін ұсыну);
- нарықтық талаптарды ескере отырып, шынайы өнер және дәстүрлі педагогикалық құндылықтардан арылмау.

Үшінші топтағы икемді дағдылар кәсіби қызметтегі өзгерістерге жылдам бейімделуге мүмкіндік береді. Хореография саласы, сыртынан маманның дәстүрлі тұғырлар мен ұзақ уақыт жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін, классикалық тәсілдер басым қызмет саласындай, өндіріс немесе жоғары технологияларды талап ететін басқа сала еместей көрінуі мүмкін. Бірақ, жоғарыда айтылғандай қарқынды өзгерістерден тыс қалған адам қызметінің бірде бір саласы жоқ. Жас маман хореография саласында да осы қағидаттан ерекше емес. Өнер саласында да ұйымдастырушылық, технологиялық өзгерістер, нарықта бәсекелестікті сақтау үшін өзіндік кәсіби дағдыларын кеңейту үшін өзгерістерге бейімделуі қажет. Жаһандану, цифрландыру заманында адамдардың би өнеріне көзқарастарымен және құндылықтарымен қатар өнер саласында қызмет көрсетудің тәсілдері, өнер мектептерінің қызметі де өзгергені анық. Сол себепті, болашақ хореограф ретінде студент өзіндік комфорт аумағынан шыға алатын, өзгерістерді көре алатын, оларды даму және жаңалықтар енгізу үшін жаңа мүмкіндіктер деп қабылдайтын болуы керек.

Сондықтан студенттер болашақ хореограф ретінде кәсіби қызметтегі өзгерістерге жылдам бейімделу үшін мынандай икемді дағдыларды меңгеруі тиіс:

- кәсіби саладағы сын-қатерлерді зерделеу, білу; өзгерістерді, жаңалықтарды оң қабылдай білуі;

- кәсіби қызметтің күтілмеген жағдайларын оң, мүмкіндік ретінде қабылдауға даярлық; жаңалықтарға, өзгерістерге жылдам бейімделу;

Төртінші топтағы икемді дағдылар тиімді кәсіби қарым-қатынастар құрастыру мақсатын жүзеге асырады. Болашақ хореограф белгілі деңгейде өнертапқыш болуы, негізді шешімдер қабылдауға үйренуі керек. Әріптестермен тиімді қарым-қатынас құрастыру дағдыларының болуы хореограф мамандар үшін маңыздылығы жоғары болып табылады. Би техникасы, би өнері саласындағы жаңа идеялар, оқушыларға би өнерін үйретудің жаңашыл тәсілдері туралы құнды ой-пікірлерді әріптестеріне түсіндіре алған, оларды қызықтыра алған маман жалғыз мақсатқа жетуді көздейтін маманнан ажыратылады.

Тиімді кәсіби қарым-қатынастар құрастыру үшін болашақ хореограф мынандай икемді дағдыларды меңгеруі қажет:

- жаңа идеялар, шешімдер ұсыну; өз идеяларын әріптестерімен бөлісу, қорғау, жылжыту; ойлау еркіндігі, ашықтығы және ынтымақтастық; кәсіби салада пайдалы пікір алмасу;

- әр түрлі идеяларды, ой-пікірлерді тыңдай білу, қарсы пікірлерді әдептілікпен жеткізу, әріптестерінің пікірін құрметтеу;

- тиімді кәсіби қарым-қатынас тәсілдерін пайдалану.

Бесінші топ икемді дағдылар ұйымдастырушылық қызметін атқарады. Болашақ хореограф-маман өз қызметін, өзі басқаратын шығармашылық топтың немесе өнер мектебі оқушыларының, ал менеджер ретінде бишілер немесе педагогтар тобының іс-әрекетін ұйымдастыру дағдыларын меңгерген болуы

керек. Егер ұйымдастыру әлісз болса, кейде жоғары деңгейдегі би техникасы да, педагогикалық шеберлік те күтілген нәтижелер бермеуі мүмкін.

Студент-болашақ хореограф мынандай ұйымдастырушылық дағдыларына ие болуы керек:

- жалпы және хореография саласында (немесе педагогика саласында) арнаулы ұйымдастырушылық дағдыларын меңгергендік - уақытты басқару, ресурстарды ұтымды пайдалану, қызмет бөлісу, команда мүшелері іс-әрекетін үйлестіру және т.б.;

- тиімді командалар құру және олардың іс-әрекетін ұйымдастыру; өнер мектептері оқушылары, шәкірттер (менторлық қызметін атқарған жағдайда) іс-әрекетін ұйымдастыру.

Бүгінгі хореограф маман тек дәстүрлі және аса арнаулы кәсіби дағдыларды меңгерген, тар бейіндік маман болуы мүмкін емес. Жылдам өзгерістер, еңбек нарығындағы бәсекелестік жағдайында оның кәсіби ұтқырлығы аса маңызды факторға айналады.

Сондықтан болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығы арнаулы кәсіби құзыреттіліктермен қатар кәсіби икемді дағдыларды қалыптастыруды талап етеді. Бірақ икемді дағдылар арнаулы кәсіби дағдылардан өзіндік ерекшеліктерімен ажыратылады, хореографтың кәсіби дағдыларымен өзара әрекеттестікте жүзеге асырылады.

Сонымен, бакалавриаттың «Хореография» білім беру бағдарламасы/мамандығы студенттерінің өндірістік практикасы кешенді сипатқа ие болуы, яғни хореографтың кәсіби іс-әрекетінің барлық түрлері мен бағыттарын кіріктіруі тиіс.

Атап айтқанда, болашақ маман ретінде студенттер хореограф-орындаушы, балетмейстер, педагог-хореограф, шығармашылық ұжым жетекшісі, репетитор, өнер мен хореографиялық білім беру менеджері, өнертанушы-зерттеуші қызметтерінің барлық түрлерін меңгеруі қажет. Бұл арнаулы хореографиялық, әдістемелік, педагогикалық, басқару және ғылыми-зерттеу саласындағы пәндік білімдерді кіріктіруді, оларды оқу жұмысының әр түрлі формалары арқылы меңгеруді болжайды.

Хореографиялық пәндерді оқыту процесінде кәсіби ұтқырлық жағдаяттарын модельдеу әдісі жақсы нәтижелер береді. Жоғарыда айтылғандай, хореографтың ұтқырлығы көлденең/горизонтальды немесе тік/вертикальды болуы мүмкін. Білім алушылармен сұхбат болашақ хореографтар ретінде студенттердің басым көпшілігі жоо-н бітіргеннен соң өз мамандығы бойынша, хореографиялық өнер саласында жұмыс істеуді мақсат ететінін көрсетеді.

**Зерттеу барысында кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру жағдаяттары дайындалды**, ол үшін хореографиялық пәндерді оқыту процесінде кәсіби ұтқырлықты қалыптастыратын педагогикалық жағдаяттарды модельдеу әдісі пайдаланылады. Біз модельдейтін педагогикалық жағдаяттар, бірінші кезекте, хореографтың горизонтальды ұтқырлығын қалыптастыру міндеттеріне бағытталады. Болашақ хореографтар ретінде студенттердің кәсіби ұтқырлығын

калыптастыру міндетті түрде хореограф-маманның әлеуметтік мәртебесін өзгертуін, басқа саладағы қызметке көшуін білдірмейтіні жөнінде пайымдауы болуы керек.

В.А. Мищенко көлденең/горизонтальды кәсіби ұтқырлықтың бірнеше себептерін атап көрсетеді: кәсіби іс-әрекетті орындаудан ішкі психологиялық қанағаттанбаушылық; жеке жағдайлар, мұнда басқа ұйымда, басқа мамандықта жұмыс істеу неғұрлым тартымды (карьералық өсу тұрғысынан ғана емес); жас мамандар үшін ғылыми немесе техникалық тұрғыдан қызықты мамандықтардың пайда болуы; ұйымды дамыту немесе инновациялық технологияларды енгізу мақсатында бір кәсіп шеңберінде мамандығын өзгерту (көбінесе басшылықтың өтінішіне орай) [21, б. 37].

Сондықтан «Хореографиядағы кәсіби ұтқырлық» пәні бойынша практикалық сабақтарда студенттерге кәсіби ұтқырлықты қалыптастыруға мүмкіндік беретін, сонымен бірге болашақ хореографтар ретінде осы төрт себептерді бейнелейтін жағдаяттар талқыланады:

Бірінші жағдаят: «Арайлым Сұлтанбекқызы мәдениет факультетінің хореографиялық бөлімін бітіріп, облыс хореографиялық театрына жұмысқа орналасты. Ол театрдағы қызметтен көп армандарды күткен еді. Жас, әрі тәжірибесі аз маманға режиссер спектаклдерде қосалқы рөлдерді тапсырады. Мадина екі жыл бойы сондай жұмыс істеді. Ол өзінің кәсіби қызметінен ішкі қанағаттанбаушылықты сезіне бастады. Жұмысқа деген ынта-жігері азая бастады..... ». Студент осы жағдаятты одан әрі жалғасуын жағымды нотада, кәсіби ұтқырлықты дамыту тұрғысынан тұжырымдауы керек. Студенттер тобы қалыптасқан ситуацияны шешудің баламалы нұсқаларын әзірлеуі керек.

Екінші жағдаят: «Елнұр хореография мектебінің қазақ биі мұғалімі. Бір неше жылдық педагогтық тәжірибесі де бар. Оның оқушылары облыстық байқауларға қатысып, жүлделі орындарды да иеленген. Облыстық байқаулардың бірінде Елнұр байқауға Нұр-Сұлтан қаласынан келген жекеменшік хореографиялық мектептің директорының назарына түсті. Елнұрдың оқушыларының сахнадағы өнер көрсетуі директорды таң қалдырды. Елнұрды жеке шақырып, оған жекеменшік мектептің артықшылықтары мен педагогтардың шеберлігі мен шығармашылығын дамыту мүмкіндіктері туралы дәлелді айтып берді. Елнұр елдордадағы жекеменшік хореографиялық мектепте жұмыс істеудің неғұрлым артықшылығын пайымдады. Енді...» (Студенттер Елнұр қабылдауы мүмкін болған шешімдердің варианттарын ұсынуы керек. Шешімдер негізді, дәлелді болуы талап етіледі. Оқытушы шешімдер қабылдаудың арнайы әдістемелерін пайдалануды талап етеді, мысалы Декарт квадранты және т.б.

Үшінші жағдаят: «Нұрипа аудандық мәдениет үйі жанындағы ұлттық би шығармашылық тобына биші болып жұмысқа орналасты. Ол біраз уақыт жұмыс істегеннен соң мәдениет үйіне сахна қойылымдарына цифрлық технологияларды ендіру құралдары орнатылып, хореографияны және информатикалық жүйелерді жетік меңгерген маманға талап пайда болды.

Әкімшілік «виртуальді сахна қойылымдары қоюшысы/постановщик» деп аталатын жаңа штат ашатын болды. Мәдениет үйінің әкімшілігі жұмысқа орналасуға келген ақпараттандыру мамандарында өнер саласында білімдер жоқтығы, ал хореографтар мен басқа өнер саласы мамандарының ақпараттық технологиялар саласында құзыреттіліктері жетіспейтіндігін анықтады. Ұйымға екеуін жете меңгерген маман қажет еді.

Нұрипа, жалпы жоғары білім хореограф болса да, өнер дизайны, ақпараттық жүйелер, цифрлық құралдар бойынша қосымша білім бар, оған қоса университетте оқып жүрген кездерде академиялық ұтқырлық бағытында Ресей жоғары оқу орнында болғанда виртуальді сахна қойылымдарына қатысқан, оған қызығушылығы зор еді. Сондықтан, Нұрипа әкімшілікке осы штатқа аусытыруға сұраныс жазды...» (Студенттер Нұрипаның би тобы бишісі қызметінен жаңа, «виртуальді сахна қойылымдары қоюшысы» мамандығына ауысуының сәтті өтуін жобалау, оның алгоритмін құруы және топтық жобаны қорғауы керек).

Төртінші жағдаят. «Асқар жаңа ашылған балет мектебінде педагог-хореограф болып жұмыс істейді. Мектеп ақылы, сондықтан оқушылар жинау, оларды мектепте тұрақты оқуын қамтамасыз ету әрқашанда күрделі мәселе. Топтарға келетін балалардың белгілі бөлігі басқа мектептерге ауысып кетеді, немесе екі-үш сабақтан кейін келмейді. Мектеп оқушылар контингенті де, педагогтар құрамы да тұрақсыз. Бірақ Асқар өз тобындағы оқушылар контингентін тек сақтап қана қоймай, олардың артық баруына да қол жеткізді. Ол енді, қатарынан үш топта сабақ беретін болды.

Басшылық Асқардың бұл жетістіктері оның шебер педагог-хореограф ғана болмай, жақсы ұйымдастырушы екендігінен, оның менеджерлік қабілеттері айқын көрініп тұрғандығын байқады. Директор Асқарға ұйымды дамыту мақсатында менеджерлік қызметіне ауысуды өтініп, оның жалақысын бір жарым есе көтеріп, әлеуметтік жеңілдіктер жасайтындығын айтты.

Асқар үшін бұл күтілмеген жаңалық еді. Жас педагог-хореографтың менеджерлік қызметіне ауысуы оның өзіне, әріне белгілі қиындықтар туғызатындығы анық еді...» (Студенттер Асқардың педагог-хореограф қызметінен менеджерлікке ауысуымен байланысты проблемаларды анықтау және оның осы лауазымға сәтті өтуінің тәсілдерін әзірлеуі тиіс).

Жоғарыда берілген педагогикалық ситуациялар студент-хореографтардың горизонталдық кәсіби ұтқырлыққа даярлық сапаларының қалыптасуына жақсы әсерін тигізеді. Студенттер хореограф маманның шынайы кәсіби өмірін модельдейтін жағдайларға психологиялық енуді, оған бейімделуді, креативтілік танытып мәселені оң жағына шешуге дағдыланады.

Болашақ хореографтың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруда практиканың орны мен рөлі ерекше. «Хореография» мамандығының модульдік білім беру бағдарламасының «Қорытынды аттесттаттау» модулінде дипломалды практика қарастырылған. Аталмыш модуль «мамандандыру бейіні бойынша диплом алдындағы практикадан өтуді және қорғауды көздейді, ол әр түрлі оқу және

мәдени - демалыс мекемелерінде: балалар өнер мектептерінде, орта арнайы мекемелерде, балалар шығармашылық үйлерінде, мәдениет және демалыс сарайларында, жалпы білім беретін мектептерде, колледждерде, балабақшаларда өткізіледі. Модуль екі басты бағытты қамтиды: педагогикалық және балетмейстерлік (қойылымдық) қызмет[145,б.16].

Болашақ хореографтың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруға бағдарланған студенттердің практикасы (іс-тәжірибе) әдістемесін әзірлеуде М.А. Захарова, И.А. Карпачева, В.Н. Мезинов ұсынған тұжырымдама негізге алынды. Авторлар болашақ мұғалімнің бәсекеге қабілеттілігінің құрамдасы және шарты ретінде кәсіби ұтқырлықты қалыптастыруға бағдарланған педагогикалық іс-тәжірибе тұжырымдамасында тұлғалық, іс-әрекеттік, жүйелі, интегративті, әлеуметтік-мәдени және құзыреттілік тұрғыларға сүйенеді [62,б. 224].

Қазақстанның ЖОО-ында болашақ хореографтарды дайындауда кәсіби іс-тәжірибенің қалыптасқан түрлері (үздіксіз, педагогикалық, дипломалды) кәсіби ұтқырлықты қалыптастыруға кешенді тұрғыдан келуді талап етеді. Педагогикалық іс-тәжірибе бейімдеу, оқыту, тәрбиелеу, дамыту, диагностикалық рефлексивтік функцияларды орындайды.

Кәсіби іс-тәжірибенің бейімдеу қызметі студенттердің мәдениет, өнер және білім беру ұйымдарының сан алуан түрлері қызметімен танысуын, олардағы өндірістік процестердің ағымына үйрену, өндірістік процесс (педагогикалық процесс) субъектілерімен өзара әректесу модельдерін құрастыру, хореограф қызметінің қуаныштары мен қиындықтардын шынайы жағдайларда қабылдауға үйренеді.

Іс-тәжірибенің оқыту функциясы - университетте алынған теориялық білімді нақты бір іс-әрекетті жүзеге асыруда пайдалануды, бастапқы кәсіби тәжірибені жинақтауды болжайды.

Кәсіби іс-тәжірибенің тәрбиелік функциясы болашақ кәсіби қызметке мотивацияны қалыптастырады, кәсіби мәдениеттің, кәсіби «МЕН – тұжырымдамасының» және кәсіби қызмет стилінің қалыптасып дамуына септігін тігізеді.

Кәсіби іс-тәжірибенің дамытушылық функциясы студент-хореографтың кәсіби қабілеттерін дамыту арқылы жүзеге асырылады.

Рефлексивтік функция іс-әрекет мен қарым-қатынас нәтижесінде болашақ хореограф ретінде студенттің өзінің тұлғалық және кәсіби сапаларына талдау жасау мүмкіндігін болжайды.

Жоғарыдағы міндеттер аясында болашақ хореографтардың мәдениет, өнер және білім беру ұйымдарындағы оқу, кәсіби іс-тәжірибесі кәсіби өмірлік өзгермелі жағдайларында кәсіби іс-әрекеттің субъектісі ретінде өзін-өзі тану, өзін-өзі көрсету, жеке тұлғаның өзін-өзі анықтауына қолайлы психологиялық, ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайлар жасауға алып келеді. Студент-хореограф әр түрлі ұйымдарда, бәсекелестік және инновацияжағдайында жұмыс істеуге дағдыланады.

М.А. Захарова, И.А. Карпачева, В.Н. Мезинов кәсіби ұтқырлықты қалыптастыруға бағдарланған студенттердің педагогикалық іс-тәжірибесінің мынандай міндеттерін атап көрсетеді [62,б. 222].

Зерттеу барысында бұл міндеттер студенттерді болашақ хореографтар ретінде дайындау процесіне бейімдеуде басшылыққа алынады:

1) мотивациялық міндеттер: студенттердің «Мен - хореограф» бейнесін пайымдауы, кәсіби іс-әрекетке (орындаушылық, педагогтық, балетмейстерлік, менеджерлік т.б.) қызығушылықты ынталандыру;

2) жобалау міндеттері: кәсіби іс-әрекеттің әр түрлі түрлерін ұйымдастырудың түрлі кезеңдерінде жоспарлау және жобалау бойынша жұмысқа қосу;

3) ұйымдастырушылық міндеті: орындаушылық, педагогикалық, балетмейстерлік, режиссерлық, менеджерлік т.б. жұмыстарды ұйымдастыруға қатыстыру;

4) коммуникативтік міндеті: мәдениет, өнер, педагогикалық және басқару салаларында өндірістік процестер субъектілерімен қарым-қатынасқа қатыстыру;

5) рефлексивтік міндеті: болашақ хореографтардың орындаушылар, балетмейстерлер, хореограф-педагогтар, менеджерлер, режиссерлардың іс-әрекетін және өзіндік іс-әрекетін талдау және пайымдауға кірістіру.

1,2-курстарда жоспарланған өндірістік практикастуденттерді мамандықпен таныстыруды, арнайы пәндерді оқып-үйренуде алынған теориялық және тәжірибелік білімдерді бекітуді көздейді. Болашақ хореографтар ретінде студенттер түрлі өнер, мәдениет және білім беру ұйымдарының шынайы тәжірибелік қызметімен танысады. «Хореография» кафедрасы студент-практиканттар үшін тапсырмалар жүйесін әзірлейді. Бұл тапсырмалар өндіріс орындарындағы іс-тәжірибеде орындалып, оның нәтижелері университеттегі сабақтарда талқыланады. Іс-тәжірибеде орындалатын тапсырмалар мерзімі бойынша арнайы пәндердің модульдерімен сәйкестендіріледі. Мысалы, 2-курстағы өндірістік іс-тәжірибе «Мамандыққа кіріспе», «Қазіргі хореография I», «Қазіргі хореография II», «Спорттық-бальдық биді оқыту әдістемесі I», «Спорттық-бальдық биді оқыту әдістемесі II», «Спорттық-бальдық биді оқыту әдістемесі IV» пәндерімен қатарлас жүргізіледі.

Қорыта келгенде, бакалавриаттың «Хореография» білім беру бағдарламасы/мамандығы студенттерінің өндірістік практикасы кешенді сипатқа ие болуы, яғни хореографтың кәсіби іс-әрекетінің барлық түрлері мен бағыттарын кіріктіруі тиіс. Атап айтқанда, болашақ маман ретінде студенттер хореограф-орындаушы, балетмейстер, педагог-хореограф, шығармашылық ұжым жетекшісі, репетитор, өнер мен хореографиялық білім беру менеджері, өнертанушы-зерттеуші қызметтерінің барлық түрлерін меңгеруі қажет. Бұл арнаулы хореографиялық, әдістемелік, педагогикалық, басқару және ғылыми-зерттеу саласындағы пәндік білімдерді кіріктіруді, оларды оқу жұмысының әр түрлі формалары арқылы меңгеруді болжайды.



### 3.3 Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар және олардың нәтижелері

Зерттеу барысында анықталған болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары және оның негізінде жасалынған әдістемесінің тиімділігін анықтау мақсатында тәжірибелік-эксперимент жұмысы жүргізілді.

Тәжірибенің ұзақтығы төрт жыл болды және болашақ хореографтың университетте оқуының барлық кезеңін қамтыды. Эксперименттің бұл ұзақтығы хореографтың кәсіби дайындығы университеттегі барлық оқу кезеңінде өткізіліп, мемлекеттік емтиханмен аяқталуымен түсіндіріледі.

«Хореография» мамандығының академиялық топтары аз болғандықтан, сол топтарды эксперименттік және бақылау топтарына бөлуге мүмкіндігіміз болмады. Эксперименттік топтар бақылау топтарымен кезектесіп отырды, яғни бір жыл эксперимент тобы, екінші жылы бақылау тобы толымдалды. Эксперимент тобында болашақ хореографтар ретінде студенттердің кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың зерттеу барысында анықталған тұғырлары мен әдістері пайдаланылды. Бақылау тобында жаттығулар дәстүрлі әдістемелерге сәйкес жүргізілді.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстары М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті мен Қожа Ахмет Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінде ұйымдастырылды. Экспериментке 127 студент қатыстырылды. Эксперименттік топта М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Мәдениет және спорт» факультетінің «Өнер» кафедрасының «6B02130-Хореография» мамандығының 74 студенті (М. Әуезов атындағы ОҚУ), ал бақылау тобында Қожа Ахмет Яссауи атындағы халық-аралық ҚТУ «Спорт және өнер» факультеті «6B02124-Орындаушылық өнер» кафедрасы хореография мамандығының 53 студенті (Қожа Ахмет Яссауи атындағы ХҚТУ) болды.

Эксперимент зерттелінетін үрдісті жоғары деңгейдегі нәтиже алу және оны кейіннен тексеру, бағалау, сондай-ақ өзгеріс, инновация енгізу әдісі деп анықтайды. Онда эмпирикалық зерттеу әдісі ретінде қарастырылады, оның мәні құбылыстарды және үрдістерді толық басқару және бақылау жағдайында жүргізіледі.

Эксперимент үш кезеңнен тұрады: анықтау, қалыптастыру, бақылау. Зерттеу барысында осы үш эксперимент кезеңдерін талқылай отырып, сипаттама беріледі.

Эксперимент барысында жоғары оқу орындары тәжірибесіндегі болашақ хореографтарды дайындау мазмұнының болашақ хореографтар ретінде студенттердің кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру жағдайын зерттеп, оны жетілдірудің жана мүмкіндіктері айқындалады.

Анықтау экспериментінің мақсаты – жоғары оқу орнында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлық туралы алғашқы мәліметтеріне сүйене отырып, олардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың жолдарын айқындау.

Сонымен бірге болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру моделінің мақсаттық-мотивациялық, мазмұндық-танымдық, эмоционалдық-құндылық, әлеуметтік-коммуникативтік компоненттері бойынша студенттердің болашақ хореографтар ретіндегі кәсіби ұтқырлығының қалыптасу деңгейлерін репродуктивті (төмен), адаптивті (бейімделгіш - орташа) және шығармашылық (жоғары) айқындау болып табылады.

Осы орайда болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру деңгейлерін диагностикалау әдістері мен әдістемелері айқындалды:

- ЖОО-ны оқытушыларына арналған хореография мамандығы студенттерінің кәсіби ұтқырлығының қалыптасуына әсер ететін факторларды анықтау» сауалнамасы №1. Жалпы бұл сауалнамада алты сұрақ ұсынылады, оның кейбіреуі тест-сауалнама сұрақтары секілді дайын жауаптарды таңдауды немесе өз нұсқасын ұсынуды талап етеді (қосымша А).

- «Хореография» мамандығының студенттеріне арналған «Кәсіби ұтқырлық деңгейлерін айқындау» сауалнамасы №2. Сауалнамада хореография мамандығы студенттерінің кәсіби ұтқырлығы туралы білім деңгейлерін айқындауға арналған алты сұрақ ұсынылады (қосымша Б);

- «Хореографиялық іс-әрекетке мотивациясын анықтау» сауалнамасы (қосымша В);

- Тест тапсырмалары. Бұл тест әдісі студенттердің хореографиялық өнер саласындағы білім көлемі мен сапасын анықтау мақсатында қолданылады. Тест тапсырмалары хореографиялық өнердің теориялық негіздері мен ерекшеліктері, шығармашылық процестің заңдылықтары, дүниежүзілік және отандық хореографиялық өнердің тарихы туралы, оның даму бағыттары мен тенденциялары, бидің көркем-бейнелі тілінің ерекшелігі мен ерекшеліктері, сондай-ақ білім алушылардың жас ерекшеліктерін, жеке айырмашылықтарын, әлеуметтік және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, хореографиялық білім беру саласындағы білімді қолдану туралы сұрақтарды қамтиды (қосымша Г).

- контент-талдау әдісі;

- И.А. Бутованың «20 кәсіби маңызды қасиеттерді анықтау» сауалнамасы (модификацияланған әдістемесі). Студенттердің болашақ хореографтар ретінде кәсіби ұтқырлығының қалыптасуын диагностикалау әдістемесін әзірлеуде И.А. Бутованың зерттеуіне сүйендік, онда музыкалық колледжде оқу процесінде музыкант-концертмейстердердің кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың өлшемдері мен көрсеткіштері жасалынған. Автор ұсынған әдістемені болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығының қалыптасу динамикасын зерттеуге бейімдедік [46, б.135-139];

- сұхбат, әңгімелесу, педагогикалық бақылау, өзін-өзі бағалау, сараптамалық бағалау, психологиялық-педагогикалық әдістер;

- студенттердің ЖОО-дағы оқудан тыс әрекетке қатынасын анықтауға арналған тест-сауалнама (қосымша Д)

Кестеде көрсетілген диагностикалық әдістемелерді тәжірибелік-эксперименттік барысында зерттеу контекстімізге сәйкес қолданып, олардың көмегімен алынған бастапқы нәтижелерге талдау жасалады (кесте 8).

Кесте 8 - Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру деңгейлерін зерттеу әдістемелері

Компоненттер мен өлшемдер	Әдістеменің аты
1	2
Мақсаттық-мотивациялық компонент, өлшемі - кәсіби ұтқырлықтың маңыздылығы мен қажеттілігін түсіну	1) ЖОО оқытушыларына арналған №1 сауалнама (қосымша А); 2) «Хореография» мамандығының студенттеріне арналған сауалнама №2 (қосымша Б); 3) «Хореографиялық іс-әрекетке мотивациясын анықтау» сауалнамасы (қосымша В);
Мазмұндық-танымдық компонент, өлшемі - хореографиялық өнер саласындағы білім көлемі мен сапасы; би саласындағы орындау шеберлігі	4) Тест тапсырмалары (қосымша Г)
Эмоционалдық-құндылық компонент, өлшемі - хореографтың мамандығына және оның қызметіне деген құндылық қатынасы; эмоционалдық - психологиялық ұтқырлық; биші-орындаушының қажетті тұлғалық және психологиялық қасиеттері - жылдам реакция, зейіннің ауыстырылуы, дамыған би қиялы, музыканы қабылдау, би операциялары және әрекеттері	5) Контент-талдау әдісі 6) 20 кәсіби маңызды қасиеттерді анықтау сауалнамасы (И.А. Бутованың модификацияланған әдістемесі); (Қосымша Д)
Әлеуметтік-коммуникативтік компоненті, өлшемі - коммуникативті байланыстарды құру жылдамдығы; жаңа жағдайларға бейімделу жылдамдығы; студенттердің мінез-құлық үлгілерінің әртүрлілігі мен бірдейлігі	7) сұхбат, әңгімелесу, педагогикалық бақылау, өзін-өзі бағалау, сараптамалық бағалау, психологиялық-педагогикалық әдістер; 8) Студенттердің ЖОО-дағы оқудан тыс әрекетке қатынасын анықтауға арналған тест-сауалнама (қосымша Е)

Эксперименттік-тәжірибелік жұмыстың анықтау экспериментінің *бастапқы кезеңінде* хореография мамандығы студенттерінің кәсіби ұтқырлығының қалыптасуына әсер ететін факторларды анықтау үшін ЖОО-ны оқытушыларына арналып құрастырылған сауалнама негізінде зерттеу жүргізілді.

№1 сауалнамаға М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Мәдениет және спорт» факультетінің «Өнер» кафедрасының 30-63 жас

аралығындағы хореография мамандығының 15 оқытушылары, ал Қожа Ахмет Яссауи атындағы ХҚТУ «Спорт және өнер» факультеті «Орындаушылық өнер» кафедрасынан 15 оқытушылары қатыстырылды. Сауалнамада олардың хореография мамандығы студенттерінің кәсіби ұтқырлығының қалыптасуына әсер ететін факторларын белгілеу қажеттілігі ұсынылады (қосымша А).

Жоғарыдағы бөлімдердегі теориялық талдауларға сүйене отырып, кәсіби ұтқырлық ұғымының мазмұны төмендегідей түсініктерді қамтиуы мүмкін:

- оқу-танымдық іс-әрекет процесінде меңгерілген және өмірік қызметтің әр түрлі салаларында жаңа шындықтарды жеңіл және жедел игеру;

- күтілмеген мәселелерді шешудің сәйкес шешімдерін табу және қалыптан тыс міндеттерді орындау;

- кәсіби ұтқырлық - индивидтың немесе кәсіби топтың бір кәсіби позициядан басқасына ауысуы;

- кәсіби ұтқырлық - бұл индивидтің өзі жағынан да, оның айналасындағылардың тарапынан да ұдайы бағаланатын, кәсіби иерархия кеңістігіндегі функционалды-мәртебелік қозғалыстар»;

-кәсіби ұтқырлыққа даярлықты рефлексиялау негізінде қалыптасқан тұлғаның өзінің кәсіби ұтқырлығын өзіндік сезінуі;

- күтілмеген мәселелерді шешудің сәйкес шешімдерін табу және қалыптан тыс міндеттерді орындау;

- кәсіби ұтқырлық - индивидтың немесе кәсіби топтың бір кәсіби позициядан басқасына ауысуы;

- кәсіби ұтқырлық - бұл индивидтің өзі жағынан да, оның айналасындағылардың тарапынан да ұдайы бағаланатын, кәсіби иерархия кеңістігіндегі функционалды-мәртебелік қозғалыстар»;

-кәсіби ұтқырлыққа даярлықты рефлексиялау негізінде қалыптасқан тұлғаның өзінің кәсіби ұтқырлығын өзіндік сезінуі;

-ұтқырлық - бұл өзінде мыналарды біріктіретін тұлғаның интегративті сапасы:

- кәсіби ұтқырлыққа деген қалыптасқан ішкі қажеттілік;

- кәсіби ұтқырлық қабілеттері мен білімдері.

«Хореография» мамандығы студенттерінің болашақ хореограф ретінде кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудағы негізгі мәселелері анықталады:

- өнер салаларында инновацияларды ендіру;

- жаңа жағдайларға бейімделудің тездігі;

- қарым-қатынастар құру жылдамдығы;

- кәсіби ұтқырлықтың маңыздылығын түсіну;

- кәсіби іс-әрекеттің бір түрінен басқа бір түріне көшуге жаттықтыру.

Анықтау экспериментінде біз зерттеп отырғаның мәселені тәжірибелік тұрғыдан зерттеу мақсатында тек студенттерден ғана емес, ЖОО-ның оқытушыларынан сауалнамалар алынып, алынған сауалнамалар өңделіп, нәтижелер бізге тәжірибелік-эксперименттік жұмысты ары қарай дұрыс бағытта жалғастыруға септігін тигізді.

ЖОО-ны оқытушыларынан алынған сауалнаманың нәтижесі төменде көрсетіледі (кесте 9, суреттер 10-11).

Кесте 9 - «Хореография мамандығы студенттерінің кәсіби ұтқырлығының қалыптасуына әсер ететін факторларды анықтау» сауалнамасының нәтижесі

ЖОО-ны оқытушылары	Хореография мамандығы студенттерінің кәсіби ұтқырлығының қалыптасуына әсер ететін факторлар	Пайыздық көрсеткіші (%)
1	2	3
М. Әуезов атындағы ОҚУ-нің «Мәдениет және спорт» факультетінің «Өнер» кафедрасы	- хореографтың кәсібіне және оның іс-әрекетіне құндылық қатынасының болуы;	25 %
	- эмоционалдық-психологиялық жылжымпаздық қасиетінің болуы (ептілік);	26 %
	- биші-орындаушының қажетті тұлғалық-психологиялық сапалары (реакцияның шапшаңдығы, зейіннің ауыспалылығы, дамыған би қиялы, музыка, би операциялары мен әрекеттерін қабылдау);	48 %
	- кәсіби ұтқырлықтың маңыздылығы мен қажеттілігін түсіну;	38 %
Қожа Ахмет Яссауи атындағы ХҚТУ «Спорт және өнер» факультеті «Орындаушылық өнер» кафедрасы	- қарым-қатынастар құру жылдамдығы;	16 %
	- жаңа жағдайларға бейімделудің тездігі;	14 %
	- мінез-құлық модельдерінің әртүрлілігі мен сәйкестігі.	17 %
	- хореографиялық өнер саласындағы білімдердің көлемі мен сапасы;	26 %
	- би саласындағы орындаушылық іскерліктер	18 %

9-кестеде көрсетілгендей, сауалнамаға қатысқан М. Әуезов атындағы ОҚУ-нің «Мәдениет және спорт» факультетінің «Өнер» кафедрасы 15 оқытушылары төмендегідей факторларды атап көрсетеді:

- хореографтың кәсібіне және оның іс-әрекетіне құндылық қатынасының болуы - 25%;


- эмоционалдық-психологиялық жылжымпаздық қасиетінің болуы (ептілік) - 26%;

- биші-орындаушының қажетті тұлғалық-психологиялық сапалары (реакцияның шапшаңдығы, зейіннің ауыспалылығы, дамыған би қиялы, музыка, би операциялары мен әрекеттерін қабылдау) - 48%;

- кәсіби ұтқырлықтың маңыздылығы мен қажеттілігін түсіну - 38% деп есептейді (сурет 11).

Қожа Ахмет Яссауи атындағы ХҚТУ «Спорт және өнер» факультеті «Орындаушылық өнер» кафедрасы 15 оқытушылары студенттердің кәсіби ұтқырлығының қалыптасуына әсер ететін төмендегі факторларды анықтады: қарым-қатынастар құру жылдамдығы - 16%; жаңа жағдайларға бейімделудің

тездігі - 15%; тұлғаға бағдарланған оқу-тәрбие үрдісін жүзеге асыру -17%; хореографиялық өнер саласындағы білімдердің көлемі мен сапасы - 26%; би саласындағы орындаушылық іскерліктер - 18%есептейді (сурет 12).



Сурет 11 - М.Әуезов атындағы ОҚУ №1 Сауалнама нәтижесі  
Сурет 12 - Қ.А.Яссауи атындағы ХҚТУ №1 Сауалнама нәтижесі


Анықтау экспериментінің *екінші кезекте* мақсаттық-мотивациялық компоненті бойынша 2017-2018 оқу жылында эксперименттік топ ретінде алынған М.Әуезов атындағы Оңтүсті Қазақстан университетінің «Мәдениет және спорт» факультетінің «Өнер» кафедрасының «6В02130-Хореография» мамандығының 1-2 курстар тарапынан 74 студенттеріне және бақылау тобына кірген Қожа Ахмет Яссауи атындағы халық-аралық ҚТУ «Спорт және өнер» факультеті «6В02124-Орындаушылық өнер» кафедрасы хореография (Қожа Ахмет Яссауи атындағы ХҚТУ) мамандығының 1-2-курстарынан 53 студенттеріне “Кәсіби ұтқырлық деңгейлерін” айқындау үшін студенттерге арналған №2 сауалнама жүргізілді (қосымша Б).

Сонымен болашақ хореографтар ретінде ретінде студенттердің кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың маңыздылығын айқындау мақсатында ұсынылған алты сұраққа берілген жауаптарға сәйкес алынған зерттеу нәтижелері төменде ұсынылады (кестелер 10-15, суреттер 13-17).


Кесте 10 - 1-сұрақ бойынша: «Кәсіби ұтқырлық туралы түсінігіңізді қысқаша тұжырымдаңыз.....»

Жауаптары	ЭТ (74)	БТ (53)
бір салада «қатып қалмау»	15 (20%)	17 (32%)
карьералық өсу	29 (39%)	15 (28%)
әлеуметтік мәртебесін көтеру	17 (23%)	9 (17%)

сұраныс бар маман болып қалу	13 (18%)	12 (23%)
------------------------------	----------	----------




Сурет 13 - 1-сұрақ бойынша диаграмма



Сурет 14 - 2-сұрақ бойынша диаграмма

Кесте 11 - 3-сұрақ бойынша: «Кәсіби ұтқыр болудың маңызы қандай, деп білесіз? ....»


Жауаптары	Эксперименттік топ	Бақылау тобы
А) өзгерістерге жылдам бейімделу	11 (15%)	9 (17%)
В) бәсекелестікке төтеу;	14 (19%)	8 (15%)
С) бір салада «қатып қалмау»	12 (16%)	11 (21%)
Д) карьералық өсу	15 (20%)	12 (23%)
Е) әлеуметтік мәртебесін көтеру	11 (15%)	8 (15%)
Д) сұраныс бар маман болып қалу	11 (15%)	5 (9%)



Сурет 15 - 3-сұрақ бойынша диаграмма

Кесте 12 - 4-сұрақ бойынша: «Болашақ кәсіби қызметіңізді қай саламен байланыстырасыз?....»

Жауаптары	Эксперименттік топ	Бақылау тобы
A) тек өзімнің білім алған мамандығыммен	19 (29%)	11 (21%)
B) біраз өзім таңдаған мамандықта жұмыс істер едім	13 (16%)	9 (17%)
C) басқа өнер саласына кетуім мүмкін	10 (16%)	10 (19%)
D) өнердің басқа саласына кетемін	15 (24%)	8 (15%)
E) мүлдем басқа салаға кетемін	17 (15%)	15 (28%)




Сурет 16 - 4-сұрақ бойынша диаграмма



Кесте 13 - 5-сұрақ бойынша: «Хореограф қызметінің қай саласы сізді көбірек тартады?....»


Жауаптары	ЭТ	БТ
А) орындаушылық	10 (13%)	11(22%)
В) балетмейстерлік	11 (15%)	8 (15%)
С) педагог-хореограф қызметі	21 (28%)	12 (22%)
Д) шығармашылық топқа жетекшілік жасау	14 (19%)	8 (15%)
Е) өнер саласында менеджерлік	11 (15%)	7 (13%)
Ғ) өнер саласында ғылыми-зерттеумен шұғылдану	7 (9%)	7 (13%)



Сурет 17 - 5-сұрақ бойынша диаграмма

Кесте 14 - 6-сұрақ бойынша: «Кәсіби ұтқыр болу үшін хореограф маман қандай болуы тиіс?....»

Жауаптары	Эксперименттік топ	Бақылау тобы
А) хореографиялық білімі жоғары	10 (13%)	11 (21%)
В) хореографиялық өнермен шектес бір неше салаларды меңгерген	11 (15%)	8 (16%)
С) жаңалықтарды жылдам меңгеруге және жаңа жағдайларға тез бейімделуге даяр	10 (13%)	6 (11%)
Д) креативті, коммуникациялық дағдылары дамиған	14 (19%)	8 (15%)
Е) хореограф қызметінің бір түрінен басқасына жылдам ауыса алатын	11 (15%)	7 (13%)
Ғ) өзгерістерден қорықпайтын, инновацияларға бейім	7 (9%)	7 (13%)
Г) өзіндік білім алу мен өзіндік даму дағдылары қалыптасқан	11 (15%)	6 (11%)



Сурет 18 - 6-сұрақ бойынша диаграмма

Жоғарыда көріп отырғанымыздай респонденттерге берілген 6 сұрақтың эксперимент тобындағы төмен деңгейі орта есеппен 45,6% болса, бақылау тобында 48%-ды құрайды. Ал білім алушылардың орта деңгейлері орташа есеппен эксперимент тобында 36,3%, бақылау тобында 34,3 % болды. Жазбаша жүргізілген сауалнама бойынша жоғары деңгейдің орташа көрсеткіші эксперимент тобында 18%, бақылау тобында 17,6%-ды көрсетті. Байқағанымыздай білім алушылар арасында жүргізілген сауалнамадан басым көпшілігі кәсіби ұтқырлық туралы ұғымы жайлы, оның тарихы жайлы аз білетіндігі анықталды. Сондай-ақ, жаңа пәнге деген қызығушылықтары ауызша жүргізілген сауалнама нәтижесінен көрінді.

Кесте 15 - Кәсіби ұтқырлық ұғымы жайлы студенттердің білім деңгейлері

Төмен	Кәсіби ұтқырлық туралы ұғымы жайлы білмейді. Кәсіби ұтқырлық туралы ұғымы жайлы түсініктері қалыптаспаған. Бұл деңгей білім алушылардың игермегендігін сипаттайды.
Орташа	Болашақ жайлы жалпы білімі бар. Кәсіби ұтқырлық туралы ұғымы. Жайлы түсініктері қалыптасқан. Кәсіби ұтқырлық туралы ұғымы болашақ мамандардың білімі толымсыз.
Жоғары	Болашақ кәсіби ұтқырлық туралы ұғымы жайлы толыққанды біледі. Кәсіби ұтқырлық туралы ұғымы қалыптасуы мен дамуын толыққанды игерген. Кәсіби ұтқырлық туралы ұғымын стилдік тұрғыдан талдауға қабілетті. Бұл деңгейдегі болашақ мамандардың білімдері толыққандылығымен, жүйелілігімен ерекшеленеді және болашақта білім деңгейлерін кез-келген ортада көрсете алуымен ерекшеленеді.

Анықтау эксперименттің 3-кезеңінде болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру моделінің мақсаттық-мотивациялық компоненті бойынша деңгейлері анықталды. Мұнда кәсіби ұтқырлықтың маңыздылығы мен

қажеттілігін түсінуі; кәсіби өсу мен мәртебені ынталандырудың сыртқы және ішкі факторларына қатынасы; кәсіби аспектегі ұтқырлыққа деген ішкі ұмтылысы айқындалады. Хореографиялық іс-әрекетке мақсатты мотивациясын анықтау үшін келесі көрсеткіштер ажыратылып көрсетіледі:

- 1) Хореографиялық қызметке қызығушылық таныту.
- 2) Оқу және хореографиялық іс-әрекеттегі белсенділіктің көрінісі.
- 3) Кәсіби ұтқырлықтың маңыздылығын түсіну.
- 4) Жаңа хореографиялық білімді игеруге даярлық.
- 5) Хореографиялық іс-әрекеттің жаңа түрлерін игеруге дайын болу.
- 6) Ұжымдық шығармашылық-хореографиялық жұмыстарға дайындық.
- 7) Өздігінен білім алуға және өзін-өзі тәрбиелеуге дайындық.
- 8) Кәсіби саладағы өзгерістерге сәйкес мінез-құлық пен іс-әрекетті өзгертуге дайын болу.
- 9) Жаңа талаптарға сәйкес кәсіби және жеке тұлғалық қасиеттерді өзгертуге дайын болу.
- 10) Кәсіби саладағы серіктестермен өзара әрекеттесуге және ынтымақтастыққа дайын болу (қосымша В).

Болашақ хореографтар ретінде студенттер үшін 10 баллдық шкала бойынша сауалнама парағы жасалды. Әр көрсеткіш бойынша хореографиялық мамандық студенттері үшін 8-10 ұпай шегінде эталондық баға белгіледік. Эталондық және нақты бағаларды салыстыру негізінде олардың айырмашылығы есептелді. Әр студент үшін эталондық пен іс-жүзіндегі шамалардың рангтік дәрежелері және олардың орташа шамасы есептелді (кесте 16).

Кесте 16 - Анықтаушы эксперимент бойынша хореографиялық іс-әрекетке мақсатты мотивациясын анықтау бойынша бақылау және эксперимент тобының көрсеткіштері

Сауалнаманың сұрақтары	ранг	Студенттердің (n = 127) пайыздық мөлшері
1	2	3
Хореографиялық қызметке қызығушылық таныту	7	33 %
Оқу және хореографиялық іс-әрекеттегі белсенділіктің көрінісі	10	17%
Кәсіби ұтқырлықтың маңыздылығын түсіну	6	39%
Жаңа хореографиялық білімді игеруге даярлық	3	43%
Хореографиялық іс-әрекеттің жаңа түрлерін игеруге дайын болу	5	39%
Ұжымдық шығармашылық-хореографиялық жұмыстарға дайындық	9	29%
Өздігінен білім алуға және өзін-өзі тәрбиелеуге дайындық	1	47%

## 16-кестенің жалғасы

1	2	3
Кәсіби саладағы өзгерістерге сәйкес мінез-құлық пен іс-әрекетті өзгертуге дайын болу	2	46%
Жаңа талаптарға сәйкес кәсіби және жеке тұлғалық қасиеттерді өзгертуге дайын болу	6	42%
Кәсіби саладағы серіктестермен өзара әрекеттесуге және ынтымақтастыққа дайын болу	2	31%

Ендігі кезекте сауалнама нәтижелерін сапалы талдау жасалады:

1. Студенттердің көзқарасы бойынша «Өздігінен білім алуға және өзін-өзі тәрбиелеуге дайындық» көрсеткіші бойынша хореографиялық іс-әрекетке мақсатты мотивациясын анықтау зерттелушілердің 47% пайызын қамтыды. Алынған тұжырым 1-ші рангті құрайды.

2. «Кәсіби саладағы өзгерістерге сәйкес мінез-құлық пен іс-әрекетті өзгертуге дайын болу» деген көрсеткіште жауап беруші зерттелушілердің 46% пайызы атап көрсетті. Бұл көрсеткіш бойынша хореографиялық іс-әрекетке мақсатты мотивациясын анықтаудың дайындық деңгейі жеке-дара әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерімен шартталады. Яғни әрбір оқытушы-профессорлардан алған білімдерін кәсіби саладағы өзгерістерге сәйкес мінез-құлық пен іс-әрекетті өзгертуге дайын болу деңгейін белгілі бір этно-мәдени ортада, әртүрлі аудиторияда интербелсенді әдістерді қолдана алу шеберлігімен түсіндіріледі.

3. «Жаңа хореографиялық білімді игеруге даярлық» деген көрсеткішінде хореографиялық іс-әрекетке мақсатты мотивациясын анықтау барысында зерттелушілердің 43% пайызын құрайды. Осындай ой-пікірлердің туындауына мынандай факторлар әсер етті деп ойлаймыз, атап айтқанда респонденттер жаңа хореографиялық білімді игеруге даярлық негізгі қайнар көзі болып табылуында.

4. Жаңа талаптарға сәйкес кәсіби және жеке тұлғалық қасиеттерді өзгертуге дайын болу, бұл көрсеткіште студенттердің тұжырымы 4-ші орынды иеленіп, 42% пайыз зерттелушілерді құрады.

5. «Хореографиялық іс-әрекеттің жаңа түрлерін игеруге дайын болу» деген сауалнамада, яғни субъективтілігі жауап берген зерттелушілердің 39% пайызында кездесті.

6. «Кәсіби ұтқырлықтың маңыздылығын түсіну» көрсеткішінде хореографиялық іс-әрекетке мақсатты мотивациясын анықтау олардың пікірінше, сол беретін пәндерді жетік білу негізінде кәсіби ұтқырлығының қалыптасуына негіз бар деген сауалнамадағы бұл тұжырымды студент-зерттелушілердің 39 пайызы қолдады.

7. Студенттердің көзқарасы бойынша хореографиялық қызметке қызығушылық таныту көрсеткішінде хореографиялық іс-әрекетке мақсатты

мотивациясын анықтау туралы жүргізілген сауалнамасы негізінде алынған тұжырым 7-ші рангті құрайды. Студенттердің 33% пайызының пікірінше, хореографиялық қызметке қызығушылық таныту кәсіби ұтқырлығының қалыптасуына ықпал ететіндігі айқындалды.

8. Кәсіби саладағы серіктестермен өзара әрекеттесуге және ынтымақтастыққа дайын болу. Бұл тұжырым зерттелушілердің жауабы бойынша 8-шы орынға рангіленіп 31% пайызын қамтыды. Қазіргі жаһандану заманында қоғамдық санаға батыс менталитеті енгендіктен, жастар ең алдымен жағымсыз әсерлерді қабылдауға бейім келеді. ЖОО - оқытушылар мен тәлімгерлердің оқу-тәрбие үрдісінде кәсіби ұтқырлықты оқытуда адамгершілік бағыттарын ұстанғандары дұрыс деп атап көрсетеді. Бұл құбылыс қазіргі қоғамдағы әлеуметтік дағдарыстармен байланысты түсіндірілуі мүмкін.

9. «Ұжымдық шығармашылық-хореографиялық жұмыстарға дайындық» көрсеткіші бойынша хореографиялық іс-әрекетке мақсатты мотивациясын анықтау зерттелушілердің жауабы бойынша 9-шы орынға рангіленіп 29% пайызын қамтыды.


10. «Оқу және хореографиялық іс-әрекеттегі белсенділіктің көрінісі» көрсеткішінде хореографиялық іс-әрекетке мотивациясын анықтау 17% пайызын қамтыды. ЖОО-да студенттер, сауалнама бойынша осындай тұжырым 10-ші орынды иеленді (кесте 17).

Сауалнама бойынша жасалынған сапалық және салыстырмалық талдау бізге төмендегі кестені сипаттауда, салыстырмалы талдаудың мазмұнын ашып көрсетуде мүмкіндік береді.

Кесте 17 - Хореографиялық іс-әрекетке мотивациясын анықтау деңгейлері бойынша жүргізілген авторлық сауалнаманың нәтижелері

Хореографиялық іс-әрекетке мотивациясын анықтау деңгейлері	ЭТ (n=74)	БТ (n=53)
Хореографиялық іс-әрекетке мотивациясының жоғары деңгейі	8 (10,8%)	7 (13,2%)
Хореографиялық іс-әрекетке мотивациясының орташа деңгейі	17 (22,9%)	10 (18,8%)
Хореографиялық іс-әрекетке мотивациясының орташадан төмен деңгейі	18 (24,3%)	14 (26,4%)
Хореографиялық іс-әрекетке мотивациясының төмен деңгейі	31 (41,8%)	22 (41,5%)


Хореографиялық іс-әрекетке мотивациясын анықтау деңгейлерін анықтау бойынша жүргізілген авторлық сауалнаманың екі топ зерттелушілері тобынан алынған нәтижелері арасында біршама айырмашылықтар бар екені байқалады (сурет 19).



Сурет 19 - Хореографиялық іс-әрекетке мотивациясын анықтау деңгейлерін бойынша жүргізілген авторлық сауалнама нәтижелерінің гистограммасы

Кесте 18 - Анықтау эксперименті бойынша авторлық сауалнама нәтижелерінің бақылау және эксперименттік топтардағы пайыздық көрсеткіштері

Мақсаттық-мотивациялық компоненттің көрсеткіштері	ЭТ	БТ
Кәсіби ұтқырлықтың маңыздылығы мен қажеттілігін түсіну	26 (35%)	25 (47%)
Кәсіби өсу мен мәртебені ынталандырудың сыртқы және ішкі факторларына қатынасы	24 (32%)	17 (32%)
Кәсіби аспектегі ұтқырлыққа деген ішкі ұмтылыс	24 (32%)	11 (21%)



Сурет 20 - Анықтау эксперименті бойынша авторлық сауалнама нәтижелерінің бақылау және эксперименттік топтардағы пайыздық көрсеткіштері нәтижелерінің гистограммасы

Спирменның дәреже корреляциясы (қатынасы) көрсеткішін есептеу эталондық және рангдық (дәрежелі) көрсеткіштер арасындағы жоғары корреляциялық тәуелділікті көрсетеді (кесте 19).

Алынған шама  $r_s = 0.5 - 0.7$  диапазонына кіреді, бұл Чеддок шкаласына сәйкес эталондық пен іс-жүзіндегі дәрежелік шамалар арасындағы жоғары корреляциялық тәуелділікті сипаттайды.

Кесте 19 - Бір хореограф-студент үшін Спирменның дәрежелік корреляция коэффициентін есептеу

Дәрежелік шамалар	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Эталондық (Үлгі-нұсқа) баға	10	10	10	9	9	9	8	8	8	8
Іс-жүзіндегі баға	7	8	8	6	8	8	9	8	6	9
Айырмашылық (d)	-3	-2	-2	-3	-1	-1	+1	0	-2	+1
d <sup>2</sup>	9	4	4	9	1	1	1	0	4	2
Қосынды (d <sup>2</sup> )	35									
Rs-ті есептеу	$R_s = 1 - \frac{6 \sum_{i=1}^n d_i^2}{N(N^2 - 1)} = 0,76$									


Анықтау эксперименті бойынша бақылау және эксперименттік топ студенттерінің кәсіби ұтқырлығының мақсаттық-мотивациялық компоненті бойынша қалыптасу деңгейлерін көрсеткен екі топ зерттелушілерінің көрсеткіштері 20-кестемен келтіріледі.

Кесте 20 - Анықтау эксперименті бойынша болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру моделінің мақсаттық-мотивациялық компонентінің қалыптасу деңгейлерінің көрсеткіштері

Деңгейлер	Репродуктивті (төмен)	Адаптивті (орташа)	Шығармашылық (жоғары)
Зерттелушілер			
Бақылау тобы (53)	67,9 % (36)	18,8% (10)	13,2 % (7)
Эксперимент тобы (74)	66,2 % (49)	22,9% (17)	10,8 % (8)

Анықтау эксперименттің 4-кезеңінде кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың мазмұндық-танымдық компоненті бойынша құрамдас бөлігін мына көрсеткіштер арқылы өлшенеді: хореографиялық өнер саласындағы білім көлемі мен сапасы; би саласындағы орындау шеберлігі. Тест әдісін қолдана

отырып, студенттердің хореографиялық өнер саласындағы білім көлемі мен сапасын анықтадық. Тест тапсырмаларына хореографиялық өнердің теориялық негіздері мен ерекшеліктері, шығармашылық процестің заңдылықтары, дүниежүзілік және отандық хореографиялық өнердің тарихы туралы, оның даму бағыттары мен тенденциялары, бидің көркем-бейнелі тілінің ерекшелігі мен ерекшеліктері, сондай-ақ білім алушылардың жас ерекшеліктерін, жеке айырмашылықтарын, әлеуметтік және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, хореографиялық білім беру саласындағы білімді қолдану туралы сұрақтарды қамтиды(сурет 21) (қосымша Г).



Сурет 21 - Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру моделінің мақсаттық-мотивациялық компоненті бойынша бақылау және эксперименттік топтардың анықтау экспериментіндегі көрсеткіштерінің диаграммасы

Анықтаушы эксперименттің нәтижелері бойынша алынған мәліметтер эксперименттің басында бақылау және эксперимент топтары студенттерінің білімі көлемі мен сапасы жеткілікті деңгейде емес екенін көрсетеді(кесте 21).

Кесте 21 - Эксперимент басында кәсіби ұтқырлық негізін қалыптастырудың мазмұндық-танымдық компоненттерінің көрсеткіштері

Зерттелушілер	Көрсеткіштер			
	Білім көлемі мен сапасы	Би саласындағы орындаушылық икемділіктері	Орташа шамасы	Осы критерийге сәкес кәсіби ұтқырлық деңгейі
Бақылау тобы	4,3	4,6	4,4	Репродуктивті (төмен)
Эксперимент тобы	4,6	4,7	4,6	Репродуктивті (төмен)




Кәсіби ұтқырлық негіздерінің бастапқы қалыптасу деңгейлерін анықтау нәтижелері бойынша бағалаудың көріністерінің салыстырмалы жиілігін есептеу анықтау эксперименттің басында кәсіби ұтқырлықтың мазмұндық-танымдық компонентінің қалыптасуы әртүрлі деңгейдегі студенттердің арақатынасын анықтауға мүмкіндік береді (кесте 22).

Кесте 22 - Анықтау эксперименті бойынша болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру моделінің мазмұндық-танымдық компонентінің қалыптасу деңгейлерінің көрсеткіштері

Деңгейлер	Репродуктивті (төмен)	Адаптивті (орташа)	Шығармашылық (жоғары)
Топтар			
Бақылау тобы (БТ) (53)	54,7% (29)	33,9 % (18)	11,3 % (6)
Эксперимент тобы (ЭТ) (74)	50,0% (37)	39,1% (29)	10,8% (8)

Анықтау экспериментінің нәтижелері кәсіптік ұтқырлықтың мазмұндық-танымдық компоненті бойынша қалыптасу деңгейі төмен студенттердің бақылау және эксперименттік топтардағы үлесі олардың басым бөлігін құрайтындығын көрсетеді. Сонымен қатар, бақылау және эксперименттік топтар үшін орташа көрсеткіштерінің тең шамасы байқалады, бұл екі топ студенттерінің зерттелген сапасының шамамен бірдей бастапқы деңгейін көрсетеді (сурет 22).



Сурет 22 - Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру моделінің мазмұндық-танымдық компоненті бойынша бақылау және

## эксперименттік топтардың анықтау экспериментіндегі көрсеткіштерінің диаграммасы

*Бесінші кезекте* анықтау эксперименті барысында 2017-2018 оқу жылында эксперименттік топ ретінде алынған М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Мәдениет және спорт» факультетінің «Өнер» кафедрасының «6B02130- Хореография» мамандығының (1-2 курстары) 74 студенттеріне және бақылау тобы ретінде Қожа Ахмет Яссауи атындағы халықаралық ҚТУ «Спорт және өнер» факультеті «6B02124-Орындаушылық өнер» кафедрасы хореография (Қожа Ахмет Яссауи атындағы ХҚТУ) мамандығының 1-2-курстарынан 53 студенттеріне эмоционалды-құндылық компоненті мына көрсеткіштері контент-талдау әдісімен кездесу жиіліктері анықталды: хореографтың мамандығына және оның қызметіне деген құндылық қатынасы; эмоционалды және психологиялық ұтқырлық; биші-орындаушының қажетті жеке және психологиялық қасиеттері - жылдам реакция, зейіннің ауыстырылуы, дамыған би қиялы, музыканы қабылдау, би операциялары және әрекеттері.

Сонымен бірге контент-талдау арқылы студенттердің хореографиялық өнер саласындағы көрсеткіштерінің кездесу жиілігі анықталып, сапалық мәліметтердің сандық бағалануы, олардың кездесу жиілігі мына формула бойынша есептелінеді. Контент-талдау әдісінде мәтіндегі белгілі бір тақырыптың аргументациялық интенсивтілік деңгейін көрсету формуласын ұсынады (кесте 23).

$$Y_{kic} = \frac{K_{gl} + K_{vt}}{\sum (2K_{gl} + K_{vt})} \cdot 100 \%$$

$K_{gl}$ - мағыналы бірлік негізі болған жағдайлар (Студенттердің кәсіби ұтқырлық іс-әрекетін ұйымдастыру тәсілдері).

$K_{vt}$ - қосалқы (категориялар, тәсілдер)

Кесте - 23 Контент-талдау әдісінде мәтіндегі белгілі бір тақырыптың аргументациялық интенсивтілік деңгейін көрсету формуласы

Категориялар көлемі немесе тәсілдер	1	2	3	4	5	6	7
Кездесу жиілігінің $\delta\%$ орташа арифметикалық мәні	,54	,3	,32	,37	,4	,4	,4

Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру моделінің эмоционалды-құндылық компонентінің көрсеткіштері контент-талдау әдісі арқылы айқындалады. Мұнда хореографиялық өнер саласындағы кездесу жиілігін анықталады, ол мына көрсеткіштер бойынша анықтауға мүмкіндік

берді: хореографтың мамандығына және оның қызметіне деген құндылық қатынасы; эмоционалды және психологиялық ұтқырлық; биші-орындаушының қажетті жеке және психологиялық қасиеттері - жылдам реакция, зейіннің ауыстырылуы, дамыған би қиялы, музыканы қабылдау, би операциялары және әрекеттері (кесте 24).

Кесте 24 - Хореографиялық өнер саласындағы эмоционалды-құндылық компонентінің көрсеткіштері (анықтау эксперименті) (%)

Студенттердің кәсіби ұтқырлық іс-әрекетін ұйымдастыру тәсілдері	Кездесу жиілігі						
	хореографтың мамандығына және оның қызметіне деген құндылық қатынасы; Б <sub>1</sub>	эмоционалды және психологиялық ұтқырлық; Б <sub>2</sub>	биші-орындаушының қажетті жеке және психологиялық қасиеттері - жылдам реакция Б <sub>3</sub>	зейіннің ауыстырылуы Б <sub>4</sub>	дамыған би қиялы Б <sub>5</sub> ,	музыканы қабылдау Б <sub>6</sub> ,	би операциялары және әрекеттері. Б <sub>7</sub>
Ситуациялық тапсырмалар	28	41	21	42	17	14	12
Қашықтықтан оқыту, цифрландыру	23	12	-	-	-	-	-
Өзіндік білім алу технологиялары, икемді дағдылар	33	22	-	10	-	-	-
«Қол, аяқ, бас және дене қалпын үйрену. Тапсырма бойынша би материалында қимылдарды үйрену»	30	29	15	9	11	6	6
«Жаттығуды жоға қою (постановка разминки) бойынша жұмыс	23	25	9	21	8	8	46
Би материалында комбинацияларды құрастыру және этюд құрастыру (таңдау бойынша) – балейтмейстерлік іс-әрекеті	15	15	11	14	24	12	15
Ақпарттың толық болуы	42	1	38	8	5	4	6
ω%	49,8%	5%	47%	9,8%	5%	8%	6,6%

Алтыншы кезекте анықтау эксперименті барысында эмоционалды-құндылық компоненті бойынша хореографиялық іс-әрекетке құндылық қатынасының қалыптасуын құндылыққа бағытталған бірлік индексіні қолдана отырып және Спирменнің дәрежелік корреляция әдісін қолдану арқылы анықталды.

Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру моделінің эмоционалды-құндылық компонентінің қалыптасу деңгейін анықтау

мақсатында құндылыққа бағытталған бірлік индексі (ҚББ) анықтау үшін хореографтың И.А. Бутова әдістемесі бойынша модификацияланған 20 кәсіби маңызды қасиеттерін сипаттайтын сауалнама құрастырылды. Хореографтың 20 кәсіби маңызды қасиеттеріне ретінде алынады:

- би қимылдары мен жаттығуларын орындау; арнайы хореографиялық білімдер;
- би өнеріне қызығушылық;
- кәсіби маңызды хореографиялық педагогикалық мәселелердің балама шешімдерін іздеу;
- қимылдардың мәнерлілігі; дұрыс бұлшықет сезімі; жылдамдық пен реакцияның көрінісі;
- өзін, өз әлеуетін шығармашылық тұрғыда іске асыруға ұмтылу; өзін-өзі дамытуға ұмтылу;
- хореографиядағы жаңа перспективалық бағыттарды көру; музыкалық сөйлеу; хореографиялық өнерге қызығушылық;
- өз денесі қозғалысын бақылау; дамыған жады;
- би - мәнерлілік және үйлестіру дағдылары;
- ассоциативті іс-әрекеттің тереңдігі мен кеңдігі;
- үнемі оқып-үйренуге дайын болу және қабілеттілік; коммуникативтілік;
- бидің бейнелерін эмоционалды және интеллектуалдық жинақтауға қабілеттілік; эмоционалды мәдениет [46, б. 139].

Студенттерге олардың пікірінше табысты хореографиялық қызмет үшін ең құнды 5 қасиеттерді таңдау ұсынылды. Құндылыққа бағытталған бірлік индексі (ҚББ) есептеу таңдау санының сәйкес келуін санау негізінде жүргізілді. Студенттер тобында сәйкестік неғұрлым көп болса, ҚББ индексі соғұрлым жоғары болады (қосымша Д).

Анықтау экспериментінде зерттелушілер тобы бойынша бойынша студенттерінің хореографиялық өнер саласындағы эмоционалды-құндылық компонентінің көрсеткіштерінің ішінен хореографтың мамандығына және оның қызметіне деген құндылық қатынасының кездесу жиілігін ең көп ақпарат толықтығын көрсететін орташа арифметикалық мәні - 0,54 екенін байқауға болады.

Жалпыланған мәліметтер студенттердің хореографиялық іс-әрекетін бақылау топтарында да, эксперименттік топтарда да студенттердің құндылық қатынасының төмен нәтижелерін көрсетеді, орта есеппен ҚББ = 0.23 және 0,29 бұл кәсіби ұтқырлық қалыптасқандығының репродуктивті (төмен) деңгейіне сәйкес келеді.

Сауалнама деректері студенттердің болашақ хореографтар ретінде хореографиялық іс-әрекетке деген құндылық қатынастарының тұрақсыз және бейсаналық сипатта екенін көрсетеді (кесте 25).

Кесте 25 - Анықтау эксперименті бойынша бақылау және эксперименттік топтарда құндылыққа бағытталған бірлік индексі (ҚББ) индексі есептеу (И.А. Бутова әдістемесі бейімделген)

Эксперименттік топ				Бақылау тобы			
Ең көп тәуірлеу деп есептелген алған 5 қасиет	Таңдаулар саны	Ең аз тәуірлеу деп есептелген алған 5 қасиет	Таңдаулар саны	Ең көп тәуірлеу деп есептелген алған 5 қасиет	Таңдаулар саны	Ең аз тәуірлеу деп есептелген алған 5 қасиет	Таңдаулар саны
1	2	3	4	5	6	7	8
1) Бикимылдары мен жаттығуларын орындау	15	Дұрыс бұлшық ет сезімі	5	Музыкалық сөйлеу	6	Ассоциативті іс-әрекеттің тереңдігі мен кеңдігі	0
2) Арнайы хореографиялық білімдер	9	Жылдамдық пен реакцияның көрінісі	6	Хореографиялық өнерге қызығушылық	7	Үнемі оқып-үйренуге дайын болу және қабілеттілік	
3) Би өнеріне қызығушылық	11	Өзін, өз әлеуетін шығармашылық тұрғыда іске асыруға ұмтылу		Өз денесі қозғалысын бақылау	7	Коммуникативтілік	2
4) Кәсіби маңызды хореографиялық педагогикалық мәселелердің балама шешімдерін іздеу	7	Өзін-өзі дамытуға ұмтылу		Дамыған жады	15	Бидің бейнелерінің Эмоционалды және интеллектуалдық жинақтауға қабілеттілік	2
5) Қимылдардың мәнерлілігі	10	Хореографиядағы жаңа перспективалық бағыттар	2	Би - мәнерлілік және үйлестіру дағдылары	10	Эмоционалды мәдениет	2


## 25-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8
Таңдаулардың қосындысы	52	Таңдаулардың қосындысы		Таңдаулардың қосындысы	45	Таңдаулардың қосындысы	8
Студенттер саны	74			Студенттер саны	53		
Таңдаулардың жалпы саны	127			Таңдаулардың жалпы саны	127		
ҚББ есептеу	$(52-22): 127 = 0,23$			ҚББ есептеу	$(45-8): 127 = 0,29$		

Анықтау эксперименті бойынша хореографиялық әрекетке құндылық қатынасының қалыптасуы әрбір екі топ студенттерінің құндылық бағдарларының төмен деңгейін көрсетеді (сурет 23, кесте 26).

Кесте 26 - Анықтау эксперименті бойынша болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру моделінің эмоциональдық-құндылық компонентінің қалыптасу деңгейлерінің көрсеткіштері

Топтар	Деңгейлер		
	Репродуктивті	Адаптивті	Шығармашылық
Бақылау тобы (53)	30 (56%)	13 (24%)	10 (18%)
Эксперимент тобы (74)	39 (52%)	24 (32%)	11 (15%)



Сурет 23 - Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру моделінің эмоциональдық-құндылық компоненті бойынша бақылау және

## эксперименттік топтардың анықтау экспериментіндегі көрсеткіштерінің диаграммасы

Жетінші кезекте анықтау эксперименті бойынша келесі студенттердің болашақ хореографтар ретінде кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың әлеуметтік-коммуникативтік компонентін келесі көрсеткіштер бойынша анықтадық: коммуникативті байланыстарды құру жылдамдығы; жаңа жағдайларға бейімделу жылдамдығы; студенттердің мінез-құлық үлгілерінің әртүрлілігі мен бірдейлігі. Осы мақсатты жүзеге асыру барысында төмендегі психодиагностикалық әдістеме жүргізілді.

Әлеуметтік-коммуникативтік компонент бойынша студенттердің кәсіби ұтқырлық негіздерінің қалыптасу деңгейінің диагностикасы оқу процесінде, ұжымдық шығармашылық дайындықтарда, студенттердің түрлі концерттік іс-шаралардағы қойылымдарында жүргізілді. Сұхбат, әңгімелесу, педагогикалық бақылау, өзін-өзі бағалау әдісі, сараптамалық бағалау әдісі сияқты психологиялық-педагогикалық әдістер қолданылды. Анықтау экспериментіндегі әлеуметтік-коммуникативті компонент студент-хореографтардың кәсіби ұтқырлық негіздерін қалыптастыру деңгейінің диагностикасының нәтижелері 27-кестеде келтірілген.

Кесте 27 - Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру моделінің әлеуметтік-коммуникативтік компоненті диагностикасының мәліметтері

Көрсеткіштер	Көрсеткіштер			Орташа шама	Кәсіби ұтқырлық деңгейі
	Коммуникативті байланыстарды құру жылдамдығы	Жаңа жағдайларға бейімделу жылдамдығы	Студенттердің мінез-құлық үлгілерінің әртүрлілігі мен бірдейлігі		
БТ	4,7	4,9	4,7	4,7	Р
ЭТ	4,8	4,7	4,8	4,7	Р


Анықтау эксперименті бойынша эксперименттің басында әлеуметтік-коммуникативтік компонент бойынша әр түрлі кәсіби ұтқырлық көрсеткіштерін танытқан студенттердің қатынасы көрсетіледі (кесте 28).

Әлеуметтік коммуникативтік компоненті студенттердің кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруда анықтау экспериментінде маңызды орын алады.

Сонымен қатар, диагностиканың нәтижелері педагогикалық эксперименттің анықтаушы эксперимент кезеңіндегі студент-хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың репродуктивті, яғни төмен деңгейінің басымдығын көрсетеді (сурет 24).

Кесте 28 - Анықтау эксперименті бойынша болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру моделінің әлеуметтік-коммуникативтік компонентінің қалыптасу деңгейлерінің көрсеткіштері

Топтар	Деңгейлер		
	Репродуктивті	Адаптивті	Шығармашылық
Бақылау тобы	29 (54%)	17 (32%)	7 (13%)
Эксперимент тобы	39 (52%)	27 (36%)	8 (11%)



Сурет 24 - Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру моделінің әлеуметтік-коммуникативтік компоненті бойынша бақылау және эксперименттік топтардың анықтау экспериментіндегі көрсеткіштерінің диаграммасы

Осы орайда қалыптастыру экспериментінің мақсаты - болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлық қасиет-сапаларын олардың тұлғасының табыстылық факторы ретінде өзіне өзінің жағымды қатынасын қалыптастыру бойынша жұмыстарды ұйымдастыру арқылы дамытуға мүмкіндік туғызу деп белгіленді.

Қалыптастыру эксперимент кезеңінде эксперимент топтарында жоғарыда аталған педагогикалық жағдайларға негізделген студенттердің - болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлық негіздерін қалыптастыру әдістемесі қолданылды. Бақылау топтарында кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру дәстүрлі әдістемелер бойынша өткізілді.

Эксперименттің қорытынды нәтижелері біз анықтаған болашақ хореографтың кәсіби ұтқырлық компоненттерінің барлық критерийлері бойынша студенттердің көрсеткіштері арасындағы айтарлықтай айырмашылықты көрсетеді.




Мысалы, мотивациялық компоненттің көрсеткіштері бойынша студенттердің кәсіби ұтқырлық негіздерінің қалыптасу деңгейі туралы салыстырмалы мәліметтер барлық критерийлер бойынша көрсеткіштер және олардың орташа бағаларының айтарлықтай өсуін көрсетеді(кесте 29).

Кесте 29 - Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру моделінің мақсаттық-мотивациялық компонентінің қалыптасу деңгейлерінің салыстырмалы мәліметтері

Деңгейлер, топтар	Репродуктивті		Адаптивті		Шығармашылық	
	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ
Экспериментке дейін	67,9 % (36)	66,2 % (49)	18,8% (10)	22,9% (17)	13,2 % (7)	10,8% (8)
Эксперименттен кейін	53% (28)	11% (8)	28% (15)	16% (12)	19% (10)	72% (54)

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың салыстырмалы нәтижесі 25-суретте бейнеледі.




Сурет 25 - Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру моделінің мақсаттық-мотивациялық компонентінің қалыптасу деңгейлерінің салыстырмалы диаграммасы

Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру моделінің мазмұндық-танымдық компоненті бойынша мәліметтерді салыстырмалы талдау нәтижелері 30-кестеде келтіріледі.

Кесте 30 - Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру моделінің мазмұндық-танымдық компонентінің қалыптасудеңгейлерінің салыстырмалы мәліметтері

Деңгейлер, топтар Кезеңдер	Репродуктивті		Адаптивті		Шығармашылық	
	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ
Экспериментке дейін	54,7% (29)	50,0% (37)	33,9% (18)	39,1% (29)	11,3% (6)	10,8% (8)
Эксперименттен кейін	48% (12)	12% (3)	44% (11)	44% (11)	8% (2)	44% (11)

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың салыстырмалы нәтижесі 26-суретте бейнеледі.



Сурет 26 - Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру моделінің мазмұндық-танымдық компонентінің қалыптасудеңгейлерінің салыстырмалы диаграммасы

Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру моделінің эмоциональдық-құндылық компоненті хореографиялық іс-әрекетке қатынасының қалыптасуын көрсетеді, сондай-ақ жоғарыда сипатталған әдістеме бойынша жүргізілді (хореограф үшін маңызды болған 20 кәсіби қасиеттер атап көрсетілген сауалнама қолданылды). Эксперименттің басында

және соңындағы алынған диагностикалық мәліметтер салыстырмалы түрде 31-кестеде келтірілген.

Кесте 31 - Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру моделінің эмоциональдық-құндылық компонентінің қалыптасудеңгейлерінің салыстырмалы мәліметтері

Көп тәуірлеу деп есептелген алған 5 қасиет	Ауысым типі ЭТ-да n=74			Мәнділігі
	+	-	0	
Хореографиялық іс-әрекетке құндылық қатынасы	26	38	00	p<0,01
1) Би қимылдары мен жаттығуларын орындау	34	5	4	p<0,05
2) Арнайы хореографиялық білімдер	32	12	9	Мәнділігі жоқ
3) Би өнеріне қызығушылық	36	3	14	p<0,01
4) Кәсіби маңызды хореографиялық педагогикалық мәселелердің балама шешімдерін іздеу	37	5	11	p<0,01
5) Қимылдардың мәнерлілігі	42	6	5	p<0,01
1) Дұрыс бұлшықет сезімі	64	13	7	p<0,01
2) Жылдамдықпен реакцияның көрінісі	54	20	6	p<0,01
3) Өзін, өз әлеуетін шығармашылық тұрғыда іске асыруға ұмтылу	47	27	10	p<0,01
4) Өзін-өзі дамытуға ұмтылу	54	13	7	Мәнділігі жоқ
5) Хореографиядағы жаңа перспективалық бағыттарды көру	46	17	11	p<0,01
Көп тәуірлеу деп есептелген алған 5 қасиет	Ауысым типі БТ-да n=53			Мәнділігі
	+	-	0	
1) Музыкалық сөйлеу	43	10	00	p<0,01
2) Хореографиялық өнерге қызығушылық	38	8	7	Мәнділігі жоқ
3) Өз денесі қозғалысын бақылау	25	18	10	Мәнділігі жоқ
4) Дамыған жады	28	13	12	Мәнділігі жоқ
5) Би - мәнерлік және үйлестірудегі қабілеттері	6	5	2	Мәнділігі жоқ
Бақылау тобының таңдауы бойынша ең аз тәуірлеу деп есептелген алған 5 қасиет				
1) ассоциативті іс-әрекеттің тереңдігі мен кеңдігі	20	17	16	Мәнділігі жоқ
2) Үнемі оқып-үйренуге дайын болу және қабілеттілік	25	18	10	Мәнділігі жоқ
3) Коммуникативтілік	31	13	19	Мәнділігі жоқ
4) Бидің бейнелерін эмоционалды және интеллектуалдық жинақтауға қабілеттілік	26	17	10	Мәнділігі жоқ
5) Эмоционалды мәдениет	32	21	00	Мәнділігі жоқ

Сонымен ЭТ пен БТ-тары студенттерінің кейінге қалдырылған нәтижелерін салыстыру қалыптастыру экспериментінен кейін екі жыл өткен соң, студенттер 4 курсты аяқтаған кезде жүргізілді (кесте 32).

Бұл студенттерде болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру моделінің мазмұндық-танымдық компонент бойынша кәсіби ұтқырлығын қалыптастыратын практикалық сабақтардан соң ЭТ-да хореограф үшін маңызды болған 20 кәсіби қасиеттерді таңдау кезінде хореографиялық іс-әрекетке құндылық қатынасының, соның ішінде кәсіби ұтқырлық мінез-құлқын тұрақтандыратынын және бекітуді қамтамасыз ететіндігін көрсетті.

Студенттердің кәсіби ұтқырлықтары әртүрлі бағыттағы кәсіби қасиеттерінің дамуының мәнін кәсіби қасиеттерінің сипаттамаларын таңдауда білдіруге болады: ЭТ - дағы жылдамдық пен реакцияның көрінісі, дұрыс бұлшықет сезімі және т.б. жоғары көрсеткіш көрсете білді. БТ-дағы би мәнерлілік және үйлестіру дағдылары сияқты сапалық қасиеттерге мән берді.

Қалыптастыру экспериментінде хореография мамандығының студенттеріне арналған «Хореографиядағы кәсіби ұтқырлық» элективті курсының оқу бағдарламасын практикалық сынақтан өткізу қорытындылары оның тікелей және кейінге қалдырылған тиімділігін көрсетті.

G белгілерінің критерийі бойынша эксперимент нәтижелері бойынша эксперименттік (ЭТ) және бақылау (БТ) топтарындағы өзгерістердің салыстырмалы нәтижелері жоғарыдағы кестеде көрсетілген.

Қалыптастыру экспериментінің нәтижелері бойынша ЭТ өзгерістерінің негізгі нәтижелері студенттердің дербестігі, олардың тәуелсіздігі, олардың іс-әрекеттерінің дұрыстығына сенімділік, мінез-құлқты ерікті басқару, лайықты және лайықсыз әрекеттерді ажырату кезінде нұсқаулықтардың тұрақтылығы болды. БТ-да кәсіби ұтқырлықты тұлғаның даму процесін тежейтін тұлғаның сапалық қасиеттеріне бағдар табылды(кесте 32).


Кесте 32 - Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру моделінің эмоциональдық-құндылық компонентінің қалыптасудеңгейлерінің салыстырмалы мәліметтері

Деңгейлер, топтар	Репродуктивті		Адаптивті		Шығармашылық	
	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ
Кезеңдер						
Экспериментке дейін	56% (30)	52% (39)	4% (13)	32% (24)	18% (10)	15% (11)
Эксперименттен кейін	41% (22)	-	31% (16)	52%	28% (15)	47% (35)

Сонымен эксперимент соңында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру моделінің эмоциональдық-құндылық компоненті бойынша кәсіби ұтқырлықтың адаптивті және шығармашылық деңгейлері қалыптасқан студенттер үлесінің өскені және эксперимент тобында зерттелген сапаның репродуктивті деңгейін көрсететін студенттердің қалмағандығы байқалады (сәйкесінше 52% және 47%).

Сонымен бірге бақылау тобында, эксперименттің басында және соңында кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру деңгейлерінде репродуктивті деңгейі (сәйкесінше 56% және 41%) біршама айырмашылықтар болғаны байқалады.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың салыстырмалы нәтижесін 27-суретте ұсынылады.



Сурет 27 - Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру моделінің эмоциональдық-құндылық компонентінің қалыптасу деңгейлерінің салыстырмалы диаграммасы

Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру моделінің әлеуметтік-коммуникативтік компоненті бойынша көрсеткіштерді диагностикалау бақылау және эксперименттік топ студенттеріне эксперименттің анықтау кезеңінде қолданылған бірдей диагностикалық әдістермен (әңгімелесу, сұхбат, педагогикалық бақылау, өзін-өзі бағалау әдісі, сараптамалық бағалау әдісі) жүргізілді.


Сондай-ақ, жоғарыда атап өткен әңгімелесу, сұхбат, педагогикалық бақылау, өзін-өзі бағалау әдісі, сараптамалық бағалау әдістерін қайта жүргізуде тек сандық көрсеткіштер ғана өзгермей, студенттердің жауаптарынан, бақылау нәтижелерінен бірқатар өзгерістерді, соның ішінде әлеуметтік-коммуникативтік компонент бойынша ораторлық, ортада сөйлеу алу, адамдармен тіл табыса білу сынды қабілеттерінің эксперимент тобының студенттерінің бойында қалыптастқандығын байқауға болады.

Салыстырмалы мәліметтер 33-кестеде көрсетілген.

Кесте 33 - Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру моделінің әлеуметтік-коммуникативтік компонентінің қалыптасу деңгейлерінің салыстырмалы мәліметтері

Деңгейлер, топтар	Репродуктивті		Адаптивті		Шығармашылық	
	Бақылау тобы	Эксперименттік топ	Бақылау тобы	Эксперименттік топ	Бақылау тобы	Эксперименттік топ
Экспериментке дейін	54% (29)	52% (39)	32% (17)	36% (27)	13% (7)	11% (8)
Эксперименттен кейін	32% (17)	10% (7)	47% (25)	40% (29)	21% (11)	50% (37)

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың салыстырмалы нәтижесін 28-суретте ұсынылады.



Сурет 28 - Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру моделінің эмоциональдық-құндылық компонентінің қалыптасу деңгейлерінің салыстырмалы диаграммасы

Эксперимент нәтижелері көрсеткендей, эксперименттік топтарда репродуктивті кәсіптік ұтқырлық деңгейі қалыптасқан студенттер санының айтарлықтай төмендеуі байқалады (эксперименттің басындағы 52% -дан эксперимент соңында 10% -ға дейін) және, керісінше, адаптивті деңгейдегі кәсіби ұтқырлығы қалыптасқан студенттер санының едәуір жоғарылауы байқалады (36%-дан 40%-ға дейін). Сондай-ақ, шығармашылық деңгейдегі

кәсіби ұтқырлығы қалыптасқан болашақ хореографтар ретінде студенттер саны айтарлықтай көбейген (11%-дан 50%-ға дейін). Сонымен бірге, бақылау топтарында студенттердің кәсіби ұтқырлығының зерттелген көрсеткіштері деңгейлерінде ерекше өзгерістер байқалады (репродуктивті деңгей - 56% және 32%, адаптивті деңгей - 32% және 47% көтерілген, шығармашылық деңгей - 13% және 21%).

Диссертациялық жұмыстың жетекші идеясына сәйкес, жоғары оқу орнында болашақ хореографтарды дайындау мазмұны мен әдістемелері кәсіби ұтқыр хореограф-маманның құзыреттіліктері мен іс-әрекетіне бағдар алып, студенттерде әр түрлі кәсіби қызметтерді орындауға қажетті икемді дағдыларды мақсатты қалыптастыруға бағытталған жағдай орын алғандықтан, кәсіби ұтқыр маман тұлғасының қалыптасуына мүмкіндік болды.

Болашақ кәсіби ұтқыр хореограф-маманның теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалып, болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі шығармашылықпен жүзеге асырылса, онда студенттердің кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың және дамытудың тиімділігі артады, өйткені болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру заманауи талаптардың жоғарылауын қамтамасыз етеді деген зерттеудің ғылыми болжамын педагогикалық-психологиялық математикалық өлшем әдістерімен дәлелдеуге мүмкіндік болды.

Фишер критерийін  $F^*$  қолдана отырып, Колмогоров-Смирнов критерийімен  $\lambda$  салыстыра отырып, нақты мақсатқа жетуде, болжамды дәлелдеуге максималды біршама дәл қорытынды алуға болады. Қалыптастыру экспериментінің бақылау топтарының нәтижелері эмпирикалық үлестірімдер үшін Фишер критерийін (Фишердің бұрыштық түрленуі) қолдана отырып, математикалық негіздеу тұрғысынан талданды. Болжам ретінде біз келесі ережелерді ұсынамыз:

$H_0$  - (нөлдік болжам бойынша) - хореограф-маманның кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың тиімділігі кәсіби даярлаудағы заманауи талаптардың жоғарылау деңгейіндегі қалыптастырушы экспериментке дейін айырмашылықтар айтарлықтай маңызды емес, сондықтан бағалауды бөлу жалпы популяцияға жатады, нәтижесінде іріктеу дұрыс жүргізілді;

$H_1$  - (жұмыс болжам бойынша) «екі топтың арасында арасында қалыптастырушы эксперименттен кейін айырмашылықтар айтарлықтай бар». Жүргізілген математикалық өңдеу бақылау және эксперименттік топтарда қалыптастырушы эксперименттің бақылау бөлімін бағалаудың таралуы жүргізілген экспериментті сенімділігін және дұрыстығын дәлелдеді және  $H_1$  жұмыс болжамының дұрыс екенін дәлелдеді (кесте 34, 35).

Кесте 34 - Қалыптастыру экспериментінен кейін эксперименттік және бақылау топтарындағы студенттердің кәсіби ұтқырлығы екінші ретті зерттелген диагностикалық көрсеткіштері ( % адам есебімен)

Деңгейлері	ЭТ n=74	БТ n=53	φ1	φ2	φ эмп	Айырмашылықтар дың мәнділігі
Мақсаттық-мотивациялық компоненті						
Жоғары (Шығармашылық)	6,25	0	0,507	0	1,494	Мәнділігі жоқ
Адаптивті (Орташа)	50,00	21,05	1,571	0,955	1,815	$\rho < 0,05$
Репродуктивті (Төмен)	43,75	78,95	1,446	2,214	2,263	$\rho < 0,01$
Барлығы	100,00	100,00				
Мазмұндық-танымдық компоненті						
Жоғары (Шығармашылық)	31,25	0	1,187	0	3,498	$\rho < 0,001$
Адаптивті (Орташа)	50,00	36,84	1,571	1,304	0,786	Мәнділігі жоқ
Репродуктивті (Төмен)	18,75	63,16	0,897	1,838	2,773	$\rho < 0,01$
Барлығы	100,00	100,00				
Эмоциональдық-құндылық компонент						
Жоғары (Шығармашылық)	31,25	0	1,187	0	3,498	$\rho < 0,001$
Адаптивті (Орташа)	50,00	36,84	1,571	1,304	0,786	Мәнділігі жоқ
Репродуктивті (Төмен)	18,75	63,16	0,897	1,838	2,773	$\rho < 0,01$
Барлығы	100,00	100,00				
Әлеуметтік-коммуникативтік компонент						
Жоғары (Шығармашылық)	47,36	0	2,345	0	4,895	$\rho < 0,001$
Адаптивті (Орташа)	60,00	47,75	1,465	1,106	0,676	Мәнділігі жоқ
Репродуктивті (Төмен)	17,65	53,00	0,755	1,644	2,8875	$\rho < 0,01$
	100,00	100,00				

Кесте 35 - Қалыптасу деңгейлері

Топтар	Қалыптасу деңгейлері (қатысушылар саны % - мен)		
	Жоғары	Орташа	Төмен
Эксперименттік (N =74)	72	16	12
Бақылау(N=53)	19	28	53
Мәнділік деңгейлері	$\rho$	$\rho$	$\rho$
Зонасы	Мәнділігі бар	Мәнділігі бар	Мәнділігі бар
φ <sub>эмп</sub> - (эмпирикалық мәні)	7,658	4,587	3,875
φ <sub>кр</sub> - (критикалық мәні)	3,28	3,28	3,28
Нөльдік болжам- Н <sub>0</sub>	Н <sub>0</sub> - шеттетілді	Н <sub>0</sub> шеттетілді	Н <sub>0</sub> шеттетілді



Осыған орай, қалыптастыру экспериментінің бақылау тобында фэмп эмперикалық өлшемінің мәні сәйкесінше  $f_{эмп} = 7,658$  формуласына тең;  $f_{эмп} = 4,587$  қосындысы;  $f_{эмп} = 3,875$  қосындысы (бақылау және эксперименттік топтардағы студенттердің кәсіби ұтқырлығының қалыптасу деңгейінің эмпирикалық таралуы айтарлықтай ерекшеленеді), бұл студенттердің хореограф-маманның кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың тиімділігі кәсіби даярлаудағы заманауи талаптардың жоғарылауы кәсіби ұтқырлығының қалыптасуына педагогикалық ықпал етудің ұсынылған моделін жүзеге асырудың тиімділігі іс жүзінде практикада қолданысқа ие болып, студенттердің кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың тиімділігі артады деп болжауға негіз береді.

Осылайша, жүргізілген эксперименттік жұмыстар студенттердің болашақ хореографтар ретінде кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру бойынша зерттеу барысында анықталған педагогикалық шарттары және олардың негізінде әзірленген әдістемесінің тиімділігін растайды (Қосымша Е).

Әзірленген теориялық ережелер мен эксперименттік жұмыс барысында алынған мәліметтер негізінде келесі тұжырымдар мен ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді:

- жүргізілген зерттеулер студенттер - болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың біртұтас жүйесін құрудың мақсатқа сәйкестілігі туралы болжамның шындықтарын дәлелдеді;

- болашақ хореографтың кәсіби ұтқырлығының құрылымы маманның әлеуметтік мәртебесінің өзгеруімен немесе өзгеруінсіз қоғамның әлеуметтік және кәсіби құрылымында қозғалысы процесін көрсетеді және келесі компоненттерді қамтиды: мақсаттық-мотивациялық, мазмұндық-танымдық, эмоциональдық-құндылық және әлеуметтік-коммуникативтік;

- жоғары оқу орнындағы болашақ хореографтың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру мәселесін тиімді шешудің қажетті шарттары - хореографиялық пәндердің педагогикалық әлеуетін барынша толық жүзеге асыруды, ЖОО-ының кәсіби ұтқыр бітірушісін қалыптастыруды және дамытуды, хореографиялық білімді көп функционалды әдіснамалық тұғыр негізінде жобалауды, оны әмбебаптандыруды, бір сабақтың аясында студенттерге әртүрлі кәсіби функцияларды орындау үшін білім беру жағдайларын құруды, болашақ хореографтардың кәсіби дайындығының (бейіндерінің) түрлерін кезең-кезеңімен кеңейтуді болжайтын педагогикалық жүйені жобалау және енгізу.

- болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың әдістемесі хореограф-маманның кәсіби динамикасы процесіне бағдар бере отырып, оның кәсіби ұтқырлығын модельдейді және студенттердің табысты кәсіби-тұлғалық бейімделуіне, жаңадан пайда болған тұлғалық құрылымдар мен олармен шартталатын мінез-құлық реакцияларына деген құзыреттілігін дамытуға бағытталған.

Қорыта келе, кәсіби ұтқыр болашақ хореографтарды қалыптастырудың мазмұны мыналарды болжайды:

- хореографиялық білім беру бағдарламаларына енген оқу пәндерінің және (оқу, өндірістік) іс-тәжірибенің студент-хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру әлеуетін белсендіруді, бұл үшін пәндік оқу бағдарламаларындағы кәсіби ұтқырлықты қалыптастыруға септігін тигізетін тақырыптарды анықтау, осы тақырыптар мазмұнын кәсіби ұтқырлыққа қатысты сұрақтар (білімдер, икемділіктер, дағдылармен) «байытуды»;

- жоғары курс студенттері үшін болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығы негіздерін қалыптастыруға арналған «Хореографиядағы кәсіби ұтқырлық» элективті курсын ендіруді;

- оқу жұмысын ұйымдастырудың барлық түрлерін (іс-тәжірибе, СӨЖ, ОСӨЖ тапсырмалары, курстық және диплом жұмыстары) жоспарлауда кәсіби ұтқырлықты қалыптастыруға бағытталғандықты өзектендіруді.

Зерттеу барысында әзірленген болашақ кәсіби ұтқыр хореографтарды қалыптастырудың мазмұны оны тиімді жүзеге асыруға қажетті психологиялық-педагогикалық және әдістемелік жағдайлар жасайтын оқыту түрлері, формалары, әдіс-тәсілдері мен құралдары көмегімен іс-жүзіне асырылғанда ғана студенттердің кәсіби-тұлғалық маңызды сапасына айналуы мүмкіндігі анықталды.

## ҚОРЫТЫНДЫ

**«Жоғары оқу орнында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру»** мәселесі бойынша жүргізген теориялық және тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарымыз мынандай **қорытындылар** жасауға мүмкіндік берді:

1. Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың әдіснамалық-теориялық негіздерін қарастыру «ұтқырлық», «кәсіби ұтқырлық», «болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығы» ұғымдарына берілген анықтамаларды нақтылаумен айқындалды.

Жалпы алғанда, ұтқырлық - (ағылшын тілінде «mobility», неміс тілінде «mobilitat», латын тілінде «mobilis») қозғалғыштық, жай-күйін, жағдайын жылдам өзгерту, жылдам қозғалу, әрекет ету қабілеті. Бұл ұғымға сөздіктерде көптеген анықтамалар беріледі: «ұтқыр», «ұтымды», «тапқыр», «шебер» деп, ал «ұтқырлық», «ұтымдылық», «мазмұндылық»; «ұтқырлық», «шапшаңдық», «жылдам қозғалуға қабілеттілік», сондай-ақ, «жылдам қимылдау», «шешім қабылдау»; заманауи түсіндірмелі сөздікте «ұтқырлық» - «ептілік», «шапшаңдық», «жылдам қозғалуға, әрекетке қабілеттілік», сондай-ақ «тапсырмаларды дереу орындауға даярлық», «жағдайға тез бағдар алу», «іс-әрекеттің қажетті формаларын табу».

«Ұтқырлық» ұғымын ғылыми айналымға 1927 жылдары П.А. Сорокин алғаш рет енгізген, бұл ұғымды «адамның қоғамға жылдам әлеуметтік және кәсіби бейімделуін қамтамасыз ететін қасиетін белгілеу» үшін пайдаланады. Автор «әлеуметтік ұтқырлық» ұғымын жеке адамның немесе әлеуметтік объектінің (құндылықтың) яғни адамзат іс-әрекетімен жасалған немесе өзгертілген кез-келген нәрсенің барлығы бір әлеуметтік ұстанымнан/орыннан екіншісіне ауысуы» деп түсіндіреді.

Сонымен бірге ішкі (жеке және кәсіби дамумен байланысты, кәсіби іс-әрекеттің жаңа тәсілдерін, технологияларын, нысандарын игеруге дайын) және сыртқы (лауазымның, жұмыс түрінің, жұмыс орнының, кәсіптің өзгеруіне байланысты) кәсіби ұтқырлықты бөліп көрсетеді. Ұтқырлықтың екі типі бөліп көрсетеді: тік векторы (мансаптық саты бойынша маманның алға жылжуын сипаттайды); көлденең векторы (адамның бір лауазымнан екінші лауазымға немесе бір ұйымнан екінші ұйымға ауысуын сипаттайды).

Заманауи ғылыми әдебиеттерде «ұтқырлық» ұғымының түрлері де бөліп көрсетіледі: «әлеуметтік ұтқырлық», «еңбек ұтқырлығы», «кәсіби ұтқырлық», «академиялық ұтқырлық». Сонымен, «ұтқырлық» пәнаралық тұрғыдан түрлі ғылым салаларында қазіргі өзгермелі әлемдегі қызмет нысандарының, адамдардың ерекше бір мінездік сапасы ретінде де қарастырылады. Сондықтан, «ұтқырлық» қызметкерге қойылатын талапты сипаттайтын ұғым ретінде жиі қолданылады. Демек, ұтқырлық кәсіби қызметкердің сан алуан түрлі жағдайларға тез бағдарлануы, осы жағдайлар үшін ең ұтымды шешім

қабылдауы, іс-әрекетін өз алдына қойылған жаңа міндеттерге өзін жылдам жұмылдыруы секілді сапаларын сипаттайды.

Жоғары оқу орнында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін анықтауда: іс-әрекеттік, құзыреттілік, акмеологиялық, кросс-мәдениеттік, этномәдениеттік және шығармашылық тұғырлары айқындалды. Құзыреттік тұғыр болашақ маманның әмбебап кәсіби білімдері, икемділіктері мен қабілеттерін дамытуға жол ашады. Жоғары оқу орнында болашақ хореографтарды даярлау тәжірибесін талдау барысында құзыреттілік тәсілді жүзеге асыруда арнаулы кәсіби білімдерді, дағдылар мен икемділіктерді және қабілеттерді дамытудың басымдығы болып табылады.

Ғылыми-педагогикалық категория ретінде «кәсіби ұтқырлық» ұғымы нақтыланды, оның мәні мен ерекшеліктері айқындалды. «Кәсіби ұтқырлық» ұғымын сипаттаудың түрлі көзқарастарының болуына қарамастан, зерттеушілердің қарастырылып отырған терминге қатысты бір қатар ортақ позициялары анықталды:

- кәсіби ұтқырлық қазіргі өзгермелі әлем мен кәсіби өмірде маманның табысты өмір сүруінің негізгі шарттарының бірі, оның өзгерістерге және жаңаруларға жауапты іс-әрекетін қамтамасыз ететін ерекше қабілеті;

- кәсіби ұтқырлық кәсіби білімдер, икемділіктер мен дағдыларға негізделеді, кәсіби мотивтер және құндылықтармен тығыз байланысты, бірақ өзгермелі жағдайларда маманның өмір сүруі мен нәтижелі әрекеті үшін оларды икемді пайдалану, ұдайы, шамалы немесе толық жаңартумен негізделеді;

- кәсіби ұтқырлық интегративтік сипатқа ие, яғни кәсіби іс-әрекеттің табыстылығын қамтамасыз ететін жеке тұлғаның бірқатар сапаларының - білімдер, іскерліктері, тәжірибесі, құндылық бағдарлары мен рефлексивтіктің кірігуі;

- кәсіби ұтқырлық - тұлғалық сапа, іс-әрекет, процесс ретінде жүзеге асырылады.

Кәсіби ұтқырлық күрделі мазмұнды ұғым ретінде қарастырылады.

Кәсіби ұтқырлық - бұл тұлғаның болашақ маман ретіндегі кәсіби қызметке дайындығы (кәсіби икемділік, кәсіби бейімделік, кәсіби іскерлік, кәсіби жаңашылдық). Біздің пікірімізше, болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығы қазіргі заманғы өзгерістер мен инновациялық процестер жағдайында қызмет жасауы, қалыптан тыс міндеттерді шешуі, сонымен бірге қоғамның және еңбек нарығының талаптары мен қажеттіліктеріне шапшаң, икемді, көшпелі бейімделуге даяр болуы. Демек, зерттеу контекстімізге сәйкес кәсіби ұтқырлық сапалық қасиет ретінде маманның орындалып жатқан кәсіби міндеттер мен тапсырмаларды, жұмыс орнын, тіпті бір кәсіптің шеңберінде мамандығын жедел ауыстыруға даярлығымен, сондай-ақ ғылыми-технологиялық өзгерістер әсерінен пайда болған жаңа мамандықтарды немесе олардағы жаңартуларды шапшаң меңгеруге қабілеттілігінің болуымен сипатталады. Сондықтан болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын

калыптастыру олардың өзгерістер жағдайына бейімделуіне және өз жұмысының мазмұны мен формаларын жаңғыртып, табысты әрекет жасауына мүмкіндік туғызады.

«Кәсіби ұтқырлық» ұғымының құрылымына белсенділік, бейімделгіштік, ашықтық, коммуникативтік, креативтілік, құзыреттілік жатқызылады.

Демек, хореографиялық кәсіби білімнің мазмұны ғылыми білімдер ғана емес, сондай-ақ өнердің эмоционалдық қиял әлемін, тарихи дәстүрлерді және қазіргі инновацияларды, құндылық бағдарлар мен қатынастарды, тұлғалық шығармашылық көріністерді және хореографиялық іс-әрекет түрлерінің жиынтығын қамтиды.

Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру жүйесі дайындалды:

- болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру процесінің мақсаты мен міндеттері;

- болашақ хореографтың кәсіби іс-әрекетінің мазмұны (қоғамдық сұраныс, атқаратын қызметтері, іс-әрекет түрлері, хореографиялық білімді меңгеру);

- кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру процесінің тиімділігін қамтамасыздандыру құралдары (ЖОО-дағы тұтас педагогикалық процесс, «Хореографиядағы кәсіби ұтқырлық» элективті курс; өндірістік практика, тәжірибелік іс-әрекет түрлері);

- кәсіби және тұлғалық сапалары; тұлғалық және кәсіби қабілеттері; кәсіби құзыреттілігі; кәсіби ұтқырлығы;

- болашақ хореографтың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру процесінің нәтижесі (кәсіби ұтқырлығы қалыптасқан хореограф – маман; хореограф іс-әрекетінің көп функционалдылығын меңгеруі).

Болашақ хореографтарды дайындауда кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру жүйесі кәсіби іс-әрекетінің құрылымы, олардың мазмұндық сипаттамасы арқылы ашып көрсетіледі.

2. Жоғары оқу орнында болашақ хореографтың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары айқындалды:

- қолайлы үйлесімді психологиялық ахуалды және шығармашылық ортаны құру;

- болашақ хореографиялық кәсіби іс-әрекетіне рефлексия жасауға дағдыландыру;

- психосоматикалық денсаулығын сақтауға бағыттау;

- болашақ хореографтардың шығармашылық қабілеттерін дамытатын және субъектілігін қамтамасыз ететін оң мотивациясын дамыту;

- хореографиялық пәндердің педагогикалық мүмкіндіктерін жүзеге асыру;

- хореографиялық білім беру мазмұнын көпфункционалды тұғыр негізінде құрастыру, оны әмбебаптандыру, жетілдіру;

- әр түрлі қызмет функцияларын ауыстыруда, біріктіруде, бірінен екіншісіне өтуде оқу жағдайларын жасау;

- кәсіби-тұлғалық әлеуетін дамытатын іс-әрекетке қатыстыру;

Бұл психологиялық-педагогикалық шарттар өзара байланысты, кешенді түрде жүзеге асырылды.

3. Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделі әзірленді. Бұл моделі жүйе ретінде құрастырылды, ол блоктарына (тұжырымдамалық, технологиялық, нәтижелік); компоненттеріне (мақсаттық-мотивациялық, мазмұндық-танымдық, эмоционалдық-құндылық, әлеуметтік-коммуникативтік); өлшемдері мен көрсеткіштеріне (кәсіби ұтқырлыққа мотивациялық-қажеттілік қатынастың болуы; хореография саласындағы икемді білімдер мен іскерліктер; хореографиялық іс-әрекеттегі өзгерістерге эмоционалдық-психологиялық дайындығы; қоғамдағы өзгерістерге жылдам бейімделуге, қозғалыстар және табысты әрекетке мүмкіндік жасайтын коммуникативтік және мінез-құлық сапаларының болуы) және деңгейлеріне (репродуктивті/төмен, адаптивті/орташа, шығармашылық/жоғары) сәйкес жүзеге асырылды.

Зерттеу барысында жасалған талдаулар болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруға қажетті дағдыларды топтастыруға мүмкіндік береді. Сонымен, зерттеу тақырыбы бойынша әдебиеттерді талдау және жоғары оқу орындарында хореографиялық білім берудің озық тәжірибелерін оқып-үйрену және қорытындылау негізінде болашақ хореографтың кәсіби ұтқырлығы негіздерін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын анықтадық:

- кәсіби ұтқырлықты қалыптастыруда хореографиялық пәндердің педагогикалық мүмкіндіктерін жүзеге асыру;

- хореографиялық білім беру мазмұнын көп функционалды тұғыр негізінде құрастыру, оны әмбебаптандыру;

- студенттердің әр түрлі қызмет функцияларын орындайтын оларды ауыстыратын, біріктіретін, бірінен-екіншісіне өтетін оқу жағдайларын жасау;

- болашақ хореографтардың кәсіби дайындығы іс-әрекет түрлері (бейіндерін) кезең-кезеңімен кеңейту;

- студент-хореографтардың икемді дағдыларын қалыптастыру. Бұл педагогикалық шарттар өзара байланысты, кешенді түрде жүзеге асырылады.

4. Жоғары оқу орнында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың әдістемесі дайындалды және оның тиімділігі тәжірибелі-эксперимент жүзінде тексерілді, ғылыми-практикалық ұсыныстар берілді.

Әдістеме үш бөлімнен тұрады:

- «Хореографиядағы кәсіби ұтқырлық» элективті курс бағдарламасы (90 кредит);

- «Пропедевтикалық тапсырмалар»;

- «Кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру жағдаяттары».

«Хореографиядағы кәсіби ұтқырлық» элективті курсының бағдарламасы дайындалды, оның мақсаты болашақ хореографтарда кәсіби қызметтің тез өзгертін жағдайларында ұтқырлыққа кәсіби дайындығын қалыптастыруды көздейді. Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығы негіздерін

калыптастыруға бағытталған «Хореография» мамандығы оқу курстары мазмұнына толықтырулар енгізуге, «Хореографтың кәсіби ұтқырлығы» элективті курсы, студенттердің оқу және оқудан тыс іс-әрекет түрлерін ұйымдастыруға арналған дидактикалық және әдістемелік материалдар әлеуметтік және жеке құндылықтардың түйісуіне негізделген, кәсіби іс-әрекеттегі өгерістерге даярлық мен қабілеттілікке байланысты студент-хореограф тұлғасының интегративтік сапасының қалыптасуына септігін тигізеді.

Зерттеу барысында мынандай сатылардан тұратын «Хореография» мамандығы студенттерінің кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың алгоритмі әзірленді:

1) Қарастырылып отырған аспектідегі педагогикалық жұмысқа студенттерге сабақ беретін оқытушы-профессорлар құрамын дайындау;

2) Хореограф-студенттердің кәсіби ұтқырлықты қамтамасыз ететін маңызды тұлғалық сапалары мен құзыреттіліктерінің ағымдағы деңгейлерін және даму динамикасын анықтау.

3) «Хореография» білім беру бағдарламасы оқу пәндері мазмұнының студенттердің кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудағы педагогикалық әлеуетін анықтау және байыту, оны жүзеге асыру тәсілдерін қолдану.

4) Оқу процесіне «Хореографиядағы кәсіби ұтқырлық» арнаулы курсын енгізу.

5) Хореографиялық білім беру ерекшеліктеріне қарай кәсіби ұтқырлық негіздерін қалыптастырудың әдістерін, әдістемелік тәсілдері мен құралдарын таңдау және жүйелі пайдалану.

6) Студенттердің оқу өндірістік тәжірибесінде кәсіби ұтқырлық негіздерін қалыптастыруды жоспарлау және жүзеге асыру.

7) Аудиториядан тыс оқу-тәрбиелік жұмыстар арқылы кәсіби ұтқырлық негіздерін қалыптастыруға арналған іс-шаралар кешенін жүзеге асыру.

«Хореография» білім беру бағдарламасы студенттерінің өндірістік практикасы кешенді сипатқа ие болуы, яғни хореографтың кәсіби іс-әрекетінің барлық түрлері мен бағыттарын кірістіруі қажеттігі туралы тұжырым жасалынды. Оған сай хореограф-студент хореограф-орындаушы, балетмейстер, педагог-хореограф, шығармашылық ұжым жетекшісі, репетитор, өнер мен хореографиялық білім беру менеджері, өнертанушы-зерттеуші қызметтерінің барлық түрлерін меңгеруі қажет. Өз кезегінде, бұл арнаулы хореографиялық, әдістемелік, педагогикалық, басқару және ғылыми-зерттеу саласындағы пәндік білімдерді кіріктіруді, оларды оқу жұмысының әр түрлі формалары арқылы меңгеруді болжайды.

Тәжірибелік-эксперимент жұмысының нәтижелері ұсынылған болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығы негіздерін қалыптастырудың әдістемесінің тиімділігін дәлелдейді. Жүргізілген зерттеудің қорытындылары бойынша төмендегідей ұсыныстар жасалды:

- «Хореографиядағы кәсіби ұтқырлық» элективті курсының бағдарламасы бакалавриатың 5B040900 - «Хореография» мамандығы білім беру бағдарламасында оқу жоспарының таңдау пәні компоненті ретінде жоғары оқу орнының оқу-тәрбие процесіне енгізілуі тиіс;

- жоғары оқу орнында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру бойынша ғылыми-әдістемелік ұсыныстар, зерттеу барысында алынған нәтижелер педагогикалық және мәдениет жоғары оқу орындарында хореографтарды даярлау процесінде, хореограф-мамандардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау курстарында пайдаланылуы мүмкін;

- 5B040900 – Хореография мамандығының модульдік білім беру бағдарламасына жоғарыда жасалған талдау нәтижесі оқу модульдері және олардың құрамына кіретін оқу курстарының болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру мүмдіктерін, педагогикалық әлеуетін анықтауға негіз болды.

**«Жоғары оқу орнында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру»** мәселесі өте күрделі болғандықтан, ол толық шешімін тапты деуге болмайды, ары қарай зерттеуді талап етеді.

Сондықтан, зерттеу перспективасы мынадай бағыттарда жүргізілуі мүмкін:

- орта, жоғары және жоғары білімнен кейінгі хореографиялық білім беруде білім беру мазмұны мен технологияларын кәсіби ұтқырлықты қалыптастыруға бағдарлаудың тиімді тәсілдерін зерттеу;

- «Хореография» мамандығы бойынша бакалавриат пен магистратурада білім алушылардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың сабақтастығын жеке мәселе ретінде қарастыру;

- оқытушылардың болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруға психологиялық-педагогикалық тұрғыдан даярлау.



## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000726>
- 2 Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі: Қазақстан Республикасы президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2021ж.
- 3 Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар.
- 4 Кенжегузин М.Б., Днишев Ф.М., Альжанова Ф.Г. Наука и инновации в рыночной экономике: мировой опыт и Казахстан. – Алматы: ИЭ МОН РК, 2005. - 256с.
- 5 Гершунский Б.С. Философия образования для XXI века (в поисках практикоориентированных образовательных концепций). – М.: Совершенство, 1998. - 608с.
- 6 Русаков В.М., Русакова О.Ф. Философия мобильности в современном мире//VII Российский Философский конгресс. Философия, культура и дискурс мобильности: доклады участников круглого стола. – Уфа, 2015. – С.10-18.
- 7 Cresswell T. Towards and Politics of Mobility // Environment and Planning D: Society and Space. – 2010. -Vol.28. -P.17–31.
- 8 Sheller Mimi, Urry John. The new mobilities paradigm // Environment and Planning A. – 2006. - Vol.38. -P. 207–226.
- 9 Василенко И.В. Социокультурная мобильность как философская проблема: автореф. ... канд. филос. наук. – Волгоград, 1996. – 130 с.
- 10 Забирова А.Т. Формирование, легитимация и воспроизводство идентичности в постсоветском Казахстане//СОЦИС. Социологические исследования. – 2003. – №12. – С. 118-126.
- 11 Калиева М.Ш. Оптимизация системы высшего и послевузовского образования как ресурс социальной модернизации общества; мировой опыт и Республика Казахстан // Матер.республ. науч.-практ. конф. «Современное образование в глобальной конкурентной среде».–Астана, 2012, – С.137-145.
- 12 Lipset, BendixR. Social mobility in industrial societies. - University of California press, 1967. – 140 p.
- 13 Сорокин П.А. Социальная мобильность/пер. с англ. М.В. Соколовой; под. ред. В.В. Сапова. – М.: Academia; LVS, 2005. – 588 с.
- 14 Зборовский Г.Е. Образование как фактор социальной дифференциации и мобильности («круглый стол»)//Социологические исследования. - 2003.- №5. - С. 89-100.

15 Харламов Н.А. Новое общество или новая наука об обществе? Социология мобильностей Джона Урри /вст. ст.: Урри Дж. Мобильности. - М.: Праксис, 2012. - С.10.

16 Калиновский Ю.И. Развитие социально-профессиональной мобильности андролога в контексте социокультурной образовательной политики региона: автореф. ...док. пед. наук. - СПб., 2001. -46 с.

17 Фугелова Т.А. Профессиональная мобильность как способ социального функционирования человека//IV Международной трансдисциплинарной научно-практической WEB-конференции «Connect-Universum». – Томск, 2016. - С. 118-123.

18 Нуртазина Р.А. Образовательная политика Республики Казахстан в условиях глобализации. – Алматы: НИЦ Ғылым, 2004. – 320 с.

19 Дворецкая Ю.Ю. Психология профессиональной мобильности личности: дис. ...канд. психол. наук: 19.00.07. – Краснодар, 2007. – 169 с.

20 Сорокина А.И. Психологические исследование профессиональной мобильности молодых специалистов// Формирование мотивации к успеху как фактор развития профессионального самосознания: материалы международной научно-практической конференции. – М.: Гуманитар, изд. центр ВЛАДОС, 2011. - С. 40–43.

21 Мищенко В.А. Сущностные характеристики профессиональной мобильности // Вестник ТГУ. - 2010. - Вып. 9(89). - С.61-66.

22 Сергеева Т.Б. Личностная и профессиональная мобильность: проблема сопряженности//Образование и наука. - 2015.-№8.-С.81-96.

23 Молдабекова М.С. Фундаментализация подготовки как основа профессиональной деятельности: системно-синергетический подход. – Алматы: Казак университет, 2000. – 201 с.

24 Калиева Н.К. Жаһандану дәуіріндегі білім беру ісіне қойылған талаптар //Педагогикалық білім. – Қазақстанның интеллектуалдық және инновациялық ресурсы: семинар. – Семей, 2009. – С.139-141.

25 Ұзақбаева С.А. Болашақ мұғалімдердің кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың маңызы/ Б.Ж.Айдаров, С.А.Ұзақбаева, Ю.Н.Камалов// Ясауи Университетінің ХАБАРШЫСЫ, №4, 2019. – Б. 151-160.

26 Биктуганов Ю.И. Профессиональная мобильность педагога: учебное пособие. – Екатеринбург: Уральский гос. Пед. инт-т, 2016.- 120 с.

27 Козыбай А.К. Формирование профессионализма инженера-педагога в системе университетской подготовки: автореф. ... док. пед. наук: 13.00.08. – М., 2005. – 38 с.

28 Кудайкулов М.А. Совершенствование учебного процесса и профессиональная подготовка учителя. – Алма-Ата: Мектеп, 1975. – 95с. 37

29 Никитина Е.А. Педагогические условия формирования профессиональной мобильности будущего педагога: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.01. – Иркутск, 2006. – 199 с.

30 Архангельский А.И. Формирование профессиональной мобильности у студентов в процессе обучения в технических вузах: дис. ... канд. пед. наук. – М., 2003. – 146 с.

31 Меденкова Г.В. Развитие профессиональной мобильности преподавателя колледжа в деятельности предметно-цикловой комиссии: дис. ...канд.пед.наук. - М., 2007.- 195 с.

32 Кадирсизова Ш.Б. Болашақ педагогтердің академиялық ұтқырлыққа дайындығын қалыптастыру шарттары. 6D010300 – Педагогика және психология Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Нұр-Сұлтан, 2021. - 176б.

33 Никитин В.Ю. Профессионально-педагогическая подготовка балетмейстера в учебных заведениях культуры и искусства: дис....док. пед.наук.-М.:МГУКИ, 2007. - 605с.

34 Богачева Ю.В. Формирование профессиональной готовности к практической деятельности педагогов-хореографов в вузах культуры и искусств: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.08. – М., 2007. – 215 с.

35 Борисов А.И. Психолого-педагогические аспекты подготовки педагога-хореографа: дис. ... канд.психол.наук. – Самара, 2001. – 233с.

36 Герасимова Ю.А. Развитие педагогических качества в профессиональной подготовке хореографов в вузах культуры и искусств: автореф. ... канд.пед.наук. – М.,2007. – 22с.

37 Хе Сюефей. Проблема совершенствования музыкальной подготовки будущего учителя хореографии // Наукові записки. Серія: педагогіка. - 2016. - №3.-С.208-212.

38 Луданова Т.В. Формирование педагогической мобильности у будущих учителей музыки: автореф. ... канд. пед. наук. – Ярославль, 2007. -23 с.

39 Плеханова О.Е. Формирование профессиональной мобильности педагога-музыканта//Педагогическое образование в России. - 2014.-№1. – С.131-134.

40 Петриченко Т.В. К вопросу формирования профессиональной мобильности будущего педагога-музыканта в вузе // Традиции и инновации в начальном образовании: материалы российской научно-практической конференции.- Елец, 2018. – С.313-317.

41 Петрушин В.И. Психология и педагогика художественного творчества: учебное пособие для вузов. – М.: Академический Проект, 2006. - 490 с.

42 Череднякова А.Б. Формирование имиджа будущего педагога-хореографа в вузе культуры: дис. ...канд.пед.наук.- Екатеринбург, 2006.-208 с.

43 Авраменко К.Б., Сенюк А.Н. Профессиональная подготовка будущих учителей хореографии в системе педагогического образования // Успехи современного естествознания. – 2011. – №8. – С. 149-150.

44 Юрьева М.Н. Профессионально-творческое становление личности студента-хореографа в вузах культуры и искусств: дис. ... док.пед.наук.- Тамбов, 2010.- 570 с.

45 Бережная Н.А. Развитие основ профессионального творчества будущих хореографов в процессе изучения предметов психолого-педагогического цикла: дис. ...канд.пед.наук.- Ростов Н/Д, 2008.- 166 с.

46 Бутова И.А. Формирование профессиональной мобильности музыканта-концертмейстера в процессе обучения в музыкальном колледже: дис. ...канд.пед.наук.- Екатеринбург, 2012.-217 с.

47 Кившенко Ю.А. Средства профессиональной подготовки педагогов-хореографов в вузе: дис. ...канд.пед.наук.-Самара, 2011.-196 с.

48 Шамело Е.А., Ярославова Е.Н. Актуальность формирования профессиональной мобильности будущих специалистов в современных условиях// Вестник ЮУрГУ. - 2012.-№10. – С. 129-131.

49 Кульбекова А.К. Формирование профессионального мастерства хореографов в вузах и учреждениях культуры и искусств Казахстана: системный подход: дис. ... док.пед.наук. – М., 2009. – 444 с.

50 Тлеубаева Б.С. Формирование профессионально значимых качеств будущего педагога-хореографа: дис. ...канд.пед.наук.- Алматы, 2006.-139 с.

51 Айдаров Б.Ж. Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері: 6D012000 – «Кәсіптік оқыту» Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы. – Шымкент, 2021. - 173б.

52 Қазақ тілінің сөздігі /жалпы ред. Т.Жанұзақов.- Алматы: Дайк-Пресс, 1999. - 776 б.

53 Ожегов С.И. Толковый словарь русского языка.- М.: Мир и образование; Оникс, 2011. - 736 с.

54 Современный толковый словарь изд. «Большая Советская Энциклопедия» (on-line версия)<https://classes.ru/all-russian/russian-dictionary-encycl.htm> 18.04.2020.

54 Шагунова О.В. Формирование социально-профессиональной мобильности будущих учителей// Профессиональное образование в России и за рубежом. - 2016. -№1. – С.143-146.

55 Биктуганов Ю.А., Игошев Б.М. Формирование мобильности педагогов - перспективное направление деятельности. Уральского государственного педагогического университета//Педагогическое образование в России. - 2013. - №3. – С. 6-9.

56 Abdykhalykova Zh.E., Abdullaeva Zh.D. Pedagogical support of future teacher for academic mobility at the university//Педагогиканың және психологияның әдіснамасы мен теориясы. - №1, 2021. – Б. 5-11.

57 Ипатов Е.Р. Педагогическая технология формирования социально-профессиональной мобильности студентов вуза// Вестник ШГПИ. - 2011. - Вып. 4. – С.64-68.

58 Нурмухамедова В.В. Социально-философское обоснование роли образования в обеспечении социальной мобильности человека в современном

обществе//Известия Российского гос.пед.унв-та им. А.И.Герцена. - 2008.- №76. – С.269-272.

59 Ярцев А.А. Генезис развития социально-профессиональной мобильности будущего педагога// Вестник КГУ им. Н.А.Некрасова. - 2009.- №15.- С.105-108.

60 Карелова Р.А. Формирование профессиональной мобильности будущих ИТ-специалистов в процессе становления субъектного опыта учебно-профессиональной деятельности: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.08. – Алматы, 2017. - 183 с.

61 Зеер Э.Ф., Морозова С.А., Сыманюк Э.Э. Профессиональная мобильность - интегральное качество субъекта инновационной деятельности // Педагогическое образование в России. - 2011. - №5. - С. 90-97.

62 Захарова М.А., Карпачева И.А., Мезинов В.Н. Формирование профессиональной мобильности будущего специалиста сферы образования в условиях педагогической практики // Вестник ТГПУ(TSPU Bulletin). - 2011. - №13(115).- С.218-224.

63 Вербицкая Н.О. Образование взрослых на основе их жизненного (витагенного) опыта // Педагогика. - 2002. - №6. – С. 14-19.

64 Дьяченко М.И., Кандыбович Л.А. Психологический словарь-справочник. – М.: Харвест, 2004. - 576 с.

65 Горюнова Л.В. Составляющие профессиональной мобильности современного специалиста//Известия высших учебных заведений. Поволжский регион. Общественные науки. - 2007. - №1. – С. 63-68.

66 Амирова Л.А. Развитие профессиональной мобильности педагога в пространстве его личностной самореализации. - Уфа: Восточный университет, 2006. - 460с.

67 Korobko Nataliya. Role in forming of professional mobility in the future masters of pedagogics in terms // European integration. -2014. - Vol. 4, №5(9). – P. 19-27.

68 Метелькова Л.А. Теоретические основы формирования профессиональной компетентности будущих лингвистов в условиях современного вуза// Вестник Чувашского университета. - 2013.-№4. – С.171-178.

69 Андреев В.И. Конкурентология: учебный курс для творческого развития конкурентоспособности. – Казань: Центр инновационных технологий, 2004. - 468 с.

70 Рахуба Л.Ф., Петрусевич А.А. Развитие качеств конкурентоспособной личности студента в процессе вузовской подготовки // Современные проблемы науки и образования. – 2016. – №6. – С. 16-27.

71 Зеер Э.Ф. Личностно-ориентированное профессиональное образование. – Екатеринбург: Изд-воУрал.гос.проф.пед.ун-та, 2000. - 244с.

72 Социально-личностные компетенции и профессиональная мобильность как целевая ориентация образования//Э.Ф.Зеер, М.В.Кормильцева //Сибирский педагогический журнал. - 2009.-№10.-С.72-78.

73 Игошев Б.М. Системно-интегративная организация подготовки профессионально мобильных педагогов: дис.... док. пед. наук. – М., 2008. - 240 с.

74 Дюнина В.Н. Формирование профессиональной мобильности студентов информационных специальностей в техникуме: дис. ... канд. пед. наук.- Нижний Новгород, 2009. -138 с.

75 Деркач А.А. Акмеологические основы развития профессионала. – М.: Издательство Московского психолого-социального института, 2004. - 752с.

76 Решетова З.А. Психологические основы профессионального обучения. - М.: Изд-во МГУ, 1985. - 207 с.

77 Азизханова Д.К., Алметов Н.Ш. Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығы негіздерін қалыптастыру//«Қазақстанның ғылымы мен өмірі» Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал. ISSN 2073-333X №4 (61) Астана, 2018. Б.15-17

78 Алферов А.Д., Лубянова М.А. Педагогическая психология. Совместная деятельность учителя с учащимися. - Ростов н/Д: РГПУ, 2004. - 272 с.

79 Новиков П.Н. Болонский процесс и проблемы формирования содержания образования//Образование и наука. - 2004.-№6. – С.3-15.

80 Корчагин Е.А. Опережающее обучение и профессиональная подготовка специалиста: точки соприкосновения// Казанский педагогический журнал. - 2003.- №1. – С. 67-75.

81 Дорохова Т.С. Мобильность как один из компонентов профессиональной ментальности социального педагога//Педагогическое образование в россии. - 2014. - №1. – С.119-121.

82 Амирова Л.А., Багишев З.А. Профессионально-педагогическая мобильность: сущность, стратегии реализации, векторы развития.- М., 2004.- 191 с.

83 Балягова Р.З. Профессиональная мобильность - как один из критериев качества образования//Инновационные образовательные технологии в подготовке профессиональных управленческих кадров: сб. материалов междунар. научн. интерн.- форума. - Челябинск: Челябинский институт (филиал) ФГОУ ВПО «Уральская академия государственной службы», 2010.- С. 21-25.

84 Меркулова Л.П. Формирование профессиональной мобильности специалистов технического профиля средствами иностранного языка: дис. ... док. пед. наук. - Самара, 2008. - 453 с.

85 Еферова А.Р. Профессиональная мобильность в современном мире // Журнал «Вестник научных конференций».- Тамбов, 2016.-№3-4. – С.62-65.

86 Миронова Ю.А. Развитие профессионального самоопределения и саморегуляции деятельности студентов-будущих инженеров

нефтегазодобывающей промышленности//Наука и образование. Межвузовский сборник научных трудов: Социология и образование. – М.: ИИЦ МГУДТ, 2005. –№6.- С. 3-11.

87 Насырова Э.Ф. Модульно-рейтинговая и проектная технологии формирования профессиональной компетентности учителя технологии и предпринимательства.- Шадринск: Изд-во «Шадринский дом печати», 2008.- 140 с.

88 Морылева Э.А. Развитие социально-профессиональной мобильности студентов в образовательной среде вуза: автореф. дисс. ... канд. пед. наук. - Омск, 2001. -18 с.

89 Агафонова Л.Т. Теоретико-методологические основы формирования профессиональной мобильности студентов технических специальностей в рамках курсового проектирования с элементами учебно-исследовательской деятельности//Сборник научных статей III Всероссийской научно-практической конференции «Педагогическое мастерство: теория и практика».- Тольятти, 2020. – С.21-26.

90 Дементьева О.М. Формирование социально-профессиональной мобильности студентов в учреждениях среднего профессионального образования: дис. ...канд.пед.наук.- М., 2009. - 219 с.

91 Гревцева Г.Я., Баликаева М.Б. Развитие профессиональной мобильности будущих инженеров в социально культурной среде вуза // Современные проблемы науки и образования. – 2016. – №5. – С. 19-27.

92 Гонарчук Н.П., Хромова Е.И. Формирование профессиональной мобильности будущих инженеров в образовательном процессе вуза // Вестник Казанского технологического университета. - 2012.-№13. – С. 276-287.

93 Солоненко В.А. Формирование профессиональной мобильности будущих специалистов в процессе изучения иностранного языка// Вестник Белорусского гос. универ-та. - 2012.-№1. – С. 17-24.

94 Мустафаева Е.А. К вопросу о профессиональной мобильности педагогов// Молодой ученый. - 2017. - №17(151). - С. 263-266.

95 Сластенин В.А., Исаев И.Ф., Мищенко А.И., Шиянов Е.Н. Педагогика: учебное пособие. – М.: Школа-пресс, 1997. - 512 с.

96 Боярко Е.А. Формирование профессиональной мобильности будущего специалиста в условиях развивающего регионального университетского комплекса: дис. ...канд.пед.наук. – Ростов на Дону, 2010. - 189 с.

97 Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка: 80000 слов и фразеол. выражений. – М.: Азбуковник, 2001. – 940с.

98 Кравченко А.И. Педагогика и психология: учебник. -М.: Издательство «Проспект», 2019. -573 с.

99 Якиманская И.С. Личностно-ориентированное обучение в современной школе: учебное пособие. – М.: Сентябрь, 1996. - 96 с.

100 Степанов Е.Н. Личностно-ориентированный подход в работе педагога: разработка и использование. – М.: ТЦ Сфера, 2003. -128с.

101 Горбачев В.В. К проблеме формирования социально-профессиональной мобильности в условиях высшей школы// Юридическая наука и практика. - 2013.-№22.- С. 70-77.

102 Формирование профессиональной мобильности молодого специалиста: методические рекомендации для высших учебных заведений / сост. Есикова Т.В., Гогленков А.М., Попова М.В, Порцевская Е.Д., Сечина К.А.- СПб.: РГГМУ, 2013. – 88 с.

103 Ведерникова Л.В. Проблема профессионально мобильного педагога//Сибирский педагогический журнал. - 2010.-№3.- С.36-40.

104 Белякова Н.В. Профессиональная мобильность педагогических кадров как показатель их успешности в условиях перехода на стандарты нового поколения // Сборник материалов ежегодной международной научно-практической конф. «Воспитание и обучение детей младшего школьного возраста». - 2014.-№2. – С. 19-24.

105 Седов С.А., Фляхов И.И., Шатунова О.В. Актуальные проблемы подготовки школьников и студентов к профессии.-М.: Прометей, 2017.-144 с.

106 Мерзлякова Н.С. Профессиональная мобильность студента университета в контексте поликультурного образования//Вестник Башкирского унв-та. - 2009.-№3. – С. 18-67.

133 Зорина Е.Б. Формирование профессиональной мобильности у студентов вуза в контексте методологических требований современной образовательной парадигмы // Проблемы современного педагогического образования. - 2018.-№58(1). – С. 39-47.

107 Тимонин А.И., Павлова О.А. Формирование профессиональной мобильности студентов в вузе// Экономика и образование. - 2015.-№1.- С.30-33.

108 Тришина О.Ю. Психолого-педагогическое сопровождение профессиональной деятельности преподавателя технического вуза: Дис... канд. пед. наук.- Кемерово, 2006. - 185 с.

109 Мердок Дж. П. Социальная структура. – Москва: ОГИ, 2003. - 606с.

110 Безменова К.И. Технология формирования профессиональной мобильности педагога дошкольного образовательного учреждения// Педагогическое мастерство: Материалы VIII Междунар. науч. конф. – М.: Буки-Веди, 2016. - С.26-28.

111 Горюнова Л.В. Профессиональная мобильность специалиста как проблема развивающегося образования России: автореф. ... док. пед. наук. - Ростов-на Дону, 2006. -39 с.

112 Петрова-Бытова Т.Ф. Хореографическое искусство народностей Севера // Просвещение на Крайнем Севере. – Л.: Просвещение, 1981. Вып. 19. – С. 143-147

113 Жорницкая М.Я. Народное хореографическое искусство коренного населения Северо-Востока Сибири. – М.: Наука, 1983. -152с.



114 Петров А.А. Культурные исследования в области этнохореографии народов Севера России// Мат. Всероссийской научно-практической конференции с международным участием.,2019. – С. 180-186

115 Гинкевич И.Н. Современное состояние хореографического образования в Российской Федерации//Вестник МГУКИ. - 2018.-№5. - С.166-178.

116 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы

117 Азизханова Д.К. Болашақ мамандардың кәсіби ұтқырлығы негіздерін қалыптастыру: мәселелер мен жаңа мүмкіндіктер//Ауэзов оқулары-19.- Шымкент, 2019. - №2. - Б. 18-29.

118 Пилецкая Л.С. Психологические особенности развития профессиональной мобильности личности // Молодой учёный». - 2014. - №3. - С. 798-802.

119 Чумичева Р.М. Воспитание профессиональной ответственности студентов в самостоятельной деятельности. Развитие личности в образовательных системах Южно-Российского региона. - Ростов н/Д.: Изд-во РГПУ, 2004. - №1.- С.15-21.

120 Пецина И.А. Проблема профессиональной мобильности как одна из характеристик функционирования педагога-музыканта в современном мире // Азимут научных исследований: Педагогика и психология. - 2014. - №3. – С. 58-66.

121 Сидорова Н.В. Роль инновационного развития высшей школы в профессиональной мобильности молодежи: автореф. ... канд. социол. наук. - Иркутск, 2006. -25 с.

122 Бекоева М.И. Основные подходы к изучению проблемы профессиональной мобильности студентов // Молодой учёный». - 2014. - №17.- С.450-452.

123 Ковалева А.И. Профессиональная мобильность// Знание. Понимание. Умение. - 2012. - №1. – С. 298-300.

124 Яшков А.Б. Установки выпускников и ожидания работодателей // Образовательные технологии. - 2010. - №4. - С. 60–71.

125 Закревская Н.Г., Михайлова Е.Я. Профессиональная мобильность как фактор профессионального совершенствования специалистов в области физической культуры и спорта// Ученые записки университета им. Лесгафта. - 2018.-№4. – С.98-101.

126 Касиманова Л.А., Сюн Ди, Ян Кэси. Профессиональная подготовка будущих педагогов-хореографов в контексте современных концепций развития культуры // Мир науки, культуры, образования. - 2017.- №5(66).-С.197-199.

127 Филановская Т.А. Динамика хореографического образования в художественной культуре России XVIII – XX веков: автореф. ... канд. пед.наук. - Спб., 2011. – 24с.

128 Пань Жунхуа. Развитие танцевального воображения в профессиональной подготовке педагогов-хореографов // Мир науки, культуры, образования. - 2017.-№5.- С.193-195.

129 Макарова Л.Н., Юрьева М.Н. Инновационная подготовка педагога-хореографа в вузе: практико-ориентированная монография. -М.: Тамбов: ТГУим. Г.Р.Державина, 2002.-191с.

130 Azizkhanova Didar K., Almetov Negmatzhan Sh., Turdaliyeva Sholpan Zh., Aitzhanova Akmaral B., Musakhanova Gulmira M. Formation of Professional Mobility Basis of Future Choreographers in the Process of Studying at the University // Talent Development. - 2020. - Vol.12, №1. -P. 590-608.

131 Калдыбаева А.Т., Алметов Н.Ш., Азизханова Д.К. Профессиональные компетенции как первоосновы формирования профессиональной мобильности будущих хореографов в вузе// «Ауэзов окулары-18» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конф. материалдары.- Шымкент, 2018.- 200 с.

132 Ильина Т.А. Структурно-системный подход к организации обучения: метод. рек. – М.: Знание, 1972. – Вып. 1. – 72с.

133 Афанасьев В.Г. Общество: системность, познание и управление. – М.: Политиздат, 1981. – 131с.

134 Жарков А.Д. Теория и технология культурно-досуговой деятельности. – М.: Издательский дом МГУКИ, 2007.- 480 с.

135 Буланкина М.К. Педагогические задачи профессиональной деятельности педагогов балета и концертмейстеров при работе с учащимися хореографических учебных заведений// Мир науки, культуры, образования. - 2015. -№6. – С.13-21.

136 Юсов Б.П. Взаимодействие и интеграция искусств в полихудожественном развитии школьников. – Луганск, 1990. – 74с.

137 Методы системного педагогического исследования: учебное пособие /под ред. Чл.-корр. АПН СССР, проф. Н.В. Кузьминой. – Ленинград: Изд-во ЛГУ, 1980. – 172 с.

138 Холодная М.А. Структурно-интегративная методология в исследовании интеллекта. – М., 2000. – С. 410-417.

139 Бекманова А.Б. Педагогические условия профессионального самовоспитания студентов педвузов: автореф. ... канд. пед. наук. – Шымкент, 1997. – 22с.

140 Семенова М.В. Педагогические условия формирования профессиональной компетентности будущих педагогов в вузе: автореф. ... канд. пед. наук. – Караганда, 2005. – 25с.

141 Шаметов Н.Р. Формирование профессиональной компетентности будущих педагогов профессионального обучения в системе непрерывного образования «колледж-вуз»: автореф. ... канд. пед. наук. – Алматы, 2006. – 25с.

142 Зимина И.А. Психологические условия оптимизации профессиональной компетентности психологов в решении поведенческих

проблем детей раннего возраста: автореф. ... канд. психол. наук. – Нижний Новгород, 2003. – 23с.

143 Азизханова Д., Алметов Н.Ш. Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделі // «Торайғыров университетінің Хабаршысы» журналы. Педагогикалық сериясы. ISSN 2710-2661 №4. Павлодар, 2021. Б.76-87

144 Романова Н.В. Адаптация методики преподавания классического танца в процессе обучения исполнителей современной хореографии // Academia: Танец. Музыка. Театр. Образование.- М., 2015.- №1. - С.79-82.

145 Модульная образовательная программа «Современные школы хореографии» в рамках специальности 5В040900 – Хореография. Уровень образования бакалавриат. – Шымкент: ЮКГУ им. М.Ауезова, 2018. – 102с.

146 Гибкие навыки <http://www.Vikipedia> 17.07.2020.

147 Лошкарева Е., Лукша П., Ниненко И., Смагин И., Судаков Д. Навыки будущего: что нужно знать и уметь в новом сложном мире. – М., 2020. – 193 с.

148 Слезко Ю.В. Формирование «мягких» навыков в процессе профессионально ориентированного обучения иностранному языку студентов-международников // Филологические науки: Вопросы теории и практики. - 2019.-№9. – С. 417-426.

149 Азизханова Д.К., Алметов Н.Ш. Икемді дағдыларды қалыптастыру болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығының шарты ретінде // «Торайғыров университетінің хабаршысы» журналы. Педагогикалық сериясы. ISSN 2710-2661 №3. Павлодар, 2020. Б. 97-108.

150 Бабанский Ю.К. Проблемы повышения эффективности педагогических исследований: Дидактический аспект: научное издание. – М.: Педагогика, 1982. – 190 с.

151 Азизханова Д.К., Алметов Н.Ш. Проблема профессиональной мобильности в подготовке будущего хореографа // Россия и Европа: связь культуры и экономики: материалы XXVI международной научно-практической конференции. – Прага: Чешская Республика, 2020.- С.34-37.

152 Абуов А.Е. Педагогические условия использование инновационных образовательных технологий в учебном процессе школы: автореф. ... канд. пед. наук. – Астана, 2005. – 30с.

153 Деркач А.А. Профессионализм деятельности в особых и экстремальных условиях: (психолого-акмеологические основы). – М.: Изд-во РАГС, 2003. – 264 с.

154 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы

155 Ядровская М.В. Модели в педагогике // Вестник Томского государственного университета. – 2013. – №366. – С. 139-143.

156 Основы внутришкольного управления/под ред. П.В.Худоминского. – М.: Педагогика, 1987. -168 с.

- 157 Ингенкамп К. Педагогическая диагностика / пер. с нем. – М.: Педагогика, 1991. - 240 с.
- 158 Яковлева Н.О. Концепция педагогического проектирования: методологические аспекты. – М.: Информационно-издательский центр АТиСО, 2002. - 194 с.
- 159 Кушнер Ю.З. Методология и методы педагогического исследования: учебно-методическое пособие. -Могилев: МГУ им. А.А. Кулешова, 2001. – 66 с.
- 160 Авраменко К.Б., Сенюк А.Н. Профессиональная подготовка будущих учителей хореографии в системе педагогического образования // Успехи современного естествознания. – 2011. – № 8. – С. 149-150.
- 161 Азизханова Д.К., Алметов Н.Ш., Толешова А.А. Factor of professional mobility in training of future engineer// Proceedings of VI International Conference «Industrial Technologies and Engineering» ICITE – 2019, Volume III., M. Auezov South Kazakhstan State University, Shymkent, Kazakhstan. October, 24-25, 2019. P.147-151
- 162 Программа профессиональной практики для студентов по специальности 6В02130 - "Хореография" /сост. А.З.Абусева. – Шымкент: ЮКГУ им. М.Ауэзова, 2019. -16 с.
- 163 Ушанова Ю.С. Развитие художественно-образного мышления студентов младших курсов факультета изобразительного искусства на занятиях живописью: на материале натюрморта: дис. ...канд.пед.наук.-Ростов-на-Дону, 2009. - 254 с.
- 164 Программа профессиональной практики для студентов по специальности «5В040900-Хореография» / сост. А.З.Абусева.- Шымкент, 2019.- 16 с.
- 165 Азизханова Д.К., Алметов Н.Ш. Профессиональная мобильность педагога как фактор инновационного развития современного образования//Вестник Кыргызского государственного университета им. И.Арабаева ISBN 1654-5611,Выпуск 2 (2018), С.238-243.

**ҚОСЫМША А**  
**ЖОО-ына оқытушыларына арналған**

**САУАЛНАМА №1**

Құрметті оқытушы!

Сұрақтарға жауап беру барысында Өз пікіріңізді білдіруіңізді өтінеміз!

Мақсаты: Хореография мамандығы студенттерінің кәсіби ұтқырлығының қалыптасуына әсер ететін факторларды анықтау.

Нұсқаулық: Төмендегі сұрақтарға өз ойларыңызды білдіріңіздер.

1. Кәсіби ұтқырлықты қалай түсінесіз?
2. Хореография саласында кәсіби ұтқырлық мәселесі бар ма?  
Ия, Жоқ, Жауап беруге қиналамын.
3. Хореографтардың кәсіби ұтқырлығы қалай көрініс табады?
4. ЖОО-да «Хореография» мамандығы студенттерін кәсіби ұтқырлыққа дайындау өзекті, деп ойлайсыз ба?
  5. «Хореография» мамандығы студенттерін кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруға әсер ететін факторларды атап көрсетіңіз (өзің таңдаған жауаптардың астына сызыңыз).
    - А) хореография саласындағы дәстүрлер мен бүгінгі шындық;
    - В) хореографиялық білім берудің ақпараттық-білімдік ортасы;
    - С) оқу-тәрбие процесінің инновациялық сипаты;
    - Д) хореографиялық білім беруде ұтқырлық факторының көрініс табуы.
  6. «Хореография» мамандығы студенттерінің кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудағы негізгі мәселелер қандай, деп білесіз.
  7. «Хореография» мамандығы студенттерінің кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың қандай бағыттарын атап көрсете аласыз?
    - А) көп салалы бағытталғандығы,
    - В) әмбебап құзыреттіліктерді қалыптастыру,
    - С) білім беру мазмұны мен технологияларының кәсіби ұтқырлықты қалыптастыруға бағдарланғанды
    - Д) басқа бағыттарды атап көрсетіңіз.

## ҚОСЫМША Б

### «Хореография» мамандығының студенттеріне арналған

#### САУАЛНАМА №2

Құрметті студент!

Кәсіби ұтқырлық туралы түсінігіңізді қысқаша тұжырымдаңыз.

- 1.«Кәсіби ұтқырлық туралы түсінігіңізді қысқаша тұжырымдаңыз.....»
2. Қазіргі маман кәсіби ұтқыр болуы қажет, деп есептейсіз бе?
3. «Кәсіби ұтқыр болудың маңызы қандай, деп білесіз? ....»
4. «Болашақ кәсіби қызметіңізді қай саламен байланыстырасыз?....»
5. «Хореограф қызметінің қай саласы сізді көбірек тартады?....»
6. «Кәсіби ұтқыр болу үшін хореограф маман қандай болуы тиіс?....»

Сонымен бірге болашақ маман ретінде студенттердің кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың маңыздылығын айқындау мақсатында жоғарыдағы 6-сұраққа пікірлерін толық білдіруге мүмкіндік беретін тест-сауланама түріндегі сұрақтар да қосымша ұсынылады.

1. Қазіргі маман кәсіби ұтқыр болуы қажет, деп есептейсіз ма?
  - А) Толық, ия
  - В) Жалпы, ия
  - С) Көбірек ия,
  - Д) Көбірек жоқ
  - Е) Жоқ
2. Кәсіби ұтқыр болудың маңызы қандай, деп білесіз?
  - А) өзгерістерге жылдам бейімделу
  - В) бәсекелестікке төтеу;
  - С) бір салада «қатып қалмау»
  - Д) карьералық өсу
  - Е) әлеуметтік мәртебесін көтеру
  - Д) сұраныс бар маман болып қалу
3. Болашақ кәсіби қызметіңізді қай саламен байланыстырасыз?
  - А) тек өзімнің білім алған мамандығыммен
  - В) біраз өзім таңдаған мамандықта жұмыс істер едім
  - С) басқа өнер саласына кетуім мүмкін
  - Д) өнердың басқа саласына кетемін
  - Е) мүлдем басқа салаға кетемін
4. Хореограф қызметінің қай саласы сізді көбірек тартады?
  - А) орындаушылық
  - В) балетмейстерлік
  - С) педагог-хореограф қызметі

- Д) шығармашылық топқа жетекшілік жасау
  - Е) өнер саласында менеджерлік
  - Ғ) өнер саласында ғылыми-зерттеумен шұғылдану
5. Кәсіби ұтқыр болу үшін хореограф маман қандай болуы тиіс?
- А) хореографиялық білімі жоғары
  - В) хореографиялық өнермен шектес бір неше салаларды меңгерген
  - С) жаналықтарды жылдам меңгеруге және жаңа жағдайларға тез бейімделуге даяр
  - Д) креативті, коммуникациялық дағдылары дамиған
  - Е) хореограф қызметінің бір түрінен басқасына жылдам ауыса алатын
  - Ғ) өзгерістерден қорықпайтын, инновацияларға бейім
  - Г) өзіндік білім алу мен өзіндік даму дағдылары қалыптасқан

## ҚОСЫМША В

### САУАЛНАМА №3

Құрметті студент!

Сұрақтарға жауап беру барысында Өз пікіріңізді білдіруіңізді өтінеміз!

Мақсаты: Хореография мамандығы студенттерінің кәсіби ұтқырлығын анықтау

Инструкциясы: болашақ хореографтар ретінде студенттер үшін 10 баллдық шкала бойынша сауалнама парағы жасалды. Әр көрсеткіш бойынша хореографиялық мамандық студенттері үшін 8-10 ұпай шегінде эталондық баға белгіледік. Эталондық және нақты бағаларды салыстыру негізінде олардың айырмашылығы есептелді. Әр студент үшін эталондық пен іс-жүзіндегі шамалардың рангтік дәрежелері және олардың орташа шамасы есептелді.

Хореографиялық іс-әрекетке мотивациясын анықтау үшін біз келесі көрсеткіштерді ажыратып көрсетеміз:

- 1) Хореографиялық қызметке қызығушылық таныту.
- 2) Оқу және хореографиялық іс-әрекеттегі белсенділіктің көрінісі.
- 3) Кәсіби ұтқырлықтың маңыздылығын түсіну.
- 4) Жаңа хореографиялық білімді игеруге даярлық.
- 5) Хореографиялық іс-әрекеттің жаңа түрлерін игеруге дайын болу.
- 6) Ұжымдық шығармашылық-хореографиялық жұмыстарға дайындық.
- 7) Өздігінен білім алуға және өзін-өзі тәрбиелеуге дайындық.
- 8) Кәсіби саладағы өзгерістерге сәйкес мінез-құлық пен іс-әрекетті өзгертуге дайын болу.
- 9) Жаңа талаптарға сәйкес кәсіби және жеке тұлғалық қасиеттерді өзгертуге дайын болу.
- 10) Кәсіби саладағы серіктестермен өзара әрекеттесуге және ынтымақтастыққа дайын болу.

Хореография мамандығы студенттерінің кәсіби ұтқырлығын анықтау мақсатындағы

### ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАЙҚАУ СХЕМАСЫ

Топ \_\_\_\_\_ Студент \_\_\_\_\_

1. Тапсырмаларды орындауда креативтілік қабілеттерін танытуы.
2. Кәсіби іс-әрекетті модельдейтін жағдайларда коммуникативтік дағдыларды көрсетуі.
3. Хореографиялық білім беру бітірушілерінің қызмет салаларына қызығушылық танытуы (өнер, мәдениет, спорт, білім беру, ғылым).



4. Хореографтың кәсіби функцияларын орындаудағы іс-қимылдары, олардың вариативтілігі (кәсіби практика немесе аудиториядағы кәсіби қызметті модельдейтін жағдайларда).

5. Хореографтың кәсіби функцияларын орындаудағы динамикалылығы (бір функциядан басқа функцияға ауысу).

6. Әлеуметтік беделін өзгертуге ұмтылысы.

7. Карьералық өсуге қызығушылық мен ұмтылыс.

8. Ойлау және іс-әрекетінің динамикасы.

9. Креативтілігі.

10. Коммуникативтілік дағдылары.

11. Әлеуметтік/қоғамдық жұмыстардағы белсенділігі.

Қорытындылар \_\_\_\_\_

## **ҚОСЫМША Г**

### **Студенттердің хореографиялық өнер саласындағы білімдерін анықтауға арналған тест сұрақтары**

Тест әдісін қолдана отырып, студенттердің хореографиялық өнер саласындағы білім көлемі мен сапасын анықтадық. Тест тапсырмаларына хореографиялық өнердің теориялық негіздері мен ерекшеліктері, шығармашылық процестің заңдылықтары, дүниежүзілік және отандық хореографиялық өнердің тарихы туралы, оның даму бағыттары мен тенденциялары, бидің көркем-бейнелі тілінің ерекшеліктері, сондай-ақ білім алушылардың жас ерекшеліктерін, жеке айырмашылықтарын, әлеуметтік және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, хореографиялық білім беру саласындағы білімді қолдану туралы сұрақтарды қамтиды. 119-б.

## ҚОСЫМША Д

### СТУДЕНТТЕРГЕ АРНАЛҒАН САУАЛНАМА

#### Құрметті студенттер!

Құндылыққа бағытталған бірлік индекcін (ҚББ) анықтау үшін хореографтың 20 кәcіби маңызды қасиеттерін көрсететін сауалнама ұсынылған. Сіздердің пікіріңізше табысты хореографиялық қызмет үшін ең құнды 5 қасиеттерді таңдаңыз.

Кесте Д 1

Хореографтың 20 кәcіби маңызды қасиеттері	Табысты хореографиялық қызмет үшін ең құнды 5 қасиеттер
Би қимылдары мен жаттығуларын орындау	
Арнайы хореографиялық білімдер	
Би өнеріне қызығушылық	
Кәcіби маңызды хореографиялық педагогикалық мәселелердің балама шешімдерін іздеу	
Қимылдардың мәнерлілігі	
Дұрыс бұлшықет сезімі	
Жылдамдық пен реакцияның көрінісі	
Өзін, өз әлеуетін шығармашылық тұрғыда іске асыруға ұмтылу	
Өзін-өзі дамытуға ұмтылу	
Хореографиядағы жаңа перспективалық бағыттарды көру	
Музыкалық сөйлеу	
Хореографиялық өнерге қызығушылық	
Өз денесі қозғалысын бақылау	
Дамыған жады	
Би - мәнерлілік және үйлестіру дағдылары	
Ассоциативті іс-әрекеттің тереңдігі мен кеңдігі	
Үнемі оқып-үйренуге дайын болу және қабілеттілік	
Коммуникативтілік	
Бидің бейнелерін эмоционалды және интеллектуалдық жинақтауға қабілеттілік	
Эмоционалды мәдениет	

**САУАЛНАМА**  
**жұмыс берушілерге арналады**

1. Жоғары оқу орындарының «Хореография» мамандығын бітірушілерінің кәсіби деңгейін қалай бағалар едіңіз:

- A) өте жақсы;
- B) жақсы;
- C) қанағаттанарлық
- D) қанағаттанарлық емес

2. «Хореография» мамандығын бітірушілерінің өндірістік процестердегі өзгерістерге даярлығын қалай бағалайсыз:

- A) 90-100 пайыз даяр
- B) 70-90 пайыз даяр
- C) 50-70 пайыз даяр
- D) даярлығы 50 пайыздан төмен

3. «Хореография» мамандығын бітірушілерінің өндірістік процестердегі жаңалықтарға бейімделуін қалай сипаттайсыз:

- A) жылдам және қиындықсыз бейімделеді
- B) жылдам, бірақ қиыншылықтармен бейімделеді
- C) жай, бірақ қиындықсыз бейімделеді
- D) жай және қиындықтармен бейімделеді

4. Хореограф-мамандардың кәсіби қызмет салаларын өзгертуі жиі байқалады ма?

- A) Жүйелі түрде
- B) Көбінесе
- C) Кейде
- D) Ұзақ жылдар бір салада қалады

5. Хореограф-мамандардың кәсіби қызмет салаларын өзгертуі көбірек қай бағыттарда жүзеге асырылады:

- A) горизонтальдық (тек хореографиялық мамандық шеңберінде)
- B) вертикальды ( жоғары қарай, әлеуметтік, карьералық өсу бағытында).

6. Хореографиялық мамандықты бітірген қызметкерлеріңізді қаншалықты ұтқыр деп бағалаған болар едіңіз?

## ҚОСЫМША Е

**КЕЛІСІЛДІ:**

**БЕКІТЕМІН**

Өнер кафедрасының меңгерушісі

Мәдениет және өнер факультетінің

деканы

\_\_\_\_\_Тлеубаева Б.С.

\_\_\_\_\_Тәңірбергенов М.Ж.

«\_\_\_»\_\_\_\_\_2022 ж.

«\_\_\_»\_\_\_\_\_2022 ж.

### Оқу үрдісіне ҒЗЖ ендіру АКТІ

Оқу процесіне Б 21-01-12 «Жоғары оқу орынындағы психологиялық-педагогикалық білім беру жүйесінде болашақ педагог-психологтар және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлауды модернизациялау» мемлекеттік-бюджеттік тақырыбы аясында орындалған Д.К.Азизханованың «Жоғары оқу орнында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру» тақырыбындағы 6D010300 - Педагогика және психология философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмысы нәтижелерін ҒЗЖ ендіру.

Осы акт «Тарих және педагогика» факультетінің «Заманауи педагогика және психология» кафедрасында 2019 жылы, ҒЗЖ қорытындысы негізінде құрастырылды.

«Жоғары оқу орнында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру» тақырыбындағы ҒЗЖ нәтижесі осы актпен расталады.

Зерттеу жұмысы ЖОО-ында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру мәселесіне арналады. Зерттеу жұмысы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті «Өнер» кафедрасының «6B02130-Хореография» білім беру бағдарламасының студенттерімен жүргізілді. Зерттеу барысында: 1) Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың теориялық негіздерін анықталды, «кәсіби ұтқырлық», «болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығы» ұғымдары нақтыланды. 2) Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары айқындалды және негізделді. 3) Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделі әзірленді 4) Жоғары оқу орнында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың әдістемесі дайындалды және оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексерілді, ғылыми-практикалық ұсыныстар берілді.

Оқу процесіне: «6B02130-Хореография» білім беру бағдарламасы мазмұнына қосымшалар және «Хореографиядағы кәсіби ұтқырлық» элективті курсы (көлемі 2 кредит) енгізілді.

Тақырыптың ғылыми жетекшісі

АК хатшысы

\_\_\_\_\_Алметов Н.Ш.

\_\_\_\_\_Алтынбекова А.Р.